

ҚҰРМАНБАЕВ ҚАЙРАТ

ХАДИС ІЛІМІ

(тарихы және әдіснамасы)

2-басылым



Алматы 2014

УДК 28
ББК 86.38
Қ 77

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері
комитетінің дінтану сараптамасынан өткен**

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған**

Пікір жазғандар:

Сабри Хизметли

*Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің
ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.*

Мұхаммед Махфуз

*Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Исламтану
факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор.*

Алау Әділбаев

*Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің
аға оқытушысы, PhD докторы.*

Құрманбаев Қ.

Қ77 Хадис ілімі (тарихы және әдіснамасы) – 2-басылым. Алматы:
«Нұр-Мұбарак» баспасы, 2014. – 300 бет.

ISBN 978-601-06-2946-2

Кітапта исламның екінші қайнар көзі болып табылатын пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистеріне жүйелі тарихи талдау жасалады. Сондай-ақ, хадис ілімінің дамуы мен қалыптасуына әсер еткен себептер кеңінен қарастырылады. Хадис саласында алғашқы кезде жазылған танымал хадис жинақтары туралы мол мәліметтер мен хадистану салаларының бірі – «хадис терминологиясы ілімі» қамтылады.

Енбек исламтанушыларға, магистранттар мен студенттерге және жалпы ислам ілімдеріне қызығушылық танытқан оқырман қауымға арналады.

ISBN 978-601-06-2946-2

© Құрманбаев Қ.

© Нұр-Мұбарак баспасы, 2014

Барлық құқықтары сақтаулы

МАЗМҰНЫ

| | |
|----------------|----|
| Алғы сөз | 9 |
| Кіріспе | 11 |

I БӨЛІМ

ПАЙҒАМБАР МЕН САХАБАЛАР ДӘУІРІНДЕГІ ХАДИС (ХИЖРАНЫҢ I ҒАСЫРЫ)

| | |
|--|-----------|
| I тарау. Хадистің бастауы, маңыздылығы мен дамуы..... | 16 |
| 1. Хадис және сүннеттің тілдік және терминдік мағынасы..... | 16 |
| 2. Хадистің маңыздылығы | 24 |
| 3. Хадистің сахабалар тарапынан риуаят етілуі..... | 34 |
| II тарау. Хадистердің жазылуы..... | 41 |
| 1. Хадистердің жазылуына тыйым салынуы | 41 |
| 2. Хадистің жазылуына рұқсат етілу | 43 |
| 3. Алғаш жазылған хадистер | 44 |
| а) Пайғамбарымыздың дипломатиялық хаттары | 44 |
| ә) Хадис жазбалары (<i>сахифалары</i>) | 46 |
| III ТАРАУ. Сахабалар – хадисті алғаш жеткізушілер..... | 53 |
| 1. Сахаба деп кімді айтамыз? | 53 |
| 2. Сахабалықты анықтау жолдары мен сахабалардың дәрежелері | 56 |
| а) Сахабаның сахаба екендігін анықтау жолдары | 56 |
| ә) Сахабалардың дәрежелері | 57 |
| 3. Сахабалардың жалпы саны мен хадис жеткізгендері..... | 61 |
| 4. Сахабалардың сенімділігі | 65 |
| IV тарау. Сахабалар дәуіріндегі хадистердің таралуы | 71 |
| 1. Ислам мемлекетінің кеңеюі..... | 71 |
| 2. Кейбір білім орталықтары | 76 |
| а) Мәдина | 76 |
| ә) Мекке..... | 77 |
| б) Куфа | 78 |
| в) Басра..... | 79 |
| г) Шам | 80 |

| | |
|--|----|
| ғ) Мысыр..... | 82 |
| 3. Табиғиндер..... | 82 |
| 4. Хадистердің таралуы және хадис алу үшін жасалған сапарлар | 89 |
| 5. Жалған хадистердің пайда болуы..... | 96 |
| а) Жалған хадистің анықтамасы..... | 96 |
| ә) Жалған хадистің пайда бола бастауы..... | 96 |

II БӨЛІМ

ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТКЕН СЕБЕПТЕР (ХИЖРАНЫҢ II ҒАСЫРЫ)

| | |
|--|------------|
| I тарау. Хадис ілімінің қалыптасу кезеңіндегі ислам қоғамы..... | 102 |
| 1. Саяси жағдай..... | 102 |
| 2. Дінсіздік әрекеттер..... | 106 |
| а) Зындықтар..... | 106 |
| ә) Рауандилер | 107 |
| б) Муқаннилер | 108 |
| 3. Сенім тұрғысындағы мәзһабтар..... | 109 |
| а) Жәбрилер..... | 109 |
| ә) Қадарилер..... | 111 |
| б) Муржилер..... | 114 |
| в) Муғтазилер..... | 116 |
| II тарау. Жалған хадистердің өрши түсуі мен себептері..... | 120 |
| 1. Саяси келеңсіздіктер | 120 |
| 2. Сенім мәселесіндегі (<i>игтиқад</i>) келіспеушіліктер | 124 |
| 3. Исламға қарсы дұшпандық..... | 130 |
| 4. Ұлтшылдық пен мәзһаб бірбеткейлігі (таассубы)..... | 133 |
| 5. Қиссашылар немесе күнкөріс қамы үшін жалған сөйлеушілер..... | 136 |
| 6. Тәрғиб және тәрһиб (<i>дінге шақыру</i>) | 139 |
| 7. Халифа мен басшыларға жағымпаздану | 143 |
| III тарау. Жарх және тағдил ілімінің пайда болуы..... | 145 |
| 1. Жарх және тағдил ілімі мен оның пайда болуына әсер еткен себептер | 145 |
| 2. Жарх және тағдил әрекетінің нәтижелері | 153 |
| 3. Хадистегі тізбек (сәнәд) түсінігі | 156 |
| VI тарау. Хадистердің жинақталуы мен жүйеге келуі (<i>тәдуин және тасниф</i>) | 159 |
| 1. Хадистердің жинақталуы (<i>тәдуин</i>) | 159 |
| а) Тәдуин дегеніміз не? | 159 |

| | |
|---|-----|
| ә) Хадистердің жинақтала бастауы..... | 160 |
| 2. Хадистердің жүйеге келуі (<i>тасниф</i>)..... | 162 |
| 3. Алғаш жарық көрген хадис кітаптары | 165 |
| а) Сиэр және мағазидің кітаптары (<i>пайғамбар өмірбаяны мен жорықтары</i>) | 166 |
| ә) «Әс-Сунән» кітаптары | 167 |
| б) «Әл-Жамиғ» кітаптары..... | 168 |
| в) Мусаннафтар (<i>жүйеге келтірілген кітаптар</i>)..... | 169 |
| г) Белгілі бір тақырыпқа арналған кітаптар..... | 170 |
| д) Мәлик ибн Әнәс және «әл-Муатта» атты кітабы..... | 171 |

ІІІ БӨЛІМ


ХАДИСТЕРДІҢ ЖҮЙEGE КЕЛТІРІЛУІНІҢ КЕМЕЛДЕНГЕН КЕЗЕҢІ «КУТУБУ ӘС-СИТТӘ» ДӘУІРІ (ХИЖРАНЫҢ ІІІ ҒАСЫРЫ)

| | |
|--|------------|
| I тарау. Хадистердің жүйеге келуіне әсер еткен себептер | 180 |
| 1. Кәләм ілімінің шығуы..... | 180 |
| 2. Хадис ғалымдарына жабылған жала | 182 |
| 3. «Құран Кәрім жаратылған» деген түсініктің пайда болуы мен оны теріске шығарған ғұламалардың мехнат тартуы | 183 |
| II тарау. Хадис кітаптары мен авторлары..... | 186 |
| 1. «Сияр және мағазидің кітаптары (<i>пайғамбар (с.а.с.) өмірі мен жорықтары</i>) | 186 |
| 2. «Муснад» кітаптары..... | 187 |
| а) Ахмад ибн Ханбал және оның «Муснад» атты хадис жинағы | 188 |
| 3. «Әс-Сунән» кітаптары | 191 |
| а) Ән-Нәсәи және оның «әс-Сунән» атты кітабы..... | 192 |
| ә) Әбу Дәуіт және оның «әс-Сунән» атты кітабы | 194 |
| б) Әт-Термези және оның «әс-Сунән» атты кітабы..... | 196 |
| в) Ибн Мәжә және оның «әс-Сунән» атты кітабы | 199 |
| 4. Мусаннафтар (Жүйеге келтірілген хадис кітаптары) | 200 |
| 5. «Әл-Жамиғ» кітаптары | 201 |
| а) Әл-Бұхари және оның «әл-Жамиғу әс-Сахих» жинағы..... | 201 |
| ә) Муслим және оның «әл-Жамиғу әс-Сахих» жинағы | 207 |
| 6. Жүздер (<i>أجزاء</i> - <i>Шағын хадис жинақтары</i>) | 211 |
| 7. Белгілі тақырыптарға арналған кітаптар..... | 212 |

IV БӨЛІМ.
ХАДИС ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ІЛІМІ

| | |
|--|-----|
| I тарау. Хадис терминологиясы ілімінің шығуына тарихи шолу..... | 216 |
| II тарау. Хабардың бізге жетуі бойынша бөлінген түрлері | 221 |
| 1. Мутауатир хабар الْحَبْرُ الْمُتَوَاتِرُ | 221 |
| 2. Ахад хабар حَبْرُ الْآحَادِ | 223 |
| а) Мәшһүр хадис الْحَدِيثُ الْمَشْهُورُ | 224 |
| ә) Азиз хадис الْحَدِيثُ الْعَزِيزُ | 228 |
| б) Ғариб хадис الْحَدِيثُ الْغَرِيبُ | 229 |
| III тарау. Қабылданатын (мақбұл) хадис түрлері | 233 |
| 1. Сахих хадис الْحَدِيثُ الصَّحِيحُ | 233 |
| 2. Хасан хадис الْحَدِيثُ الْحَسَنُ | 238 |
| 3. Сахих лиғайриһи الصَّحِيحُ لِغَيْرِهِ | 243 |
| 4. Хасан лиғайриһи الْحَسَنُ لِغَيْرِهِ | 244 |
| 5. Мухкам және мухталиф хадистер الْمُحْكَمُ وَ الْمُخْتَلَفُ الْحَدِيثُ | 245 |
| 6. Насих және мансұх хадистер النَّاسِخُ وَ الْمُنْسُوخُ | 247 |
| IV тарау. Қабылданбайтын (мардуд) хабар түрлері | 250 |
| 1. Әлсіз хадис الْحَدِيثُ الضَّعِيفُ | 250 |
| 2. Тізбектің үзілуі себепті қабылданбайтын, әлсіз хадистер..... | 252 |
| а) Муалләк хадис الْحَدِيثُ الْمُعْلَقُ | 252 |
| ә) Мурсал хадис الْحَدِيثُ الْمُرْسَلُ | 253 |
| б) Муғдал хадис الْحَدِيثُ الْمَغْضَلُ | 256 |
| в) Мунқатиг хадис الْحَدِيثُ الْمُتَقَطِّعُ | 257 |
| г) Мудәлләс хадис الْحَدِيثُ الْمُدَلَّسُ | 258 |
| ғ) Жасырын мурсал хадис الْمُرْسَلُ الْخَفِيُّ..... | 262 |
| 3. Рауиге мін тағылуы себепті қабылданбайтын әлсіз хадистер | 264 |
| а) Маудуғ хадис الْحَدِيثُ الْمَوْضُوعُ | 264 |
| ә) Мәтрук хадис الْحَدِيثُ الْمَتْرُوكُ | 267 |
| б) Мункар хадис الْحَدِيثُ الْمُتَكَرَّرُ | 268 |
| в) Муалләл хадис الْحَدِيثُ الْمُعْلَلُ | 270 |
| г) Мудраж хадис الْحَدِيثُ الْمُدْرَجُ | 272 |
| ғ) Мақлуб хадис الْحَدِيثُ الْمَقْلُوبُ | 275 |

| | | |
|---|--------------------------------|------------|
| д) Мудтариб хадис | الْحَدِيثُ الْمَضْطَرِبُ | 278 |
| е) Мусаххаф хадис | الْحَدِيثُ الْمَصْحُفُ | 280 |
| ж) Шәз хадис | الْحَدِيثُ الشَّاذُّ | 282 |
| V тарау. Тізбектің аяқталуына қарай хадис түрлері..... | | 284 |
| 1. Қудси хадис | الْحَدِيثُ الْقُدْسِيُّ | 284 |
| 2. Марфуғ хадис | الْحَدِيثُ الْمَرْفُوعُ | 286 |
| 3. Мауқуф хадис | الْحَدِيثُ الْمَوْقُوفُ | 288 |
| 4. Мақтуғ хадис | الْحَدِيثُ الْمَقْطُوعُ | 289 |
| Терминдер түсінігі | | 291 |
| Пайдаланылған әдебиеттер | | 296 |



Алғы сөз

Тәуелсіздік таңы атып, еліміз өз алдына мемлекет болғалы бері дініміз өркен жайып, халқымыз ислам қайнарларынан сусындауға қол жеткізді. Ислам қағидаларын ұстанып, шариғат бұйрықтарын орындау үшін талпынған мұсылман жұртымыздың Құран Кәрімді және пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетін үйренуге ықыластары артып келеді.

Халық ішіне ислам дінінің асыл қазыналарын насихаттайтын газет-журналдар, діни басылымдар күн санап көбейіп, Аллаһтың ақиқат сөзі – қасиетті Құран Кәрімнің аяттары, сүрелері және пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) салған сара жолы, өсиет, хадистері кеңірек таныстырылуда.

Ислам дінін зерттеуге ден қойған жас ғалымдарымыз жылдар бойы кенжелеп қалған ата дініміздің асыл құндылықтарын жарқын көрсететін еңбектер жазып, игі істерді атқара бастады. Қолдарыңызға тигелі отырған бұл еңбек те исламның негізгі ілімдерінің бірі – хадистануға арналған. Кітапта хадис ілімінің тарихы және әдіснамасы туралы баяндалған. Еңбек авторы Ливиядағы бүкіләлемдік Ислам университетінде «Исламға шақыру және ислам мәдениеті» мамандығы бойынша білім алып, исламтану негіздеріне тереңірек бойлаған Қайрат Құрманбаев 2006 жылдан Нұр-Мұбарак университетінде ұстаздық етеді. Араб, түрік тілдерін жетік меңгерген, дайындығы мол, зерделі жас зерттеушінің алғашқы кітабының өзі оның бұл салада шығар биіктерінің көп болатына үміттендіреді.

Пайғамбар (с.а.с.) хадистерін жан-жақты қарастырған мұндай кітап қазақ тілінде алғаш жарық көргелі отыр. Еңбекте ислам дінінің Құран Кәрімнен кейінгі екінші қайнар көзі болған пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетінің маңыздылығы, жазылып жинақталуы мен жүйеге келтірілу тарихы да барынша талданып,

хадис ілімінің қалыптасуы мен оған түрткі болған себептер, оның ішінде жалған хадистердің пайда болуы кеңінен баяндалған.

Сонымен қатар зерттеуші хадистану саласының бірі – хадис терминологиясы іліміне тоқталып, көптеген хадис түрлерінің қазақша баламалары мен анықтамаларын да ұсынған. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с) салған сара жолын ұстанған ата-бабаларымыздың мұрасын жалғастырып, еліміздің ертеңі өскелең ұрпақ санасына Аллаһ елшісінің (с.а.с) асыл сөздерінің тоқыла түсуіне осы еңбек септігін тигізер деген ойдамын.

Дегенмен, қазіргі таңдағы жастардың исламды танып-білуге деген талпынысы мен халқымыздың дінге деген қызығушылығының арта түсуі және жоғарғы оқу орындарындағы «дінтану», «исламтану» мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттердің сұранысын өтейтіндей деңгейдегі ислам негіздеріне қатысты оқулықтардың әлі де болса аздық етуі, оларға деген қажеттілікті күн сайын арттырып келеді. Сол үшін де осы еңбек мұсылман қауымының игілігіне жарайтындығына толық сенімдемін.

Шамшәдин Керім,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті

университетінің проректоры

Кіріспе

Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Оның құлы әрі елшісі, пайғамбарлар мен елшілердің ақырғысы, үмбетіне мәңгілік өнеге көзі – сүннет мұрасын қалдырған сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедке Аллаһ тағаланың игілігі мен сәлемі болсын. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тағылымдарын бізге өзгертпей жеткізген сахабалар мен табиғиндерге және олардың жолын ұстанған барша мұсылмандарға Аллаһтың разылығын тілейміз.

Бұл еңбек адамзатқа тура жол нұсқап, екі дүние бақытын көрсету үшін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүннетін тарихи әдіснамалық тұрғыдан зерттеуге арналған.

«Сүннет» сөзі – тілдік мағынада «жол», «ұстаным» мағыналарында қолданылса, шариғатта – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзі мен іс-әрекетін білдіреді. Сондай-ақ сахабалардың өз еріктерімен жасаған қайсыбір ісін пайғамбар (с.а.с.) көріп, оның орындалуына тыйым салмаған болса, яғни мақұлдаса, ол да сүннет болып табылады. «Хадис» сөзі – тілдік тұрғыда «сөз», «жаңа» мағыналарында келсе, шариғатта сүннет сөзінің баламасы ретінде қолданылады.

Хадис – ислам дінінің Құран Кәрімнен кейінгі екінші орындағы басты қайнар көзі. Аллаһ тағала **«Расында сендер үшін Аллаһты да, ақырет күнін де үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың елшісінде көркем өнегелер бар»** аятымен Өз елшісінің сөздері мен іс-амалдарын, өмір жолын бүкіл мұсылмандарға үлгі-өнеге етіп берді. Бұл – адамдарды пайғамбарымыздан (с.а.с.) үлгі алуға шақырған Аллаһ Тағаланың тікелей бұйрығы. Сол секілді Құран Кәрімнен Аллаһ елшісіне бойсұнуға шақырған бірқатар аяттарды оқуға болады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) хадис жеткізушінің дәрежесін жоғары бағалай отырып, сүннеттің шариғаттағы орны мен

маңыздылығын: «*Менің айтқанымды естіп, жаттап, түсініп және оны жеткізген адамның Аллаһ тағала жүзін нұрландырсын*», – деп айқындаған. Сол секілді, бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Иә, Аллаһ! Менің ізбасарларымды мейіріміңе бөлей гөр!*» – деп тілеген. Жанында болғандардың бірі: «*Ізбасарларыңыз кімдер?*» – деп сұрағанда, пайғамбар (с.а.с.): «*Менен кейін келіп, менің хадистерімді жеткізіп, оны адамдарға үйреткендер*», – деп жауап берген.

Аллаһ елшісі (с.а.с) сахабаларына өзінің айтқан сөздерін жаттауды бұйырып, оның атынан жалған сөйлеуге қатаң тыйым салады. Құран Кәрім аяттарымен араласып, шатасып кетпеуін көздеген Аллаһ елшісі (с.а.с), алғашқы кезде хадистерді қағаз беттеріне түсіруге рұқсат етпеген. Алайда, көп уақыт өтпей, тыйым жойылғаннан кейін сахабалар хадистерді хатқа түсіре бастайды. Осылайша қағаз бетіне түскен хадистер өз алдына жеке ғылым саласы ретінде қалыптасады.

Кейіннен түрлі діни, саяси топтардың шығуы мен жалған хадистердің пайда болуы секілді жайттар хадистердің жинақталып, бір жүйеге келтірілуіне себеп болды.

Хадис ғалымдары хадистерді жинақтау жолында естіген хадистердің дұрыс-бұрысын, күшті-әлсізін анықтау үшін хадис жеткізуші мен хадис мәтіндеріне қатысты қатаң талаптар қойды. Нәтижесінде, хадис жеткізушілердің сенімді немесе сенімсіздігін анықтайтын *жарх және тағдил* ілімі пайда болды. Хадистанушылардың қатаң талаптары мен бекіткен әдістемелерінің нәтижесінде хадистер сұрыпталып, дәрежелеріне қарай бірнеше топтарға бөлінді де, хадистің осы саласын ауқымды түрде зерттейтін *хадис терминологиясы* ілімі қалыптасты.

Жалпы хадис ілімінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін келесідей бөліп қарастыруға болады:

1. Хадистердің жатталуы мен қағаз бетіне түсуі (хижраның I ғасыры). Бұл пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахабалар дәуірінде іске асты.
2. Хадистердің жинақталуы (хижраның II ғасырының басы). Бөлек-бөлек парақтарға жазылған хадистер бір мұқабаға жинақталды.

3. Хадистердің жүйеге келтірілуі (хижраның II ғасырының ортасы). Бұл – хадистерді мазмұндарына қарай тарауларға, бөлімдерге, кейін сахабалардың есімдеріне сай жіктеп, ретке келтіру кезеңі болды.
4. Хадистердің жинақталып, жүйеге түсірілуінің кемелденген шағы (хижраның III ғасыры). Бұл – белгілі «алты хадис кітабы» секілді, танымал хадис жинақтары жарық көрген кезең.
5. Хадис іліміне арналған алғашқы еңбектердің жарық көруі (хижраның IV-VI ғасырлары). Бұл кезеңде имам әр-Рамаһурмузидің (хижраның 360 жылы дүние салған (бұдан ары қарай – ж.д.с.)) «Әл-Мухаддису әл-фасил»; Әл-Хаким ән-Нисабуридің (х. 405 ж.д.с.) «Мағрифату улуми әл-хадис»; Әл-Хатиб әл-Бағдадидің (х. 463 ж.д.с.) «Әл-Кифая фи илми әр-риуая»; Әл-Қади Ғиядтың (х. 544 ж.д.с.) «Әл-Илмағ» секілді еңбектері жазылған.
6. Хадис ілімі саласындағы негізгі іргелі еңбектердің жазылып, жинақталуы (хижраның VII-X ғасырлары). Бұл кезеңде хадис ілімі негіздерінің ең басты кітабы – Ибн әс-Салахтың (х.643 ж.д.с.) «Муқаддимату Ибн әс-Салах» деп танылған «Улуми әл-хадис» атты кітабы және осы еңбектің негізінде жазылған Имам ән-Науауидің (х. 676 ж.д.с.) «Әт-Тақриб уә әт-тәйсир»; Ибн Касирдің (х. 774 ж.д.с.) «Ихтисар улуми әл-хадис»; Әл-Ирақидың (х. 806 ж.д.с.) «Әлфияту әл-Ирақи» деген атпен танылған «Назмү әд-дурар»; Ибн Хажар әл-Асқаланидің (х. 852 ж.д.с.) «Нузһату ән-назар»; Имам әс-Суютидің (х. 911 ж.д.с.) «Тәдрибу әр-рауи» атты еңбектері жарық көрді.

Біз осы еңбегімізде, хадистану саласындағы іргелі еңбектермен қатар, кейінгі ғасырда жарық көрген Жамалуддин әл-Қасыми, Талғат Кочжигит, Махмуд әт-Таххан сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, хадис ілімінің қалыптасуына тарихи шолу жасадық, кейбір хадис түрлерін, олардың дұрыс немесе әлсіз болу себептерін қарастырдық. Сонымен қатар, хадис іліміне қатысты кейбір термин сөздердің қазақ тіліндегі баламалары мен анықтамаларын келтірдік.

Ислам дінін ежелден қабылдап, ата-салтымызға айналдырған халқымыздың рухани жаңғыру кезеңінде жарық көрген бұл еңбек студенттер мен исламтанушы, дінтанушы мамандарға, сондай-ақ діни-сауаттылығын арттырғысы келген барша оқырманға өз пайдасын тигізеді деген үміттемін.

Автор



І БӨЛІМ
ПАЙҒАМБАР
МЕН САХАБАЛАР
ДӘУІРІНДЕГІ ХАДИС
(хижраның І ғасыры)



I ТАРАУ. ХАДИСТІҢ БАСТАУЫ, МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫ

1. Хадис және сүннеттің тілдік және терминдік мағынасы

«Хадис» сөзі исламға дейінгі кезеңде де араб тілінде қолданыста болған. Тілдік жағынан «ескі» сөзінің антонимы «жаңа» мағынасын беретін «хадис» сөзі – «хабар», «сөз» мәніне де келеді. Осы сөзден «хабар беру», «жеткізу», «айту» сияқты кейбір етістіктер туындайды. Мысалы:

﴿فَلَعَلَّكَ بَاخِعٌ نَّفْسَكَ عَلَى آثَارِهِمْ إِنْ لَمْ يُؤْمِنُوا بِهَذَا الْحَدِيثِ أَسَفًا﴾

«(Мұхаммед с.а.с.) енді олар бұл **сөзге** (Құранға) сенбесе, арттарынан кейіп, өзінді жоя жаздайсын» (Кәһф сүресі, 6);

﴿نَزَلَ أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابًا مُتَشَابِهًا مَثَانِي﴾

«Аллаһ аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, **сөздің** ең көркемін Кітап түрінде түсірді...» (Зүмәр сүресі, 23) және

﴿فَلْيَأْتُوا بِحَدِيثٍ مِثْلِهِ إِنْ كَانُوا صَادِقِينَ﴾

«Ендеше, егер олар рас айтушы болса, Құранға ұқсас бір **сөз келтірсін**» (Тұр сүресі, 34), – деген Құран Кәрім аяттарындағы «хадис» сөзі, хабар немесе сөз мағынасында қолданылып, Құран Кәрім мағынасында да келген.

Ал ﴿وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ﴾ «Раббыңның нығметінен хабар бер (білдір)» (Дұха сүресі, 11) аятында осы сөзден «хабар беру», «жеткізу» мағынасындағы етістік туындаған.

Терминдік мағынасы жағынан хадис жалпы пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөздеріне таңылғанымен, ислам ғалымдарының арасында осы сөздің мағынасын анықтауда әр салаға қарай түрлі көзқарастар қалыптасқан.

Фикһ негіздері ілімі (усул) ғалымдарының анықтамасында хадис – пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзі, ісі және құптағандары. Бұл тұрғыда ол осы мағынада қолданылатын *сүннет* сөзінің синонимы болып табылады. Хадис ғалымдарының пікірінше, *хадис* сөзі тек пайғамбардың (с.а.с.) сүннетіне ғана емес, сахабалар мен табиғиндердің көзқарастары мен іс-әрекеттерін бейнелейтін хабарларға да таңылады. Бұл жерде *хадис* сөзінің мағынасы *хабар* ұғымының баламасы ретінде келеді. Осыған сай сахабаның сөзі, ісі және мақұлдауы – *мауқуф хадис*, ал табиғиннің сөзі мен ісі – *мақтуғ хадис* деп те аталады.

Енді бір хадис ғалымдары *хадис* пайғамбардың (с.а.с.) сөздеріне ғана тән, ал басқалардан келген сөздерді *хабар*, яки *әсәр* деп санаған. Олар хадис пен хабардың арасында айырмашылықтың бар екендігін айта отырып, әрбір хадистің хабар екендігін, бірақ, әрбір хабардың хадиске жатпайтындығын ескертеді¹.

Имам ән-Науауи Хорасан фикһ ғалымдарының мауқуф хадисті *әсәр*, марфуғ хадисті *хабар* деп атағандығын, ал хадистанушыларда екеуі де *әсәр* деп танылатындығын айтқан².

Хадис сөзіне қатысты түрлі мағынадағы анықтамалар болса да, хадис сөзін естіген уақытта пайғамбардың (с.а.с.) сөзі, ісі және қандай да бір сахабасының іс- әрекетін көзбен көріп, мақұлдауы ойға оралатыны анық. Бұл тұрғыда *хадис* – «сөз», «іс және құптауды» ұғындыратын *сүннет* сөзінің синонимы болып, тамыры сонау пайғамбар (с.а.с.) дәуірінен бастау алады. Бұған танымал сахаба Әбу Һурайра (р.а.) тарапынан қойылған бір сұраққа пайғамбардың (с.а.с.) берген жауабы айқын дәлел болады. Әбу Һурайра (р.а.): «Мен: «О, Аллаһтың елшісі! Қиямет күні сенің шапағатыңа бөленетін ең бақытты жан кім?» – деп сұрадым. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Ей, Әбу Һурайра! Сенің **хадиске** деген құштарлығыңды көріп, бұл **хадис** жайлы сенен бұрын ешкім сұрамаса керек деп ойлағанмын! Кім шын жүрегінен немесе жан дүниесімен: «*Лә илһәә илләллаһ*»,– деп айтса, сол

¹ Ибн Хажар әл-Асқалани, Нузһату ән-назар, 30-б.

² Әс-Суюти, Тәдрибу әр-Рауи, 147-158-б.

Қиямет күні шапағатым арқылы ең бақытты жан болады», – деді», – деген³.

Сол секілді кейбір сахабалардың естіген хадистерін жаттай алмағандықтан пайғамбарымыздан (с.а.с.) хадис жазуға рұқсат сұрағандары, оларға хадис жазып алуға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кеңес бергендігі жайлы хабарларда келген «хадис» сөзі – аталған мағынаны, яғни пайғамбардың (с.а.с.) сөзін, ісін және құптауын білдіреді.

«Сүннет» сөзінің тілдік мағынасына келсек, ол – адамның өмірде басшылыққа алған қағидасы, өмір сүру салты немесе өзгермейтін ұстанымы (дұрыс, яки бұрыс беталысы) болуы да мүмкін. Бұны Аллаһ тағаланың:

﴿قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِكُمْ سُنَنٌ فَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ

فَانظُرُوا كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الْمُكْذِبِينَ﴾

«Сендерден бұрын да жолдар өткен. Жер жүзін кезіңдер, жасынға шығарушылардың соңының не болғанын көріңдер» (Әл-Имран сүресі, 137) аятынан және пайғамбарымыздың (с.а.с.):

مَنْ سَنَّ فِي الْإِسْلَامِ سُنَّةً حَسَنَةً فَعَمِلَ بِهَا بَعْدَهُ كُتِبَ لَهُ مِثْلُ أَجْرٍ مِنْ عَمَلٍ
بِهَا وَلَا يَنْقُصُ مِنْ أَجْرِهِمْ شَيْءٌ، وَمَنْ سَنَّ فِي الْإِسْلَامِ سُنَّةً سَيِّئَةً فَعَمِلَ
بِهَا بَعْدَهُ كُتِبَ عَلَيْهِ مِثْلُ وَزَرَ مِنْ عَمَلٍ بِهَا وَلَا يَنْقُصُ مِنْ أَوْزَارِهِمْ شَيْءٌ

«Кімде-кім исламда жақсы жол салса (жақсы амал жасаса), оған, одан кейін оны орындаған адамның да сауабы жазылады. Олардың сауаптарынан ешнәрсе кемітілмейді. Кімде-кім исламда жаман жол салса (жаман амал жасаса), оған, одан кейін оны істеген адамның күнәсі жазылады. Олардың күнәларынан ешнәрсе кемітілмейді»⁴, – деген сөзінен де аңғаруға болады. Айта кету керек, «сүннет» сөзінің араб тіліндегі тілдік мағынасы біздің күнделікті көріп жүрген тас жол, теміржол секілді жолдар емес, бұл – «тіршілік жолы», «өмір жолы», «ұстаным» деген мағынаны береді.

³ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 99.

⁴ Сахих Муслим, 1017; Ибн Мәжә, 208.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.):

وَأَنَّهُ مَنْ يَعِشْ مِنْكُمْ فَسَيَرَىٰ اخْتِلَافًا كَثِيرًا فَعَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي وَ
سُنَّةِ الْخُلَفَاءِ الرَّاشِدِينَ الْمُهَدِّدِينَ عَضُوا عَلَيْنَهَا بِاللَّوْاجِدِ

«...Сендерден (алдағы уақытта) өмір сүретіндер, көптеген келіспеушілікті көреді, (сол кезде) сендер менің сүннетіме және тура жолға бастаушы әділ халифалардың сүннетіне жабысыңдар...»⁵, – деген хадисінен «тура» не «үлгі тұтып, ұстанатын жол» мағынасын пайымдауға болады.

Сол секілді, «сүннет» сөзі Құран Кәрім аяттарында «Аллаһтың өзгермейтін үкімі» мағынасында (Фатыр сүресі, 43; Ахзаб сүресі, 38,62; Фәтх сүресі, 23; Муминун сүресі, 85), «өзгермейтін ұстаным» мағынасында (Исра сүресі, 77) және «ай-нымайтын заң» мағынасында (Фатыр сүресі, 43; Әнфал сүресі, 38; Хижр сүресі, 13; Кәһф сүресі, 55) келеді.

Ал, шарифаттағы сүннет ұғымы екі мағынада түсіндіріледі. Біріншісі, фикһ ғалымдарының (құқықтанушылар) анықтамасы, екіншісі, фикһ негіздері ілімі ғалымдарының анықтамасы.

Фикһ ғалымдары бойынша: «Сүннет – жүзеге асырылуымен сауап таптырып, орындалмауы күнә мен азапқа душар етпейтін шаригат үкімі».

Фикһ негіздері ілімі ғалымдарының пікірінше: «Сүннет – Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жеткен барлық сөз, іс-әрекет және құптау».

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін жеткізушілер тізбегімен бірге жаттаған адам *муснид* деп аталса, хадис тізбегін және ондағы жеткізушілер мен хадис мәтінін зерттеген ғалымды *мухаддис*, одан сәл жоғары дәрежедегі хадис ғалымы *хафиз*, одан кейінгі дәрежесі жоғары тұратын хадис ғалымы *хужжа*, ал барлық хадистерге қатысты ілімдерді меңгерген хадистанушы *хаким* деп аталады.

Жәләлуддин әс-Суюти «Тадрибу әр-рауи» атты түсіндірме еңбегінің кіріспесінде Шейх Фатхуддин ибн Сейидуннастың:

⁵ Әбу Дәуіт, Сүннет кітабы, 5; Әт-Термези, Білім кітабы, 16; Әл-Қасыми, «Қауағиду әт-тахдис», 43-б.

«Біздің ғасырымызда хадистерді риуаят және дираят тұрғысынан зерттеген, хадис жеткізушілердің арасындағы айырмашылықтарды біліп, ғасырындағы көптеген рауилер мен хадистерге терең бойлаған және осы тақырыптарда ерен еңбегімен және нақтылығымен танылған тұлғалар *мухаддистер* деп аталса, осы тақырыптарды одан да ауқымды зерттеп, әрбір кезеңдерге (табақат) қатысты білмегендерінен білгендері көп болған әрі барлық сатылардағы шейхтар (хадис жеткізуші ғалым ұстаздар) мен шейхтардың шейхтарын білген хадистанушы *хафиз* деп танылған. Ал, ертеректе келген ғалымдардың кейбірінің: «Біз жиырма мың хадис жазып алмаған тұлғаны хадистанушы деп санамадық», – дегені айтылады, әрине бұл олардың кезеңдеріне қатысты», – дегенін жеткізген⁶.

Кейбір ғалымдар хафизды жаттаған хадистерінің санына қарай: «Хафиз – хадис тізбегін және тізбектегі жеткізушілердің сенімділігі мен сенімсіздігін анықтай отырып, жүз мың хадис жаттаған хадис ғалымы» – деген. Кей жағдайда «хафиз» термині мухаддис сөзінің баламасы ретінде де қолданылады.


Хафиздан кейінгі дәрежедегі хадис ғалымы «хужжа» деп аталады. «Хужжа» – хадис саласын жетік меңгерген, еске сақтау мен нақтылықта ерекше қабілетке ие әрі ғұлама хадистанушылар мен басқа да ғалымдар тарапынан айрықша мойындалған хадис ғалымдары. Кейбір ғалымдар «хужжаға» – «хадис тізбегі мен ондағы жеткізушілердің сенімділігі мен сенімсіздігін және олардың жағдайларын зерттей отырып сегіз жүз мың хадис білген хадистанушы», – деген анықтама берген.

Ал, «хаким» болса, хадис саласында ең жоғарғы дәрежеге қол жеткізген хадис ғалымы. Яғни, Хаким – хадис іліміне қатысты барлық саланы зерттеуші, хадис жеткізушілердің хадистерді кімнен, қалай алғандығын, олардың есімдері мен лақап аттарын, жүрген сапарлары мен өмірбаяндарын, сенімділігі мен сенімсіздігін толыққанды меңгеріп, сегіз жүз мыңнан астам хадис білген хадис ғалымы.

⁶ Жәләлуддин әл-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 31-б.

Дегенмен хадистанушылардың білген немесе жаттаған хадистерінің саны олардың дәрежелерін айқындайтын нақты бір өлшем деп айта алмаймыз. Сонымен қатар жалпылама, барлық хадис ғалымдары мухаддис деп танылып, жоғарыда келген хадис ғалымдарының әр түрлі дәрежелеріне таңылған сөздер бір-бірінің баламасы ретінде де қолданылады.

Сүннетті төмендегідей бөліп қарастыруға болады:



Пайғамбар (с.а.с.) сөзі (قولی); яғни, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) түрлі жағдайларда және әртүрлі басқосуларда айтқан сөздері. Мысалы, «Әрбір амал ниетке байланысты» деген сөзін алайық. Осы өнегелі сөзді естіген сахаба оны аманат деп біліп, өзге мүмінге жеткізуге асыққан. Ол аманат осылайша ұрпақтан-ұрпаққа насихатталып, хадистанушыларға жеткен. Хадис жинақтаушылар оны тексере келіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзі екендігіне көз жеткізген соң ғана кітаптарына түсірген. Бұл сүннетті хадис деп атаймыз. Риуаят етілгенде «Пайғамбар (с.а.с.) былай деді» قَالَ «Аллаһтың елшісі (с.а.с.) былай дейді», النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «Амр» قَالَ «Пайғамбар (с.а.с.) былай бұйырды» رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

«صَلَّى النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ» секілді сөздермен басталып келеді. Мұны «Қаули (сөз) сүннет» дейді.

Іс-әрекеті: (فِعْلِي); Пайғамбарымыздың (с.а.с.) іс-әрекеттері мен атқарған амалдары. Мысалы: дәрет алу, намаз оқу, қажылық жасау т.б. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасағанын көрген сахабалар өздері амалға асырып, оны басқаларға да үйретіп отырған. Бұл сүннет түрінде, хабар пайғамбарға (с.а.с.) тиесілі болмай, оны көріп, түсіндірген сахабадан жетеді. Мұндай хабарлар «Пайғамбарымыз (с.а.с.) осылай істеген болатын», «كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ» «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) осылай істегенін көрдім», «رَأَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ» секілді сөздермен келеді. Осындай іс-қимыл арқылы хадис іліміне енген сүннеттерді «фиъли (іс-әрекет) сүннет» деп атайды.

Құптауы (تَقْرِيرِي); Яғни, пайғамбардың (с.а.с.) көріп, білгеніне қарсылық білдірмей, мақұлдауы. Пайғамбардың (с.а.с.) құптауы сөзбен немесе үнсіз мақұлдау арқылы жүзеге асқан.

а) Сөзбен құптау (сарих тақрири).

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Муаз ибн Жәбәлді Йеменге жібергелі жатқан кезде, одан, егер қазылық ұсынылған жағдайда қалай үкім шығаратындығын сұрайды. Муаз (р.а.): «Аллаһтың кітабымен, одан таппасам, Аллаһ елшісінің сүннетімен, егер одан таппасам, өзім ижтиһад жасаймын»,– дейді. Пайғамбар (с.а.с.) оның жауабына разы болып, көкірегінен қағып: «Аллаһ елшісінің елшісін, Аллаһтың елшісін риза қылатындай жетістікке жеткізген Аллаһқа мадақ болсын»,– деп, Муаздың (р.а.) сөзін құптаған.

ә) Үнсіз құптау (зимни тақрири).

Ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) Хандақ соғысынан қайтқаннан соң: *«Бірде-бір кісі Бәни Құрайзаға жеткенше асыр намазын оқымасын!»* – деді. Асыр намазының уақыты жолда кірді. Сөйтіп кейбіреуі: «Намазды бармайынша оқымаймыз»,– десе, енді біреулері: «Жоқ, оқи береміз, өйткені, пайғамбар (с.а.с.) бізге бұны айтқысы келмеді (яғни, тезірек Бәни Құрайзаға баруымызды қалады)»,– деді. Кейіннен

бұл жағдай пайғамбарымызға (с.а.с.) білдірілген уақытта, олардың ешқайсысын кінәлаған жоқ»,– деп келеді⁷.

Сол секілді, әскер қолбасшысы Халид ибн Уалидтің (р.а) күннің суықтығына байланысты ғұсыл алмастан, тәйәммуммен намаз оқығандығы пайғамбарымызға (с.а.с.) баяндалғанда, үндемеуі арқылы мақұлдағанын білдірген болатын.

Жалпы тақрири сүннет «Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жағдайды көріп күлімсіреді» «فَتَبَسَّمَ التَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ», «Ол (с.а.с.): «Салман немесе Али рас айтты» «فَقَالَ: صَدَّقَ سَلْمَانَ أَوْ عَلِيًّا» секілді түсіндірмелермен келеді.

Сипаты (وَضْفَى); яғни, сүйікті пайғамбарымыздың (с.а.с.) мінездік сипаты (хулуки) мен бейнелік сипаты (хилки).

а) Мінездік сипаты (хулуки), мысалға:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدُ النَّاسِ وَكَانَ
أَجْوَدُ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ يَلْقَاهُ جِبْرِيلُ

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдардың ең жомарты еді, ол әсіресе рамазанда Жәбірейілмен (а.с.) кездескенде ерекше жомарттық танытатын»⁸.

ә) Бейнелік сипаты (хилки), мысалға:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْسَنُ النَّاسِ وَجْهًا
وَأَحْسَنُهُ خَلْقًا لَيْسَ بِالطَّوِيلِ الْبَائِنِ وَلَا بِالْقَصِيرِ

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдардың ең келбеттісі және ең мінез-құлқы жақсысы еді, көзге түсетін ұзын бойлы да, қысқа бойлы да емес-ті»⁹.

Сахабалар пайғамбарымыздың (с.а.с.) мінез-құлқын, сабырлығын, төзімділігін, жұмсақтығын, батылдығын, шыншылдығын және дене пішімі мен кескін келбетін сипат-

⁷ Сахих әл-Бұхари, Қауіп (намаз) кітабы, 5; Сахих Муслим, Жорықтар, 30.

⁸ Сахих әл-Бұхари, Уахидің басталуы, 6; Сахих Муслим, Қадір-қасиеттер, 50.

⁹ Сахих әл-Бұхари, Мақтауға лайық қасиеттер кітабы, 3549; Сахих Муслим, Қадір-қасиеттер кітабы, 113.

тап берген. Мұндай мағлұматтар риуаят болып, хадистанушылар арқылы мұсылман үмбетіне жеткен. Мысалы: Имам әт-Термезидің «Шәмәилу ән-Нәби (с.а.с.)» («Пайғамбардың (с.а.с.) қадір-қасиеті») атты кітабы пайғамбарымыздың (с.а.с.) мүбәрак келбетін сипаттауға арналған құнды еңбек. Басқа хадис ғалымдары да осы мағынадағы хадистерден өздеріне жеткендерін риуаят етіп қалдырған. Бұл сипаттардың шариғат үкімдері мен жауапкершілікке қатысы жоқ. Хадистанушылардың оны сүннет анықтамасына қосуының себебі, олар, көркем мінез-құлық, мейірімділік, сабырлық, жомарттық секілді пайғамбар (с.а.с.) сипаттары әрбір мұсылманның үлгі-өнеге алатын, ұқсап бағуға тырысатын сипаттар болып табылатындығын дәлел етеді.

Сол секілді, пайғамбарымыздың (с.а.с.) мүбәрак өмірі, яғни оның туылғаннан бастап, қайтыс болғанға дейінгі өмірбаяны өте анық, жан-жақты, кеңінен риуаят етілген. Бұл риуаяттар жинағы «Сирату ән-Нәби» («Пайғамбар өмірбаяны») деп аталады.

Қорыта айтқанда, хадис ғалымдарының ұстанымы бойынша, хадис дегеніміз – пайғамбардың (с.а.с.) сөзі, ісі, құптағаны және сипаты мен сахаба-табиғиндерден жеткен деректер.

Фикһ негіздері ілімі ғалымдары хадис пен сүннет анықтамасына пайғамбардың мінездік және бейнелік сипаттары мен сахаба, табиғиндердің сөздерін қоспайды. Себебі, фикһ үкімдерін шығаруда оларға жүгінілмейді.

Хадис ғалымдары осы аталған тақырыптарға қатысты әрбір мағлұматты түбегейлі терең зерделеп, кітаптарына енгізген.

2. Хадистің маңыздылығы

Ислам шариғаты негіздерінің бастауы, шариғат үкімдерін алуда сүйенілетін жалғыз кітап – Құран Кәрім екендігінде дау жоқ. Құран Кәрімге сүйену тікелей Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына мойынсұну арқылы жүзеге асады. Аллаһ тағала пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.а.с.) бүкіл адамзатқа ақырғы елші етіп, оған көктен келген кітаптардың соңғысы болған қасиетті Құран Кәрімді түсірді. Осылайша ол өзіне дейінгі пайғамбарларды

растаушы және олардың шариғаттарын толықтырушы, ақырғы пайғамбар болды.

Құран Кәрім – діни әрі болмыс заңдылықтарына қатысты барлық мәселелерді толықтай қамтыған иләһи кітап. Дегенмен, Құран Кәрімде Аллаһтың хикметімен барлық нәрсе ашық әрі егжей-тегжейлі баян етілмейді.

Құран Кәрім аяттарының біраз бөлігі мағына тұрғысынан толықтай түсіндірілген болса, басым бөлігі жалпылама түрде берілген. Сондықтан Аллаһ тағала Құран Кәрімде жалпылама түрде берілген аяттардың мағынасын ашып түсіндіру міндетін тікелей елшісі Мұхаммедке (с.а.с.) жүктеген. Яғни, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүннеті – Құран Кәрімнің басым бөлігін құрайтын, мағынасы жалпылама түрде берілген аяттарын баяндаушы, ең алғашқы тәпсірі болып табылады.

Демек, сүннет – мұсылман баласына аса қажетті рухани қайнар бұлақ. Өйткені қасиетті Құран Кәрімдегі әмірлер мен тыйымдардың мән-маңызын сүннеттен үйренеміз. Өзге шариғат негіздері Аллаһтың кітабынан бастау алғаны секілді, пайғамбарымыздың да сүннетінің дәрежесі мен маңыздылығын Құран Кәрімнен үйренеміз.

Осы сөзімізге дәлел ретінде Құран Кәрімнің кейбір аяттарын келтірейік:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ
مِنْكُمْ فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ
تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا﴾

«Ей мүміндер. Аллаһқа бойсұнып, пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойсұныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаһқа, ақырет күніне иман келтірген болсандар. Міне осы қайырлы, әрі нәтижеде жақсы» (Ниса сүресі, 59);

﴿مَنْ يُطِعِ الرَّسُولَ فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ وَمَنْ تَوَلَّىٰ فَمَا أَرْسَلْنَاكَ عَلَيْهِمْ حَفِيظًا﴾

«Кім пайғамбарға бағынса, расында Аллаһқа бағынған болады» (Ниса сүресі, 80);

﴿وَمَنْ يُطِعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ أُولَئِكَ رَفِيقًا﴾

«Ал және кім Аллаһқа және елшіге бойсұнса, міне, солар – Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһиттермен және ізгі жандармен бірге болады» (Ниса сүресі, 69);

﴿وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهَاكُمُ عَنْهُ فَانْتَهُوا﴾

«Сендерге пайғамбар не берсе алындар да, неден тыйса, содан тыйылындар» (Хашыр сүресі, 7);

Басқа бір аятта

﴿قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

«(Мұхаммед (с.а.с.)) Оларға былай айт: «Егер Аллаһты сүйсендер, онда маған ілесіңдер. Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды кешіреді. Өйткені, Аллаһ аса кешірімді, ерекше мейірімді», – деп айтылады (Әли Имран, 31). Аллаһ тағаланы сүюдің белгісі мен Ұлы Жаратушының махаббатына ие болудың жолы – Оның елшісінің ізімен жүру арқылы іске асады.

Сол секілді Аллаһ тағала пайғамбарына (с.а.с.) иман келтіруімізді талап етіп:

﴿إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ آمَنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَإِذَا كَانُوا مَعَهُ عَلَى أَمْرٍ جَامِعٍ لَمْ يَذْهَبُوا حَتَّى يَسْتَأْذِنُوهُ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَأْذِنُونَكَ أُولَئِكَ الَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ فَإِذَا اسْتَأْذَنُوكَ لِبَعْضِ شَأْنِهِمْ فَأُذِنَ لِمَنْ شِئْتَ مِنْهُمْ وَاسْتَغْفِرَ لَهُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

«Шын мәнінде мүміндер – сондай Аллаһқа, пайғамбарына иман келтіргендер, егер олар пайғамбармен бірге топты түрде бір істе болса, пайғамбардан рұқсат алмайынша кетпейді.

(Мұхаммед с.а.с.) рас, сенен рұқсат сұрағандар, міне солар – Аллаһқа, пайғамбарға иман келтіргендер» (Нұр сүресі, 62);

﴿فَأَمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبَعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ﴾

«Аллаһқа және Оның сөздеріне сенген, оқу, жазу білмеген пайғамбарға иман келтіріңдер және оған еріндер, әрине тура жол табасыңдар»,– дейді (әл-Ағраф сүресі, 158);

Сондай-ақ, Құран Кәрімде:

﴿هُوَ الَّذِي بَعَثَ فِي الْأُمِّيِّينَ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَيُزَكِّيهِمْ

وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِي ضَلَالٍ مُبِينٍ﴾

«Ол сондай Аллаһ, сауатсыздардың ішіне өздерінен, оларға Аллаһтың аяттарын оқып, оларды тазартатын, сондай-ақ оларға Кітап пен даналықты үйрететін бір пайғамбар жіберді. Негізінде олар бұрын ашық адасуда еді»,– деп келеді (Жұма сүресі, 2). Яғни, Кітап – Құран Кәрім болса, даналық – пайғамбар сүннеті.

Осы және өзге де аяттар пайғамбар (с.а.с.) сүннетінің маңыздылығын түсіндіре келіп, және тағы:

﴿وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ وَلَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ﴾

«Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер» (Нахыл сүресі, 44) аятымен Аллаһ тағаланың сөзін дұрыс түсіну үшін сүннетке деген мұқтаж екендігімізді ұғындырады. Яғни, сүннет Құран Кәрімді түсіндіруші және тәпсірлеуші негізгі жол болып табылады. Құран Кәрім Мұхаммедке (с.а.с.) түсірілгендіктен, Құран Кәрімнің алғашқы әрі бірегей тәпсіршісі де соның өзі (с.а.с.) екендігіне еш күмән жоқ.

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін көптеген ғалымдар Құран Кәрімге түсініктеме ретінде том-том кітаптар жазды. Олар өз еңбектерін жазу барысында пайғамбар сүннетіне сүйенгені секілді, қиямет күніне дейін келетін ғалымдар да өз еңбектерінде пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетін негізге алары сөзсіз. Өйткені, қысқа да нұсқа сөйлеп, аз сөзге көп мағына сыйдыру қабілеті дарыған пайғамбарымыздың (с.а.с.) әрбір сөзінің аста-

рында даналық қазыналары жатыр. Әрі олар адам ойынан туған сөздер емес. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿وَمَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوَىٰ ۚ إِنْ هُوَ إِلَّا وَحْيٌ يُوحَىٰ﴾ «**Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана**» (Нәжім сүресі, 3-4),– дейді. Сондықтан, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дінге, шарифатқа қатысты әр сөзі және әрбір іс-қимылы оған түсірілген уахи болып табылады.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, Құран Кәрім аяттарының басым бөлігі мағына жағынан жалпылама түрде берілген. Мысалы, Аллаһ тағала Құран Кәрімде мұсылмандарға намаз оқуды, ораза ұстауды, зекет беруді және қажылыққа баруды бұйырған. Бұл құлшылықтар әр мұсылманға міндетті исламның парыздары болып саналады. Бірақ Құран Кәрімде намаздың қанша рақағат оқылатындығы, үкімдері, оны бұзатын және бұзбайтын жағдайлар мен парыздары туралы айтылмайды. Сол секілді Құран Кәрімде ораза, зекет және қажылыққа қатысты үкімдер де толығымен баяндалмаған. Міне, мұндай жағдайда Құран Кәрімде баяндалмаған маңызды үкімдерді сүннеттен ғана табамыз. Сондықтан да имам әл-Әузағи: «Сүннеттің Кітапқа (Құран Кәрімге) мұқтаждығына қарағанда Кітап сүннетке аса мұқтаж»,– деген.

Сүннеттің маңыздылығын пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетінің өзі қуаттайды. Оған пайғамбарымыздың (с.а.с.) қоштасу құтпасында айтқан: «*Сендерге екі нәрсені қалдырып барамын, ол екеуін бекем ұстасаңдар ешуақытта адаспайсыңдар: Аллаһтың кітабы және пайғамбарының сүннеті*»¹⁰,– деген сөзі анық дәлел болады.

Сахабалар да пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде әрі дүние салғаннан кейін де сүннетті ұстанудың әрбір мұсылман үшін міндет екендігін көрсеткен. Әрі өздері де Құран мен сүннетті ұстануда үлгі болды. Бұған пайғамбарымыздың (с.а.с.) Муаз ибн Жәбәлді Йеменге жіберіп тұрып, Аллаһтың кітабынан таппаған жағдайда немен қазылық ететінін сұрағандағы, оның: «Аллаһ елшісінің сүннетімен үкім шығарамын»,– деп айтуы бірден-бір

¹⁰ Мәлик ибн Әнәс, әл-Муатта, I, 186.

мысал. Сахабалардан кейін келген ғұламалардың да, қандай да бір үкімді Құран Кәрімнен таппаған жағдайда сүннетке сүйенгендері белгілі¹¹.

Аллаһ тағала соңғы елшісі Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық міндетін жүктеген күннен бастап, дін дұшпандары өздерінің дінге қатысты жаушылық іс-әрекеттерін арттыра түсті. Тарихқа үңілсек, Аллаһқа, Оның елшісіне (с.а.с.) және жалпы дінге қарсы дұшпандық әрқилы жолдармен жасалғандығын көреміз. Осы тұста дін дұшпандарын екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топтағылар – өз дұшпандықтарын жария түрде жасайтындар. Мысалы, бұл топқа атеистер және жалпы дінсіздер жатады. Бұлардың дінсіздіктері жария түрде жасалатындықтан, олардан келетін зиян аса қауіпті емес. Өйткені, діндарлар оларға қарсы әрдайым сақтықта жүреді.

Ал, екінші топтағы дұшпандар – сырт көзге діндар болып көрінгенімен, іші арамдыққа толы екіжүзділер. Исламға төнген ең үлкен қауіп пен зиян қашанда осылардан келіп отырған. Өйткені, олар сырт көзге діннің жанашыры болып көрініп, ал іс жүзінде амалдары мен түпкі мақсаттары арқылы, исламның қайнар көзі болған уахи мәселесінде адамдардың көңіліне күмән ұялатады. Соның ішінде пайғамбар (с.а.с.) сүннеттерін жоққа шығарып, адамдар арасында «шарифаттың негізі ретінде, дінді ұстану үшін Құран Кәрім жеткілікті» деген жаңсақ пікірлер таратады.

Жалпы пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетіне қарсы дұшпандық сонау исламның алғашқы кезеңдерінен бастау алады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті бізді Құран Кәріммен байланыстырып тұрған жіп тәрізді. Дін дұшпандары сүннетті жоққа шығару арқылы осы байланысты үзуді көздейді. Сонда адамдар Аллаһтың кітабы Құранды түсіне алмай, одан толығымен қол үзеді. Міне, Құран атын жамылған жалған діндарлардың түпкі мақсаты мен пиғылдары осыны көксейді.

Сүннетті жоққа шығарушылардың шығу тарихы мен танымал топтарының тамыры тереңде жатыр. Олардың алғашқы шығу

¹¹ Уаһбату әз-Зухайли, Усул әл-фиqh әл-ислами, I, 438-б.

тарихы Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарылығы мойындалмаған алғашқы кезеңмен ұштасады. Иә, пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде де оның сүннетіне немесе оның шығарған үкімдеріне ризашылық білдірмеген бірен-саран өзін мұсылманмын деген адамдар да болған. Сол себептен Аллаһ тағала елшісіне (с.а.с.):

﴿فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي أَنفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا﴾

«Олар өзара таласқан нәрселерінде сені төреші етіп, сосын шығарған үкіміңе қатысты көңілдерінде қаяу таппай толық бойсұнғанға дейін мүмін бола алмайды» (Ниса сүресі, 65), – деген аятты түсірген.

Алайда, исламға жаңа кірген кейбір мұсылмандардың жасаған мұндай қателіктері көптеп кездеспейді әрі олар өз қателіктерін дереу түсініп, түзете білген.

Сүннетті әдейі және топ болып жоққа шығару ислам тарихында алғаш рет пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейінгі кезеңдерде орын алған. Осылайша, сүннетті жоққа шығару исламға қарсы жасалған ең алғашқы, әрі ең ауыр соққылардың бірі болды. Бұл ауыр соққы ең алдымен зындықтар секілді дінсіз топтар мен шииттер, және содан кейін муғтазилелер бастаған мутакәллимдер тарапынан жасалды.

Зындықтар¹² – ислам діні мен мұсылмандарға қарсы дұшпандықтарын жасырған, кейде ашық түрде де қарсылық білдірген дінсіз топтар болатын. Олар ислам дінін іштен жығу мақсатымен, пайғамбар хадистерін теріске шығарып, жалған хадистер шығарды.

Ал, шииттердің сүннетке қарсы бас көтерулеріне имамдық принципіне және Әһлу әл-Бәйтке жақтасудан пайда болған соқыр сенімдері мен ұстанымдары себеп болды. Осы соқыр сенім оларды өздері жақсы көріп құптаған санаулы сахабалар арқылы жеткен сүннеттерді қабылдап, қалған сахабаларды мойындамауға итермеледі. Осылайша шииттер пайғамбарымыздан (с.а.с.)

¹² Зындықтар турасында алдағы тақырыптардың бірінде толығырақ баяндалады.

қалған асыл мұраны бізге жеткізген көптеген сахабаларға «діннен шықты» деген жалған жала жауып, сүннеттің басым бөлігін жоққа шығарды. Яғни, олар өз сенімдерін және ұстанымдарын қуаттайтын пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеттерін ғана қабылдап, қалғанын мойындамаған. Тіпті, олар мұнымен ғана шектелмей, өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін пайғамбарымыздың (с.а.с.) атынан көптеген жалған хадистер таратқан.

Сол секілді, муғтазилила өкілдері ұстанымдарына қайшы келген хадистерді жоққа шығару үшін хадис жеткізушілерге жала жабуымен қатар, Жәмәл оқиғасында болған кейбір сахабаларды пасықтықпен айыптады. Аллаһ тағаланың сипаттары мен тағдырға қатысты баяндалатын Құран Кәрім аяттары және пайғамбарымыздың (с.а.с.) бірнеше хадистері болса да, олар Құран Кәрім аяттарын бұрмалап, хадистерді мойындамады.

Осылайша бұл топтар, Құран Кәрімде айтылмаған, бірақ сүннетпен бекітілген шариғи үкімдердің біразын жоққа шығарды. Олардың үлкен қателіктері – алтын ғасыр өкілдеріне, яғни, сахабаларға қарсы істеген опасыздықтары мен қастандықтары болып табылады.

Шынында да, сахабалар бізге дінді, яғни, оның негізгі қайнар көзі болған Құран Кәрім мен сүннетті толыққанды жеткізген. Аллаһтың қалауымен сахабалар пайғамбарымызбен бірге ислам дінінің негізін қалаушылар болған. Олар исламды қабылдаған күннен бастап, бүкіл өмірлерін Аллаһқа және Оның хақ дініне арнаған. Осылайша олар исламның жер бетіне таралуына бірден-бір себепкер болды.

Иә, сүннетті толықтай немесе оның белгілі бір бөлігін жоққа шығарушылардың сахабалар жайындағы жаңсақ пікірлері оларды хақ жолдан адастырады. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін сахабалардың арасында кейбір мәселелерге байланысты пікірталастардың орын алғаны рас. Бірақ, олар діннің негіздеріне қатысты ешбір мәселеде қарама-қайшы пікірде болмаған. Діннің тармақтарында немесе дүние істеріне қатысты мәселелерде адамдардың әртүрлі пікірде, сан алуан көзқараста болулары табиғи құбылыс. Біздің сахабаларды ақтап жатуымыздың Құран Кәрімде олар жайында түсірілген аяттардан кейін еш мәнісі бол-

маса керек. Аллах тағала Құран Кәрімде сахабалардан, соның ішінде Бәдір, Табук және басқа да шайқастарға қатысып, қиын-қыстау жағдайларда пайғамбарымызбен (с.а.с) бірге болғандарға разы екендігінен хабар берген.

Құран Кәрімде Аллах тағала:

﴿رَضِيَ اللَّهُ عَنِ الْمُؤْمِنِينَ إِذْ يُبَايِعُونَكَ تَحْتَ الشَّجَرَةِ فَعَلِمَ مَا فِي قُلُوبِهِمْ فَأَنْزَلَ السَّكِينَةَ عَلَيْهِمْ وَأَثَابَهُمْ فَتْحًا قَرِيبًا﴾

«Расында Аллах мүміндерден ағаштың астында саған серт берген кезде разы болды да, олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тоқтау салды. Сондай-ақ оларға таяу жеңіс нәсіп етті» (Фатых сүресі, 18);

﴿وَالسَّابِقُونَ الْأَوَّلُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ بِإِحْسَانٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ﴾

«Мұхажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллах разы болды. Сондай-ақ, Аллах олар үшін ішінде мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жаннаттар әзірледі. Осы – ұлы мұрат» (Тәубә сүресі, 100),– дейді.

Сондықтан Аллах разы болған, пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін алғашқы жеткізушілері саналған сахабаларды мойындамау діннің екінші қайнар көзі сүннетті жоққа шығаруға алып келетіні сөзсіз.

Бұл үрдіс кейінгі ғасырларда да көрініс тапты. «Құран Кәрім ғана жеткілікті» деп санаған топтар, пайғамбар (с.а.с.) хадистеріне сын тағып, сүннеттің шарифаттағы айғақтық күшін жоққа шығарды.

Олар өздерінің ұстанымдарын қуаттау үшін, келесі дәлелдерді алға тартады:

1. Олар: ﴿مَا فَرَطْنَا فِي الْكِتَابِ مِنْ شَيْءٍ﴾ «Кітапта (жазуда) еш нәрсені қалдырмадық» (Әнғам сүресі, 38) мағынасындағы аятты келтіріп: «Құран Кәрімде барлық нәрсе баяндалған және

хадистерді жеткізген адамдарды қателік, ұмыту мен жалған айту секілді кемшіліктерден пәк деп ешкім айта алмайды, сондықтан сүннет Құран Кәрім секілді бұлтартпас, күмәнсіз айғақ бола алмайды», – дейді.

Біз бұл пікірдің бұрыстығын былай дәлелдейміз: аяттағы «*kitan*» сөзінің мағынасы олардың түсіндіргеніндей мәнге ие емес. Өйткені, аятты толықтай алып қарасақ, аяттың басында айтылған топтардың ешбірі әрі олардың іс-әрекеттері Аллаһтың ілімінен тыс қалмай, барлығы жазылғандығы түсінікті болады. Демек, аяттағы «*kitan*» сөзі «жазу» мағынасын ұғындырады. Ал, егер аяттағы «кітапты» Құран Кәрім деп қабылдаған болсақ, Құран Кәрімде көптеген дүниелік істер қарастырылмағанын айтпағанда, жоғарыда келгендей, діннің кейбір: намаз, қажылық, зекет секілді парыздары мен адал, арам қылынған нәрселері егжей-тегжейлі қамтылмаған. Оның баяндалуы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) еншісіне қалған.

Сонымен қатар олар: ﴿وَنَزَّلْنَا عَلَيْكَ الْكِتَابَ تِبْيَانًا لِّكُلِّ شَيْءٍ وَهُدًى وَرَحْمَةً ۖ وَبُشْرَىٰ لِّلْمُسْلِمِينَ﴾ «Сондай-ақ саған әр нәрсені айқындайтын және мұсылмандар үшін тура жол, игілік, әрі қуаныш түрінде Құранды түсірдік» (Нахыл сүресі, 89), – делінген аятты да өз көзқарастарын қуаттауда дәлел қылады. Бірақ бұл аятты да жалпылама емес, алдыңғы аят секілді түсінуіміз керек. Оған имам әш-Шафиғидің сөзін дәлел ретінде ұсынуға болады. Имам әш-Шафиғи бір күні Харам мешітінде адамдарға сөйлеп отырып: «Менен не сұрасандар да Аллаһтың кітабымен жауап беремін», – дейді. Сол кезде бір кісі харам аумағында өлтірілетін кейбір зиянды жәндіктер жайлы сұрап, оның үкімі Құран Кәрімнің қай жерінде келгенін сұрайды. Әш-Шафиғи (р.а.) «Сендерге пайғамбар не берсе алындар да, неден тыйса, содан тыйылындар» аятын оқып, осы мәселедегі Омардан (р.а.) жеткен хадисті айтып береді¹³.

Ал, хадистердің дұрыстығына қатысты туатын күмәнға келсек, бұған: хадистерді сұрыптап, дұрыс-бұрысын ажырату жолында хадис ғалымдары өмірлерін сарп еткен. Сол себепті хадис

¹³ Уахбату әз-Зухайли, Усул әл-фиqh әл-ислами, I, 441-б.

ілімі толыққанды зерттеліп, әрбір хадистің дәрежесі анықталған, – деп нақты жауап бере аламыз.

2. Олар, сондай-ақ, Аллаһ тағаланың: **﴿إِنَّا نَحْنُ نَزَّلْنَا الذِّكْرَ وَإِنَّا لَهُ لَحَافِظُونَ﴾**, «**Расында біз зікірді (Құранды) түсірдік, шын мәнінде Біз оны сақтаушымыз**» (Хижр сүресі, 9), – деген аятын алға тартып, «Аллаһ тағала Құран Кәрімді сақтауға кепілдік бергені секілді, сүннеті сақтауға кепілдік бермеген, сондықтан сүннет шариғатта айғақ болуға жарамайды», – дейді.

Бұл пікірге төмендегіше жауап беруге болады.

а) Аяттағы «*зікір*» сөзінің мағынасын тек қана «Құран Кәрім» деп айта алмаймыз. Өйткені, ол Құран Кәрім мен сүннеттен тұратын «шариғат» мағынасында болуы да әбден мүмкін. Өйткені, **﴿يُرِيدُونَ أَن يُطْفِئُوا نُورَ اللَّهِ بِأَفْوَاهِهِمْ وَيَأْبَى اللَّهُ إِلَّا أَن يُتِمَّ نُورَهُ وَلَوْ كَرِهَ الْكَافِرُونَ﴾** «Олар, Аллаһтың нұрын (дінін) ауыздарымен өшіруді қалайды. Егер кәпірлер жек көрсе де, Аллаһ мұны ұнатпайды да өз нұрын толықтайды» (Тәубе сүресі, 32) аятындағы «нұр» сөзі – Аллаһтың шариғаты мен дінін ұғындырғаны секілді, «зікір» сөзі де «шариғат» мағынасын қамтиды.

ә) Аяттағы «*зікір*» мағынасын тек қана Құран Кәрім деп қабылдағанның өзінде, аят сүннеттің шариғаттағы орнын жоққа шығаруға дәлел бола алмайды.

Сөз соңында айтарымыз, сүннеттің шариғаттағы орнын жоққа шығару нәтижесінде, дінге үлкен зардабын тигізеді. Өйткені, сүннетті толық мойындамаған адам, Құран Кәрімде келген намаз, зекет, қажылық секілді діннің талаптары мен үкімдерін толыққанды түсіне алмай, міндетті болған парызды тиісінше орындай алмайды. Сол себепті Аллаһ елшісінің сүннетіне салғырт қарау, жоққа шығару шын мұсылманның ісі емес.

3. Хадистің сахабалар тарапынан риуаят етілуі

Құран Кәрімге шынайы иманмен сенген алғашқы мұсылмандар: **﴿قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ﴾** (Мұхаммед (с.а.с.) «**Білгендер мен білмегендер тең бола ма?**» – де) (Зүмәр

сүресі, 9) және *يَزْفَعُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَالَّذِينَ أُوتُوا الْعِلْمَ دَرَجَاتٍ وَاللَّهُ بِمَا يَعْمَلُونَ خَبِيرٌ* «Аллаһ сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым берілгендердің дәрежелерін көтереді. Істегендерінді толық біледі» (Мужәдәлә сүресі, 11);

﴿ إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ إِنَّ اللَّهَ عَزِيزٌ غَفُورٌ ﴾ «Шын мәнінде, құлдарынан – ғалымдары Аллаһтан қорқады» (Фатыр сүресі, 28) секілді аяттардың мағынасын түсінгеннен кейін, дінге қатысты түсініктерін тағы арттыру үшін және оны терең үйрену үшін пайғамбардың (с.а.с.) жанына жиналған олар жаңа бір білім алқасын құрған-ды. Пайғамбар (с.а.с.) да олардың ілім ізденуге деген құлшыныстарын арттырып, оларды: *«Кімде-кім ілім үйрену үшін жолға шықса, Аллаһ сол арқылы, оның жаннатқа жолын жеңілдетеді»*¹⁴ және *«Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінді терең түсіндіреді»*¹⁵, – деген сөздерімен жігерлендіріп, ынталандырған болатын.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларына дін үйрететін арнайы бір медресесі немесе мектебі болмаса да, ол (с.а.с.) дін мен күнделікті тұрмыс-тіршілік, экономика мен саясат, тәлім-тәрбие, т.б. салаларда теңдесі жоқ тәлімгер бола алды. Мұсылмандардың қолбасшысы, имамы, үмбеттің ұстазы болған пайғамбарымыздан (с.а.с.), үйінде немесе көшеде болсын, әрбір адам сұрағына жауап табатын, білмегенін үйренетін. Үйімен қабырғасы бір болған мешітінде бес уақыт намаз оқылған, ілім алқалары құрылатын. Алқа отырыстары көбіне намаздардан кейін өтетін, сахабалар пайғамбарымызды (с.а.с.) тыңдауда шаршау, жалығуды білмейтін. Бұл туралы Ибн Масғуд (р.а.): *«Пайғамбарымыз бізді жалықтыруды қаламай, уақыт талғап, кей күндерде ғана уағыз айтатын»*¹⁶, – деп риуаят еткен.

Хижрадан кейін Мәдина қаласында тұрғызылған мешіттің жанында көлеңкелейтін шатыр құрылған-ды. Сахабалардың көпшілігі күн көрістері үшін егіншілікпен, саудамен айналысатын. Олардың ішінде әрдайым пайғамбарымыздың (с.а.с.) жа-

¹⁴ Сахих Муслим, 2699.

¹⁵ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 71; Сахих Муслим, 1037.

¹⁶ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 68.

нында болып, өз өмірлерін ілімге арнаған сахабалар да болды. Белгілі бір кәсіп яки шаруашылықпен айналыспағандықтан, олар сахабалардың арасындағы ең кедейлерінен еді. Мешіттің жанында тұрғызылған «Суффа» деп аталған мекен де соларға арналғанды. Ал, өзге сахабалар Суффа тұрғындарына қол ұштарын беріп, қарайласатын.

Суффа ислам ілімдерін үйрететін алғашқы оқу орнындай болды. Ол орында бір кезеңде 70-80 кісінің болғандығы туралы кейбір риуаяттардан белгілі¹⁷. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тағайындаған мұғалімдері жазу, қырағат, Құран Кәрім үйрететін. Мәселен, Абдуллаһ ибн Сағид ибн әл-Асидің жазу-сызуды үйреткендігі жайлы деректер бар¹⁸.

Әуелгі мұсылмандар өмірлерінің барлық саласында пайғамбарымызды (с.а.с.) үлгі тұтып, оның әрбір сөзі мен ісін сақтауда мұқият болуға тырысты. Олар пайғамбардан (с.а.с.) үйренгендерін өзгелерге де жеткізу үшін аса ұқыптылықпен әрекет жасады.

Пайғамбар (с.а.с.) дәуірінде хадистерді жазып сақтау мүмкін болмағандықтан, сахабалар жадына тоқыды. Блашер атты шығыстанушының айтуы бойынша, исламның алғашқы кезеңінде, құрайыш тайпасында 17 кісіден басқалары оқу, жазуды білмеген. Сондықтан хадистер ауызба-ауыз тарап, сахабалардың жадында сақталған. Бұған исламға дейінгі арабтар арасында ауыз әдебиетінің дамуы, өлең, дастандардың жатталып ауызба-ауыз тарап отырғандығы септігін тигізген. Сонымен қатар, исламның алғашқы кезеңінде Құран Кәрім аяттарымен араласып кетпеуі үшін және басқа да себептермен хадистердің жазылуына уақытша тыйым салынады. Сол себепті хадистер жадыларда жатталып отырған¹⁹. Пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде оқылып, жадыларда сақталып отырған хадистер, кейін жазу білген сахабалар тарапынан хатқа түсіріле бастады.

¹⁷ Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, ол: «Әһлу әс-Суффалық жетпіс сахабаны көрдім...», – деп келген. Сахих әл-Бұхари, 443.

¹⁸ Ибн әл-Әсир, Усду әл-ғаба, III, 263 бет.

¹⁹ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 20-б.

Пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісі, уахидің келіп отыруы – хадиске төнген жалғандық пен өзгерту секілді қауіп-қатерден сенімді қорғаушы болды. Өйткені сахабалардың хадистерге қатысты ілімді Аллаһ елшісінен (с.а.с.) тікелей барып сұрауға мүмкіншіліктері болған. Қандай да бір сахаба естіген хадисін жеткізу барысында қателессе, сол хадисті білген басқа бір сахаба тарапынан дұрысталған. Егер ортақ мәмілеге келе алмаса, пайғамбарға (с.а.с.) барып шешімін тапқан. Бұған Омар ибн Хаттабтың (р.а.) мына оқиғасын келтіруге болады: «(Бірде) Аллаһ елшісінің көзі тірісінде, Хишам ибн Хақимнің «Фұрқан» сүресін оқып жатқанын естіп, қырағатына құлақ түрдім. Сөйтсем, ол Аллаһ елшісі маған үйретпеген бірнеше қырағатта оқып жатыр екен. Сонда намазда тұрған оның жағасынан алуға шақ қалдым, бірақ намазды аяқтауын күттім. Намаздан соң оның шапанын шеңгелдеп: «Мен оқып жатқаныңды естіген сүрені саған кім үйретті?» – дедім. Ол: «Мұны маған Аллаһтың елшісі үйретті»,–деді. Мен: «Өтірік айтасың, Аллаһ елшісі маған оны сен оқығаннан басқаша үйретті»,– дедім де оны жетелеген күйде Аллаһ елшісіне апарып: «Мен мынаның «Фұрқан» сүресін сіз маған үйретпеген қырағатта оқығанын естідім»,– деп шағымдандым. Аллаһ елшісі: «Жібер оны! Оқы, ей, Хишам!»,– деді. Ол (Пайғамбарға да) мен оқып жатқанын естіген қырағатта оқып берді. Аллаһ елшісі: «(Бұл сүре) осылай түсірілген»,– деді. Сонан соң (маған): «(Енді) сен оқы, ей, Омар!»– деді. Мен оны өзі үйреткен қырағатта оқып бердім. Сонда Аллаһ елшісі: «(Бұл сүре) осылай түсірілген. Расында бұл Құран Кәрім жеті қырағатта түсірілді, одан өздеріңе оңай келгенін оқыңдар»,– деп айтты»,– деген²⁰.

Құран Кәрімнің *يَخَذَرُ الْمُنَافِقُونَ أَنْ تُنَزَّلَ عَلَيْهِمْ سُورَةٌ تُنَبِّئُهُمْ بِمَا فِي قُلُوبِهِمْ* «**Екіжүзділер, өздеріне байланысты жүрегіндегілерден хабар беретін бір сүренің түсуінен қорқады**» (Тәубе сүресі, 65) аятында келгендей, мұнафықтар әрекеттерінің уахимен әшкереленуінен қорқып, хадиске қарсы жаман ойларын жүзеге асыруға батылдары бармады. Әрі мұсылмандар араларындағы

²⁰ Сахих әл-Бұхари, Құран Кәрімнің қадір-қасиеті туралы кітап, 4991.

мұнафықтардан хабардар да болатын. Осылайша уахидің келу кезеңі хадистің сақталуына септігін тигізді.

Сахабалар

﴿إِنَّ الَّذِينَ يَكْتُمُونَ مَا أَنْزَلْنَا مِنَ الْبَيِّنَاتِ وَالْهُدَىٰ مِنْ بَعْدِ مَا بَيَّنَّاهُ لِلنَّاسِ فِي الْكِتَابِ أُولَٰئِكَ يَلْعَنُهُمُ اللَّهُ وَيَلْعَنُهُمُ اللَّاعِنُونَ ۝ إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا وَأَصْلَحُوا وَبَيَّنُّوا فَأُولَٰئِكَ أَتُوبُ عَلَيْهِمْ وَأَنَا التَّوَّابُ الرَّحِيمُ﴾

«Негізінен ап-ашық үкімдерді, әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткенімізден кейін жасырғандар, соларға Аллаһ лағынет етеді, әрі барлық лағынет етушілер лағынет айтады. Бірақ тәубе еткендер, жағдайларын түзеткендер және шындықты баян еткендер басқа. Міне, солардың тәубесін қабыл Етуші, аса Мейірімдімін» (Бақара сүресі, 159-160) деген аяттың мағынасы діннің екінші қайнар көзі болған сүннетті қамтитындығын түсініп, оны білмегендерге үйретуді өздеріне міндет санаған. Көп хадис риуаят еткені үшін әртүрлі сөзге қалған Әбу Һурайра (р.а.) оларға жауап ретінде: *«Егер Құранда екі аят болмағанда, бірде-бір хадис риуаят етпес едім»*,– деп жоғарыдағы екі аятты оқыған болатын²¹.

Сахабалардың сүннетті риуаят етіп, басқаларға үйретуіне түрткі болған себептердің негізгісі – пайғамбарымыздың (с.а.с.) оларды хадис риуаят етулеріне ынталандыруы еді. Пайғамбардан (с.а.с.) жеткен бір риуаятта: *«Естігендер естімегендерге жеткізсін. Расында, менен естіген адам өзінен жақсырақ ұғатын біреуге жеткізуі мүмкін»*²², – деп келсе, басқа бір риуаятта: *«Бізден бір нарсе естіп, оны естігеніндей жеткізген адамның Аллаһ тағала жүзін нұрландырсын»*²³,– делінген. Сол секілді пайғамбарымыз (с.а.с.) *«Менен бір аят болса да жеткізіңдер...»*²⁴,– дейді. Сол себептен де сахабалар пайғамбарымыз (с.а.с.) қатысқан түрлі жиындар мен

²¹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 118.

²² Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 67.

²³ Әбу Дәуіт, әт-Термези, ибн Мәжәһ; Әл-Қасыми, Қауағиду әт-тахдис, 48-б.

²⁴ Сахих әл-Бұхари, Пайғамбарлар туралы әңгімелер кітабы, 3461.

сұхбаттарды жібермеуге тырысатын. Сол мәжілісте болғандар келе алмағандарға өздерінің естіп, білгендерін жеткізетін. Омар (р.а.) мен оның көршісінің басынан өткен мына жайт бұған айқын дәлел болады. Омар (р.а.): *«Мәдина өңіріндегі әулеттердің бірі Умәйя ибн Зәйд әулеті (қонысында тұратын) ансар көршім екеуіміз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) кезектесіп келетінбіз. Бір күні ол, бір күні мен келетінмін. Өзім келген күні (Аллаһ елшісінің (с.а.с.)) келген уахиды және басқа да хабарларды оған айтып келетінмін, ол да осылай ететін»*, – деп айтқан²⁵.

Басқа бір хабарда сахабалардың барлық хадистерді пайғамбармен (с.а.с.) жүзбе-жүз кездесіп алмағандығы жайында келеді. Әл-Бара ибн Азиб бір сөзінде: *«Біз хадистердің бәрін де пайғамбардың (с.а.с.) өзінен ғана естімедік. Олардың кейбірін өзге сахабалар жеткізген болатын. Біздер көбіне түйе бағумен шұғылданатын едік»*, – дейді. Басқа бір сөзінде: *«Сахабалар Аллаһ елшісін (с.а.с.) тыңдауға мүмкіншіліктері болмаған жағдайда, еске сақтау қабілеті жоғары сахабаларды тыңдау үшін, пайғамбардың сұхбатында болғандардың айналасына жиналатын»*, – деген²⁶.

Әбу Һурайрадан жеткен бір хадисте, пайғамбарымыз (с.а.с.) білген ілімін өзге адамдарға жеткізудің маңыздылығын: *«Білген бір нәрсесі өзінен сұралғанда, оны жасырған адам қиямет күні оттан ауыздық тағады»*, – деп ескерткен²⁷.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадисті келер ұрпаққа жеткізуге ынталандырып, өсиет етуімен қатар, қатаң ескертуі де бар. Ол (с.а.с.): *«Менің атымнан жалған сөйлемеңдер. Кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін»*²⁸, – деген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейін көп уақыт өтпей, жалған хадистер пайда бола бастағанда, мұсылмандар хадис тақырыбына мұқияттылық танытқан кезде, бұл сөздің маңыздылығы арта түсті.

²⁵ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 89.

²⁶ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улумуи әл-хадис, 14-б.

²⁷ Ибн Хиббан, 95, Әбу Дәуіт, Білім кітабы, 9 (3175); Өт-Термези, Білім кітабы, 3 (2591);

²⁸ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 107.

Пайғамбарымызды (с.а.с.) тыңдап, шариғат үкімдерін үйрену тек ер адамдарға ғана тән болмады. Әйел адамдар да оның (с.а.с.) уағыз-насихаттарынан пайда алатын, қажеттілік туындаған жағдайда, сұрақтарына жауап алу үшін пайғамбарға (с.а.с.) баратын. Бірде олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына жиналады да ер адамдарға көп уақыт бөлінетіндігіне шағымданып, бір күнді әйелдер қауымына арнауын сұрайды. Содан кейін пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға да бір күнді белгілеп, уағыз-насихат айтқаны, шариғат үкімдеріне қатысты оларға да бұйрықтар бергені туралы әл-Бұхаридің хадисінде келеді²⁹.

Ибн Аббастан (р.а.), Бір күні пайғамбар (с.а.с.) Біләлмен бірге мешіттен шығып, әйелдер айтқандарымды естімей қалды деп ойлайды да оларға келіп насихат айтып, садақа берулерін бұйырады. Сонда әйелдер сырға, жүзіктерін шешіп, Біләл оларды киімінің етегіне жинап алғаны жайлы риуаят етіледі³⁰.

Ислам діні ілім алуда, дін үйренуде орынсыз ұялуға жол бермеген. Бұны түсінген мұсылман әйелдер қандай да бір мәселе туындаса, пайғамбарға (с.а.с.) барып, қысылмай жауабын алатынды.

Умму Сәләмәдан (р.а.) жеткен хабарда: «Бірде Умму Суләйм (р.а.) Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: «О, Аллаһтың елшісі! Расында, Аллаһ ақиқатты айтуға ұялмайды, егер әйел түсінде шаһуаттанса, ғұсыл құйынуы керек пе?»— деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Иә, егер ұрық суы бөлінгенін көрсе»*,— деп жауап берді»³¹,— деп келеді. Өзге хадистерден де әйел адамдардың шариғат ілімдеріне терең бойлауына ұялу кедергі болмағандығын көре аламыз.

Айша анамыздың көптеген сахабалардан артық хадис риуаят еткенін ескерсек, пайғамбар (с.а.с.) сүннетін келер ұрпаққа жеткізуде ерлермен қатар, әйел сахабалардың да қосқан үлесі зор болғандығын ұмытпағанымыз жөн.

²⁹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 101.

³⁰ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 98.

³¹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 130.

II ТАРАУ. ХАДИСТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Хадистердің жазылуына тыйым салынуы

Алғашқы кезде, яғни сахабалар мен алғашқы табиғиндер кезеңінде пайғамбарымыздан (с.а.с.) алынған хадистер жинақталып, кітапқа сай жүйелі түрде жазылмағаны белгілі. Бұған негізгі екі нәрсе:

1. Мұсылманның сахихінде келгендей, хадистің жазылуы сол кездегі түсіп жатқан Құран Кәрім аяттарымен араласып кетпеуі үшін тыйым салынғандығы;

2. Алғашқы мұсылмандардың еске сақтау қабілеттерінің ерекшелігі және көпшілігінің жазу білмеуі³² мен кейбіреуінің жаңа үйренгендіктен қателесуі мүмкіндігі себеп болды.

Сонымен қатар, алғашқы кезде пайғамбардың (с.а.с.) тағылымдары мен сұхбаттарын қағаз орнына қолданылған құрма жапырағына, теріге, сүйектер мен жазық тастарға жазу және оларды сақтаудың қиынға соғуы хадистің хатқа түсуіне айтарлықтай кедергі болды. Дегенмен, пайғамбардың көзі тірісінде хадистің маңыздылығына ерекше көңіл бөлінгендіктен, кейбір сахабалардың *сахиғалары* (хадис жазбалары) жарық көргенін айта кетуіміз керек³³.

Дереккөздер пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде басталған хадистің жазылуын екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші – хадис жазу үшін келген сахабаларға пайғамбарымыздың (с.а.с.) рұқсат етпеген кезең, екінші – тыйым жойылып, жазуға рұқсат етіліп, хадис жазуды қалаған сахабалар жоғарыда айтылған сахиғаларды жазуға кіріскен кезең³⁴.

Хадис жазуға тыйым салынған мағлұм хадис Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) риуаят етілген. Пайғамбарымыз (с.а.с.)

³² Әл-Қасыми, Қауағиду әт-Тахдис, 70-б.

³³ Әбу Шәһба, Диғағу ан әс-суннә, 20-б.

³⁴ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 26-б.

бұл хадисінде: *«Менен бір нәрсе жазбаңдар. Кім менен Құран Кәрімнен басқа бір нәрсе жазған болса, жойсын»*,– деп бұйырған³⁵.

Әбу Сағид басқа хадисінде: *«Хадис жазу үшін Аллах елшісінен (с.а.с.) рұқсат сұрағанымда, маған рұқсат бермеген болатын»*,– деген³⁶.

Бұл тұрғыда Әбу Нурайрадан жеткен бір хабарда: *«Біз хадис жазып отырғанда пайғамбарымыз жанымызға келіп: «Жазып отырғандарың не нәрсе?»*–деді. Біз: *«Сенен естіген хадистер»*,– деп жауап бердік. Пайғамбар (с.а.с.): *«Аллаһтың Кітабынан басқа кітап жазасыңдар ма? Сендерден бұрын келген үмбеттер Аллаһтың Кітабының жанында басқа кітаптар жазып адасты»*,– деді»,– деп келеді³⁷.

Осы тақырыпта алғашқы кезде араб жазуы толыққанды жетілмегендігін негізгі себеп санаған кейбір пікірлерді де кездестіруге болады. Бірақ бұл пікірді қуаттайтын нақты бір дәлел болмағандықтан, оны хадистің жазылуына кедергі болған бір уәж деп айту қиын.

Осы және көпшіліктің жазуды білмеуі хадистердің жинақталып, жазылуына тосқауыл болды деген пікірге толық келісе алмаймыз. Өйткені хадистің жазылуына тыйым салған хабарларда бұл кедергілер кездеспейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұндай жағдайда Құран Кәрімді жазуға да тыйым салар еді. Сондықтан аталған дәлелдерге сүйенетін болсақ, алғашқы кезде хадистің жазылуына уақытша кедергі болған бірден-бір себеп – Құран Кәрімге араласып кету қорқынышы болатын. Өйткені сол кезде Құран Кәрім аяттары да жазылып жатқан еді. Бұл – жазылған хадисті аятпен шатастырып алмау үшін жасалған сақтық шаралары болатын.

Мұсылмандардың қатары бірте-бірте көбейіп, ислам дінінің арабтар арасында күннен-күнге дамуы, Мекке, Мәдина қалаларынан шалғай жерлерге таралуы, сондай-ақ

³⁵ Сахих Муслим, 2298; Әл-Хатиб әл-Бағдади, Такиду әл-Илм, 29-32-б.

³⁶ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Такиду әл-Илм, 33-б.

³⁷ Бұл да сонда, 34-б.

мұсылмандардың арасында жазу білетіндердің санының артуы мен жазу өнерінің өркен жаюы қысқа бір мерзімде өз нәтижесін берді.

Сол себепті көп уақыт өтпей-ақ, пайғамбарымыз (с.а.с.) хадис жазғандарға тыйым салмай, рұқсат етті.

2. Хадистің жазылуына рұқсат етілу

Белгілі бір уақыт өткеннен кейін хадистің жазылуына салынған тыйым жойылып, пайғамбар хадистері қайта қағазға түсе бастады. Хадистердің жазылуына қатысты көптеген хабарлар бар. Мұсылмандар Меккеге кірген жылы Хузаға тайпасы хузағалық біреуді өлтіргені үшін Бәну Ләйс тайпасындағы біреуден кек алғанына байланысты пайғамбарымыз (с.а.с.) меккеліктерге Мекке қаласында адам өлтіруге, тіпті тікендерін жұлға, ағаштарын кесуге болмайтынын жариялап, «Бұл – біреудің түсіріп алған нәрсесін де алуға рұқсат етілмейтін қасиетті мекен және туысы өлтірілгендер екінің бірін таңдасын: не құн төленеді, не қысас алады»,– деп құтпа оқыған болатын. Әбу Һурайра (р.а.): «Осы кезде йемендік бір кісі келіп: «Бұларды маған жазып берші, о, Аллаһтың елшісі!» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): «*Пәленшенің әкесіне жазып беріңдер*»,– деп тапсырды»,– дейді³⁸.

Сол секілді пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына: «*Ілімді кітапқа түсіріңдер*»³⁹,– деп те бұйырған болатын.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен басқа хадисте, бір кісі келіп, пайғамбарымызға (с.а.с.) еске сақтау қабілетінің нашарлығына шағымданады. Сонда пайғамбар (с.а.с.) оған: «*Жадыңа қолыңмен жәрдем ет*», яғни «жаз» – деген⁴⁰.

Сол секілді Әбу Һурайраның (р.а.): «*Пайғамбардың (с.а.с.) сахабалары ішінде Абдуллаһ ибн Амрды айтпағанда, менен басқа көп хадис жеткізген ешкім жоқ. Өйткені Абдуллаһ хадистерді*

³⁸ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 360-б.

³⁹ Ибн Абдулбарр, Жамиғу баяни әл-илм, I, 72-б. Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 21-б.

⁴⁰ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тақиду әл-Илм, 64-б.

жазатын еді, ал мен жазбайтынмын»⁴¹,– деуі Абдуллаһ ибн Амрдың хадис жазғандығына айқын дәлел болады.

Абдуллаһ ибн Амр (р.а.): «Пайғамбарымыздан естіген әрбір сөзді жазып жүрдім. Мақсатым оларды жаттау тұғын. Бірде құрайыштар: «Пайғамбардан естіген әрбір сөзді жазасың, алайда ол да бір адам, көңілді кезінде айтқандары секілді ашулы кезінде де сөйлеуі мүмкін»,– деп менің хадистерді жазуыма қарсылық білдірді. Сол себепті әдеттегі жазуымды тоқтаттым. Кейін құрайыштардың сол сөзін пайғамбарымызға (с.а.с.) жеткізгенімде, Ол (с.а.с.): «*Жаз! Жаным құдірет қолында болған Аллаһпен ант етейін, менен тек хақ нәрсе ғана шығады*»,– деп рұқсат берді»,– деген⁴².

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) хадис жазған сахабалардың бірі Әнәс ибн Мәлик (р.а.) болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға көшкен кезде ол 10 жаста еді. Ата-анасы оны пайғамбарға қызмет ету үшін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қол астына береді. Әнәс ол кезде оқып, жаза білген. Ол пайғамбар (с.а.с.) дүние салғанша он жыл оның жанында жүреді. Әнәс ибн Мәлик пайғамбарымыз (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін 83 жыл өмір сүрген. Әнәс (р.а.) өмірінің соңына қарай: «Балаларым, бұл ілімді (хадисті) жазыңдар»⁴³,– деп өсиет қалдырған болатын. Ол хадис үйрену үшін келген адамдарға хадис жазған парақтарын шығарып: «Міне, мынау – пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген және қайта оған оқып берілген хадистер»,– деп қуана айтқан⁴⁴.

3. Алғаш жазылған хадистер

а) Пайғамбарымыздың дипломатиялық хаттары

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) құзырында жасалған бір іс немесе айтылған сөз оның құптауымен тақрири сүннетке саналып, хадис болып риуаят етілген.

⁴¹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 113.

⁴² Ахмад ибн Ханбал, Муснад, X, 21; Әбу Дәуіт, әл-Сунән, II, 286.

⁴³ Әд-Дарими, әс-Сунән, I, 105.

⁴⁴ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тақиду әл-Илм, 97-б.

Осы санатқа пайғамбарымыздың (с.а.с.) жазған немесе жаздырған хаттары мен құжаттарын да кіргізуге болады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Византия императорына, Иран патшалығы мен мысырлық Мукауқасқа және хабаштық Нәжәшиге жазған хаттары күні бүгінге дейін жеткен тарихи мұра саналды. Сонымен қатар, бұл хаттардан басқа, әртүрлі мақсаттарда жазылған басқа құжаттар да бар. Кейбір деректер бұл құжаттардың тақырыптарын:

1. Келіссөздер;
2. Исламға шақыру;
3. Қызметкерлерді тағайындап, міндеттерін белгілеу;
4. Жер телімдері мен жер өнімдеріне қатысты құжаттар;
5. Қауіпсіздік және кеңес беру хаттары;
6. Пайғамбар тарапынан жазылған хаттарға келген жауаптарға қатысты кейбір мәселелер, – деп атап өтеді.

Бұл құжаттардың басым бөлігі Мәдина кезеңінде жүзеге асқандығы белгілі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Мәдинаға көшкеннен кейінгі алғашқы ісі, сол жерде бір мемлекеттің іргетасын тұрғызу болатын. Ол (с.а.с.), яһудилер мен исламды әлі қабылдамаған арабтардан және меккелік мұхажирлер мен мәдиналық ансарлардан құрылған түрлі қауымдардың басын қосып, олармен кеңесе отырып, өзінің басшылығымен бір мемлекет құрды⁴⁵. Сол қоғамдағы әрбір тұлғаның құқықтары мен міндеттерін толыққанды қамтыған заңнама осы мемлекеттің атазаңы болып жарияланды. Әлемдегі алғаш хатқа түскен конституция саналған заңнама:

«Бұл (Аллаһтың елшісі) пайғамбар Мұхаммедтің құрайыш мүмін-мұсылмандары, Ясриб тұрғындары мен оларға еріп, қосылғандар және олармен бірге жиһад еткендер арасындағы бір кітабы (жазуы)»;

«Олар, өзге адамдарға қарағанда бір үмбет»⁴⁶, – деген сөздермен басталған еді.

⁴⁵ Проф. Док. Сабри Хизметли, Ислам тарихы, 274 б.

⁴⁶ Рауяа бинт Ахмад Абдулкарим, Хуқуку әл-инсан фи әл-ислам, 363-б.

Атазаң үкімінде болған бұл заңнаманың пайғамбарымыз (с.а.с.) тарапынан жазылып, дайындалғандығын аталған бірінші баптағы: «*Бұл (Аллаһтың елшісі) пайғамбар Мұхаммедтің ... бір кітабы (жазуы)*», – деген сөздерден түсінуге болады.

Бәдір, Ұхұд, Хандәк және Худайбия оқиғаларының орын алуы мен келіссөздер нәтижесінде құрайышпен жаңа бір байланыс жасалды. Мұсылмандардың парсылармен, римдіктермен және олардың қол астындағы әмірліктермен қарым-қатынас орнатуы Худайбия келісімінен кейін басталды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әрбір патша мен басшыға өзі хат жазып, оларды исламға шақырды. Олардың кейбірі пайғамбарымыздың (с.а.с.) хатын жақсы қабылдап, жақсылыққа жетсе, ал місе тұтпай, қарсы келгендері құрдымға кеткендігі тарихи шындық.

Ислам мемлекеті құрылғаннан кейінгі кезеңдерде орнаған дипломатиялық байланыстар жайлы жазылған біршама ресми құжаттар қалған-ды. Бірақ олардың түпнұсқалары қазіргі уақытқа дейін жетпесе де мазмұндары хадис және тарих кітаптарында орын алған.

ә) Хадис жазбалары (сахиғалары)

Сахиға – сахаба кезеңінде кейбір сахабалар тарапынан парақшаларға жазылған алғашқы хадистер жазбасы. Қазіргі кезге жеткен кейбір хабарлар мен тарихи деректерге сүйене отырып, саңлақ сахабалардың қағаз беттеріне түсірген хадис жазбаларына қысқаша тоқталайық.

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астың (р.а.) сахиғасы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жас сахабаларының арасында хадис жинағымен танымал болғандардың бірі – Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (х. 65 ж.д.с.). Мысырды алуда қолбасшылық еткен әкесі Амр ибн әл-Астан бұрын мұсылмандықты қабылдаған Абдуллаһтың, пайғамбарымыздың (с.а.с.) рұқсатымен көп хадис жазғандығын көрсететін хабарлар бар.

Осы сахиға жайлы келген кейбір деректер мыналар: Ибн Сағид жеткізген бір хабарда Абдуллаһ ибн Амр (р.а.) сахиға жайлы: «Аллаһ елшісінен естіген хадистерді жазу үшін рұқсат

сұрадым, маған рұқсат етті, мен де бұл сахифаны жаздым»⁴⁷, – дейді. Ибн Сағид осы хабардың соңында Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.) пайғамбарымыздан (с.а.с.) жазған сахифасын «садиқа» деп атағанын айтса, өзге деректерде бұл хадис жинағының «**эс-сахифату эс-садиқа**» деп аталғандығын көреміз. Деректерде Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.): «Садиқа – Аллаһ елшісінен жазып алған жазбам», «Бұл – Садиқа. Оны Аллаһ елшісінен естідім, екеуіміздің арамызда ешкім болмады (яғни, Аллаһ елшісінің өз аузынан естідім)⁴⁸, – дегені де келген.

Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.) көп хадис жазғандығын айғақтайтын нақты бір дерек, Әбу Һурайраның (р.а.): «Пайғамбардың (с.а.с.) сахабалары ішінде Абдуллаһ ибн Амрды айтпағанда, менен басқа көп хадис жеткізген ешкім жоқ. Өйткені Абдуллаһ хадистерді жазатын еді, ал мен жазбайтынмын»⁴⁹, – деген сөзі.

Сол секілді, Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.): «Менің хадис жазуыма Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Жаз! Жаным құдірет қолында болған Аллаһпен ант етейін, менен тек хақ нәрсе ғана шығады*», – деп рұқсат берді»⁵⁰, – дегенін тағы еске саламыз.

Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.) сахифасының түпнұсқасы сақталмаған. Бірақ мазмұны имам Ахмадтың «Муснад» кітабында келген⁵¹.

Ахмад ибн Ханбалдан Әбу Қабил: «Бір күні Абдуллаһ ибн Амрдың жанында болғанбыз. Сол жерде Константинополь мен Римнің қайсысы бірінші алынатындығы сұралды. Абдуллаһ бір сандық алып келіп, ішінен бір кітап шығарып: «Пайғамбардың жанына жиналып, жазып отырған болатынбыз. Осы сұрақ сұралды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Константинополдің (Стамбулдың) бірінші алынатынын айтты», – деген оқиғаны риуаят еткен⁵².

⁴⁷ Ибн Сағид, *эт-Табақат әл-кубра*, VII, 189-б.

⁴⁸ *Әл-Хатиб әл-Бағдади*, *Тақиду әл-Илм*, 84-б.

⁴⁹ *Сахих әл-Бұхари*, Білім кітабы, 113.

⁵⁰ Ахмад ибн Ханбал, *әл-Муснад*, X, 21. Әбу Дәуіт, *әс-Сунән*, II, 286.

⁵¹ Док. Субхи *әс-Салих*, *Илму әл-хадис*, 27-б.

⁵² Ахмад ибн Ханбал, *әл-Муснад*, II, 176.

Ахмадтың хадистер жинағынан осы тектес өзге де риуаяттарды көре аламыз. Ибн әл-Әсирдің айтуынша, Абдуллаһ ибн Амр өзінің сахифасына мың хадис енгізген⁵³. Дегенмен сахифаның қанша хадис қамтығандығы жайлы нақты дерек жоқ.

Әл-Жәбир ибн Абдуллаһтың (р.а.) сахифасы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабалары арасында көп хадис риуаят етуімен танымал болғандардың бірі – Жәбир ибн Абдуллаһ (хижраның 78 ж.д.с.).

Уакиғ ибн әл-Жаррахтың Хишам ибн Ұруадан жеткізген хабары Жәбир сахифасының хадис саласындағы өзіндік орнын көрсетіп, пайғамбар мешітінде адамдардың Жәбирдің айналасына жиналып, одан хадис тыңдағандығы жайлы жеткізеді⁵⁴.

Әз-Зәһәби «Тәзкира», «Ислам тарихы» атты еңбектерінде Қатада турасында сөз еткенде, оның әл-Жәбирдің сахифасын оқып, жаттағандығын баяндайды.

Деректерде Әбу Суфиян Талха ибн Нафиғ пен Уәһб ибн Мунаббихтің Жәбирдің сахифасынан риуаят еткендері көрсетілген⁵⁵. Одан сол секілді басқа да хадистанушылардың риуаят еткендігі белгілі.

Али ибн Әбу Талибтің (р.а.) сахифасы

Пайғамбардың туысқаны әрі күйеу баласы Али ибн Әбу Талибтің қолында құн төлеу секілді кейбір шарифат үкімдерін қамтыған жазбаның болғандығын түрлі дереккөздерден көре аламыз.

Әбу Жухайфа (р.а.): «Алиден (р.а.): «Сізде (Аллаһ тағаланың кітабынан басқа) кітап бар ма?» – деп сұрадым. Али (р.а.): «Жоқ, тек қана Аллаһ тағаланың Кітабы және мұсылманға берілетін түсінік және парақтағы нәрсе ғана бар», – деді. Мен: «Бұл парақтағы не?» – дедім. Али (р.а.): «Құн үкімі, құлды азат қылу

⁵³ Ибн әл-Әсир, Усду әл-ғаба, Абдуллаһ ибн Амрдің өмірбаяны, III, 333.

⁵⁴ Ибн Хажар, Тәһзибу әт-тәһзиб, II, 43.

⁵⁵ Бұл да сонда, Уәһб ибн Мунаббихтің өмірбаяны; әл-Хатиб әл-Бағдади, әл-Кифая, 355-б.

және кәпір үшін мұсылманнан кек алудың харамдығы туралы», – деді⁵⁶.

Имам Ахмад Али ибн Әбу Талибтің мінбеде тұрып: «Аллаһқа ант етемін бізде сендерге оқып жүрген Аллаһтың кітабы мен мына сахиладан басқа нәрсе жоқ», – дегенін риуаят еткен.

Имам ән-Нәсәи Алидің (р.а.) қылышының қынынан бір кітап алып шыққандығын жеткізген⁵⁷.

Али ибн Әбу Талибтен сахила риуаят еткендердің бірі – Хилас ибн Амр әл-Хажари.

Сәмура ибн Жундабтың (р.а.) сахифасы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларының ішінде хадис жазғандардың тағы бірі – Сәмура ибн Жундаб (хижраның 58-60 ж.д.с.). Оның хадис жазбасы болғандығын Мұхаммед ибн Сиридің: «Сәмураның балалары үшін жазған сахифада көп ілім бар еді», – деген сөзінен аңғарамыз⁵⁸. Сондай-ақ, балалары тарапынан риуаят етілгендігін білдіретін хабарлар бұны қуаттайды. Бірақ Сәмураның хадис жинағын қашан жазғандығы нақты белгісіз. Өйткені ол пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде жас болған. Деректерге сүйенсек, ол өзінің хадистер жинағын пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейін балаларына арнап жазған.

Әбу Һурайраның (р.а.) сахифасы

Әбу Һурайра (р.а.) – пайғамбарымыздан (с.а.с.) ең көп хадис жеткізуімен және сол жолда ерекше ынта-жігер танытуымен танымал болған сахаба. Сонымен қатар кейбір деректерге сүйенсек, ол көп хадис риуаят етумен бірге, хадистерді қағазға түсірген. Одан жеткен бір хабарда: «Біз хадис жазып отырғанда пайғамбарымыз жанымызға келіп: *«Жазып отырғандарың не нәрсе?»* – деді. Біз: *«Сенен естіген хадистер»*, – деп жауап бердік» – делінген⁵⁹.

⁵⁶ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 111.

⁵⁷ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 358-б.

⁵⁸ Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 25-б.

⁵⁹ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тақиду әл-Илм, 33-34-б.

Бірақ хадис ғалымдары Әбу Һурайраның хадистерді қағазға түсіргендігіне дәлел болатын хабарлардың тізбегінде әлсіздік бар екендігін айтады. Ал жоғарыдағы хадистің тізбегі дұрыс болғанымен, нақты дәлел бола алмайды. Өйткені Әбу Һурайра «біз» деп көпшілік түрмен айтқандықтан, пайғамбар (с.а.с.) олардың жанына ол басқа біреуге хадис жаздырып отырғанда келуі де мүмкін. Сондай-ақ Хаммам ибн Мунәббихтен⁶⁰ жеткен Әбу Һурайраның (р.а.): «Пайғамбардың (с.а.с.) сахабалары ішінде Абдуллаһ ибн Амрды айтпағанда, менен басқа көп хадис жеткізген ешкім жоқ. Өйткені Абдуллаһ хадистерді жазатын еді, ал мен жазбайтынмын»⁶¹, – деп айтқан сөзі де оның хадис жазбағандығын көрсетеді. Дегенмен көпшілік хадис ғалымдарының еңбектерінде келген хабарларға жүгінсек, Әбу Һурайраның (р.а.) хадистерді қағаз бетіне түсіргендігіне немесе жаздырғандығына куә бола аламыз.

Ибн Уәһб жеткізген деректе әл-Хасан ибн Амр Әбу Һурайраның алдында бір хадис айтады. Әбу Һурайра оның қолынан жетектеп, оны үйіне алып келіп, пайғамбар (с.а.с.) хадистері жазылған бір кітапты көрсетіп: «Мынау менде жазылған хадистер», – деген. Ибн Абдулбарр: «Хаммамның хадисі өте дұрыс, ал бір-біріне қайшы екі хадиске келсек Әбу Һурайра пайғамбар (с.а.с.) заманында хадистер жазбай, кейін жазған болуы мүмкін деп түсінеміз», – дейді⁶².

Әз-Зәһәби бір еңбегінде: «Башир ибн Нуһейк Әбу Һурайрадан жеткен бір жазбаға ие», – деп келтіреді.

Әбу Һурайраның көзі тірісінде жазылған танымал хадис жазбасы – өзінің йемендік жерлес шәкірті Һаммам ибн Мунаббихтің сахифасы. Бұл жазбаның екі түпнұсқасы Берлин және Шам кітапханаларынан профессор Мұхаммед Хамидуллаһ тарапынан табылып, өңделіп жарыққа шыққан⁶³.

⁶⁰ Һаммам ибн Мунәббих, Уәһб ибн Мунаббихтің ағасы. Бірақ одан кейін дүние салған.

⁶¹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 113.

⁶² Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 362-б.

⁶³ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 59-б.

Бұл жинақ *«әс-Сахифату әс-сахиха»* деп аталған. Кейін Һаммам сақтап, риуаят еткендіктен *«Һаммамның сахифасы»* деп танылған.

Абдуллаһ ибн Аббастың (р.а.) сахифасы

Сахабалар ішінде риуаятының көптігімен, әсіресе тәпсір саласында көп хадис жеткізіп, танылған сахаба – Абдуллаһ ибн Аббас ибн Абдулмутталиб (хижраның 69 ж.д.с.). Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көкесінің баласы Ибн Аббас хижрадан үш жыл бұрын дүниеге келген. Тәпсір ілімінде даңқы шығып, тіпті «Құран Кәрімнің тәржімешісі» деген атқа ие болуының бірден-бір себебі сол, пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Аллаһым оны дінде терең түсінікте қыл және тәпсірді үйрет»*⁶⁴,– деген дұғасы соған арналған еді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салған уақытта он үш жаста болғанына қарамастан, пайғамбардан көп хадис тыңдап, жаттаған. Сонымен қатар, ол Омар ибн әл-Хаттаб, Али ибн Әбу Талиб, Үбәй ибн Кағб (Аллаһ олардан разы болсын) сынды саңлақ сахабалардан ілім алған.

Ибн Аббастың (р.а.) пайғамбарымыздан (с.а.с.) және сахабалардан жинаған хадистерін тақтайшаларға жазғандығын көрсететін деректер кездеседі⁶⁵. Олардың бірінде пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызметшісі Сәлмә: «Абдуллаһ ибн Аббас тақтайшалармен (жұбайым) Әбу Рафиғқа келіп, одан пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетінен кейбір нәрселерді жазғанын көрдім»,– дейді. Ибн Аббастың жазған мұрасы, баласы Алиге қалғандығы жайлы деректер де бар.

Дұрыс тізбектермен келген хабарларда Мұса ибн Ұқба (хижраның 141 ж.д.с.), Құрайыб ибн Әбу Муслим (хижраның 98 ж.д.с.) Ибн Аббас жазбаларының бір бөлігін түйеге жүктеп алып келіп, өздеріне аманат еткендігі жайлы айтқандығы келтіріледі.

Ибн Аббастың өз қолымен жазған жазбаларымен бірге, оның айтқандарын қағаз бетіне түсіріп отырған шәкірттері – Сағид ибн

⁶⁴ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 299-б, VIII, 467-б.

⁶⁵ Ибн Сағид, әт-Табақат, II, 371.

Жубәйр (хижраның 94 ж.д.с.), Мужаһид (хижраның 103 ж.д.с.) және Икримә (хижраның 105 ж.д.с.) тарапынан жазылған жазбалар да ұшырасады⁶⁶.

Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) сахифасы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жас сахабаларының бірі – Абдуллаһ ибн Омардың (хижраның 74 ж.д.с.) хадис жазған-жазбағандығы нақты белгісіз. Бірақ, қолында жазылған хадис жазбаларының болғандығы және Нафиғтың одан бір сахифа риуаят еткендігі жайлы деректер, оның хадис жазғандығына дәлел болады. Әл-Бұхаридің Нафиғ арқылы жеткізген бір хабарында Абдуллаһ ибн Омардың көшеге шықпас бұрын жазбаларына қарайтындығы туралы келеді. Яғни Абдуллаһ ибн Омар өзінен хадис алу үшін жиналған адамдардың алдына шықпастан бұрын, қағаз бетіне түсірген хадистеріне көз жүгірткен.

Сағьд ибн Ұбада әл-Ансаридің (р.а.) сахифасы

Исламға дейінгі жәһілдік дәуірде жазу-сызу білген сахаба Сағьд ибн Ұбаданың (хижраның 15 ж.д.с.) хадис жазбасы болғандығын имам әт-Термези риуаят етеді⁶⁷. Кейбір деректерге сүйенсек, ол пайғамбарымыздың (с.а.с.) жиналыстарын жібермей, хадис жинақтап, балаларына мұра ретінде қалдырғаны белгілі болды⁶⁸.

⁶⁶ Ибн Сағьд, әт-Табақат, V, 216-б; әз-Зәһәби, Тариху әл-ислам, IV, 48-б; Ибн Хажар, Тәһзиб әт-тәһзиб, VIII, 433-б.

⁶⁷ Әт-Термези, әс-Сунән, Үкімдер кітабы.

⁶⁸ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 41-67-б. Сахабалар мен алғашқы табиғиндер дәуірінде хадистердің хатқа түсуі турасында келген нақты деректерді әл-Хатиб әл-Бағдадидің «Тақиуду әл-илм» атты еңбегінен оқуға болады.

III ТАРАУ. САХАБАЛАР – ХАДИСТІ АЛҒАШ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

1. Сахаба деп кімді айтамыз?

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тұсында өмірін Құран Кәрім мен хадис үйренуге арнаған, дініміздің құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа жеткізуде аянбай еңбек еткен бір топ сахабалар болған. Олар халыққа Құран Кәрім аяттарын пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренгендеріндей түсіндіріп, діни үкімдер шығарып, бұқараның руханиятына ықпал етіп отырған.

«Сахаба» сөзі араб тіліндегі тілдік тұрғыда – «серік, жолдас, дос болу» және «сұхбаттасу» деген мағыналарды білдірсе, шарифаттағы мағынасы, ол сөз пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.а.с.) көрген әрбір мұсылман тұлғаға қолданылады. Яғни, пайғамбармен бір сәт болса да жүздескен әрбір мұсылман оның сахабалары болып табылады. Бұл – имам әл-Бұхари, Әбу Зурға және сахабалар турасында қалам тартқан: Ибн Абдулбарр, Ибн Мәндә, Әбу Мұса әл-Мадини, Ибн әл-Әсир секілді көпшілік ғалымдардың анықтамасы. Ал, Әбу әл-Музаффар әс-Самғани әл-Маруазиден жеткен деректе: «Хадис ғалымдары пайғамбарды көріп, одан бір хадис немесе бір сөз жеткізген адамды ғана «сахаба» деп атаған»⁶⁹, – делінеді.

Усул ғалымдары пайғамбармен ұзақ уақыт бірге болған адамды сахаба деген. Хадис және усул ғалымдары өз көзқарастарын Муса әс-Сәйланидің: «Бірде Әнәс ибн Мәликтен: «Сенен басқа Аллаһ елшісінің сахабалары қалды ма?» – деп сұрағанымда, ол: «Оны (с.а.с.) көрген кейбір бәдәуи арабтар қалғаны болмаса, оның жанында жүріп, сұхбаттасқандардан ешкім қалмады»⁷⁰, – деген сөзімен қуаттайды. Бұл пікірді қолдаған Ахмад ибн Ханбал да пайғамбармен бір жыл немесе бір ай, немесе бір күн, яки

⁶⁹ Ибн әс-Салах, Мукаддима, 301-б.

⁷⁰ Бұл да сонда, 302-б; Әс-Суюти, Тадрибу әр-Рауи, 480-б.

бір сағат сұхбаттасқан, немесе оны көрген әрбір мұсылманның пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларына жататындығын айтқан.

Табиғин имамдарының бірі – Сағид ибн әл-Мусәйябтың бір риуаятында: «Сахаба – пайғамбармен бір немесе екі жыл бірге болған немесе онымен бірге бір, не екі соғысқа қатысқан адам», – деп келген⁷¹. Бұл анықтамаға сүйенсек, сахабалығына бір ауыздан келісілген: Жарир ибн Абдуллаһ әл-Бәжәли, Уәйл ибн Хужр секілді тұлғалар сахаба қатарына кірмей қалады. Имам әл-Ирақи сынды ғалымдар бұл деректің дұрыс емес екендігін айтқан.

Ғалымдардың пікірінше, сахаба болу үшін балиғатқа толу шарт емес. Бірақ, кішкентай сәбилер пайғамбарымызды көрсе, сахаба болып саналмайды⁷².

Сол секілді мухадрамдарды да⁷³ сахаба анықтамасына қосқан пікірлер бар. Яхия ибн Осман ибн Салих әл-Мысридің жеткізуі бойынша, пайғамбарымыздың (с.а.с.) дәуірінде өмір сүрген әрбір мұсылман оны көре алмаса да сахаба болып есептеледі⁷⁴.

Бұл тұрғыда Ибн Хажар әл-Асқаланидің: «Сахаба дегеніміз – мұсылман болып пайғамбармен кездескен, дұрыс пікірлерге қарағанда исламнан шығып, қайта ислам дінін қабылдаса да мұсылман болып дүниеден өткен адам»⁷⁵, – деген анықтамасын нақты әрі толыққанды анықтама ретінде қабылдауға болады.

Бұл жердегі «Мұсылман болып» сөзі – пайғамбарымызбен (с.а.с.) кездескен кәпірлердің және пайғамбармен (с.а.с.) иман келтірмей тұрып жүздескен, бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін иман келтірген адамдардың сахаба қатарына жатпайтындығын көрсетеді.

Сол секілді «кездесу» сөзі де өзге анықтамалардағы: «Сахаба – пайғамбарымызды көрген адам», – деген сөздерге қарағанда нақтырақ. Өйткені «көрген адам» дейтін болсақ, Ибн Умму Мак-

⁷¹ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, VIII, 313-б.

⁷² Док. Мехмед Шимшек, Хадис усулы және хадис мәтіндері дәріс нотлары, 9-б.

⁷³ Пайғамбарымыздың дәуірінде өмір сүріп те оны (с.а.с.) көре алмаған мұсылмандар.

⁷⁴ Әс-Суюти, Тадрибу әр-Рауи, 481-б.

⁷⁵ Ибн Хажар, Нузһату ән-назар, 112-б.

тум (р.а.) секілді зағип жандар сахаба қатарына кірмей қалады. Сондықтан пайғамбарды көзімен көрмей-ақ жүздескен зағип адамдар да сахаба бола алады.

Ал, Әбу Зуәйб Хуайлид ибн Халид әл-Һузәли секілді, пайғамбарды дүниеден өткеннен кейін, денесі жерге тимей тұрып көрген адамдар сахаба қатарына кірмейді⁷⁶.

«*Мұсылман болып дүниеден өткен адам*» сөзі – пайғамбарымыздың (с.а.с.) тұсында мұсылман болып, кейін діннен шығып, кәпір күйінде дүниеден өткен адамды анықтамадан шығарады. Мысалы: Ұбайдуллаһ ибн Жахш, Ибн Хатал.

«*Исламнан шығып, қайта ислам дінін қабылдаса да*» сөзі – пайғамбар тұсында мұсылман болып, кейін діннен шығып, сосын сол кезде немесе пайғамбарымыз дүниеден өткеннен кейін қайта мұсылман болғандардың сахаба екендігін ұғындырады.

«*Дұрыс пікірлерге қарағанда*» сөзі – бұл мәселеде түрлі пікірлердің бар екендігін білдіреді. Әл-Әшғас ибн Қайыстың оқиғасы аталмыш мәселенің дұрыстығын көрсетеді. Ол – мұсылман болып, кейін дінінен шыққандардың бірі. Бірақ, Әбу Бәкір әс-Сыдық заманында оған тұтқынға түсіп, оның ықпалымен исламды қайта қабылдайды. Әбу Бәкір оның қайта исламға келгенін қабылдап, қарындастарының біріне үйлендіреді. Содан кейін оны ешкім сахаба емес деп айтпаған-ды⁷⁷.

Дегенмен, пайғамбар тұсында мұсылман болып, кейін діннен шығып, сосын пайғамбарымыз (с.а.с.) дүниеден өткеннен кейін мұсылмандықты қайта қабылдағандардың сахаба немесе сахаба емес екендігі турасында ғалымдар арасында келіспеушіліктер кездеседі. Әш-Шафиғи мен Әбу Ханифа: «Діннен шығу – амалдарды зая қылады»,– деген қағида мен өзге нақты дәлелдерге жүгіне отырып: «Діннен шығу алғашқы сұхбатты жоққа шығаратындығына күмән жоқ. Қурра ибн Майсара мен әл-Әшғас ибн Қайыс – сахаба сипатын жоғалтқандар. Бірақ пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде қайта мұсылман болған жанның жөні бөлек, оның қайта сахаба атануына ешбір кедергі жоқ»,– дейді⁷⁸.

⁷⁶ Әс-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 478-б.

⁷⁷ Ибн Хажар, Нузһату ән-назар, 113-б; Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 71-б.

⁷⁸ Әс-Суюти, Тадрибу әр-Рауи, 478-б.

«Сахабалық адам баласынан басқа ақыл иелеріне тән бе?» – деген мәселеде түрлі көзқарастар бар. Көпшіліктің пікірлеріне сүйенер болсақ, жандар бұл санаттан тыс қалмайды. Өйткені, пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға да жіберілгені белгілі әрі жауапкершілік жүктелгендіктен, олардың арасында иман келтіргендері мен қарсылық білдіргендері бар.

Пайғамбарымызбен (с.а.с.) кереметтері арқылы жүздескен кейбір әулиелер мен пайғамбарымызды (с.а.с.) түсінде көрген жандар сахаба болып есептелмейді. Өйткені бұндай көріністер шынайы өмірде жүзеге аспағандықтан, дүниелік істерде үкім бола алмайды⁷⁹.

2. Сахабалықты анықтау жолдары мен сахабалардың дәрежелері

а) *Сахабаның сахаба екендігін анықтау жолдары*

Хадис жеткізушінің сахаба екендігін мына жолдар арқылы анықтауға болады. Олар:

а) **تَوَاتُر** Тәуатур. Сахаба екендігіне көпшілік адам бір ауыздан келісіп, бекіткен. Мысалы: «Әл-Ашарату әл-Мубашара», яғни көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген он сахаба: Әбу Бәкір, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан, Али ибн Әбу Талиб, Сағид ибн Әбу Уаққас, Сағид ибн Зейд, Талха ибн Ұбайдуллаһ, әз-Зубейр ибн әл-Аууәм, Абдуррахман ибн Ауф пен Әбу Ұбәйдә ибн әл-Жаррах (Аллаһ оларға разы болсын).

Әбу Бәкірдің сахабалығы Құран Кәрімнің: «**Сол уақытта (Мұхаммед с.а.с.) жолдасына (Әбу Бәкірге): «Кейіме! Расында Аллаһ бізбен бірге» дегенде...**» (Тәуба сүресі, 40),– деген аятымен бекітілген.

ә) **شُهْرَةٌ** Шуһра. Сахабалығы мәшһүр жандар, яғни хадис жеткізушінің сахаба екендігін барлығы біледі.

б) **شَهَادَةٌ** Шәһәда. Сахабалығы белгілі болған адамның «пәленше сахаба» деп куәлік беруі. Мысалы, Әбу Мұса әл-

⁷⁹ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, VIII, 314-б.

Әшғари: «Аллаһ елшісінен қандай сөз естісек, нені болса да білсек, жанымызда Хумәмә бірге болатын»,– деп, Хумәмә ибн Әбу Хумәмә әд-Дәусидің сахаба екендігін білдірген.

в) *أُقْرَأُ* Иқрар. Хадис жеткізушінің өзі: «Мен Аллаһ елшісін (с.а.с.) көрдім»,–деп сахаба екендігін білдіруі. Бірақ ол хижраның 110 жылына дейін дүние салған болуы керек⁸⁰. Өйткені, деректерде келгеніндей, сахабалар дәуірі хижраның 110 жылы аяқталады. Бұны Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) жеткізген пайғамбарымыздың (с.а.с.) мына хадисінен түсінеміз: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) өмірінің соңында бізбен бірге құптан намазын оқыды. Сәлем берген соң орнынан тұрып: «Осы түндеріңді білесіңдер ме? Расында, бұдан жүз жыл өткенде (қазір) жер басып жүргендерден ешкім қалмайды»,– деді»*⁸¹.

Ең соңғы дүние салған сахаба – Әбу әт-Туфайл Амир ибн Уасилә әл-Ләйси. Деректерде оның қайтыс болу тарихы әрқилы көрсетіледі. Бір деректерде оның хижраның 100 жылы көз жұмғандығы айтылса⁸², басқа деректерде хижраның 102 жылы, кейбір көзқарастар бойынша, 107 не 110 жылдары дүние салғандығы айтылады⁸³.

Сондықтан ғалымдар хижраның 200 жылы сахаба екендігін жариялаған Жағфар ибн Нестор әр-Руми секілді тұлғалардың сахаба емес екендігін бір ауыздан айтқан⁸⁴.

г) Табиғиндердің бірінен жеткен «пәленше сахаба болған» деген сөздермен де анықтауға болады.

ә) Сахабалардың дәрежелері

Пайғамбарымызды (с.а.с.) аз уақыт болса да көріп, иман еткен адам сахаба деп аталса да, олардың арасында өзгелерден ерте мұсылман болып, өмірлерін пайғамбар жанында өткізген, ислам

⁸⁰ Ибн Хажар, әл-Исаба, IV, 668-б; Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 353-б.

⁸¹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 116.

⁸² Ибн әс-Салах, Муқаддима, 307-б.

⁸³ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 493-б; Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, VIII, 315-б.

⁸⁴ Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 353-б.

дінінің кең тарап, қанат жаюы жолында танытқан ерліктері мен жанқиярлықтары тұрғысынан дәрежелері әртүрлі сахабалар бар. Олардың ішінде: дін жолында Аллаһ елшісімен бірге бүкіл соғыстарға немесе кейбіреулеріне қатысқандары, мүшіріктерден жапа шегіп, азап көргендері және мал-мүліктерін, бала-шағаларын, үй-жайын тастап, басқа жерге еріксіз көшкендері, сол сияқты дін жолында шейіт кеткендері де болғандығын ескерсек, сахабалардың арасында дәрежелерінің әртүрлі болатындығын түсінеміз.

Өйткені, пайғамбарды аз уақыт көріп, бір-екі хадис жеткізген сахаба мен бүкіл саналы өмірін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қызмет етуге арнаған, немесе дін жолында онымен бірге соғысқан, не дін жолында шейіт болған сахаба арасында айырмашылық бар. Бұл тұрғыда Ибн Хажар: «Пайғамбармен әрдайым бірге жүрген, онымен бірге соғыстарға қатысып, шейіт болған сахабалардың пайғамбармен бірге жүрмеген, соғыстарға қатыспаған, онымен аз уақыт сұхбаттасып, жүздескен немесе оны (с.а.с.) ұзақтан, не бала кезінде көрген сахабалардан жоғары тұратындығына күмән жоқ», – деген.

Пайғамбардан кейін, бүкіл адамдардың абзалы, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) халифасы – Әбу Бәкір (р.а.) еді. Алғаш рет пайғамбарды мойындағаны үшін ол *сыддық* деп аталған. Оған Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Исламға шақырған кезімде, Әбу Бәкірден басқасында алғашқыда сәл іркіліс пен күдіктену болды. Бірақ Әбу Бәкірге исламды түсіндіргенімде еш күдіктенбестен, кідірместен иман келтірді»⁸⁵, – деген сөзі дәлел. Әбу Бәкір әс-Сыддықтан кейінгі дәрежеде Омар ибн әл-Хаттаб, сосын Осман ибн Аффан, одан кейін Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ оларға разы болсын)⁸⁶ тұрады. Әбу Бәкірдің (р.а.) абзалдығын және одан кейін келетін саңлақ сахабалардың артықшылығына қатысты көптеген сахих хадистер келген. Бұл реттілікті мұхажирлер мен ансарлар қабылдаған. Өйткені Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) өзінен

⁸⁵ Әлсіз хадис. Әл-Байһақи, Дәләйл, 496; Ибн Исхак, Әс-Сира, 1|318.

⁸⁶ Ибн әс-Салах, Муқаддима, 306-б; Ибн Касир, Әл-Бағису әл-хасис, 166-б. Әкмәлуддин Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Бабирти, Шарх уасияту әл-Имам Әбу Ханифа, 108-б.

кейін халифа тағайындау ісін алты кісілік кеңеске тапсырғанда, ақырында Осман мен Али қалып, Абдуррахман ибн Ауф үш күн, үш түн көшелерді аралап, адамдардан сауал жүргізген кезде, олар Алиді Османнан бұрын қоймаған. Сондықтан имам әд-Даракутни: «Кімде-кім Алиді Османнан жоғары қоятын болса, мұхажирлер мен ансарларды місе тұтпағаны», – деген. Төрт халифадан кейінгі дәрежені «әл-ашара әл-мубашшарадан» болған сахабалар⁸⁷, сосын Бәдір, кейін Ұхұд соғысына қатысқандар, одан кейін Худайбиеде Ридуан сертінде тұрғандар иеленеді⁸⁸. Бұл Ибн Касирдің жіктеуі болса, Ибн Сағыз «әт-Табақат» атты еңбегінде сахабаларды дәрежелеріне қарай бес топқа бөліп қарастырған.

Осы тақырыпта мәшһүр болған пікір – әл-Хаким ән-Нисабуридің (хижраның 405 ж.д.с.) жіктеуі. Ол сахабалардың арасындағы айырмашылықты он екі дәрежеге бөліп қарастырған:

1. Меккеде алғаш иман келтіргендер, олардың ішінде әділетті төрт халифа (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Али (Аллаһ оларға разы болсын)) және солармен бірге иман келтіріп, Меккеде алғаш мұсылман болғандар. Сондай-ақ, көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген сахабалар.
2. Дару ән-Нәдуа немесе Дару әл-Арқам сахабалары. Бұлар – Омар ибн әл-Хаттаб иман келтірген уақытта сол жерге жиналған мұсылмандар.
3. Эфиопияға хижра (көш) жасағандар.
4. Бірінші Ақаба сертіне қатысып, пайғамбарға (с.а.с.) иман келтірген және серт беріп, қол алысқан мұсылмандар.
5. Екінші Ақаба сертінде пайғамбармен (с.а.с.) кездесіп, өмірінің соңдарына дейін оны қорғап, қолдауға сөз берген мұсылмандар. Олардың көпшілігі ансарлар еді.
6. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға жетпес бұрын Құбаға келгенде, оған (с.а.с.) келіп қосылған алғашқы мұхажирлер.

⁸⁷ Әл-Ашара әл-мубашшара – көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген он сахаба.

⁸⁸ Ибн Касир, Әл-Бағису әл-хасис, 166-167-б.

7. Бәдір соғысына қатысқандар. Олардың саны үш жүз оннан астам болған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Жәбірейіл (а.с.) тарапынан олар жайлы сұралғанда: *«Ең абзал мұсылмандардан»*,– деп жауап берген⁸⁹.
8. Бәдір шайқасы мен Худайбия келісімі арасында хижра жасаған сахабалар.
9. Ридуан сертіне қатысқандар. Худайбия жерінде ағаштың астында пайғамбарымызға (с.а.с.) ант бергендер. Құран Кәрімде олар жайлы: **«Шынында Аллаһ ағаш астында саған серт берген мүміндерге разы болды»**⁹⁰,– делінген. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Сендер бүгін жер бетіндегілердің ең қайырлы адамысыңдар»*,– десе, басқа бір сахих хадисте: *«Ағаштың астында ант бергендердің ешбірі тозаққа кірмейді»*,– деген⁹¹.
10. Худайбия келісімі мен Меккенің алынуы арасындағы уақытта хижра жасаған сахабалар. Бұлардың арасында: Халид ибн әл-Уалид, Амр ибн әл-Ас, Әбу Һурайра (Аллаһ оларға разы болсын) сынды белгілі сахабалар бар.
11. Мекке алынған кезде мұсылман болған құрайыштардың бір тобы.
12. Пайғамбарымызды Меккенің алынуы кезінде және қоштасу қажылығында көрген жас балалар. Бұлардан пайғамбар дұғасына бөленген әс-Саиб ибн Йәзид пен Абдуллаһ ибн Сәләбә секілді жас сахабаларды айтуға болады. Сол секілді Әбу әт-Туфайл Амир ибн Уасилә, Әбу Жухайфа Уәһб ибн Абдуллаһ пайғамбарымызды тауап барысында және зәмзәм бұлағы жанында көргендерден еді⁹².

⁸⁹ Сахих әл-Бұхари, Жорықтар кітабы, 3992.

⁹⁰ Фатх сүресі, 18.

⁹¹ Ахмад ибн Ханбал, III, 350; Әбу Дәуіт, 4653; Әт-Термези, 3860.

⁹² Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улумуи әл-хадис. 22-24-б; Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 487-489-б; Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 355-356-б.

3. Сахабалардың жалпы саны мен хадис жеткізгендері

Сахабалардың жалпы саны жайлы нақты мәлімет жоқ десе де болады. Осы тұста исламдағы алғашқы санақ пайғамбарымыздың (с.а.с.) кезінде жүргізілгенін ұмытпағанымыз жөн. Әл-Бұхари мен Муслим Хузайфа ибн Йәмәннан (р.а.) жеткізген бір хадисте: «Пайғамбар (с.а.с.): *«Маған адамдардан исламды қабылдауын сөзбен жариялагандарды жазып беріңдер»*, – деген соң, оған 1500 кісіні жазып бердік...», – делінген⁹³. Бірақ бұл санақтың қашан жүргізілгені нақты белгісіз. Кейбір деректерде пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл санақ Ұхұд (хижраның 3 ж.) соғысына аттанатын тұста жүргізілген десе, кейбіреулері Хандак (хижраның 5 ж.) оры қазылған кезде жүзеге асқан дейді. Енді біреулері Худайбия (хижраның 6 ж.) келісімі кезінде жасалған деген пікір де айтады.

Деректерден анықталғанындай, аталған санақ алғаш жүргізілгендіктен сахабалардың жалпы санын белгілеу мүмкін емес.

Ислам тарихына байланысты жазылған кейбір еңбектерде жүз мыңнан астам сахабаның болғандығы айтылған. Әбу Зурға әр-Разиден (хижраның 264 ж.д.с.) жеткен дерек бойынша, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге қоштасу қажылығына қырық мың, Тәбук жорығына жетпіс мың сахабаның қатысқандығы және пайғамбар (с.а.с.) дүние салғанда 114 000 сахаба болғандығы жеткен⁹⁴. Сол секілді Әбу Муса әл-Мәдинидің (хижраның 581 ж.д.с.) көзқарасында да сахабалар саны жүз мыңнан асады. Имам әш-Шафиғи болса, пайғамбарымызды (с.а.с.) көріп, одан хадис риуаят еткен сахаба санының алпыс мың болғандығын айтқан. Кейбір сахабалардың ертерек қайтыс болуы немесе алыс жақтарға тарап кетулері себепті, олардың есімдерінің көбі кейінгі ұрпаққа жетпеген.

Сахабалардың өмірбаянына қатысты еңбектерде он мыңға жуық сахабалардың есімі аталады. Сахаба есімдерін еңбегінде

⁹³ Сахих әл-Бұхари, Жиһад және жорықтар (сияр) кітабы, 3060.

⁹⁴ Ибн әс-Салах, Улуму әл-хадис, 305-б; Ибн Касир, Әл-Бағису әл-хасис, 168-б; Док. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис, 354-б.

ең көп көрсеткен ғалым Ибн Хажар болатын. Ол «Әл-Исаба фи тәмииз әс-сахаба» атты еңбегінде 11 783 сахабаның атын келтіреді⁹⁵.

Сахабалардың барлығы бірдей дәрежеде болмағанын ескерсек, пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін жеткізуде де олардың әртүрлі деңгейде болғаны белгілі. Кейбір деректерде хадис жеткізген сахабалардың саны шамамен 1300 деп келсе, Ибн әл-Жәузидің айтуы бойынша 1060 сахаба хадис риуаят еткен⁹⁶.

Сахабалар риуаят еткен хадистерінің санына қарай екі топқа бөлінеді:

а) Мыңнан артық хадис риуаят еткен сахабалар. Олар «*әл-Муксирун*» деп аталады. Олардың саны – жетеу.

1. Бұлардың ішінде 5374 хадис жеткізумен **Әбу Һурайра (р.а.)** көш бастайды. Әл-Бұхари мен Муслимнің сахих жинақтарында, екеуінің бір ауыздан Әбу Һурайрадан риуаят еткен хадистерінің саны 325 болса, әл-Бұхаридің өзі – 93 хадис, Муслим – 189 хадис жеткізген⁹⁷. Ахмад ибн Ханбалдың «Муснад» жинағында Әбу Һурайраның 3848 риуаяты қамтылған.
2. **Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.)** 2630 хадис риуаят еткен. Ахмад ибн Ханбал оның 2019 хадисін жеткізген.
3. **Әнәс ибн Мәлик (р.а.)** 2286 хадис риуаят еткен. Ахмад ибн Ханбал Муснад жинағында Әнәстің (р.а.) 2178 хадисін қамтыған.
4. Мүміндердің анасы **Айша (р.а.)** 2210 хадис жеткізген.
5. **Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.)** 1660 хадис риуаят еткен.
6. **Жәбир ибн Абдуллаһ (р.а.)** 1540 хадис риуаят еткен. Ахмад ибн Ханбал Жәбирдің 1206 хадисін келтірген.
7. **Әбу Сағид әл-Худри (р.а.)** 1170 хадис риуаят еткен. Имам Ахмад одан 958 хадис жеткізген⁹⁸.

⁹⁵ Алау Әділбаев, Саңлақ сахабалар, 20-б.

⁹⁶ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 76-б.

⁹⁷ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 483-б.

⁹⁸ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 484-б; Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 77-б.

ә) Мыңнан аз хадис жеткізген сахабалар. Олар «*әл-Муқиллун*» деп аталады. Олардан 500-1000 арасында хадис риуаят еткен сахабалардың саны төртеу:

1. Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) 848 хадис риуаят еткен.
2. Абдуллаһ ибн Амр (р.а.) 700 хадис риуаят еткен.
3. Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) 537 хадис риуаят еткен.
4. Али ибн Әбу Талиб (р.а.) 536 хадис риуаят еткен.

Сонымен қатар 31 сахаба жүздің үстінде хадис риуаят еткен болса, 14 сахаба үш жүзден астам хадис жеткізген⁹⁹. Көптеген сахабалардың арасынан санаулы ғана сахабаның хадис риуаят еткендігіне қарап, хадис жеткізудің өз алдына бір сала екендігін, онымен әрбір сахабаның айналыса бермегендігін көреміз. Сонымен қатар, пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөздерін нақты жеткізу жеңіл іс болмағандығын хадис жеткізген сахабалар санынан байқауға болады. Сахабалардың өзге де ілімдерге көңіл бөліп, басқа салаларда қызмет еткендігі, олардың көпшілігінің хадис риуаят етпеуіне септігін тигізген. Оған Әбу Һурайраның (р.а.): «...*Шын мәнінде, мұхажир бауырларымыз базарларда саудасаттықпен әуре еді, ал ансар бауырларымыз мал-дүниелерінің қарекетімен айналысатын. Ал, Әбу Һурайра қарны тойғанын қанағат етіп, Аллаһ еліісінің жанынан қалмай, олар қатыспаған (мәжілістерге) қатысып, олар жатқа алмаған (сөздерді) жаттап алатын*»¹⁰⁰, – деген хадисі дәлел болады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларының арасында «Абдуллаһ» есімді 220 сахаба болған. Олардың төртеуі: Абдуллаһ ибн әз-Зубәйр, Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттаб және Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ олардан разы болсын) пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, түрлі мәселелердің шешімін табуда адамдардың негізгі сүйенішіне айналған. Бұлар ғалымдар тарапынан бір ауыздан «*Абадиллаһ*» деп танылған. Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) ертерек дүниеден өтуі себепті олардың қатарына кірмеген. Алайда, қандай да бір пәтуа мен үкім шығаруда: Омар ибн әл-Хаттаб, Али ибн Әбу Талиб,

⁹⁹ Мехмед Шимшек, Хадис усулы және хадис мәтіндері дәріс нотлары, 9-б.

¹⁰⁰ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 118.

Абдуллаһ ибн Масғуд, Абуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Омар, Зәйд ибн Сәбит және мүміндердің анасы Айша сынды (Аллаһ олардан разы болсын) жеті сахаба ерекшеленген. Осылайша кейбір танымал сахабалардан хадис риуаят етілмеуі немесе аз риуаят етілуінің себебі – олардың өздерінің қалау, қабілеттеріне қарай әртүрлі салаларда қызмет еткендігінен еді. Пайғамбар (с.а.с.) жанында әрдайым бірге болған Әбу Бәкір әс-Сыддықтан (р.а.) аз хадис жету себебі, ол ертерек дүние салған болатын. Одан екі жүз қырық екі хадис жеткен¹⁰¹.

Кейбір сахабалардың көп хадис жеткізіп, ал енді біреулерінің өте аз хадис жеткізуінің бірқатар себептері мынадай:

- 1) Сахабалар ислам дінін бір уақытта қабылдамаған.
- 2) Бір сахабалар Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) бір-екі рет қана көрген болса, басқа сахабалар онымен (с.а.с.) ұзақ уақыт бірге болған.
- 3) Бір сахабалардың әртүрлі жұмыстардан үнемі қолдары босамайтын болса, кейбіреулері сол кезде пайғамбарымыздан (с.а.с.) тікелей сабақ алып отырған.
- 4) Бір сахабалар хадистерді жазып жүрген болса, басқалары оларды жаттап отырған.
- 5) Пайғамбар (с.а.с.) кейбір сахабаларға арнайы, олардың көбірек білім алулары үшін дұға қылған.
- 6) Сахабалар әртүрлі уақытта дүние салған. Бірі пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде, енді бірі пайғамбар (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, ұзақ уақыт өтпей-ақ, кейбірі неғұрлым кейінірек дүниеден өткен.
- 7) Кейбір сахабалар әртүрлі елдерге сапар шегіп отырса, кейбірі исламның орталығы Мекке мен Мәдина қаласында тұрақты өмір сүрген.
- 8) Сахабалар қабілеттері мен білім алуларында бірі-бірінен ерекшеленген.
- 9) Кейбір сахабалар өздерінен сұралған кезде ғана білімді жеткізетін болған.

¹⁰¹ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 484-б.

- 10) Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен хадистердің барлығы хадис кітаптарында жазылған деп, нақты басып айта алмаймыз.
- 12) Сахабалардың кейбірі мемлекеттік міндеттерді атқарудан қолдары босамағандықтан көп хадис жеткізе алмаған.

4. Сахабалардың сенімділігі

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен хадистердің дұрыстығына күмән тудырмай, кепілдік беретін бірден-бір себеп – барлық сахабалардың сенімділік сипатқа ие болуы. Сахабалар – Аллаһ тарапынан түсірілген ақиқаттарға куәлік етіп, кәміл иманмен пайғамбардың (с.а.с.) айналасына топтасып, діннің әмірлері мен тыйымдарын бұлжытпай орындаған, бүкіл қиыншылықтарға қарамастан Аллаһ жолында қауіп-қатерден тайынбаған жанкештілер. Өмірлерінің соңына дейін ислам жолында аянбай қызмет жасап, машақатқа толы қиын-қыстау кезеңде пайғамбарға (с.а.с.) серік болып, бүкіл тауқыметті арқалап, бала-шаға, мал-мүлік, үй-жайын құрбан етулері – олардың асқан адалдықтары мен сенімділіктеріне жарқын дәлел болмақ.

Сахабалардың ерліктерін, табандылықтары мен шынайылықтарын мадақтап, дәрежелерінің қаншалықты жоғары екендігін кейінгі ұрпаққа білдіру үшін, Аллаһ тағала Құран Кәрімнің көптеген аяттарында олар туралы баяндайды.

Тәурат пен Інжілде де сахабаларды сипаттап, дәріптейтін аяттар кездеседі. Ол жайлы Құран Кәрімде: **«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге өте қатал, ал өз араларында тым мейірімді. Оларды рүкуғда, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мархабат әрі ризашылық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізі бар. Олардың Тәураттағы сипаттары – осы. Інжілдегі сипаттары болса, бұл – бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландырады. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі**

істер істегендерге кешірім және зор сыйлық уәде етті»,– деп келеді (Фатых сүресі, 29).

Сол секілді Аллаһ тағаланың оларға разы болғандығы: **«Мұхажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендерге және жақсылықта оларға ергендерге Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһқа разы болды. Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жаннаттар әзірледі. Міне, нағыз үлкен бақыт, зор жетістік – осы» (Тәубе сүресі, 100),–** деген аятта баяндалған.

Мұхажирлер мен ансарлар турасында келген аяттарға тоқтала кетейік. Бұл аяттарда: **«Иман келтіріп, хижра жасағандар, Аллаһ жолында соғысқандар, оларды үйінде қонақ еткендер, оларға көмектескендер, міне, бұлар – нағыз мүміндер. Оларға жарылқау мен көркем несібе бар» (Әнфәл сүресі, 74);**

«(Аллаһтың берген бұл олжалары) Сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар, Аллаһтан мархабат, ризалық іздеп, Аллаһқа, елшісіне көмектескен пақыр мұхажирлер үшін. Міне, солар – шыншылдар. Бұлардан бұрын Мәдинаға қоныстанып, жүректеріне иман ұялатқандар болса, олар қастарына көшіп келіп қоныстанған дін бауырларын сүйеді, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбің болмайды. Сондай-ақ өздері таршылықта бола тұра, оларды өздерінен артық көреді. Кімде-кім нәпсісінің қалауы мен құмартуларынан аса алса, солар – нағыз құтылушылар. Олардан кейін келгендер: «Ей, Раббымыз, бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре гөр! Иман келтіргендерге жүрегімізде бір кірбің ұялатпа! Раббымыз, шүбәсіз, Сен тым жұмсақ, ерекше мейірімдісің»,– дейді» (Хашыр сүресі, 8-10),– делінген.

Басқа бір аятта, Худайбия келісімі кезінде Ридуан сертіне қатысқан сахабалар жайлы: **«Расында Аллаһ, мүміндерден ағаштың астында саған серт берген сәтте разы болды да олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тоқтау салды.**

Сондай-ақ, оларға таяуда бір жеңіс нәсіп етті»,– деп айтылған (Фатых сүресі, 18).

Осы және өзге де аяттар – сахабалардың, оның ішінде Құран Кәрім аяттары алғаш түсе бастаған күннен Худайбия келісіміне дейінгі аралықтағы пайғамбармен бірге болған сахабалардың артықшылығы мен адалдығын көрсетеді. Аллаһ тағала оларға разы болып, күнәларын кешіріп, мәңгі сыйын уәде еткен. Сол себепті Құран Кәрім мадақтаған осы сахабаларға ешкім тіл тигізе алмайды. Барлық хадис ғалымдары олардың адалдығы мен сенімділігін бір ауыздан мақұлдайды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзімен бірге болуға сөз беріп, сын сағаттарда қасынан табылған, сондай-ақ, берген уәделерінде опалы болған адал достары жайлы ұмытпағандығын төмендегі хадистерден байқауға болады:

Әбу Сағид әл-Худри (р.а.): «Пайғамбар (с.а.с.): *«Менің сахабаларыма тіл тигізбеңдер, өйткені сендерден бірің Ұхұд тауындай алтын садақа қылса да олардың біреуінің жұмсаған бір уысына да, тіпті оның жартысына да жетпейді»,*– деп айтты»,– деген хадис жеткізеді¹⁰².

Имран ибн Хұсайнның (р.а.): «Аллаһтың елшісі (с.а.с.): *«Үмбетімнің ең жақсылары – менің ғасырымда өмір сүргендер, сосын олардан кейін келгендер, сосын олардан кейін келгендер»,*– деді»¹⁰³,– деп жеткізген хадисінен, пайғамбарымыздың (с.а.с.) әуелі сахабалардың дәуірінде, сосын олардан кейін келген табиғиндер мен әтбәғу ат-табиғиндердің кезеңдерінде өмір сүрген мұсылмандарды ислам тарихындағы ең ізгі адамдардан санағандығын түсінеміз.

Сол секілді пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«...жұлдыздар – аспан қауіпсіздігінің кепілі. Олар жоғалған кезде аспанға уәде етілген нәрселер келеді. Ал, мен болсам – сахабаларымның қауіпсіздігінің кепілімін. Мен кеткен кезде,*

¹⁰² Сахих әл-Бұхари, Сахабалардың қадір-қасиеттері туралы кітап, 3673.

¹⁰³ Сахих әл-Бұхари, Сахабалардың қадір-қасиеттері туралы кітап, 3650, 3651; Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, VIII, 312-б.

сахабаларыма уәде етілген (қауіпті) нәрселер келеді. Сахабаларым да – үмбетім үшін қауіпсіздік кепілі, олар кеткен уақытта үмбетіме уәде етілген нәрселер (бүлік, бидғат) келеді»,– деп айтқан¹⁰⁴.

Құран Кәрім аяттары мен пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистері сахабалардың ерекшелігі мен олардың тарихтағы орнын ойып көрсетіп, одан кейін ешкімге олардың адалдығы, сенімділігі турасында сөз етуге мұқтаждық қалдырмаған.

Дегенмен, пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейінгі кезендерде, мұсылмандардың арасында белең алған келеңсіздіктердің акыры қақтығыстармен аяқталып отырған. Ислам тарихында алғаш көрініс тапқан бүліктер, үшінші халифа Османның (р.а.) шейіт болумен басталғанды. Бұған мүміндердің анасы Айша (р.а.) мен Али ибн Әбу Талиб (р.а.) арасында болған, содан кейін Али мен Муғауия арасында орын алған қақтығыстарды айтуға болады. Бұл қақтығыстар бір-бірін күпірлікке шығарған шииттік және харижилік топтардың шығуына түрткі болды. Бұл топтар – діни-саяси топ ретінде көрінді. Сондай-ақ, сенім тұрғысында да тура жолдан ауытқыған түрлі топтар шықты. Олардың басында Муғтазила мәһабы ерекше орын алды.

Мұсылмандар арасына сыналап енген осы топтар, жоғарыда келген бірнеше аяттар мен пайғамбар хадистерінде мадақталған саңлақ сахабаларға тіл тигізе бастады. Тіпті, олар, Аллаһ тағала разы болып, оларға астынан бұлақтары ағатын жаннаттын уәде еткен, пайғамбарымыз да тіл тигізуден сақтандырған сахабалардың кейбіреуіне күпірлік танытты. Мысалы, харижилер Айша анамыз бен Талха, Зубәйрді (Аллаһ олардан разы болсын) «Жәмәл» соғысында, олардың Алиге қарсы келгендіктері үшін, сонымен қатар Алидің өзін де «Сыффин» соғысында үкім шығаруды қабылдағаны үшін күпірлікке шығарды. Айта кету керек, сахабалар арасында орын алған бұл қақтығыстарға әһли сүннеттің ұстанымы – олардың барлығы дін үшін, ақиқат жо-

¹⁰⁴ Сахих Муслим, Сахабалардың қадір-қасиеті туралы кітап, 2531.

лында ижтиһад еткен болып табылады. Ал ижтиһад қылуға екі тараптың бірі қателескеннің өзінде де бір сауап тауып, ижтиһады дұрыс болған жақтың екі сауап табатыны белгілі.

Ал, Муғтазила мәзһабының негізін салушы имамдарының бірі – Уасыл ибн Ата «Жәмәл» қақтығысына қатысқан екі тарапты және оларды қолдағандарды «пасық» деп, олардың куәліктерінің қабылданбайтындығын алға тартқан¹⁰⁵. Сол секілді осы топтың имамдарының бірі ән-Наззам Әбу Һурайраға (р.а.) «жалған сөйлеуші» деп жала жауып, оның жаңсақ пікірінше, сахабалардың арасында ең көп хадис риуаят еткен саңлақ сахаба адамдардың ең жалғаншысы саналды. Және де басқа сахабаларға тіл тигізіп, Омар ибн әл-Хаттабқа «Худайбия күні, пайғамбар дүниеден өткен сәтте дініне күмәнданған» деген секілді жалған айыптар тақты¹⁰⁶.

Бұл, ақиқаттың ауылынан алыс, адасқан топтардың жалалары адамзаттың ең қайырлы кезеңінде өмір сүрген саңлақ сахабалардың дәрежесі мен даңқтарын ешқандай да кемсіте алмайтыны сөзсіз шындық. Олардың ислам тарихындағы айрықша орны мен қадір-қасиеттері туралы сахабалардың өмірі жайында жазылған көптеген кітаптардан оқи аламыз. Олардың ішінде сахабалардың өміріне арналған ең танымал мына үш кітапты атап өтуге болады:

1. *«Әл-Истиаб фи мағрифати әс-сахаба»*. Бұл кітапта 3500 сахабаның өмірі баяндалған. Авторы – Ибн Абдулбарр әл-Қуртуби (хижраның 463 ж.д.с.).
2. *«Усду әл-ғабә фи мағрифати әс-сахаба»*. Бұл кітапта 8000 сахабаның өмірі туралы айтылады, сонымен қатар, ең соңғы, жетінші томы толығымен әйел сахабаларға арналған. Авторы – Ибн әл-Әсир әл-Жазари (хижраның 630 ж.д.с.).
3. *«Әл-Исабә фи тәмизи әс-сахаба»*. Бұл кітапта 12000 нан астам сахабаның өмірі баяндалған, мазмұны бойынша,

¹⁰⁵ Әл-Бағдади, әл-Фарқу бәйнә әл-фирак, 88-б.

¹⁰⁶ Бұл да сонда, 109-110-б.

бұл – осы тектес кітаптардың ішіндегі ең ауқымдысы. Кітаптағы сахабалардың өмірбаяндары әліпбилік тәртіппен орналастырылған. Авторы – Ибн Хажар әл-Асқалани (хижраның 852 ж.д.с.).

IV ТАРАУ. САХАБАЛАР ДӘУІРІНДЕГІ ХАДИСТЕРДІҢ ТАРАЛУЫ

1. Ислам мемлекетінің кеңеюі

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салған тұста Араб түбегі толық ислам мемлекетінің санатына енген еді. Бірақ, ислам дінін жаю бұнымен шектеліп қалған жоқ. Адамдарды таухид (Аллаһтың бірлігі) айналасына жинау мақсатында исламды жаю онан әрі жалғасын тапты. Өйткені, исламға шақыру пайғамбардың (с.а.с.) бастамасы мен пайғамбарлығының негізгі мақсаты тұғын. Сол себепті пайғамбарымыз (с.а.с.) хижраның 9 жылы жаз ортасында, дәуірінде дүрілдеп тұрған мемлекет Византияға қарсы Табук жорығына аттанған болатын. Сол секілді өмірінің соңғы кездерінде, хижраның 11 жылы римдіктерден төнген қауіптің алдын алу мақсатында сахабаларын жинап, жаңа бір жорыққа шығуды жөн көріп, қолбасшылықты Усама ибн Зейдке тапсырған-ды. Бірақ, пайғамбардың (с.а.с.) дүние салуы бұл жорықтың жолын тосты. Ішкі келеңсіздіктер, әсіресе, діннен бас тарту әрекеттері исламның жылдам өркен жаюына кедергісін тигізіп отырса да пайғамбарымыздан кейін халифа болған Әбу Бәкір (р.а.) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қалауын орындау мақсатында, Усаманың қолбасшылығымен Шамға әскер жіберді.

Әбу Ұбайда ибн әл-Жаррахтың қолбасшылығымен Хумсқа, Амр ибн әл-Астың қолбасшылығымен Палестинаға, Йәзид ибн Әбу Суфиянның қолбасшылығымен Дамаскіге, Шурхабил ибн Хасананың қолбасшылығымен Иорданияға бет алған мұсылман әскерлері бір-біріне жәрдем бере отырып, аз уақытта ислам мемлекетінің шеңберін кеңейтті. Хижраның 13 жылының аяғына қарай Дамаск, 17 жылы Палестина, Иордания, Сирия және Ливан қамтылған барлық Шам өлкесі мұсылмандар тарапынан алынды. Бұны Иранға жасалған жорық жалғастырып, осы жылы Рамаһурмуз, Сус қалалары, 20 жылы Мысыр елі бағынып,

Солтүстік Африкаға қарай жорықтардың алғашқы қадамы жасалды. 22 жылы Азербайжан, 23 жылы Кирман мен Сижистан және Асқалан, осы тұста хижраның 27 жылы Абдуллаһ ибн Сағыд ибн Әбу Сархтың қолбасшылығымен Африка мұсылмандардың қолына өтті. Кейбір деректер бойынша, сол жылы немесе 28 жылы, басқа деректер бойынша 33 жылы Кипр мұсылман мемлекеті қатарына кірді.

Хижраның 48 жылы халифа Муғауия Константинопольді (Стамбул) алу үшін Суфиян ибн Ауфтың қолбасшылығымен үлкен әскер жасақтады. Оның қатарында Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Омар, Абдуллаһ ибн әз-Зубәйір және Әбу Әюб әл-Ансари (Аллаһ олардан разы болсын) секілді танымал сахабалар да бар еді. Мұсылман әскері Стамбулға дейін келіп, римдіктермен шайқасты. Бірақ қала қамалдарының асқан бекемдігінен қалаға кіру мүмкін болмады. Римдіктермен кескілескен шайқас барысында танымал сахаба Әбу Әюб әл-Ансари (р.а.) шейіт болып, қала қорғандарының маңына жерленді. Мұсылмандар көп шығынға ұшырағандықтан Шамға кері қайтуға мәжбүр болды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) саусақпен санарлық аз ғана сахабаларымен Меккеден Мәдинаға көшіп, ислам мемлекетін құрғаннан кейін, 50 жыл көлемдегі аз уақыт ішінде исламның кеңінен қанат жайғанына осы тарих беттері куә.

Бұл құбылыс одан кейін де жалғасын тауып, мұсылмандар 93 жылы Мауараннаһр елдері мен Хорезмді алып, 96 жылы қазіргі Қазақстан жеріне және Қытай шекарасына жетті. 92 жылы шағбан айында Тариқ ибн Зайядтың қолбасшылығымен мұсылмандар Солтүстік Африка жағалауларынан Испанияны алу үшін төрт кемемен жорыққа аттанды.

Хижраның бірінші ғасырында Еуропаның шалғай батысы мен шығыста Қытай шекарасына дейінгі аралық, яғни үш құрлық елдері ислам мемлекетінің қатарына енді.

Таңғаларлығы сол, бұл жеңістердің барлығы сахабалардың заманында жүзеге асқан-ды. Көп жеңістер жас сахабалардың көз алдында келгені де белгілі. Бұдан олардың пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге жорықтарға қатысып, мол тәжірибе жинақтаған алғашқы сахабалардан тәлім алғандығын байқауға болады.

Әл-Хақим ән-Нисабури пайғамбар (с.а.с.) дүние салғаннан кейін бірнеше сахабаның туған жерлерін тастап, өзге өлкелерге қоныс аударғандары туралы жазып, хадис іліміндегі хадис жеткізушілердің қоныс тепкен елдері (булдан) мен отандарына (әутан) қатысты тарау арнайды.

Әл-Хақимнің айтуынша: Али ибн Әбу Талиб, Сағыд ибн Әбу Уаққас, Сағид ибн Зейд ибн Амр, Абдуллаһ ибн Масғуд, Хаббаб ибн әл-Әратт, Саһл ибн Хунейф, Әбу Қатада ибн Рибғи, Салман әл-Фариси, Хузайфа ибн әл-Йәмән, Аммар ибн Йәсир, Әбу Муса әл-Әшғари, Әбу Масғуд әл-Ансари, әл-Бара ибн Азиб және да басқа сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Куфаға орнығып, кейін көбінің денесі сол жерге жерленеді.

Ұтба ибн Ғазуан, Имран ибн Хусейн, Әбу Бараза ибн әл-Әслами, Михжан ибн әл-Әдрағ, Абдуллаһ ибн Муғаффал әл-Музани, Мағкил ибн Йәсар, Абурахман ибн Сәмура, Әбу Бәкра, Әнәс ибн Мәлик, Ғишам ибн Амир, Әбу Зейд әл-Ансари, Амр ибн Ахтаб, Сәбит ибн Зейд және басқа бірнеше сахаба (Аллаһ оларға разы болсын) Басрада тіршілік кешті.

Ұқба ибн Амир әл-Жуһани, Амр ибн әл-Ас, баласы Абдуллаһ ибн Амр, Харижа ибн Хузафа, Абдуллаһ ибн Сағыд ибн Әбу Сарх, Махмия ибн Жази, Абдуллаһ ибн әл-Харис ибн Жази, Әбу Басра әл-Ғифари, Әбу Сағыд әл-Хайыр, Муаз ибн Әнәс әл-Жуһани, Муғауия ибн Худейж, Зияд ибн әл-Харис, Мәсләмә ибн Мухалләд және де басқа көптеген сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Мысырға қоныс тепті.

Әс-Суютидің айтуы бойынша, имам Мұхаммед ибн әр-Рабиғ әл-Жизи Мысырға кірген сахабалар жайлы жазған бір еңбегінде 140-қа жуық сахабалардың есімін атаған. Ал, әс-Суютидің өзі аталған тақырыпта жазған еңбегінде, кейбір тарихи деректерге сүйене отырып, Мысырға кірген 300-ге жуық сахабаның есімін келтірген.

Әбу Ұбайда ибн әл-Жаррах, Биләл ибн Рабах, Ұбада ибн әс-Самит, Муаз ибн Жәбәл, Сағыд ибн Ұбада, Әбу әд-Дәрда, Шурахбил ибн Хасана (Хисна), Халид ибн әл-Уәлид, Ғияд ибн Ғанам, әл-Фадыл ибн әл-Аббас ибн Абдулмутталиб (Иорданияда жерленген), Әбу Малик әл-Әшғари, Ауф ибн Малик әл-

Әшжағи, Сәубан, Шәддад ибн Әус, Фадала ибн Ұбайд, Амр ибн Анбәсә, әл-Харис ибн Хишам, Муғауия ибн Әбу Суфиян, Кағыб ибн Мурра, Кағыб ибн Гияд және басқа бірнеше сахаба (Аллаһ оларға разы болсын) Шамда өмір сүрді.

Бурайда ибн Хусайб әл-Әсләми (Марыда жерленген), Әбу Бараза әл-Әсләми, әл-Хақим ибн Амр әл-Ғифари, Абдуллаһ ибн Хазим әл-Әсләми, (Нисабурда жерленген), Қусам ибн әл-Аббас (Самарқанда жерленген) және де басқа сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Хорасанда жерленген¹⁰⁷.

Исламды жеткізу мақсатында жан-жаққа тараған сахабалардың саны жайлы нақты деректер жоқ.

Сахабалар әртүрлі өлкелерге тарап, негізгі мақсаттары – исламды жеткізу барысында, ғибадат әрі білім орталығы болып табылатын мешіттер тұрғызды. Бұл көрініс пайғамбар кезінен бастау алған еді. Өйткені пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға көшкен кезде Құбада тұрақтап, ең алғаш мешіт салған болса, Мәдинаға барған кезде де алғаш істеген ісінің бірі «пайғамбар мешітін» тұрғызған болатын. Хижраның 13 жылы Шамның қақпасы саналған Дамаск: Амр ибн әл-Ас, Шурахбил ибн Хасана, Қайыс ибн Хубәйра, Әбу Ұбәйда ибн әл-Жаррах және Халид ибн әл-Уәлид сынды сахабалардың қолбасшылық еткен мұсылман әскерлері тарапынан алынып, сол жерге де бір мешіт салу Әбу Ұбәйда ибн әл-Жаррахтың бастамасымен жоспарланады. Бірақ мешіттің салынуы 88-96 жылдары Умәуи халифасы әл-Уәлид ибн Абдулмәлик тарапынан жүзеге асырылды. Бұл мешіт қазіргі кезде «Умәуи мешіті» деген атпен танымал.

Мұсылмандар хижраның 16 жылы Ирак жеріне кіріп, Басра қаласының негізін қалау барысында да мешіт тұрғызады. Басра қаласы өзен жанында орналасқандықтан жері ылғалды болатын. Сол себепті де мұсылмандар шөлейтті, құрғақ жерде басқа бір қаланың салынуын қалады. Көп ұзамай танымал сахаба Сағид ибн Әбу Уаққас екі сахабаға бұл қаланың бой көтеретін жерін белгілеу жұмысын тапсырады. Сәлмән әл-Фариси мен Хузайфа

¹⁰⁷ Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улумуи әл-хадис. 191-194-б.

ибн Йәмән Ефрат өзенінің батысында Хираға жақын бір жерді таңдайды. Осы тұста Мәдайында болған Сағыд ибн Әбу Уаққас хижраның 17 жылы 40 мыңға жуық әскерімен белгіленген жерге келіп тоқтады. Алғашқыда қамыс пен ағаштан жасалған үйлер тұрғызылса, кейін Омар ибн әл-Хаттабтың бұйрығына орай кірпішпен қаланған үйлермен жаңа бір қала бой көтерді. Қысқа бір мерзім ішінде білім орталықтарының біріне айналған қала Куфа деген атпен танылды. Бұл қаланың қақ ортасында, қалаға кірген жолдардың тоғысында мешіт бой түзеді.

Хижраның 16-17 жылдары мұсылмандар тарапынан орын тепкен Басра мен Куфа қалалары танымал білім орталықтарына айналды. Көп ұзамай Куфа қаласы Али ибн Әбу Талибтің тұсында халифат орталығы болғаны белгілі.

Хижраның 21 жылы Александрияның алынуынан кейін, Амр ибн әл-Ас тарапынан Мысырда «әл-Жамиғу әл-Атиқ» немесе «Амрдың мешіті» бой түзеді. Кейін ол әл-Уәлид ибн Абдулмәликтің тұсында кеңейтілді.

Хижраның 48 жылы Муғауия тарапынан Африкаға жіберілген сахаба Ұқба ибн Нафиғ мұсылман болған берберлермен біріге отырып, көптеген жеңістерге қол жеткізді. Осы өңірде Тунистегі Қайрауан қаласы мен сол жерде халифаның бұйрығымен ғасырлар өте жаналанып, кеңейтілген Қайрауан мешіті тұрғызылды.

Мұсылмандар табан тіреген өлкелерде алғаш жүзеге асырылған іс – мешіт тұрғызу екендігін келесі мысалдар қуаттай түседі. Әл-Уалид ибн Абдулмәлик халифа болған кезде (хижраның 86-96 ж.) Мұхаммед ибн әл-Қасымның (хижраның 89 ж.) қолбасшылығымен Үндістанға әскер жібереді. Олар Дейбил қаласын ешбір қарсылықсыз алып, сол жердегі олардың алғашқы атқарған жарқын істерінің бірі – мешіт салу болды. Аббасилер халифасы Әбу Жағфар әл-Мансурдың (хижраның 136-158 ж.) тұсында Кашмир алынып, ол жерде де мешіт тұрғызылған-ды.

Аталған мысалдардағы ислам мемлекетінің кеңеюі және соның барысында салынып медресе қызметін де атқарған мешіттер ғалым сахабалардың бастауымен кейбір білім орталықтарының құрылуына жол ашты. Бұл орталықтар ке-

лер ұрпаққа Құран Кәрім мен хадиске негізделген ілімдерді жеткізуде үлкен еңбек сіңірді.

2. Кейбір білім орталықтары

а) Мәдина

Ғалым сахабалардың бастамасымен құрылған білім орталықтарының басында «Дару әл-Хижра» деген атпен танымал болған Мәдина тұрды. Өйткені бұл елді мекен – пайғамбар (с.а.с.) мен сахабаларының Меккеден көшіп келіп, ислам мемлекетінің іргетасын қалаған алғашқы қала. Ислам шариятының көп бөлігі осы жерде бекітілгеніндей, пайғамбар (с.а.с.) да хадистерінің көбін осы жерде айтқан болатын. Хадис және фикһ саласының білгірлері саналған көптеген сахабалар Мәдинада өмір сүргендіктен, бұл шаһар пайғамбарымызды (с.а.с.) көрмеген, бірақ оның хадистерін ең жақын достарынан естіп, алуды қалаған хадистанушылардың әрдайым зиярат ететін орынына айналған. Мәдинада өмір сүрген және хадис саласын бойынша атағы кең тараған сахабалардың басында Әбу Бәкір әс-Сыддықты, Омар ибн әл-Хаттабты, Али ибн Әбу Талибты (кейін Куфаға қоныс аударған), Әбу Һурайраны, мүміндердің анасы Айшаны, Абдуллаһ ибн Омарды, Әбу Сағид әл-Худри мен Зейд ибн Сәбитті (Аллаһ олардан разы болсын) айта кеткен жөн. Өткен тақырыптарда атап өткеніміздей, осы сахабалардың төртеуі: Әбу Һурайра, мүміндердің анасы Айша, Абдуллаһ ибн Омар, Әбу Сағид әл-Худри көп хадис риуаят етумен (муқсирун) көпшілік құрметіне бөленген. Зейд ибн Сәбит Құран Кәрім мен сүннет үкімдерінде, төрт халифа дәуірінде қазылық, пәтуа, қырағат пен мирас мәселелерінде көш бастаған.

Мешіттер құлшылық орны болумен қатар медресенің, (яғни білім орталығы) қызметін атқарғаны секілді, пайғамбар мешіті (Мәсжиду ән-Нәбәуи) де Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, сахабалар дәуірінде білім ошағы болып жалғасын тапты. Бұлай дейтін себебіміз, кейіннен хадис және фикһ саласында даңқы жайылған Сағид ибн әл-Мусайяб, Ұруа ибн әз-Зүбейір, Ибн Шиһаб әз-Зухри, Ұбайдуллаһ ибн Ұтба ибн Масғуд, Са-

лим ибн Абдуллаһ ибн Омар, әл-Қасым ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір, Нәфиғ (лақап аты Маула ибн Омар) және де басқа бірнеше табиғиндер осы медреседе танымал сахабалардан білім алды. Одан кейінгі кезеңдерде де пайғамбар нұрына бөленген Мәдина қаласы хадис естуді және жинақтауды қалағандардың орталығы ретінде атағы дүниежүзіне жайылды.

а) Мекке

Мекке – алғашқы уахи мен исламға шақырудың бастауы құрметін иеленген қала. Кейін пайғамбарымыз бен оның сахабаларына қала халқының көрсеткен зорлық-зомбылықтары, олардың бұл қаладан көшіп кетулеріне себеп болып, сегіз жылдан кейін бұл мекен мұсылмандардың қайта алуымен тарихта өз тұғырын тапты.

Мекке алынғаннан кейін пайғамбарымыз (с.а.с.) Муаз ибн Жәбәлді Меккеде қалдырып, Мекке халқына Құран Кәрім мен сүннет үкімдерін және қырағат үйретуді бұйырған. Муаз пайғамбарымыздың жас, әрі ғалым сахабаларының бірі болатын, сонымен қатар, онымен барлық соғыстарға да қатысқан еді.

Муаз ибн Жәбәлмен бірге Меккеде бірнеше сахаба өмір сүрген. Әл-Хаким ән-Нисабури: «Әбу Рабиға әл-Махзумидің ұлдары Аяш пен Абдуллаһ, әл-Харис ибн Хишам, Икримә ибн Әбу Жәһл, Абдуллаһ ибн әс-Саиб әл-Махзуми, Аттаб ибн Әсид, оның бауыры Халид ибн Әсид, әл-Хакам ибн Әбу әл-Ас, Осман ибн Талха, Ұқба ибн әл-Харис, Шәйба ибн Осман, Сафуан ибн Умәйя, Әбу Махзура, Сухәйл ибн Амр және т.б. (Аллаһ оларға разы болсын)»¹⁰⁸, – деп, олардың кейбірінің есімін атап өтеді.

Мекке медресесі Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) Басрадан қайтып келгенінен кейін жандана бастады. Тәпсір саласында мәшһүр және сахабалардың арасында пәтуаларымен танымал Ибн Аббас 1700-ге жуық хадис риуаят етіп, ең көп хадис жеткізген сахабалардың (муксирун) қатарынан орын алады.

Харам мешітінде қызмет жасап, шәкірттеріне тәпсір, хадис, фикһ үйреткен Ибн Аббастың ұстаздығымен Мекке медресесінде

¹⁰⁸ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. 192-б.

білім шыңына жеткен көптеген түлектер өсіп шықты. Олардың ішінде үшеуі өз алдына бір төбе болып, тәпсір мен хадис саласында аса танылды. Солардың бірі – Ибн Аббастың тәпсірге байланысты сөздерін жеткізумен даңқы шыққан Мужаһид ибн Жәбир, екіншісі – Меккенің тақуа, фақиһ ғалымдарының бірі атанған, харам мешітіне жиналғандарға фикһ және өзге де діни мәселелерді жалықпай үйретіп, хадис риуаят еткен Ата ибн Әбу Рабах, үшіншісі – көптеген сахабалардан дәріс алған, кейін Ибн Аббастың сүйікті шәкіртіне айналған, Меккенің танымал фақиһы, көрнекті мүфтилерінің бірі Тауыс ибн Кәйсан еді.

Мекке мен Мәдина қажылық пен зиярат жері болғандықтан, бұл екі қаланың ислам әлеміндегі орны ерекше. Әр жылы бұл қасиетті жерлерге түрлі өлкелерден келгендердің арасында құқықтанушы (фақиһ), тәпсірші және хадистанушылардың болуы, білім алу жиналыстарын жандандырып отырды әрі бұл бас қосулардың хадистердің нақтылануы мен қуатталуы және таратылуы тұрғысынан орны ерекше болды.

б) Куфа

Жоғарыда баян етілгендей, Куфа – солтүстік өңірлерге қарай тараған ислам жеңістері барысында, орда ретінде негізі қаланған қала. Сонымен қатар қала орналасқан өлке, яғни, Ирак – өткен ғасырларда өркениет өзегі атанған, вавилондықтар, келдандықтар, парсылар мен римдіктер осы жерде түрлі мемлекеттер құрған. Мұсылмандар Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) кезінде осы өңірлерді алып, Басра, Куфа қалаларын тұрғызады, Мәдайын қазыналары мен Вавилон, Хира мәдениеттерін сол жерге көшіреді. Екі қала солай, аз уақытта әлемнің ең ірі білім орталықтарына айналады.

Куфа алғашқы кезде орда ретінде құрылғандықтан, бірнеше сахаба осы жерге келген. Али ибн Әбу Талиб (р.а.) халифат орталығын Мәдина қаласынан Куфаға көшіргеннен соң шаһар күн сайын көркейіп, кеңейіп, мемлекеттің үлкен орталығына айналған. Сол себепті сахабалардың көбі осы жерге қоныстанып, өмірлерінің соңына дейін осында қалған.

Куфада өмір сүрген сахабалардың білімі жағынан ең танымалдарына тоқталсақ, бірінші орында еш талассыз Али ибн Әбу Талиб (р.а.) пен Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) тұрады. Бірақ, Али ибн Әбу Талибтің (р.а.) Куфа қаласындағы өмірі білімнен қарағанда саясатқа көбірек көңіл бөлумен өткені белгілі.

Абдуллаһ ибн Масғудқа (р.а.) Куфа медресесі борышты десек, артық емес. Ибн Масғуд – алғаш исламды қабылдаған алты кісінің соңғысы, алғашқыда Хабаш (Эфиопия) жеріне, кейін Мәдинаға көшкен сахаба. Көп уақыт пайғамбар жанында қызметте болып, Құран Кәрімді жаттап, мағынасын үйренді. Оған пайғамбармен бірге жүру, пайғамбарымыздың сөзін, іс-әректтерін жақыннан үйрену өз пайдасын тигізді. Сахабалардың тұңғыш ғұлама ғалымдарының бірі саналған Ибн Масғуд (р.а.) халифа Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) тарапынан мұғалім ретінде Куфаға жіберілді. Оның келуімен Куфа медресесі құрылып, бұл білім ошағынан Алқам ибн Қайыс, әл-Әсуад ибн Йәзид, Масрук ибн Әжда, Ұбайдә ибн Амр әс-Сәлмани, әл-Харис ибн Қайыс, Амр ибн Шәрахил әш-Шағби секілді танымал табиғин ғалымдар жетілді. Осы тұста Куфа қаласында өмір сүріп, Куфа медресесін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан табиғин ғалымдардың барлығы тек Ибн Масғудтың ғана шәкірттері емес екендігін ұмытпағанымыз жөн. Олардың бір бөлігі Мекке, Мәдинада білім нәрінен сусындап, кейін Куфаға келіп қоныстанған. Олардан Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) тарапынан Куфа қазылығына тағайындалған және ұзақ уақыт осы міндетті мүлтіксіз атқарған Шурайх ибн әл-Харис, Ибраһим ибн Нахаи, Сағид ибн Жубәйір сынды тұлғаларды атап өтуге болады. Ханафи мәзһабының атақты имамы Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбит де осы медресе түлектерінің бірі.

в) Басра

Жоғарыда келгендей, әл-Хақим ән-Нисабуриден жеткен хабарда, Басрада көптеген сахабалар қалғандығы және олардың күш-жігерімен бір медресе ұйымдастырылғандығы белгілі. Басрада қалған сахабалардың арасынан білім саласында ең танымал-

дары: Әбу Муса әл-Әшғари (р.а.) және Әнәс ибн Мәлик (р.а.) еді. Али ибн Әбу Талибтің (р.а.) халифалығы тұсында Абдуллаһ ибн Аббастың (р.а.) Басраға уәли болып тағайындалғаны да мәлім. Осы сахабалардың жанында хадис риуаят етумен көпшілік құрметіне бөленген: Имран ибн Хусейн, Мағқил ибн Йәсар, Абдуррахман ибн Самура секілді көрнекті сахабалардың есімдері белгілі. Әсіресе Құран Кәрім, хадис ілімінде, оның ішінде фикһ саласында айрықша көрінген сахаба Әбу Муса әл-Әшғаридің орны ерекше.

Әнәс ибн Мәлик (р.а.) кішкентай кезінен пайғамбарымыздың жанында жүріп, оған он жылдай қызмет еткен. Осы уақыт ішінде пайғамбардан (с.а.с) көп хадис естіген Әнәс (р.а.) 2286 хадис риуаят етіп, муксирун (мыңнан артық хадис риуаят еткен сахабалар) арасынан орын алды. Оның Басрада ұзақ ғұмыр кешіп, сол жерде ең соңғы дүние салған сахаба екендігі де айтылады¹⁰⁹.

Басрада тәрбиеленген табиғиндер арасында: әл-Хасан әл-Басри мен Мұхаммед ибн Сириннің орны бөлек саналады. Сол секілді: Әбу әл-Али Руфағи ибн Михран, Ибн Аббастың жақын досы Әбу әш-Шағша Жәбір ибн Зейд, Қатада ибн Диаама, Муарриф ибн Абдуллаһ, Әбу Бурда ибн Әбу Мұса және басқа да табиғиндер мен әтбағу табиғиндер осы білім ордасының ғұламалары болды.

2) Шам

Шам мұсылмандар тарапынан алынғаннан кейін, онда ислам дінін қабылдағандардың саны артты.

Пайғамбар заманында бір тайпа, яки бір қала халқы исламды қабылдаса пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға шарифат үкімдері мен адал-арамды үйрететін мұғалім жіберетін. Халифалар кезеңінде де ислам жеткен жерлерге діннің негіздері мен пайғамбар сүннетін үйрететін мұғалімдер аттандырылып отырды. Шам да осы өлкелердің бірі еді. Оның алынуында қолбасшылық еткен Йәзид ибн Әбу Суфиян халифа Омар ибн әл-Хаттабқа (р.а.) Шам

¹⁰⁹ Әз-Зәһәби, Тәзкира, I, 44-б.

халқының Құран Кәрім үйрететін, фикһты терең түсіндіретін мұғалімдерге мұқтаж екендігін жазған. Омар (р.а.) оларға: Муаз ибн Жәбәл, Ұбада ибн әс-Самит пен Әбу әд-Дәрданы (Аллаһ олардан разы болсын) жіберген¹¹⁰.

Муаз ибн Жәбәл (р.а.) ғалым сахабалардың бірі болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны исламға шақыру үшін, әрі халал мен харамды үйрету мақсатында Йеменге елші етіп жіберген-ді. Бұны Ибн Аббастың риуаят еткен мына бір хадисінен аңғаруға болады, ол (р.а.): «Аллаһ елшісі Муаз ибн Жәбәлды Йеменге жібергенде: *«Расында сен кітап иелері болған қауымға бара жатырсың, барғаныңда оларды Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығы мен Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беруге шақыр. Егер бұған бойсұнса, оларға Аллаһтың әрбір күні мен түні бес уақыт намаз парыз еткенін жеткіз. Бұған бойсұнса, Аллаһтың оларға байларынан алынып, кедейлеріне берілетін зекетті парыз еткенін хабарла. Егер бұған көнсе, олардың жақсы көретін мал-дүниелерін алушы болма және зұлымдыққа ұшырағанның дұғасынан сақтан, өйткені оның дұғасы мен Аллаһ арасында перде жоқ»*,– деп айтты»,– деген¹¹¹.

Мекке алынғаннан кейін, пайғамбарымыз (с.а.с.) қала халқына халал мен харамды үйрету үшін Муазды (р.а.) таңдаған болатын. Сол секілді ол, Шам алынған соң, Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) тарапынан Шамға жіберілген сахабалардың бірі болды.

Ұбада ибн әс-Самит пен Әбу әд-Дәрданың да бастамасымен құрылған Шам мектебінен, Ұбаданың Хумс қаласында, Әбу әд-Дәрданың Дамаскте, Муаз ибн Жәбәлдің Палестина жерінде оқу-ағарту жолындағы ерен еңбектерінің нәтижесінде: Әбу Идрис әл-Хаулани, Салим ибн Абдуллаһ әл-Мухариби, Әбу Суләйман әд-Дәрани, Қабис ибн Зуәйб, Макхул ибн Әбу Муслим, Ражә ибн Хайуа секілді ғалым табиғиндер өсіп жетілді. Олардан кейін келген, хижраның 157 жылы дүние салған танымал құқықтанушы, хадис ғалымы, имам әл-Әузағи де осы мектептен шыққан.

¹¹⁰ Ибн Хажар, әл-Исаба, IV, 28-б.

¹¹¹ Сахих әл-Бұхари, Зекет кітабы, 1496.

э) Мысыр

Ислам діні кең етек жайып, өте жылдам таралу барысында Мысыр елі алынды. Ол жерге де біраз сахабалар барып, ислам дінінің негіздерін қалады. Мысырға қоныс тепкен, Әбу Һурайраның куәлігі бойынша, пайғамбарымыздан көп хадис естіп, жазған мәшһүр сахаба – Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (р.а.). Оның «Әс-сахифату әс-садиқа» деп аталған хадис жазбасы кеңінен таралды. Абдуллаһ ибн Амрдың (р.а.) тек қана хадис саласында емес, өзге де ілім салаларын терең меңгерендігі жайлы деректер бар. Ибн Сағыд оның сурияни тілін білгендігі жайлы айтқан¹¹².

Абдуллаһ Мысырға әкесі Амр ибн әл-Ас, Муғауия тарапынан уәли болып тағайындалған кезде келіп орнығады. Әкесі дүние салғаннан кейін белгілі бір уақыт әкесінің орнына отырады. Қажылық, Ұмра кездерінде Меккеге, Шамға саяхат жасап тұрды. Абдуллаһ өмірінің соңғы сәттеріне дейін Мысырда өмір сүріп, сол жердегі білім ошағының отын сөндірмеді.

Абдуллаһ ибн Амрдан басқа Мысырға келген және сол жерге орныққан басқа да сахабалар болған. Жоғарыда әс-Суютидің пікіріне сүйене отырып, 300-ге жуық сахаба Мысырға келгендігін айтқанбыз. Олардың көпшілігі Мысырға тұрақты орнығып, сол өңірде мектеп қалыптастырып, көптеген табиғин мен әтбағу әт-табиғиндерді жетілдірді. Оған Мысыр муфтиі, хадис ғалымы Әбулхайыр Марсад ибн Абдуллаһ және Йәзид ибн Әбу Хубәйб, Омар ибн әл-Харис, Абдуллаһ ибн Суләйман әт-Тауил сынды Мысыр мектебінен шыққан ғалымдарды мысал ретінде келтіруге болады. Сонымен қатар Йәзид ибн Әбу Хубәйттің қолында тәлім алған әл-Ләйс ибн Сағыд пен Абдуллаһ ибн Ләһия, уақытында Мысырдың ең танымал хадистанушыларының бірі болды¹¹³.

3. Табиғиндер

Кейбір ғалымдар: «Табиғин – сахабамен сұхбаттасып, жанында жүрген адам»,– десе, Әл-Хаким, Ибн әс-Салах, Ән-

¹¹² Ибн Сағыд, әт-Табақат, VII, 189-б.

¹¹³ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 90-97-б.

Нәуәуи секілді хадис ғалымдары: «Табиғин болу үшін сахабамен жолығу не кездесу жеткілікті», – деген, яғни сахабаның жанында жүріп, сұхбатына қатысу немесе одан хадис риуаят ету шарт емес. Оны пайғамбарымыздың (с.а.с.): *و طُوبَى لِمَنْ رَأَى وَ آمَنَ بِي، و طُوبَى لِمَنْ رَأَى مَنْ رَأَى* «Мені көргендер мен маған иман еткендерге және мені көргендермен жүздескендерге неткен занибет»¹¹⁴ – деген хадисінде келген «көру» сөзі қуаттайды. Демек, табиғин – мұсылман болып бір немесе бірнеше сахабаны кездестіріп, яки олармен сұхбаттасып, иманмен дүниеден өткен адам.

Имам Муслим, Ибн Хиббан сахаба Әнәсті көріп, бірақ одан хадис риуаят етпеген әл-Әғмашты табиғин санатынан санаған. Имам әт-Термези оның ешбір сахабадан хадис естімегендігін айтқан. Табиғин деп танылу үшін балиғат жасқа толу міндетті емес, ақыл-есі кірген (тамииз) жаста сахабамен жүздесу жеткілікті¹¹⁵.

Сол секілді имам Әбу Ханифа да табиғиндерге жатады. Оның табиғин екендігіне барлық тарих, хадис ғалымдары бір ауыздан келіскен, тіпті имам әс-Суюти секілді үлкен хадистанушылар оның сахабалардан хадис риуаят еткендігін алға тартқан. Кей деректерде ол :Әнәс ибн Мәлик, Жәбир ибн Абдуллаһ, Абдуллаһ ибн Жәз әз-Зубәйди, Абдуллаһ ибн Унәйс, Айша бинт Ажрад (р.а.) секілді сахабалармен кездесіп, олардан хадис риуаят еткен¹¹⁶.

¹¹⁴ Әл-Хаким, III, 86, Хасан дәрежесіне жеткен хадис.

¹¹⁵ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 498-б.

¹¹⁶ Док. Субхи әс-Салих, Улуму әл-хадис уә мусталахуһу, 357-358-б. Әбу Ханифаның сахабалармен жүздескендігі не олардан хадис риуаят еткендігі жайлы толыққанды деректерді Хафиз, мухаддис Ибн Абдулбарр әл-Мәликидің «Әл-Интика», Имам әз-Зәһәби әш-Шафигидің «Манакиб Әби Ханифа», Имам әс-Суютидің «Табииду әс-сахиға», Ибн Хажар әл-Һайсамидің «Әл-Хайрату әл-хисан», Марғи ибн Юусуф әл-Ханбалидің «Тануиру басайр әл-муқаллидин», Юусуф Абдулһади әд-Димашкидің «Тануиру әс-сахиға би манакиб имам Әби Ханифа» және тағы басқа үлкен ғалымдардың Әбу Ханифаның қадір-қасиетіне қатысты арнайы жазған еңбектерінен оқуға болады.

Табиғин кезеңі пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салған уақыттан (хижраның 11 жылы) бастау алады да, хижраның 180 жылы аяқталады.

Табиғиндердің ислам дінінің өркендеуіне қосқан үлесі зор. Олар – сахабалардан тікелей білім алып, оны келер ұрпаққа жеткізген және ислам дініне талмай еңбек еткен тұлғалар.

Олар туралы Құран Кәрімде:

وَالسَّابِقُونَ الْأُولُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ
بِإِحْسَانٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي
تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Мұхажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жаннаттар әзірледі. Осы – үлкен жетістік» (Тәубе сүресі, 100),– деп баяндалады.

Сонымен қатар, табиғиндер туралы хадистерде де айтылады. Имран ибн Хұсайын (р.а.) жеткізген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.):

حَيْرٌ أُمَّتِي قَرْنِي، ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ...

«Үмбетімнің ең жақсылары – менің газырымда өмір сүргендер, сосын олардан кейін келгендер, сосын олардан кейін келгендер»,– деген¹¹⁷.

Басқа бір хадисте:

طُوبَى لِمَنْ رَأَى وَآمَنَ بِي، وَ طُوبَى لِمَنْ رَأَى مَنْ رَأَى

*«Мені көргендер мен маған иман еткендерге және мені көргендермен жүздескендерге неткен ганибет»*¹¹⁸ – деп келеді.

¹¹⁷ Сахих әл-Бұхари, Сахабалардың қадір-қасиеттері, 3650, 3651; Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, VIII, 312-б; Сахих Муслим, Сахабалардың қадір-қасиеттері; 210.

¹¹⁸ Әл-Хаким, III, 86, Хасан дәрежесіне жеткен хадис.

Табиғиндердің саны қанша болғандығы туралы нақты мәліметтер жоқ.

Ғалымдар табиғиндердің дәрежелеріне қатысты бірнеше көзқарастар білдірген. Кейбір ғалымдар:

а) Алғашқы кезде өмір сүрген сахабаларды егде жаста

көргендер *طَبَقَةُ كِبَارِ التَّابِعِينَ*

ә) Сахабаларды орта жаста көргендер *طَبَقَةُ مُتَوَسِّطِي التَّابِعِينَ*

б) Сахабалармен өте жас кезінде жүздескендер *طَبَقَةُ صِغَارِ*

التَّابِعِينَ деп үш топқа бөліп қарастырса, Ибн Сағид төрт топқа бөліп қарастырған. Ал, әл-Хаким ән-Нисабури, табиғиндердің дәрежелеріне қарай он бес топқа бөлінетіндігін алға тартады. Ол өзінің «Мағрифату улуми әл-хадис» атты еңбегінде: «Бірінші дәрежесі – көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген он сахабамен жүздескен Сағид ибн әл-Мусайяб, Қайыс ибн Әбу Хазым, Әбу Осман ән-Наһди, Қайыс ибн Ұбад, Әбу Сасан Хұсайын ибн әл-Мунзир, Әбу Уәйл Шақиқ ибн Сәләмә, Әбу Ража әл-Ұтариди және басқа табиғиндер.

Екінші дәрежесі – Әл-Әсуад ибн Язид, Алқама ибн Қайыс, Масруқ ибн әл-Әждағ, Әбу Сәләмә ибн Абдуррахман, Харижа ибн Зейд секілді табиғиндер.

Үшінші дәрежесі – Амир ибн Шарахил әш-Шағби, Ұбайдуллаһ ибн Абдуллаһ ибн Ұтба, Шурайх ибн әл-Харис және сол кезеңдегі табиғиндер. Сол секілді олардың он бес дәрежесі бар. Ең соңғылары, Әнәс ибн Мәликпен кездескен басралықтар, Абдуллаһ ибн Әбу Әуфамен кездескен куфалықтар, әс-Сәйб ибн Язидпен кездескен мәдиналықтар, Абдуллаһ ибн әл-Харис ибн Жазумен жүздескен мысырлықтар мен Әбу Әмәмә әл-Бәһилиді көрген шамдықтар», – деген¹¹⁹. Алайда имам Ибн әс-Салах, ән-Нәуәуи бірінші дәрежедегі табиғин Сағид ибн Мусайябтың Омардың (р.а.) халифалығы кезінде дүниеге келіп, жаннатпен сүйіншіленген он сахабаның көпшілігін көрмегендігін,

¹¹⁹ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. 42-б.

тіпті кейбір деректер оның тек Сағыд ибн Әби Уаққаспен ғана жүздесіп риуаят еткендігін айтқан¹²⁰.

Әл-Хақим табиғиндер дәрежесін осылай қысқаша атап өткеннен кейін, мәдиналық жеті ең үлкен құқықтанушы табиғиндерді тілге тиек етеді. Олар – Сағид ибн әл-Мусайяб, Қасым ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір әс-Сыддиқ, Ұруа ибн әз-Зубейір, Харижа ибн Зейд ибн Сәбит, Әбу Сәләмә ибн Абдуррахман ибн Ауф, Ұбайдуллаһ ибн Абдуллаһ ибн Ұтба, Сүлеймен ибн Ясар¹²¹.

Ибн Мубәрак Әбу Сәләмәның орнына Сәлим ибн Абдуллаһ ибн Омарды аталған жеті ғалым табиғиндердің санатына қосады¹²².

Сонымен қатар әл-Хақим мухадрамдарды және олардан кейін сахабалардың Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде дүниеге келген балаларын ерекше атап өткен. Мухадрам дегеніміз – исламға дейінгі дәуірде және ислам діні келген кезеңде де өмір сүрген, бірақ Аллаһ елшісін (с.а.с.) көру нәсіп болмаған мұсылман тұлғалар. Имам Муслим еңбегінде: Әбу Амр әш-Шәйбани, Сағыд ибн Ияс, «Әбу Умайя» деп аталған – Суайд ибн Ғафала әл-Кинди және Шурайх ибн Һәни әл-Хариси, Басралықтар «Ибн Жәбир» деп атаған – Юсияр ибн Амр, «Әбу Абдуллаһ» деп танылған – Амр ибн Мәймун әл-Әуади, Куфалық Әбу Омар әл-Әсуад ибн Йазид ән-Нахағи мен Әл-Әсуад ибн Һиләл әл-Мухариби, Әбу Осман ән-Нәһди, Әбу Ража әл-Ұтариди секілді жиырма мухадрамның есімдерін келтірген¹²³. Алайда олардың саны көп.

¹²⁰ Ибн әс-Салах, Муқаддима, 309-б; Жалалуддин әс-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 499-б.

¹²¹ Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. 42-43-б; Ибн әс-Салах, Муқаддима, 309-310-б; Жалалуддин әс-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 499-500-б.

¹²² Ибн әс-Салах, Муқаддима, 310-б; Жалалуддин әс-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 504-б.

¹²³ Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис, 44-б; Ибн әс-Салах, Муқаддима, 310-б; Жалалуддин әс-Суюти, Тадрибу әр-рауи, 502-503-б.

Бірқатарын имам әс-Суюти «Тадрибу әр-рауи» атты түсіндірме еңбегінде атап өткен¹²⁴.

Ал, сахабалардың, пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде дүниеге келген балалары: Юусуф ибн Абдуллаһ ибн Сәләм, Мұхаммед ибн Әбу Бәкір әс-Сыддик, Башир ибн Әбу Масғуд әл-Ансари, Әбу Умәмә Әсғад ибн Сәһл ибн Ханиф, Абдуллаһ ибн Әбу Талха, Әбу Идрис әл-Хауләни¹²⁵. Аталған табиғиндерді әл-Хаким мухадрамдардан кейінгі дәрежеде айтса, Ибн әс-Салах, Имам ән-Нәуәуи секілді ғалымдар бұл кісілерді жаннатпен сүйіншіленген он сахабамен жүздескен табиғиндерден кейін келтірген.

Сахаба не табиғин екендігіне әртүрлі көзқарастар болғаны секілді, кейбір тұлғалардың табиғин не әтбағу әт-табиғин екендігінде де әртүрлі пікір айтылады. Хадистану саласында бұл кезеңдер мұқият зерттелу нәтижесінде, табиғин ретінде танылған кейбір тұлғалардың сахабалармен жүздеспегендігі анықталған. Мысалы: Ибраһим ибн Суайд ән-Нахағи бірде-бір сахабаны көрмеген, Алқама мен әл-Әсуадтан жеткізген риуаяттары дұрыс. Бұл – фақиһ Ибраһим ибн Язид ән-Нахағи емес. Сол секілді: Букайр ибн Әби әс-Самит, Букайр ибн Абдуллаһ ибн әл-Әшаж, Сәбит ибн Ажлан әл-Ансари, Сағид ибн Абдуррахман әр-Руқаш ибн оның бауыры Уасил Әбу Хурра. Олардың сахабаларды көргендігі немесе сахабалардан жеткізген риуаяттары дұрыс емес. Мысалы, Букайр ибн Әби әс-Самиттің Әнәс ибн Мәликтен жеткізген риуаяты дұрыс емес. Негізінде ол Қатада арқылы жеткізген болатын. Букайр ибн Абдуллаһ ибн әл-Әшажтың сахаба Абдуллаһ ибн әл-Харистен жеткізген деректері нақты емес, оның риуаяттары табиғиндерден болатын. Сәбит ибн Ажланның да Ибн Аббастан хадис алғандығы дұрыс емес. Ол оны Ата ибн Әби Рабах, Сағид ибн Жубейр арқылы естіген. Сағид ибн Абдуррахман мен бауыры Уасил Әбу Хурраның да Әнәс ибн Мәликтен хадис естігендігі нақты емес. Олар алғашқы кезде ғұмыр сүруі

¹²⁴ Жәләлуддин әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 503-б.

¹²⁵ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. 45-б; Ибн әс-Салах, Муқаддима, 310-б; Жалалуддин әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 500-б.

немесе ілімдегі жоғары дәрежелеріне қарай табиғин ретінде танылып кеткен. Дұрысы, олар – әтбағу әт-табиғиндер.

Сол секілді кейбір әтбағу әт-табиғин ретінде танылып кеткен табиғиндер де бар. Мысалы: Әбу әз-Зинад Абдуллаһ ибн Закуан. Ол Абдуллаһ ибн Омар, Әнәс ибн Мәлик, Әбу Умәмә ибн Сәһлмен жүздескен. Және Ышам ибн Ұруа мен Мұса ибн Ұқба да сахабалармен кездескендіктен, әтбағу әт-табиғин санатына кірмейді¹²⁶.

Әбу Бәкір әс-Сыддықтың (р.а.) ең абзал сахаба атанғаны секілді, табиғиндердің арасындағы ең абзал табиғин турасында да бірқатар деректер бар. Халифа Омар ибн әл-Хаттабтан (р.а.): *إِنَّ خَيْرَ النَّبِيِّينَ رَجُلٌ يُقَالُ لَهُ أُؤَيْسٌ* «Табиғиндердің ішіндегі ең жақсысы – Уәйс атты адам»¹²⁷, – деген риуаят жетсе, Имам Ахмад ибн Ханбал: «Табиғиндердің ең абзалы – Сағид ибн әл-Мусайяб», – деген. Сол секілді Алкама мен әл-Әсуадты, Әбу Осман ән-Нәһди мен Кайыс ибн Әбу Хазымды және әл-Хасан әл-Басри мен Ата ибн Әби Рабахты да ең абзал табиғиндерден санаған деректер кездеседі. Әр өлкеде тақуалығымен, білімімен ерекше танылған табиғиндер сол кезеңнің ең абзал тұлғаларынан саналды.

Хафса бинт Сирин мен Амра бинт Абдурахман әйел табиғиндердің ішіндегі ең жақсылары болып саналады.

Әл-Бәлқини: «Табиғиндердің арасында хижраның 30 жылы бірінші болып дүние салған адам – Әбу Зейд Мағмар ибн Зейд, ең соңғысы хижраның 180 жылы қайтыс болған Халиф ибн Халифа», – дейді¹²⁸. Халиф ибн Халифа Меккеде ең соңғы дүние салған сахаба Әбу әт-Туфайл Амир ибн Уасиләмен кездескен¹²⁹. Осылайша табиғиндер дәуірі хижраның 180 жылы аяқталады.

Сахабалармен кездеспеген тек табиғиндерді көрген және олардан хадис жеткізген тұлғалар **әтбағу әт-табиғиндер** деп аталады.

¹²⁶ Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис, 45-б

¹²⁷ Сахих Муслим, 2542.

¹²⁸ Жәләлуддин әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 498-506-б.

¹²⁹ Док. Субхи әс-Салих, Улуму әл-хадис уә мусталахуһу, 357-б.

Олар туралы білудің де маңыздылығы бар. Өйткені жоғарыда келген: *«Үмбетімнің ең жақсылары менің ғасырымда өмір сүргендер, сосын олардан кейін келгендер, сосын олардан кейін келгендер»*,– деген хадисте, пайғамбарымыз (с.а.с.) табиғиндердің ізбасарлары болған әтбағу әт-табиғиндерді ерекше атап өткен. Әтбағу әт-табиғиндердің ішінен: имам Мәлик ибн Әнәс, әш-Шафиғи, әл-Әузағи, Суфиян әс-Сәури, Шуғба ибн әл-Хажжаж, Ибн Жүрейж сынды көрнекті ислам ғалымдары мен құқықтанушылары шыққан. Осы сатыға – бірқатар табиғиндермен жүздескен, аталған атақты ғалымдардың шәкірттері – Яхия ибн Сағид әл-Қаттан, Абдуллаһ ибн әл-Мубарак, имам Мәликтің «әл-Муаттасын» риуаят еткендердің бірі Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шәйбани, Ибраһим ибн Таһман әз-Заһид секілді көрнекті тұлғаларды жатқызуға болады.

Әтбағу әт-табиғиндер кезеңі сахабалардың соңғысы дүние салған уақыттан бастау алып (хижраның 110 жылы), хижраның 220 жылы аяқталды.

Мұсылмандардың төртінші ұрпақ буыны шамамен хижраның 260 жылы, ал бесіншісі 300-ші жылдары аяқталды. Танымал алты хадис жинақтарының («Кутубу әс-ситта») авторлары төртінші және бесінші ұрпақ буынына жатады.

4. Хадистердің таралуы және хадис алу үшін жасалған сапарлар

Жоғарыда айтылғандай, ислам діні кең етек жайып, көптеген өлкелердің Ислам мемлекетінің қатарына енуімен, сахабалар исламның бесігі атанған Мекке мен Мәдинадан тыс өзге өлкелерге қоныс аударды. Олардың әрқайсысының өзіндік білім ерекшеліктері болғаны сияқты, орныққан өңірлерінде құрған мектептері де бір-бірінен белгілі бір деңгейде өзгеше тұрды. Оның негізгі себебі, барлық сахабалардың пайғамбар сөзі мен іс-әрекеттерін естіп, көруде немесе дінге қатысты мәселелердің шешімінде бір деңгейде болмауынан еді. Өйткені кейбір сахабалар пайғамбарымызбен (с.а.с.) әрдайым бірге болып, ұзақ уақыт оның (с.а.с.) сұхбатын тыңдаған болса, кейбірі Аллаһ

елшісінің (с.а.с.) жанында аз уақыт қана жүрген. Бұл жайт – пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзі мен іс-әрекеттеріне қатысты бір сахабаның білгенін басқа бір сахабаның білмеуі мүмкін екендігін меңзейді. Жоғарыда тоқталғанымыздай, мыңнан артық хадис жеткізген сахабалар арасында да айырмашылықтар бар. Бір сахабаның естігенін, кейбір сахабалар естімеген. Сондықтан бір сахабаның орныққан өлкесінде, сол сахабаның ғана естіп, риуаят еткен хадисі кең таралып, танымал болды. Ал ол жерге келмеген сахабалардың білген хадистері ол өңірде беймәлім болып қалды. Хадис тарихында уақыт өте орныққан «шамдықтардың хадисі», «ирақтықтардың хадисі» немесе «мысырлықтардың хадисі» деген түсініктің қалыптасуының себебі де осы еді. Мысалы, егер бір хадис Шамға қоныстанған сахаба тарапынан риуаят етіліп, өзге жерлердегі сахабалар ол хадисті риуаят етпеген болса, шамдықтарға ғана танымал болған бұл хадис «шамдықтардың хадисі» деп аталды.

Әртүрлі хадистердің түрлі өлкелерге жайылуы шарифат үкімдерінде айырмашылықтарды тудырды. Сахаба дәуірінде шарифат заңдылықтарының үш негізі: Құран Кәрім, сүннет немесе хадис, сахабаның ижтиһады болатын. Сахабаның ижтиһады пайғамбар тарапынан құпталған. Бұған мына оқиға дәлел бола алады: «Пайғамбарымыз (с.а.с) Муаз ибн Жәбәлді Йеменге жіберген кезде одан қалай үкім шығаратынын сұрайды. Муаз: «Аллаһтың кітабымен, онан таппасам, Аллаһ елшісінің сүннетімен, онда да таппасам, өзімнің ижтиһадыммен»,– дейді. Пайғамбар (с.а.с.) оның жауабына разы болып, көкірегіне қағып: *«Аллаһ елшісінің елшісін Аллаһтың елшісін риза қылатындай жетістікке жеткізген Аллаһқа мадақ болсын»*,– деп ризашылығын білдіреді». Осы тұрғыдан ижтиһад – түрлі мәселелердің шешімін табу барысында сахабаның жүгінген шарифат үкімін бекітудегі негіздердің бірі. Әбу Бәкір (р.а.), Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) халифалығы тұсында, яғни сахабалардың Мәдинадан сырт аймақтарға тарамай тұрған кездерде шыққан мәселелердің шешімі қаладағы сахабалардың көзқарастарына сүйене отырып табылатын. Исламның таралуымен сахабалардың өзге аймақтарға орналасуы себепті оларға жүгіну немесе әрбірінің пікірін тыңдау

мүмкін болмады. Мәдинада болған халифаның Құран Кәрім мен хадисте айтылмаған бір мәселеге қатысты Куфа, Басра, Шам немесе Мысырдағы ғалым сахабалардың басын қосу немесе сол мәселеге қатысты көзқарастарын білу оңайға соқпайтын.

Сондықтан ғалым сахабалар өмір сүріп отырған өлкелерінде біріге отырып немесе жеке дара Құран Кәрім мен хадисте келмеген мәселелерге пәтуалар шығара бастады. Нәтижесінде сахаба арасында шыққан үкімдермен байланысты көптеген түрлі көзқарастар пайда болды. Бұл түрлі пікірлердің шығуына бірнеше себептер бар. Олар:

а) Құран Кәрім мен сүннет үкімдеріне қатысты мәтіндердің көбі бұлтартпас (қатғи) дәлел ретінде келе бермеуі. Өйткені, мәтінде тілдік жағынан екі немесе одан да көп мағынаны білдіретін сөздердің келуі мен жалпы және жалқы мағыналардың кездесуі ықтимал. Бұндай мәселелерде үкім шығарушы әрбір сахаба өзінің көзқарасын қуаттайтын дәлелдерге сүйене отырып, лайықты пікірін білдіреді. Сахабалардың бір мәтінді түсінудегі айырмашылықтары тармақ мәселелерде ғана көрініс тауып отырды.

ә) Сахабалардың өмір сүрген орталарының әрқилығы секілді, шариғат үкімін шығаруда негізгі көзделетін пайда мен қажеттіліктердің біркелкі болмауы. Мысалы: Мәдинада Абдуллаһ ибн Омардың жолыққан бір мәселесі Шамда Муғауияға не Куфада Абдуллаһ ибн Масғудқа кездеспейді.

б) Сахаба дәуірінде хадистердің жазылып, мұсылмандар арасында барлығы бірдей қол жеткізе алатындай таратылмауы. Бұның нәтижесі ретінде, мысалы: Мысырдағы бір сахаба жолыққан бір мәселеге қатысты пайғамбардан (с.а.с.) естіген хадис мәтініне сүйеніп үкім шығарады. Ал Ирактағы бір сахабаның осы мәселеде, бұл хадисті естімегені үшін өзінің ижтиһадына жүгінуіне тура келеді. Осылайша екі бөлек өлкеде бір мәселенің әртүрлі үкімі туындады.

Сахабалардың түрлі өлкелерге қоныс аударуымен пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистері жан-жаққа тарады. Бір сахабаның пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген хадисін басқа бір сахабаның естімеуі тың оқиға емес еді. Сол себептен сахабалар

кезеңінде пайғамбарымыздан (с.а.с.) естімеген бір хадисті, оны білген, бірақ өзге өлкеде өмір сүрген басқа бір сахабадан есту үшін сол жерге жолға шығу (рихлә) үрдісі пайда болды.

Бірақ дінге қатысты бір мәселені үйрену үшін бірнеше күндер, тіпті апталап жолға шығу сонау пайғамбардың көзі тірісінде-ақ басталған-ды. Мәдинаға басқа аймақтардан ру, тайпа өкілдері топ-топ болып, пайғамбарымыздан (с.а.с.) дінге қатысты сұрақтар сұрау, насихат алу мақсатында жиі келгендігі белгілі. Бұны Әнәс ибн Мәликтің (р.а.): «Бізге Аллаһ елшісіне қандай да бір нәрсе туралы сұрақ қоюға тыйым салынды және сондықтан шөл тұрғындарының көзі ашық бір адамы келіп, пайғамбарымызға (с.а.с.) сұрақ қойғанын тыңдауды ұнататынбыз»¹³⁰,— деген сөзінен, Аллаһ елшісінен (с.а.с.) дін үйрену үшін адамдардың сапарларға шыққандығын аңғарамыз.

Пайғамбар(с.а.с.) дүние салғаннан кейін дінді ең жақсы білген оның сахабалары екендігіне күмән жоқ. Сахабалар кезеңінде де дін үйрену үшін сапарларға шығу толастамады. Дінге қатысты бір мәселені үйрену мақсатында немесе пайғамбардың (с.а.с.) бір хадисін есту үшін болсын, *«әр-Рихла фи талаби әл-хадис»*, яғни, *«хадис үйрену жолындағы сапар»* деген атпен танылған бұл жолаушылық, сахабалар арасында орын алғаны секілді, кейінгі кезеңдерде де артып, хадис жинау шарттарының біріне айналды.

Бір сахабаның білмеген немесе пайғамбарымыздан (с.а.с.) естімеген бір хадисін үйрену үшін, яки білген жағдайда да күмәнданған кейбір сөздерін қайта естіп, нақтылау үшін сапар машақатына төзіп, алыс өлкеде өмір сүрген басқа бір сахабаға барғандығы жайлы хабарлар бар.

Ата ибн Әбу Рабахтан (хижраның 114 ж.д.с.) жеткен хабарда Мәдинада болған Әбу Әюб әл-Ансари пайғамбарымыздан (с.а.с.) естіген бір хадисті Мысырдағы Ұқба ибн Амирден сұрау үшін жолға шыққан. Өйткені бұл хадисті пайғамбардан (с.а.с.) естіген өзі мен Ұқбадан басқа ешкім қалмаған еді. Әбу Әюб әл-Ансари Мысырға жеткен кезде Мысыр әміршісі Мәсләмә ибн Махләдтың үйіне барады. Екеуі көріскеннен кейін Мәсләмә:

¹³⁰ Сахих Муслим, Иман кітабы, 12.

«Уа, Әбу Әюб! Не үшін келдіңіз?» – деп сұрайды. Ол: «Аллаһ елшісінен бір хадис естіген едім әрі оны естіген Ұқба екеумізден басқа ешкім қалмады. Маған Ұқбаның үйіне апаратын жол көрсетуші бер», – дейді. Кейін жол көрсетушімен бірге Ұқбаның үйіне келіп, сахабамен құшақтасып көріседі. Ұқба: «Уа, Әбу Әюб! Не үшін келдіңіз?» – деп сұрайды. Ол: «Аллаһ елшісінен: *«Кімде-кім бір мүміннің айыбын жасырса..»* деген хадисті естіген екеумізден басқа ешкім қалмады», – деп, хадисті толық нақтылағысы келетіндігін білдіреді. Ұқба: «Аллаһ елшісінің: *«Кімде-кім бір мүміннің айыбын жасырса, Аллаһ та қиямет күні оның айыбын жасырады»* дегенін естідім», – деп, хадисті пайғамбарымыздан (с.а.с.) естігеніндей етіп айтып береді. Әбу Әюб хадистің дұрыстығына көз жеткізген соң, көлігіне мініп, Мәдинаға кері қайтады¹³¹.

Әбу Әюб бұл хадисті нақтылап, қайта есіне түсіру мақсатында пайғамбардан (с.а.с.) естігендерден жалғыз қалған Ұқба ибн Амирді іздеп, Мәдинадан Мысырға бейне бір көршісінің үйіне баратындай жолға шыққан.

Әл-Бұхаридің «Ілім іздеу үшін жолға шығу» тарауының басында, Жәбир ибн Абдуллаһтың Абдуллаһ ибн Үнәйстан бір хадис есту үшін айлық жолға сапар шеккендігі айтылады. Жәбир ибн Абдуллаһ: «Бір кісінің Аллаһтың елшісінен хадис естігені жайлы маған жетті. Дереу түйе сатып алып, бір ай жол жүріп Шамға жеттім. Ол кісі Абдуллаһ ибн Үнәйс екен. Қақпашыға: «Жәбир келіп тұр деп айт», – дедім. Ол: «Ибн Абдуллаһ па?» – деді. Мен: «Иә», – дедім. Ол келген кезде: «Маған сенің Аллаһ елшісінен естіген хадисің жетті, оны өз аузыңнан естімей тұрып дүниеден өтіп кетуден қорықтым», – дедім. Ол: «Мен Аллаһ елшісінен: *«Адамдар қиямет күні жалаңаш болып тіріледі»*, – деген хадис естідім», – деп айтты», – деген¹³².

Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.): «Аллаһтың кітабын менен жақсы білетін біреуді білсем, оған барар едім», – деген¹³³.

¹³¹ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ, Мағрифату улуми әл-хадис, 7-8-б; Ахмад ибн Ханбал, Муснад, IV, 159.

¹³² Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, Білім кітабы, I, 305-306-б.

¹³³ Сахих Муслим, 2462

Сол секілді тек бір хадис үшін сапар шегу сахабалар дәуірінен кейінгі табиғиндер кезеңінде де көптеп көрініс тапты. Хадистанушы табиғиндер пайғамбардан кейін ілім көзі болған, шартарапқа тарыдай шашылған сахабаларды жиі-жиі зиярат етіп, олардың Аллаһ елшісінен (с.а.с.) естіп, риуаят еткен хадистерін жинақтай бастады. Сағид ибн Мусайябтың: «Бір хадис есту үшін бірнеше күндер жол жүргенмін»,– деуі, бұл тұрғыда мұсылман ғалымдарының қаншалықты мұқияттылық танытып, машақаттарға төтеп бергендігін көрсетеді¹³⁴.

Шам өлкесінен болған Макхул (хижраның 112 ж.д.с.) Мысыр, Месопатамия және Хижаз өлкелеріне сапар шегіп, сол өңірлердегі өмір сүрген сахабалардан хадис алған¹³⁵.

Куфалық әш-Шағби (хижраның 103 ж.д.с.) 500 сахабамен кездескенін айтады. Керемет еске сақтау қабілетіне ие болған әш-Шағби өзінің бір сөзінде: «Осы кезге дейін ешбір нәрсе жазбадым, естіген әр хадисті жадқа алатынмын»,– деп айтқан¹³⁶.

Ирак өлкесінде жетілген танымал хадис ғалымдарының бірі – Масрук (хижраның 63 ж.д.с.) табиғиндер кезеңінде ең көп сапар шеккен. Оның шәкірті болған әш-Шағби ол жайлы: «Адамдар арасында білім (хадис) жолында ислам әлемінің шартарапын кезген Масрук секілді біреуді білмедім»,– деген¹³⁷.

Танымал хадис ғалымы Ибн Шиһаб әз-Зухридің (хижраның 124 ж.д.с.) Мәдинадан Шамға дейін сапар шегіп, хадис жинағандығы жайлы деректер бар.

Сол секілді мәдиналық Мұхаммед ибн Сирин (хижраның 110 ж.д.с.) де Куфа ғалымдарынан білім алу үшін сонда барған.

Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Аталған мысалдар хадис ілімін үйреніп, оны өзгеге үйрету үшін мұсылмандардың мұқияттылығын көрсетуге жеткілікті деп ойлаймыз. Пайғамбардан (с.а.с.) риуаят етілген хадистерді осылайша асқан мұқияттылықпен жинауға тырысқан ғалымдардың жасаған сапарлары хадистердің ислам өлкелеріне таралуына әсер

¹³⁴ Ибн Абдулбарр, Жамиғу баяни әл-илм, I, 94-б.

¹³⁵ Ибн Хажар, Тәһзибу әт-таһзиб, X, 291-б.

¹³⁶ Әз-Зәһәби, Тәзкира, I, 84.

¹³⁷ Ибн Абдулбарр, Жамиғу баяни әл-илм, I, 114.

өткені секілді, хадис мәтінінің басқа риуаят жолдарын анықтауға себепкер болды. Өйткені бір хадистанушы өмір сүрген өлкесінде естіген хадисін басқа бір жерде, басқа бір ұстаздан, басқа бір жолмен естуі мүмкін. Бұл жағдай хадис жеткізушілер турасында зерттеулер жүргізуге түрткі болып, нәтижесінде тізбек (иснад) пікірін ортаға шығарды.

Хадис үйрену үшін жасалған сапарлар табиғиндер кезеңінен кейінгі дәуірлерде де жалғасын тапты.

Ислам тарихында көрініс тапқан таңғаларлық сапарлар мен хадис ғалымдарының қайтпас қайсарлықтары кейбір шығыстанушы ғалымдарды қайран қалдырған. Тіпті олар, сол ерен еңбектің нәтижесінде жарық көрген туындыларды сүйсіне оқыған.

Мысалы, танымал мажарлық шығыстанушы Гольдциер өз таңғалысын: «Шаршауды білмеген хадистанушылар ислам әлемінің бір ұшы мен екінші ұшына, Андалусиядан (Испаниядан) Орта Азияға дейін сапарлар шегіп, әр жерден хадис жинап, өз тыңдаушыларына жеткізе білді. Шартарапқа тарағандардың білетін хадистерін дұрыс түрде жинаудың бірден-бір жолы осы еді... Олар барлық мемлекеттерді серуендеу мақсатында немесе тәжірибе жинау үшін аралаған жоқ. Керісінше, олар біркелкі ағашқа жемістерін жинау үшін қонған құстар секілді, бұл өлкелердегі хадистанушылармен кездесіп, көрісіп және олардың әрбірінен хадис есту үшін сапар шекті», – деп білдірген.

Белгілі ағылшын шығыстанушысы Николсон болса, мұсылмандардың білім жолындағы сапарларына сүйсініп: «Үлкен бір зерттеуші және шәкірт тобы, асқан жігерлікпен үш құрлықты аралап, бал жинаған аралар секілді елдеріне қайтады. Бұл зерттеушілер елдеріне келіп, білім нәріне сусап, оларды күтіп отырған ортаға жинаған білімдерін жеткізеді. Олар алған ілімдерін кейде жазып, кейін кітап түрінде жалпы халыққа ұсынады. Бұл туындылар таңғажайыптылығы және тәсіліндегі кереметтілігімен бейне бір энциклопедияларға ұқсайды. Бұл

кітаптар ғалымдар мен зерттеушілердің сүйеніп, негізге алатын туындылары болып табылады», – деп ой қорытқан¹³⁸.

5. Жалған хадистердің пайда болуы

а) Жалған хадистің анықтамасы

Әуел баста ислам дініне қарсы әрекет жасаушылармен бірге, ұстанған саяси топтары мен құқықтық мәзһабтарын, қауымы мен тайпаларын, соңына ерген имамдары мен басшыларын мадақтау, халифа мен әміршілеріне жағымпаздану және адамдардың дінге қызығушылығын арттыру мақсатында дін дұшпандары, жалғаншылар мен надандардың ойдан шығарған әрі сол ойдан құрастырған сөздерінің дәрежесін көтеру үшін танымал хадис жеткізушілерден тізбек тізіп, бейне бір хадис секілді, пайғамбарға жалғандықпен телінген сөздерді – жалған хадистер деп айтамыз. Жалған хадис араб тілінде – «маудуғ хадис» деп танылады. Шын мәнісінде, бұл сөздер хадис болмағандықтан хадис деп те атай алмаймыз. Бұлар жалғандықпен сипатталып, хадис ілімінде «маудуғ хадис» деген атаумен қолданысқа енген.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Менің атымнан жалған сөйлемеңдер. Кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін»*¹³⁹, – деген ескертуіне қарамастан исламның алғашқы кезінде-ақ, түрлі себептермен жалған хадистер пайда бола бастады, тіпті тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) телініп, дұрыс хадис ретінде риуаят етілді.

Жалған хадистердің ойдан шығарылуының бірнеше себептері бар. Оларды келесі бөлім еншісіне қалдырып, бұл бөлімде хадистегі жалғандықтың тарихи бастауына, яғни жалған хадистердің пайда бола бастаған кезеңіне тоқталамыз.

ә) Жалған хадистің пайда бола бастауы

Жоғарыда келген хадистің маңыздылығынан байқағанымыздай, Құран Кәрімнің тәпсірі, шарифаттың Құран Кәрімнен

¹³⁸ Док. Мехмед Шимшек, Хадис усулы және хадис мәтіндері дәріс нотлары, 14-15-б.

¹³⁹ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 107.

кейінгі тірегі болған хадис – пайғамбар (с.а.с.) заманынан, сахабалардың асқан мұқияттылығымен сақталған қасиетті бір аманат. Осылай бола тұра, хадистердің ойдан шығарылуының алғаш бастауын зерттеу барысында бұл құбылыстың пайғамбар (с.а.с.) заманында көрініс тапқан-таппағандығы жайлы сұрақ ойға оралады. Бірақ бұл ойдың негізсіз екендігін аңғару қиын емес. Өйткені, хадис ілімінің тарихына қатысты деректерден, пайғамбардың көзі тірісінде жалған хадис шығаруға жасалған әрекеттер немесе бір кісінің мұндай сорақы іске батылы барғандығы жайлы оқиғалар кездеспейді. Егер бұндай әрекеттер болса, пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі немесе сахабалары тарапынан білініп, кейінгі кезеңдерде жарияланған жалғаншылар секілді, оларды да хадис ғалымдары әшкерелеп, ондай хабарлар осы күнімізге дейін жетер еді.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер, оның ішінде Ахмад Әмин «Фәжру әл-Ислам» атты еңбегінде, пайғамбар (с.а.с.) заманында барлық хадистердің бір кітап болып, жинақталып жазылмағандығын және пайғамбардың (с.а.с.) 23 жыл бойғы сүннетін сақтап қалудың қиын іс екендігін алға тартып, жалған хадистердің пайғамбар заманында пайда болғандығын айтады. Сонымен қатар, бұл құбылыстың сол кезеңде жарық көргендігі себепті пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Менің атымнан жалған сөйлемдер. Кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін»*, – деп айтқан болатын», – дейді. Бірақ оның пікірін қуаттайтын нақты дәлелдер жоқ.

Жалған хадистердің пайғамбарымыздың (с.а.с.) заманында пайда болмағандығының бір айғағы, адалдықтары мен сенімділіктеріне тарих куә болған сахабалардың пайғамбарымызға (с.а.с.) деген кәміл сенімдерінің жалғандыққа жол беруі ақылдан алыс еді¹⁴⁰. Сол кездегі мұнафықтардың да бұндай әрекетке баруы мүмкін емес еді, себебі сахабалар жақсы таныған екі жүзділердің хадис жеткізуде ешқандай орны болмаған-ды. Әрі Құран Кәрім аяттарының түсіп тұруы олардың жасырған екі жүзділіктерін әшкере етіп, сорақы іс-әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік

¹⁴⁰ Мұстафа әс-Сibaғи, әс-Сунна, 95-б.

бермеген. Бұл тұрғыда Құран Кәрімде: **«Екіжүзділер, өздеріне байланысты жүрегіндегілерден хабар беретін бір сүренің түсуінен қорқады. (Мұхаммед с.а.с.): «Қылжақтай тұрындар. Расында Аллаһ сескенгендерінді жарыққа шығарады»** де», – делінген (Тәубе сүресі, 64).

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейін мемлекет тізгінін қолына алған екі халифа Әбу Бәкір әс-Сыддық пен Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ олардан разы болсын) хадис риуаятында көрсеткен қатаң ұстанымдары себепті, олардың дәуірінде де жалған хадис шығару әрекеттері көрініс таппаған.

Мысалы, Әбу Бәкір, пайғамбарымыздың (с.а.с.) әжеге мирастың 1/6 бөлігін бергендігін жеткізген әл-Муғира ибн Шуғбадан куәгер талап етіп, Мұхаммед ибн Мәсләмәнің куәлігінен кейін ғана хадисті қабылдаған. Омар ибн әл-Хаттаб: *«Біреулерің үш мәрте рұқсат сұрап, жауап берілмесе, кері қайтсын»*, – деген хадисті риуаят еткен Әбу Мусадан осы хадис үшін куәгер (яғни осы хадисті пайғамбардан (с.а.с.) естіген өзге бір адамның куәлігін) талап еткен. Кейін Әбу Сағид әл-Худридің куәлігінен соң барып хадисін қабылдаған. Бұл ұстаным тура жолға бастаушы төрт халифаның тұсында жалғасын табады.

Ендеше, жалған хадистердің шығуы қай кезден бастау алды?

Деректерге жүгінсек, Османның (р.а.) халифалығының соңғы кезеңінде орын алған бүліктен кейін мұсылмандар арасында әр түрлі топтар көрініс таба бастайды. Оның ішінде алғашқыда Алиге (р.а.) қарсылық білдірген харижилер мен оның имамдығын, кейбірі пайғамбарлығын, тіпті бірі тәңірлігін алға тартқан рафидилер тобы пайда болды. Сахабалардың соңғы кезеңдерінде Абдуллаһ ибн Зубейр мен Абдулмәлік ибн Маруанның әмірліктерінің тұсында – муржилер мен қадарилер, табиғиндер дәуірінің алғашқы кезеңінде, яғни Умәуилер билігінің алғашқы кезінде – жәһмилер мен мушәббиха секілді топтар пайда болды. Осы топтар өз ұстанымдарын қуаттау мақсатында, Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар (с.а.с.) хадистерін жорамалдап бұрмалай бастады. Алайда, бұл әрекеттері айтарлықтай нәтиже

бермегендіктен, олардың әр қайсысы пайғамбар атынан жалған сөйлеуге кірісті¹⁴¹.


Ғалымдар жалған хадистердің хижраның 41 жылы, яғни әділетті төрт халифаның кезеңінен кейін орын алғандығын алға тартады. Бұл пікірді доктор Субхи әс-Салих да қолдап, алғаш рет жалған хадистердің төртінші халифа Али ибн Әбу Талибтің кезеңінде, мұсылмандардың харижилер, шииттер болып, жік-жікке, саяси топтарға бөлінуі салдарынан пайда болғандығын айтады¹⁴².

Алайда ескерте кететін жайт, жалған хадистер хижраның бірінші, екінші ғасырларында айтарлықтай қатты белең алған жоқ. Өйткені бұл кезең сахабалар мен табиғиндер өмір сүрген кезең еді. Олардың дінге деген адалдығы бұндай құбылысқа жол бермесі анық.

Тарихи деректер хадиске енген жалғандықтың алғаш рет шииттер және яһудилер мен зындықтар секілді дін дұшпандары тарапынан жүзеге асқандығын көрсетеді.

¹⁴¹ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 103-104-б.

¹⁴² Док. Субхи әс-Салих, Улуму әл-хадис уә мусталахуһу, 266-б.





II БӨЛІМ
ХАДИС ІЛІМІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ
ОҒАН ӘСЕР ЕТКЕН
СЕБЕПТЕР
(хижраның II ғасыры)



I ТАРАУ. ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИСЛАМ ҚОҒАМЫ

1. Саяси жағдай

Әділетті төрт халифаның басшылығынан кейін хижраның 41-132 жылдар аралығында Умәуилер әулеті билік құрды. Халифалық әкеден балаға мұра ретінде беріліп келген Умәуилер билігіне наразылық білдірген топтар аз болған жоқ.

Олардың ішінде Алидің басшылығын алға тартқан шиттер мен халифаның мұрагерлік жолмен тағайындалуына түбегейлі қарсы болған харижилер мемлекеттегі ішкі жағдайдың тұрақсыздануына себеп болды. Бұны кейбір халифалардың билігіне қарсылық білдірген халық арасындағы толқулар үдете түсті.

Харижилер лаңкестік саясат жүргізіп, халифатқа үлкен қауіп төндіргендіктен, Умәуилер әулетінің соңғы халифасы Маруан ибн Мұхаммед әскерді өзі бастап, оларға тойтарыс береді. Бірақ олар Хижазда белсенділік танытып, хижраның 130 жылы Мәдинаны басып алып, үш ай қалада өз үкімдерін жүргізеді. Қаланы азат етуге халифа Сириядан әскер жібереді де олар Хижазды харижилерден арылтады.

Умәуилер билігінің соңында арабтар мен берберлер арасындағы қақтығыстарды пайдаланып, харижилер Солтүстік Африкада айтарлықтай жағдайды ушықтырып жібереді. Хижраның 127 жылынан бастап бұл өңірлер харижи – суффрилердің қолына өтеді¹⁴³.

Андалусияда да жағдай шиеленісіп кетеді. Аббасилердің билікті қолдарына алу мақсатында астыртын жүргізген әрекеттерінің нәтижесінде хижраның 132 жылы куфалықтар әс-

¹⁴³ Али Заде, Хроника мусульманских государств /I-VII вв. Хиджры/ с. 125-126

Саффах деп танылған Әбу әл-Аббас Абдуллаһ ибн Мұхаммед ибн Али ибн Абдуллаһ ибн әл-Аббас ибн Абдулмутталибке серт береді. Солайша Аббасилер халифатының іргетасы құрыла бастайды. Әс-Саффах билікті толықтай өз қолына алу мақсатында Маруанға қарсы Аун ибн Әбу Язид қолбасшылық еткен әскер жібереді. Оған әс-Саффахтың туыс ағасы Абдуллаһ ибн Алидің әскері келіп қосылады. Екі жақ өз-өзін бойында кездеседі. Шешуші шайқас барысында Маруан жеңіліп, Харранға қашады¹⁴⁴.

Аббасилер әскері Маруанды кудалауын жалғастырып, кейіннен Мысырға қашып барған Маруан ибн Мұхаммед хижраның 132 жылы өлтіріледі. Оның өлімімен Умәуи әулетінің билігі аяқталып, Аббасилер дәуірі басталады.

Әс-Саффах 136 жылы дүние салғаннан кейін, билік басына оның бауыры Әбу Жағфар әл-Мансұр (хижраның 136-158 жылдары аралығында халифа болды) келді. Әбу Жағфар қаталдығы және қол астындағыларға деген асқан қамқорлығымен ерекшеленді. Осы кезде халифаттың іргетасы нық орнықты. Бірақ Әбу Жағфарға бакталастық танытқан оның немере ағасы Абдуллаһ ибн Али мен Аббасилер әулетінің билікке келуіне атсалысқан Әбу Муслим әл-Хорасанидің жақтастары және халифалыққа Али ибн Әбу Талибтің ұрпағын лайық санаған шииттік топтар мемлекеттің тұрақтылығына үлкен қауіп төндірді¹⁴⁵. Дегенмен, халифа оларға дер кезінде қарсы тұра білді. Әбу Жағфар «әл-Әнбар» қаласынан бауыры Әбу әл-Аббас негізін қалап кеткен «әл-Һәшимия» қаласына қоныс аударады. Көп ұзамай Ефрат пен Тигр өзендерінің арасына мемлекет ордасы ретінде Бағдад қаласын салуға кіріседі. Ақырында биік камалдармен қоршалған, өз заманындағы теңдесі жоқ заңғар шаһар бой түзеді. Уақыт өте келе бұл қала ислам өркениетінің өзегі, көптеген ғұламаларды жетілдірген білім мен ғылым ошағына айналды¹⁴⁶.

¹⁴⁴ Ибн әл-Әсир, әл-Кәмил, V, 11-б.

¹⁴⁵ Әш-Шейх Мұхаммед әл-Худари, әд-Дәулә әл-Аббасия, 52-53-б.

¹⁴⁶ Бұл да сонда, 73-74-б.

Әбу Жағфар көз жұмғаннан кейін оның орнына келген баласы әл-Мәһди (хижраның 158-169 жылдар аралығында халифа болған) мемлекеттің ішкі саясатын реттеуді жалғастырды. Осы кезеңде Аббасилердің билігіне қарсылық білдірген Умәуи әулетінен болған Абдуллаһ ибн Маруан бастаған кейбір көтерілістер орын алды. Дегенмен, олар халифа әл-Мәһди тарапынан басылып отырды. Нәтижеде Абдуллаһ қамауға алынып, кейіннен халифаның кешірімімен босатылады. Әл-Мәһди қол астындағыларға ерекше кеңшілік танытумен қатар ислам сеніміне қайшы ұстанымдағы арамды – адал, адалды – арам қылып, ортада бүлік шығарушы зындықтар мен дінсіз топтарға асқан қаталдық танытты. Халифаның харижи басшыларымен бейбіт қарым-қатынаста болуы себепті бұл кезеңде харижилер тарапынан қауіп төнбеген-ді.

Әл-Мәһди дүние салғаннан кейін оның баласы әл-Һәди (хижраның 169-170 жылдар аралығында халифа болған) әкесінің ұстанымын жалғастырып, зындықтар мен харижилерге қарсы тұрады. Дегенмен, әл-Һәди бір жылдан астам ғана билік құрып, кейін халифалыққа бауыры Һарун әр-Рашид (хижраның 170-193 жылдары халифа болған) келеді. Ислам тарихында Һарун әр-Рашидтің дәуірі алтын әріптермен жазылды. Бұл кезеңде мұсылмандар барлық салада көптеген жетістіктерге қол жеткізген-ді. Халифа мемлекетте орын алған кейбір қақтығыстар мен келеңсіздіктерді ушықтырмай басып отырды. Шамда йемендіктер мен мударилердің арасындағы келеңсіздіктер¹⁴⁷, Хорасанда сол жердің уәлиі Али ибн Исаның қақтығыстары басылды¹⁴⁸. Сол секілді Африкадағы берберлер көтерілісі Һәрсәмә ибн Ағиянның қолбасшылығымен жаншылды¹⁴⁹.

Әр-Рашидтен кейін билік басына баласы әл-Әмин келді. Ол хижраның 193-198 жылдары аралығында билік құрды. Оның халифалығы кезінде ислам мемлекетінің шаңырағын шайқаған

¹⁴⁷ Ибн әл-Әсир, әл-Кәмил, V, 210-б.

¹⁴⁸ Бұл да сонда, V, 225-б.

¹⁴⁹ Бұл да сонда, V, 217-б.

бүліктер орын алды. Оның ішінде екі ағайынды әл-Әмин мен әл-Мәмун арасындағы түсініспеушіліктер ислам мемлекетінің бірлігіне сына қақты. Сонымен бірге Сирияда Муғауияның ұрпағынан әс-Суфияни лақабымен танылған Али ибн Абдуллах ибн Халид ибн Йәзид ибн Муғауияның көтерілісі белең алып, нәтижеде Сирия өңірі солардың билігіне кірді¹⁵⁰.

Әл-Әминнен кейін әл-Мәмун (хижраның 198-218 жылдар аралығында халифа болған) халифа болып тағайындалады. Ол мемлекеттік істерді жүргізуді өзінің жақтастарына тапсырып қойып, өзі ел басқару істеріне көп араласпады. Бағдатта халифаның жүргізіп отырған саясатына қарсы Аббаси әулеті өкілдерінің наразылығынан туындаған толқулар жиі орын алып отырды. Мұндай толқулар әл-Мәмунның өзінің мұрагері ретінде, пайғамбардың (с.а.с.) ұрпағынан саналатын Али ибн Мұсаны тағайындаған уақытында ушыға түсті. Аббасилер әл-Мәмунның тақты Алидің жақтастарына өсиет еткеніне қарсы болды. Осыған байланысты бағдаттық Аббасилер әл-Мәмунның ағасы – Ибраһим ибн әл-Мәһдиді халифа қылып жариялап, оған «әл-Мүбәрәк» деген ат қойды.

Хижраның 212 жылы халифа әл-Мәмун «Құран Кәрім жаратылған» деген пікірді ұстанған муғтазилердің ықпалына еріпкетеді. Ол ортодоксалды мұсылманғалымдары мойындамаған көзқарасты қолдап, оны тіпті мемлекеттің ресми идеологиясы ретінде жариялайды. Бұл жайт ғалымдардың келіспеушілігін тудырған соң, халифа әл-Мәмун бұл көзқарастарды мәжбүрлі түрде енгізуге әрекет қылады. Нәтижесінде, ол, пікірін қолдамаған ғалымдарды қудалай бастайды. Оның жолын кейін халифа болған бауыры әл-Муғтасим (218-227) жалғастырды. Осы үрдіс одан кейінгі кезеңдерде, әл-Уәсиқтің (227-232) халифалығы тұсында да жалғасын тауып, халифа әл-Мутәуәккілдің (232-247) билігі кезінде аяқталған болатын. Бұл оқиға ислам тарихында «мехнат» деген атпен орын алып, Ахмад ибн Ханбал сынды көптеген танымал мұсылман ғалымдары жапа шекті.

¹⁵⁰ Әт-Табари, Тарих, VII, 25-б.

2. Дінсіздік әрекеттер

а) Зындықтар

Ислам мемлекеті хижраның I-II ғасырларында кең етек жайып, құрамына бірнеше ұлттар мен ұлыстар, түрлі дін мен мәдениет өкілдері кіреді. Осы кезеңде өзге дін мен мәдениет өкілдерінен әсер алған мұсылман топтарымен қатар, кейбір дінсіз топтар да белең алды. Омардың (р.а.) халифалығы тұсында алып Парсы мемлекеті құлаған болатын. Парсылардың барлығы бірдей исламды қабылдамағандығы белгілі еді. Өйткені кейбір топтары өздерінің ескі наным-сенімдерінде қала берсе, кейбірі исламға қарсы кек сақтап дінді бұрмалап, бұзу үшін түрлі әрекеттер жасады. Осы дінсіз топтардың басында *зындықтар* тұрды.

«Зындық» сөзі сырт көзге жалпылама мұсылман болып, күшірлігін жасырған адамға таңылған. Көбіне зындықтар зороастризм, мәжуси дінін ұстанушылардан шыққан. Аббасилер дәуірінде ашықтан-ашық дінсіздікті жариялап, дұрыс сенімнен ауытқыған тұлғаларға да зындық атауы берілген.

Имам әл-Ғазали әлемнің жаратушысын жоққа шығарушы, оның әуелден өздігінен барлығын, тірі жанның ұрықтан, ұрықтың тірі жаннан жаратылғандығын, бұның ежелден осылай болып, мәңгілікке солайша жалғасатынын айтқан дінсіз *дәһрилер* тобы айтылған кезде: «Міне, зындықтар дегеніміз – осылар»,– деп, дінсіз дәһрилер мен зындықтарды бірдей суреттейді.

Ислам тарихында зындықтар Умәуилер билігінің соңына қарай пайда болған. Халифа әл-Уәлид ибн Йәзид ибн Абдулмәликтің тәрбиешісі Абдуссамад ибн Абдулаләның зындық болғандығы айтылады. Сол секілді Ибн ән-Нәдимнің айтуы бойынша, Умәуилердің соңғы халифасы болған Маруан ибн Мұхаммедтің тәрбиешісі Жағыз ибн Дирхам зындық болған. Жағыз, тағдыр мен Аллаһ тағаланың сипатына қатысты теріс пікірлер таратқаны үшін, халифа Хишам ибн Абдулмәликтің (хижраның 102-125 ж.) тұсында Ирактың әміршісі Халид ибн Абдуллаһ әл-Қасри тарапынан өлтірілген¹⁵¹. Аббасилер дәуірінде

¹⁵¹ Ибн ән-Нәдим, әл-Фихрист, 486-б; Ибн әл-Әсир, әл-Кәмил, IV, 205-б.

зындықтар көбейіп, Куфа қаласы орталығына айналды. Оған Ирактағы *зороастризм, манауи және маздаки* діндерінің өкілдері көп шоғырланғандығы әсер еткен болса керек.

Ибн ән-Нәдим сырттай мұсылман болып көрінген, бірақ дінсіздігін жасырған кейбір кәләм иелерін (мутәкәллимдер) және зындық деп айыпталған басшылар мен әміршілердің есімдерін атап өтеді. Бұдан зындықтардың қаншалықты тарағандығын аңғарамыз¹⁵².

Зындықтармен алғаш күрес жүргізген халифа әл-Мәһди (хижраның 158-169 ж.) болды. Ол Бағдат зындықтарын өлім жазасына кескен¹⁵³. Әл-Мәһдидің өлімінен кейін билік басына келген оның баласы Әл-Һәди (хижраның 168-170 ж.) әкесінің өсиетіне сай зындықтарға қарсы күресті жалғастырады. Әт-Табаридің айтуы бойынша, әл-Мәһди бір күні өзіне алып келінген бір зындыққа тәубеге келуін бұйырады, тәубеге келмеген зындықты өлім жазасына кеседі де баласы әл-Һәдиге: «Ей, ұлым, билікке келген кезінде мына дінсіздерден сақтан. Олар сырт көзге, дүниеде тақуа болып, ақырет үшін амал жасау, жамандықтан сақтану секілді жақсылыққа үндейді. Бірақ олар нұр мен қараңғылық деген екі нәрсеге табынуға шақырады. Ағайындылардың бір-біріне үйленуін, нәжіс нәрселермен жуынуды, балаларды «қараңғылықтан құтқарамыз» деген желеумен ұрлауды рұқсат етеді. Оларға қарсы қылышыңды сайлап, серігі жоқ Аллаһқа олардың көзін жоюмен жақында»,—деген¹⁵⁴. Әл-Һәди әкесінің өсиетін орындау мақсатында бірнеше зындықтардың басын алады. Дегенмен оларға қарсы қаншалықты қаталдық танытылса да зындықтар тарих сахнасынан жойылған жоқ. Тіпті, олардың саны Һарун әр-Рашидтің халифалығынан кейін, әсіресе әл-Муғтасимнің тұсында арта түсті.

ә) Рауандилер

Аббасилер мемлекетінің құрылуына үлкен еңбек еткен хорасандық Әбу Муслимнің Әбу Жағфар әл-Мансұр тарапы-

¹⁵² Ибн ән-Нәдим, әл-Фихрист, 487-б.

¹⁵³ Әт-Табари, Тарих, VI, 39-б.

¹⁵⁴ Бұл да сонда, VI, 433-434-б.

нан өлтірілуінен кейін пайда болған дінсіз топтардың бірі *рауандилер* тобы болатын. Әбу Муслим үшін кек алу мақсатында шыққан бұл саяси сипаттағы топтың исламнан тыс өзіндік бір діни ұстанымдары болғандығы белгілі. Олардың кейбірі Әбу Муслимнің өлгендігін қабыл етпей, тіпті тәңір дәрежесіне дейін көтерген. Олардың ішіндегі «Ризамия» тобы Құдай рухының Әбу Муслимге енгендігін айтқан¹⁵⁵.

Өт-Табаридің айтуы бойынша, рауандилер Әбу Муслимнің соңына ерген хорасандықтар. Олар рухтардың кірігуіне (реинкарнацияға) сенеді. Халифаны тәңір деп санайды.

Рауандилер тобын сол кездегі: зарадушт, мани, маздак сенімін ұстанушы зындықтардың қатарына қоссақ та болады.

б) Муқаннилер

Хорасаннан шыққан Ата әл-Муқанна Ризамия тобының өкілі болып, ақырында өзінің тәңір екендігін жариялаған¹⁵⁶. Ол өзінің соңынан ергендерге: «Аллаһ Адам (а.с.) бейнесіне еніп, періштелерге Өзіне сәжде жасауды бұйырды. Сол кезде Ібілістен басқа барлық періштелер Оған сәжде қылған. Сосын Аллаһ пайғамбарлардың, Али мен оның ұлдарының, кейін Әбу Муслимнің тұрпатына енген. Әбу Муслимнің өлімінен кейін өзінің бейнесіне енді», – деп насихаттайды. Осыдан кейін әл-Муқаннаның теріс пікірін мойындағандар оған құлшылық ете бастайды¹⁵⁷.

Әл-Муқанна өте көріксіз адам болғандықтан, жүзін жасыру үшін алтыннан бет-перде таққан. Адамдарға өзінің құбылып тұратындығын және нұрынан шынайы жүзін көруге ешкімнің шамасы келмейтінін айтады.

Әл-Муқаннаның соңына ергендер исламның арам еткен нәрселерін адал қылып, тіпті «арам» сөзін қолдануға тыйым салады. Намаз, ораза секілді ғибадаттарды жоққа шығарады¹⁵⁸.

¹⁵⁵ Өш-Шахрастани, әл-Миләл уә ән-нихал, I, 154-б.

¹⁵⁶ Әл-Бағдади, әл-Фарқу бәйнә әл-фирақ, 155-б.

¹⁵⁷ Бұл да сонда және Ибн Халликан, Уафаят, II, 426-б.

¹⁵⁸ Әл-Бағдади, әл-Фарқу бәйнә әл-фирақ, 155-156-б.

Әт-Табаридің айтуы бойынша, хижраның 161 жылы халифа әл-Мәһди Хорасанда әскер жасақтап, әл-Муқанна мен оның соңына ергендердің бекінісін алуға жібереді. Мұсылмандар айналасы ормен қоршалған бекіністі ұзақ уақыт қоршап, хижраның 169 жылы басып кіреді де әл-Муқанна өлтіріледі¹⁵⁹.

3. Сенім тұрғысындағы мәзһабтар

а) Жәбрилер

Ислам тарихына назар салсақ, мұсылмандар арасында тағдыр мәселесінде кейбір түсініктер орын алған. Біреулер тағдырды жоқ десе, біреулер барға санайды, ал біреулер «адам өз тағдырын өзі жасайды» деген пікірлер қалыптастырған. Себебі, Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар (с.а.с.) хадистерінде бұл мәселе қысқа-нұсқа айтылған болатын. Тіпті, пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына тағдыр жайында тартыспауды бұйырған.

Ислам мемлекетінің кеңеюімен мұсылмандардың қол астына кірген ұлттар мен ұлыстар және өзге дін өкілдері арасында тағдырға сенуден бас тартқандар болды. Олар пайғамбардың (с.а.с.) тағдыр мәселесінде пікірталасқа тыйым салғанына құлақ аспаған еді. Омар ибн әл-Хаттаб дәуірінде Омардың (р.а.) алдына бір ұрыны алып келеді. Омар (р.а.) оған: «Неге ұрлық істедің?» – деп сұрағанда, әлгі ұры: «Аллаһ осылай пешенеме жазғаннан кейін істедім», – деп жауап қатады. Омар (р.а.) ұрлық қылмысына берілетін қол кесу жазасымен қоса, оған дүре соқтырады. «Дүре не үшін соғылды?» – деп сұрағандарға, халифа Омар (р.а.): «Қолын кескенім ұрлығы үшін, ал, дүре соқтырғаным, бәлесін Аллаһқа жапқаны үшін», – деп жауап берген.

Тағдыр мәселесі ескі мәдениеттер мен діндердің ықпалымен күннен күнге ұлғая түсіп, төртінші халифа Алидің (р.а.) тұсында мұсылмандардың ұдайы күн тәртібінде тұрды. Ал, Умәуилердің билігі кезеңінде теорияда болған мұндай түсінік ақыры жаңа бір мұсылман тобының пайда болуымен нәтижеленді. Хижраның 50 жылы Жәһм ибн Сафуанның қолдауымен пайда болған бұл топ «Жәбрия» ағымы деп аталды. Жәбрия деп аталу себебі,

¹⁵⁹ Әт-Табари, Тарих, VI. 374-б.

«жәбр» араб тілінде «мәжбүрлеу», «зорлау» деген ұғымды білдіреді. Олардың түсінігі бойынша, «пенде іс-әрекет жасауға қабілетті емес және адамның өз іс-әрекетіне ешқандай қатысы жоқ. Яғни адамның іс-әрекетін Аллаһ зорлықпен жасатады. Адам өз іс-әрекетін қалауға, жасауға құқығы жоқ болғандықтан, тағдырындағы жаратылғанды мәжбүрлі түрде істеуде» деп біледі. Батыс ғалымдары бұл ағымға «Фатализм» деген ат берген.

Демек, олардың басты сенімі – «адам тағдыр бойынша өмір сүреді және адамның бір істі істеуде ешқандай таңдау еркіндігі, күш-қуаты рөл ойнамайды, тек мәжбүр ретінде істейді. Аллаһ тағала барлық нәрсені жаратқан және жаратылғандардың ешбірі Өзіне ұқсамайтын Ұлы күдірет иесі. Сол себепті Аллаһтан басқа ешкім ештеңе істей алмайды».

Бұл түсініктің іргесі ең алғаш яһудилер тарапынан қаланған. Жағыд ибн Дирхам есімді кісі бірінші болып, сол түсінікті мұсылмандар арасына жайды. Жағыд ибн Дирхам бұл теорияны Шамда бір яһудиден үйреніп, артынан Басраға барып, «жәбр» теориясын насихаттауға көшеді.

Жәһм ибн Сафуан тағдырға тәуелді болу теориясын Жағыд ибн Дирхамнан үйренген соң, жаңа бір діни топ құрды. Жәһм ибн Сафуан хорасандық болатын. Сондықтан ол өзінің ұстанған идеясын Хорасан мен оның төңірегіндегі халыққа уағыздап, сонда аяқ тіреді. Умәуи билеушілері жәбриә мәзһабының көзқарасына қарсы шықпастан, қайта қолдау көрсетеді. Өйткені, Умәуи билеушілері жасаған зұлымдықтарын тағдырға сілтеп, тағдырды кінәлауды әдетке айналдырды. Умәуилер алғашқыда бұларға қолдау көрсеткенімен, кейінірек Жәһм ибн Сафуанның Насыр ибн Саяр есімді Хорасанның әкіміне қарсы шыққандығы үшін оның билікке қарсы бас көтеруін дұрыс көрмей, хижраның 128 жылы Жәһмді өлтіреді. Жәһм өлтірілген соң, оның жақтастары Нахауәнд деген жерге қоныс аударады. Жәбриә мәзһабы осы маңайда біраз уақыт тұрақтағанымен, Матуриди мәзһабы тарапынан соққы жеп, ақырында ыдырап, жойылып кетеді.

Жәбриә мәзһабын ұстанушылар, өздерінің жолын дұрыс деп көрсете білу үшін Құран Кәрімнің:

«Егер Аллаһ қалайтын болса, оларды туралыққа жинар еді. Ендеше сен надандардан болма» (Әнғам сүресі, 35);

«Аллаһ олардың жүректеріне, құлақтарына мөр басқан әрі көздерінде перде бар» (Бақара сүресі, 7),– деген аяттарынан дәлел келтіреді.

Бұл аяттардан «Аллаһ қаласа, пенде дұрыс жолда болады, қаламаса, тозақтық болады» деген ұғым шығады. Сонымен қатар, олар дйттеген мақсаттарын жүзеге асыру жолында, пайғамбарымыздың (с.а.с.) тағдырға қатысты айтқан кейбір хадистерін бұрмалап, оларды өздеріне айғақ ретінде қолданған.

Жәһм ибн Сафуан бұнымен шектелмей, өзге де мәселелер төңірегінде өзінің пікірін білдіреді. Мысалы:

1. Жаннат пен тозақ мәңгілік емес, шегі бар. Жаратылған ешбір нәрсе мәңгілік бола алмайды, бәрінің бітер шегі бар. Мәңгілік – тек Аллаһ қана.
2. Иман ету – иман негіздерін біліп қоюмен жетерлік болады. Иман негіздерін жүрекпен қуаттау, сенгенін тілімен айту қажет емес, тек сол негіздерді біліп қойсаң жеткілікті. Ал күпірлік болса, сол негіздерді білмеуден тұрады.
3. Аллаһ тағаланың кәләм сипатын теріске шығарып, «Құран Кәрім жаратылған» деген пікірді қолдайды.
4. Жәһм Аллаһ тағаланы ешқандай бір сипатпен сипаттамайды. Аллаһты «Хаят» (тірі), «Ілім» (білуші), «Басар» (көруші) секілді сипаттармен сипаттауды дұрыс көрмейді. Себебі Аллаһ жаратылғандарға ұқсамайды. Ал, бұл сипаттар адамда бар болғандықтан Аллаһ мұндай сипаттан пәк.
5. Ақыретте Аллаһ тағаланың көрінуін қабыл етпейді¹⁶⁰.

ә) Қадарилер

Умәуи билігінің алғашқы кезеңінде «тағдыр» мен «қаза» мәселесі төңірегінде түрлі келіспеушіліктер болғандығын жоғарыда айтып өттік. Міне, осы тағдыр мәселесінде кейбір

¹⁶⁰ С. Өзбекұлы, М. Исахан, Ислам және кәләмдық мәзһабтар, 23-24-б.

мұсылмандар шектен шыққан. Жәбрия мәзһабы «адам тағдырға тәуелді, адамның амал етуде ешқандай ерік-күші жоқ» деп шықса, енді біреулер: «Аллаһ адамның ісіне араласпайды, пенденің өзі барлық ісін таңдаумен ерікті түрде жасайды, тағдыр деген жоқ» деп санады. Тағдырды жоққа шығарушы бұл топ «Қадария» деп аталды.

Қадария мәзһабының шығу тарихы жайында тарихшылар түрлі пікірлерді алға тартады. Алайда көпшілік тарихшы ғалымдардың көзқарасы бойынша, бұл ағым Ирак еліндегі Басра қаласында пайда болған. Себебі Ирак сол кезеңдерде идеологиялық тартыстың ошағына айналған еді. Міне, осындай бір кезеңде тағдырды жоққа шығарушы топ тарих сахнасында көрінді. Тағдырды жоққа шығарушы кісі Ирак тұрғыны болатын. Ол әуелі христиан болып, исламды қабылдайды да, кейіннен қайта христиан дініне өтеді. Қадарияның құрушылары болған Мағбәд ибн Халид әл-Жухәни мен Ғайлан әд-Димашқи тағдырды жоққа шығару пікірін сол адамнан үйренеді. Демек, тағдырды мойындамау, оған қарсы шығу сенімі исламның негізіне жат болып, сырттан келгендігін білдіреді. Бұл пікір осылайша мұсылмандар арасында жайылып, Мағбәд әл-Жухани мен Ғайлан әд-Димашқи сол Ирактық христианның үйренген сенімдерін насихаттауға көшеді. Мағбәд әл-Жухани өз миссиясын Ирак аймағында уағыздауға тырысса, Ғайлан әд-Димашқи Шамда жаюға талпынды.

Мағбәд әл-Жухани аз уақыттың ішінде көптеген қолдаушы жинап, Қадария түсінігін жайып үлгерді.

Умәуилер бұқара халықты өз дегендеріне көндіру үшін кей жерде күш қолданды. Сол кезде Ирак облысының әкімі, залым Хажжаж ибн Юсуф әс-Сақафидің атақты қолбасшысы Абдуррахман ибн әл-Әшғас Умәуи билігіне наразылығын білдіріп, әкімге қарсы көтеріліс жасайды. Мағбәд және оның жақтастары Абдуррахман тарапында болып, Хажжажбен шайқасты. Нәтижеде көтерілісшілер күшпен басылып, Мағбәд әл-Жухани Хажжаж тарапынан өлтіріледі.

Ғайлан әд-Димашқи болса, Шам қаласында өзінің сенімін жая отырып, дәуірінің халифасы Омар ибн Абдулазизбен тар-

тысып та қалған уақыты болды. Тіпті халифа Омар ибн Абдулазизге: «Ей, Омар! Көріп тұрсың, бірақ түсінбейсің. Қарайсың бірақ көре алмайсың. Ей, Омар сен исламның құраған түсініктері ішінде өсіп жетілгенінді біліп қой. Сүннет аяқ асты етіліп, бидғаттар көбеюде. Ғалымдар қорыққанынан ештеңе айта алмайды. Үмбетті құтқаратын имам болғандай, апатқа душар ететін имам да бар. Сен қайсы имамнансың?» – деп хат жолдаған болатын. Хатта бастан-аяқ халифа Омар ибн Абдулазизді сынады. Омар ибн Абдулазиз Ғайланды райынан қайтуға шақырады. Ақырында Ғайланды жеңіп, оның тәубеге келуіне себеп болғанда, Ғайлан тағы да халифа Омар ибн Абдулазизге: «Ей, мүміндердің әміршісі! Саған адасушы болып келдім, сен мені тура жолға салдың. Саған көр болып келіп едім, көзімді аштың. Саған сауатсыз болып келіп едім, сауатымды аштың. Аллаһпен ант етемін, бұдан кейін бұл мәселеде ештеңе айтпаймын», – деп жазады.

Алайда, халифа Омар ибн Абдулазиз қайтыс болған соң, Ғайлан әд-Димашқи ескі әуеніне қайта бастайды. Хишам ибн Абдулмалик кезеңінде тағдырды жоққа шығару сенімі Иран мен Хорасан өлкелерінде кеңінен тарап, ол жерлер Қадарияның ошағына айналады. Халифа Хишам осы аймақтан билікке қарсы айтылған сөз яки әрекеттің сыбысын естісе, қауіптің алдын алу үшін аяусыз бастырып тастап отырды.

Бұл мәзһабтың «Қадария» деп аталуы жайында ғалымдар түрлі пікірлер айтады. Сол айтылған пікірлерден ең көңілге қонымдысы – ол топтағы адамдар тағдырды жоққа шығарғандықтары үшін «Қадария» деп, яғни, «тағдырды Аллаһ жазбайды, пенде өз тағдырын өзі жасайды» деген сенімді ұстанғандықтан аталған.

Қадария ағымы Жәбриә ағымына қарсылық білдіру нәтижесінде пайда болғандықтан, олар да өз сенімдерін дәлелдеу үшін Құран Кәрім мен хадистен дәлел іздейді. Нәтижесінде:

«Расында біз оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкіршілік қылсын, мейлі қарсы келсін» (Инсан сүресі 3), – деген аят пен *«Әрбір туылған бала мұсылман болмысында туылады. Оны*

ата-анасы яһуди, христиан немесе отқа табынушы етеді»¹⁶¹, – деген хадисті негізге алады.

Сол секілді, осыған ұқсас мағынадағы аят пен хадистерді дәлел ретінде көрсетеді. Қадария ағымы уақыт өте келе жаңа пішін алып, тарихта муғтазилелерге орын береді.

б) Муржилер

«Муржи» араб тілінде «үміт ету» мағынасын білдіретін «рәжә» сөзінен шыққан. Қандай да бір істі кейінге қалдыру, Аллаһқа сілтеп, жақсылығын, ақырын Аллаһтан күтушілерге берілген есім.

Бұл ағым ислам әлемінде үлкен күнә істеген мұсылман кісілердің бұл дүниелік және о дүниелік жағдайы жайлы туындаған пікірталастар нәтижесінде пайда болды. Мұндай пікірталастар әділетті төрт халифаның төртіншісі болған Алидің (р.а.) тұсында өрбіді. Үлкен күнә істеп қойған мұсылманды харижилер «кәпір» десе, Муғтазила ағымы «пасық» деп үкім берген. Сол кезеңнің танымал ғалымы әл-Хасан әл-Басри және өзге де ғалымдар ондай кісіге «екіжүзді» деп пәтуа берді. Көпшілік мұсылмандар ондай кісіге «күнәһар мұсылман» деген үкім беріп, «ол пендені Аллаһ қаласа кешіреді немесе жазасын береді» деген бағытты ұстанады. Муржия ағымы бойынша, «күпірлікпен бірге мойынсұнудың пайдасы болмағандай, күнә істеу де иманға зиян келтірмейді».

Муржия ағымының пайда болуы мен негіздерінің қалыптасуы сахабалар тұсынан бастау алады. Османның (р.а.) халифалық кезеңінің соңына қарай халық арасында әкімдердің әділетсіздігі мен қатыгездігі өсекке айналып, астыртын ұйымдастырылған әрекеттер салдарынан халифа Осман өлтірілді. Осы оқиғалар барысында кейбір сахабалар үнсіз қалуды жөн көріп, мұндай бүліктерден аулақ тұруды, араласпауды дұрыс деп тапты. Олар Аллаһ елішісінің (с.а.с.): *«Жақында бүліктер шығады, (сол кезінде) отырған (кісі) түрегеп тұрғаннан, түрегеп тұрған, жүріп бара жатқаннан, жүріп бара жатқан жүгірушіден*

¹⁶¹ Сахих әл-Бұхари, Жаназа кітабы, 1359.

жақсырақ. Ол (бүліктер) өзіне ұмтылғанды опат етеді, сондықтан, кім олардан құтылар не паналар жер тапса, соны паналасын»¹⁶²,– деген хадисіне сүйенді.

Міне, осы түсінікті ұстанған сахабалар Османның (р.а.) кезеңінде шыққан және халифаның өлтірілуімен аяқталған бүліктерге араласпады. Сонымен қатар, олар Али (р.а.) тұсында шыққан бүліктер мен соғыстарда осы ұстанымдарын жалғастырды. Мысалы, халифа Али мен Шам әкімі Муғауия арасында болған Сыффин соғысы жайында ешқандай пікір білдірмеген. Бұл топтың ішінде Сағыд ибн Әбу Уаққас, Абдуллаһ ибн Омар, Иман ибн Хусейн сынды (Аллаһ олардан разы болсын) танымал, беделді сахабалар болған. Олар Сыффин шайқасында өлген мұсылмандар жайында ешқандай үкім айтпай, тіпті қай жақтың дұрыс, қай жақтың кінәлі екендігін де айтпай, бейтарап қалған. Өлген мұсылмандардың үкімін сұрағандарға: «Аллаһ біледі»,– деп қысқа қайырған. Аталған сахабалар секілді, кейбір сахабалардың да үлкен күнә істеген мұсылман жайында ешнәрсе айтпауы соғысқа қатысқан мұсылмандарды қатты маза-лай бастаған. Нәтижесінде, соғысқа қатысқан мұсылмандар мен үлкен күнә істеген мұсылмандар жайында ештеңе айтпастан, олардың жағдайын тек Аллаһ қана біледі деген түсінік орын алған. Бұл кейін пайда болған «үміт артушылар», «үміттенушілер» ұғымына келетін «Муржия» тобының ұстанымына сәйкес келді.

Негізінде бұл ұстаным дұрыс. Кімнің кім екендігін, ақиретте қайда баратындығын Аллаһ ғана біледі. Алайда, кейін шыққан муржилер өзгеше түсінік қалыптастырды. Олар үлкен күнә істеген мұсылманның жағдайын Аллаһқа тапсырумен шектелмей, «күнә жасаудың иманға зияны жоқ» деген пікірді ұстануға көшеді. Сенімдерін: «Иман – тілмен айту, жүрекпен қуаттау, сену және білуден тұрады. Амал ету – өз алдына бөлек нәрсе»,– деген қағидаға негіздейді.

Кейбір муржилер иманның жүректегі ұғым екендігін алға тартты. Діни үкімдерді тек білумен, сеніп қоюмен ғана шектелген муржилер үшін амал ету маңызды болмады. Олардың пікірі

¹⁶² Сахих әл-Бұхари, Фитнәлар кітабы, 7081.

бойынша, «ислам қоғамында өмір сүріп, тілімен күшірлікке барған, пұттарға табынған, христиандарға қосылып, үштік сенімде болған адам – Аллаһтың алдында кемел бір мұсылман және жаннаттық» болып табылады.

Адасушы муржия ағымы өз арасында түрлі түсініспеушілік салдарынан бірнеше топқа бөлінген. Сол топтардың бастылары мыналар: Жәмилер, Каррамирлер, Хашауилер, Нажжарилер, Мәрисилер¹⁶³. Бұл топтардың өздеріне тән діни түсініктері бар. Дегенмен бұл топтардың бәрі дерлік орта ғасырда жойылып бітті.

в) Муғтазилер

Муғтазилер – ислам тарихында өзіндік ізін қалдырған, ислам философиясының іргесін қалап, кәләм ілімін жандандырған топ.

Муғтазила ағымы Умәуилердің халифалығы тұсында пайда болып, Аббасилер дәуірінің бір кезеңдерінде ислам әлемінің ресми мәзһабы болып бекітілді. Шамамен бір ғасырдан аса өзінің ұстанған бағыты бойынша күресті.

Көпшілік ғалымдардың пікірінше, Муғтазила мәзһабының құрушысы – Уасыл ибн Ата. Ол Ирактың танымал ғалымы әл-Хасан әл-Басридің шәкірті болатын. Бұл аумалы-төкпелі уақытты бастан өткізген, қаншама жазықсыз мұсылманның қаны төгілген кезең еді. Міне сондықтан да мұсылмандар арасында «адам өлтіру секілді үлкен күнә істеген кісінің халі не болады» деген өзекті мәселе күн тәртібінде тұрды. Себебі бір мұсылманды әдейілеп өлтірудің үкімі сол, оның жазасы мәңгілік тозақта болатындығы туралы Құран Кәрімнің: **«Кімде-кім бір мүмінді әдейі өлтірсе, оның жазасы, ішінде мүлде қалатын тозақ болады»** (Ниса сүресі, 93) аятында баяндалған.

Бірде, дәріс үстінде әл-Хасан әл-Басриден: «Үлкен күнә істеген кісінің халі не болады?» – деп сұралғанда, ол: «Ондай кісі мұнафық болады»,– деп жауап қатады. Сол кезде Уа-

¹⁶³ Әбу әл-Фадыл Аббас ибн Мансур әс-Саксаки, әл-Бурхан фи мағрифати ақайыди әһли әл-әдиән, 34-39-б.

сыл ибн Ата ұстазының бұл жауабына қанағаттанбай, орнынан тұрып: «Ондай кісі мүмін де емес, кәпір де емес, екі ортадағы бір дәрежеде болады»,– деп, өз пікірін айтады да әл-Хасан әл-Басридің дәрісінен шығып кетіп, өз алдына мешітте жаңа бір дәріс алқасын құрады. Әл-Хасан әл-Басридің дәріс алқасын тастап шыққандығы үшін оған «ифтәзәлә», яғни «бөлектенді» деген ат тағылады¹⁶⁴. Нәтижесінде Уасыл ибн Атаның пікірін қолдаушылар «муғтазилелер» деп аталды. «Муғтазила» сөзі – «дараланған», «оқшауланған», «бөлектенген» деген ұғымды білдіреді.

Муғтазилелер ислам ағымдарының ішіндегі діни мәселеде ақылды көбірек қолданатындығымен ерекшеленеді. Ақылға қонымсыз деп түсінілген аят пен хадисті логикалық тәсіл бойынша түсіндіреді. Әсіресе, сенім, иман мәселелерін дәлелдеу үшін алдымен ақылды төреші етеді.

Муғтазилелердің ақылға көбірек мән беруінің себебін ғалымдар: «Муғтазилелердің көне мәдениет пен өркениеттің ошағы атанған Ирак пен Парсы аймағынан шығуы; олардың басым көпшілігі араб ұлтынан болмауы; муғтазилелердің өзге тілдердегі философиялық еңбектерді араб тіліне аударуға атсалысқан мұсылман емес адамдармен тығыз қарым-қатынас жасауы және философиялық пікірлердің оларға әсер етуі»,– деп түсіндіреді.

Бұл ағым Умәуилердің билік еткен кезеңінің соңына қарай орын алып, үкімет жағынан ешқандай қысымға ұшырамады. Өйткені, үкіметтің билігіне араласпады, халық арасында бүлік тудырмады. Дегенмен, уақыт өткен сайын ел ішінде түрлі мақсаттағы топтар шықты. Кейбіреулері өлімнен, жазадан қорқып, сырт көзге мұсылман болып көрініп, дүниелік пайда үшін немесе мұсылмандарды адастыру, алауыздық тудыру секілді, ел арасында имандарына күмән ұялататын пікірлер жайды. Аббасилер дәуірінде мұндай жайттар көптеп кездесіп, тіпті кейбір топтар халифа билігіне қарсы көтеріліс жасады. Халифа әл-Мәһди тұсында «адамның жаны адам өлген соң өзге

¹⁶⁴ Док. Субхи әс-Салих, Фи илми әл-кәләм, әл-Муғтазила, 106-б.

тәнге қонады» деген сенім Мауараннәһр аймағына тарайды. Бұл сенімді жаюшы Муқанна әл-Хорасани есімді кісі еді. Сол кісінің қолдауымен бұл сенімді ұстанушылар саны көбейіп, барлық нәрсені халал санап, елді тонап, тіпті, халифаға қарсы көтеріліс жасайды. Халифа әл-Мәһди бұл адасушы топ мүшелерін басу үшін едәуір күш жұмсады. Бірақ, қылыштың әрбір пікір мен адасушы топты жоюға дәрменсіз екендігіне көзі жетіп, оларды басқа жолмен женуді қарастырады. Нәтижесінде олардың сенімдерін, санасындағы күмәндарын Құран Кәрім аятымен әрі ақылы жолмен шешіп, шығынсыз жолмен үнін өшіре білетін муғтазилерге ашық түрде қолдау көрсетті.

Бір шетінен осы тұста, мұсылмандар арасына үнді мен грек философиясы тарала бастады. Исламнан бұрын парсы мәдениеті грек философиясының әсерінде болды. Ал, мұсылмандарға парсылар мен суриянилер арқылы енді. Өйткені, суриянилер грек философиясының мирасқорлары еді. Муғтазилер дәлел келтіру әдісінде грек философиясын көбірек қолдануға көшті.

Төрт халифа дәуірінен бастап исламды өркендету жолындағы жорықтар нәтижесінде көптеген ұлт және дін өкілдері ислам әлеміне ерікті, еріксіз бас иді. Уақыт өте келе мұсылмандар арасында зындықтар, шектен шығушы ағымдар исламды іштен жығу үшін түрлі әрекеттер жасай бастады. Осындай ағымдар мен топтарға қарсы исламның шынайылығын, ақиқатын түсіндіру үшін муғтазилер ақыл мен қисынға жүгінді. Муғтазилердің ортақ қабыл еткен бес қағидалары осындай топтармен күрес кезінде қалыптасты. *Таухид* қағидасы – Мужассима мен Мушаббиха ағымына, *адл* қағидасы – Жәһмия ағымына, *әл-уағд уәл-уағид* қағидасы – Муржия ағымына, *әл-Мәнзиләту бәйнә әл-мәнзиләтәйн* қағидасы – Муржия мен Харижилерге қарсы жауап беру үшін жүйеге келді.

Муғтазилер Аббасилер тұсында халифа әл-Мәмун муғтазилердің пікірін қолдағандықтан муғтазила ұстанымын халифалықтың ресми мәзһабы ретінде бекітіп, тікелей өзінің араласуымен халыққа осы ағымның қағидаларын күштеп қабылдатты. Әл-Мәмуннан кейінгі халифалар – әл-Муғтасимнің, әл-Уәсиқтің дәуірінде муғтазилердің алтын дәуірі болды.

Бірақ хижраның 232 жылы таққа келген халифа әл-Мутәуәккил халықтан келген шағымдар нәтижесінде муғтазилилерге қысым көрсетіп, аз уақыт ішінде оларды тарихтан ысырып тастады. Себебі, олар билікті пайдаланып, халықты өз сенімдеріне сендіруге күштеп, көнбегенді аяусыз жазалап, өлтірді.

Алайда, муғтазили деген ағым тарихтан жойылғанымен, олардың көзқарастары мен ұстанымдары кейбір топтарда өз жалғасын тапты.

Тарихта муғтазилилердің идеяларын жаңғыртушы, үндеуші ғалымдар өтті. Олардан: Башир ибн Муғтамир (хижраның 219 ж.д.с.), Әбу әл-Һузейл әл-Алләф (хижраның 235 ж.д.с.), Ибраһим ән-Наззам (хижраның 256 ж.д.с.), әл-Жахиз (хижраның 259 ж.д.с.), Әбу Али әл-Жуббәи (хижраның 303 ж.д.с.) және Қазы Абдулжаббар ибн Ахмад (хижраның 415 ж.д.с.) секілді муғтазила ғалымдарын атап өткен орынды¹⁶⁵.

¹⁶⁵ С.Сейтбеков. Орта ғасырдағы адасушы ағымдар // Ислам және өркениет. № 22 (130). – 1-10 тамыз 2008 ж. – 4-5-б.

II ТАРАУ. ЖАЛҒАН ХАДИСТЕРДІҢ ӨРШИ ТҮСУІ МЕН СЕБЕПТЕРІ

1. Саяси келеңсіздіктер

Хижраның бірінші ғасырында халифа Осман ибн Аффанның (р.а.) өлімінен кейін мұсылмандар арасында пайда болған саяси келіспеушіліктердің салдарынан бөлінулер көрініс тапты. Пайғамбар атынан жалған сөйлеу алғаш рет осы келеңсіздіктер тұсында шииттер тарапынан бастау алғаны белгілі.

Шиитер халифалыққа Али (р.а.) және оның ұрпағының сөзсіз лайық екендігін, оның Умәуилер тарапынан күшпен алынғандығына алғатартып, осы түсінік негізінде, өз ұстанымдарын қуаттау мақсатымен, хижраның бірінші ғасырының екінші жартысында жалған хадистер құрады. Сол секілді Али ибн Әбу Талибтің (р.а.) және Әһлу әл-Бәйттің артықшылығын, Алидің пайғамбар мұрагері екендігін баяндаған және Али мен оның ұлдарын халифалыққа лайық екендігін бекіткен жалған хадистер таратты.

Мысалы: Аббад ибн Абдуссамадтың «Әнәс ибн Мәликтен» деп келген риуаятында: «Пайғамбар (с.а.с.): «Періштелер маған және Али ибн Әбу Талибке жетпіс жыл бойы дұға қылған, *Лә иләһә иллә Аллаһ* куәлігі жерден көкке тек менен және Алиден көтеріледі»,– дегені айтылады. Аббад ибн Абдуссамад хадис ғалымдары арасында әлсіз әрі хадисі мойындалмайтын жеткізуші (мункару әл-хадис) ретінде танылған. Ол Әнәс ибн Мәликтің атынан бір ғана жалған хадис риуаят еткен.

Бұған қоса Ибн Адидің айтуынша, Аббад шииттердің шектен шыққан тобынан болған. Оның риуаят еткен хадистерінде Алидің артықшылығы баяндалады.

Хабба ибн Жуәйннің, «Али ибн Әбу Талибтен» деп жеткізген риуаятында, «Али (р.а.): «Осы үмбеттен ешкім Аллаһқа ғибадат

етпей тұрғанда мен Аллаһ елшісімен бірге бес немесе жеті жыл бұрын Оған (Аллаһқа) ғибадат еткенмін»,– дейді.

Ибн Жәузидің баяндауында бұл хадис жалған және Хабба шектен шыққан шииттер тобынан. Хадистің жалған екендігіне Хадишаның (р.а.) және Йәзид пен Әбу Бәкірдің (р.а.) исламға алғаш кіргендері дәлел¹⁶⁶.

Минәнің «Ибн Масғудтан» деп жеткізген хадисінде: «Жын тайпасы пайғамбарды зиярат еткен түні оның жанында болған едім. Дүние салатындығы жайлы хабар келгендігін айтты. «Халифа тағайында»,– дедім, жауап бермеді. Бір сағаттан кейін сол сөзді қайталады. Тағы да: «Халифа тағайында»,– дедім. «Кімді?» – деп айта бергені сол еді, «Али ибн Әбу Талибті»,– деп жауап бердім. Оның үстіне пайғамбар: «Жаным құдірет қолында болған Аллаһпен ант етейін, оған мойынсұнғандардың барлығы жаннатқа барады»,– деп бұйырды»,– деп келеді.

Ибн Жәузидің пікірінше, бұл хадис жалған әрі жеткізушісі Минә шииттердің шектен шыққан тобының өкілі саналады.

Осы секілді жүздеген хадис шииттер тарапынан құрастырылып пайғамбардың (с.а.с.) атынан таратылады. Сол секілді, хижраның бірінші ғасырының екінші жартысында жайыла бастаған жалған хадистер тек қана Али мен ұлдарының артықшылығын және олардың халифалыққа лайық екендіктерін алға тартумен шектелмей, халифалықты олардың қолынан күшпен алған Умәуилерді жамандап, лағынеттеуді көздеген хадистердің жаңа түрлері белең ала бастады. Осы тұрғыда Абдуллаһ ибн Масғудтан, Әбу Сағид әл-Худриден және мурсал күйінде әл-Хасан әл-Басриден бірнеше тізбектермен: «Муғауияны менің мына минбарымда (мінбе) құтпа оқығанын көрген уақыттарыңда, оны өлтіріңдер», – деген жалған хадис риуаят етіледі¹⁶⁷.

Әл-Хақим ибн Ұмәйрден риуаят етілген басқа бір хадисте пайғамбар (с.а.с.): Әбу Бәкір, Омар, Осман, Алидің халифалықтарынан риза болып, олардың өзінің жолымен

¹⁶⁶ Ибн әл-Жәузи, әл-Мәудуғат, I, 342.

¹⁶⁷ Бұл да сонда, II, 24.

жүргендігін және Аллаһтың олардың істеген істерін көретіндігін айтып, Муғауия жайында: «Сен жаман, жек көрінішті нәрсені жақсы, керемет санадың; осылайша кішілер үлкейеді, үлкендер осымен қартайды. Ажалың жақын, зұлымдығын көп», – деген», – делініп, Аллаһ елшісінің атына жалған хадис телінеді.

Әбу Баразадан риуаят етілген жалған хадисте: «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанында болған едік, сырттан бір өлең дауысы естілді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Бұл не екен, барып қарандар», – деді. Шығып қарасам, Муғауия мен Амр ибн әл-Ас өлең айтып келеді екен. Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп, жайтты жеткіздім. Ол (с.а.с.) хабарды естіп: «Аллаһым, екеуіне де бүлік бер, екеуін де отқа таста», – деді», – делінген.

Умәуилер де дұшпандарының мұндай әрекеттеріне жауапсыз қарап қалмады. Олардың жақтастары Муғауияны қорғап, жалған хадистер арқылы оның қадір-қасиетін арттыруға және артықшылықтарын алға тартуға кіріседі. Мысалы, дұшпандары тарапынан риуаят етілген: «Муғауияны менің мына минбарымда құтпа оқығанын көрген уақыттарыңда, оны өлтіріңдер», – деген сөзі Муғауияның жақтастары тарапынан: «Муғауияны менің мына минбарымда (мінбе) құтпа оқығанын көрген уақыттарыңда, оны қабылдаңдар» түрінде риуаят етілген¹⁶⁸. Ал, басқа жақтастары, дұшпандарының тарапынан айтылған «оны өлтіріңдер» мағынасындағы хадистерді дұрыс болған жағдайда да аты аталған Муғауияның Халифа Әбу Суфиян емес, басқа Муғауия ибн әт-Табут екендігін дәлелдеуге тырысып баққан.

Сол секілді, Муғауияның артықшылығы жайлы өте көп жалған хадистер пайда болады. Мысалы: «Әнәс ибн Мәликтен» деп риуаят етілген жалған хадис бойынша, пайғамбар (с.а.с.): «Жәбрейіл (а.с.) маған алтын қалам алып келіп былай деді: Алюул Әғла (Аллаһ) сәлем жолдап: «Сүйіктім, саған Муғауия ибн Әбу Суфиянға берілген Арыштың үстінен бір қалам жібердім, оны оған жеткізіп, осы қаламмен Аятул Курсиді жазуын және

¹⁶⁸ Ибн әл-Жәузи, әл-Мәудуғат, II, 27, Өйткені «оны өлтіріңдер» мағынасында келген «фақтулуһу» сөзіндегі «т» әрпінің «б» әрпімен жазылуы «фақбалуһу» «оны қабылдаңдар» мағынасын береді.

әрекеттері мен нүктелерін қоюға бұйыр. Мен оның жазған уақытынан қияметке дейінгі Аятул Курсиді оқығандар санынша Муғауияға сауап жаздым. Сол кезде пайғамбар (с.а.с.) жанында болғандарға: «Маған Муғауияны кім алып келеді?» – дейді. Әбу Бәкір тұрып, біраздан кейін оны жетектеп алып келеді. Сәлемдескеннен кейін пайғамбарымыз (с.а.с.) Муғауияға: «Иә, Әбу Абдурахман, маған жақында», – деді. Муғауия пайғамбардың (с.а.с.) жанына келді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) қаламды оған берді де: «Уа, Муғауия, мынау Раббыңның Аятул Курсиді жазуың үшін Арышының үстінен саған жіберген сыйы – қалам. Өз қолыңмен жазып, харекеттері мен нүктелерін қой, сосын маған көрсетесің. Саған осы қаламды бергені үшін Аллаһқа мадақ айтып, шүкір етемін», – деп айтты», – делінген.

Басқа бір жалған хадисте пайғамбардан (с.а.с.): «Муғауияны уахиды жазушы ретінде қолдану үшін Раббыммен кеңестім. Ол (Раббым): «Солай істе, өйткені ол сенімді», – деді», – деп келеді. Сол секілді: «Аллаһтың уахиі көкте Жәбірейілге, жерде Мұхаммед (с.а.с.) пен Муғауия ибн Әбу Суфиянға аманат етілген», – делініп, пайғамбарымызға (с.а.с.) телінген бұл жалған хадисте де Муғауия аса дәріптеледі.

«Әбу Ыурайра арқылы» деп жеткен басқа бір жалған хадисте, Муғауияның жаннатқа баратындығы: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) Муғауияға бір оқ берді де: «Бұны маған жаннатта қайтарып бересің», – деді» – деп айтылады.

Шииттер мен Умәуилер арасындағы саяси келіспеушілік салдарынан көрініс тапқан жалған хадис шығару ісіне, екінші ғасырдың басында Аббаси мемлекетін жақтаушылар қосылды. Олар өздерінің құратын мемлекеттерінің пайғамбар (с.а.с.) тарапынан қолдау тапқанын білдіру мақсатымен, Аббасилер жайлы пайғамбар атынан жалған сөйледі. Мысалы, шииттердің, Алидің атына енгізген жалған хадистері сияқты: «Пайғамбар (с.а.с.) жанында болған едік, Аббас ибн Абдулмутталиб шыға келді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны көріп: «Бұл – Аббас ибн Абдулмутталиб менің көкем, әрі ағам, әрі мұрагерім», – деді», – делінеді. Басқа бір жалған хадисте Аббастың жаннаттағы орнына ишарет етіп: «Аллаһ Ибраһимді (а.с.) халил (дос) санағаны секілді, мені

де халил санады. Қиямет күні жаннатта менің және Ибраһимнің үйі қарама-қарсы тұрады, Аббас арамызда, екі халил арасында сенімді болады»,– деп келеді.

Ибн Аббасқа таңылған бір жалған хадисте, пайғамбар (с.а.с.) Али ибн Әбу Талиб болған кезде Аббасқа қарап: «Мүлік (билік) сенің ұлдарыңда болады»,– дейді. Сосын Алиге бұрылып, оған: «Сенің ұлдарыңның ешбірі оған ие болмайды»,– деген»,– деп келтіріледі.

Сол секілді Аббастың өзіне таңылған бір хадисте пайғамбардың (с.а.с.) Аббаси халифаларының санын және бірнешеуінің аттарын айтқандығы баяндалады.

Аббасилердің артықшылығы жайлы осыншама хадистер ойдан тоқылса да олардың дұшпандары қол қусырып қалмай, оларға қарсы жалған хадистер шығарып таратады. Сәубанға телінген бір жалған риуаятта пайғамбар (с.а.с.) атынан Аббасилердің дұшпандарының тілімен: «Аббаси ұлдарының жамандық жасап, үмбетіме қара киім кидіріп қойғаны өкінішті-ақ. Аллаһ та оларға оттан киім кигізсін...»,– деген.

Міне, осылайша жалған хадистердің белең алып, жайылуына мұсылмандар арасында болған билік мәселесіндегі саяси келіспеушіліктер үлесін қосса, бірінші ғасырдың соңдарында пайда бола бастаған сенімдегі (иғтиқади) және фикһи мәзһабтармен бірге зындықтар мен дінсіздердің тынымсыз әрекеттері жалған хадистердің таралуына ерекше ықпал етеді.

2. Сенім мәселесіндегі (иғтиқади) келіспеушіліктер

Бірінші ғасырда шииттердің қолымен басталған хадистерге жалғандық телу әрекеті, сол ғасырдың соңы мен екінші ғасырдың басында орын алған сенімдегі қарама-қайшылықтар нәтижесінде пайда болған мәзһабтар арқылы дами түсті. Алғашқыда саяси сипатта көрініс тапқан жалған хадистерге, бірінші ғасырдың соңдарында түрлі мәзһабтардың сенімге (ақидаға) байланысты көзқарастарын көрсететін хадистер де қосылды. Саяси мәзһабтардағы секілді, сенімдегі мәзһабтарда негізгі қайнар көз

– діни мәтіндер болғандықтан, олар Құран Кәрім мен хадистерге негізделе отырып, жалғасын тауып отырды.

Сенімдегі мәзһабтардың исламға қайшы көзқарастарын қуаттайтын дәлелдерге мұқтаждығы – оларды жаңа хадистерді ойдан шығаруға жетеледі. Бұған хадистердің сахабалар дәуірінде Құран Кәрім секілді жүйелі түрде жинақталмауы мен сахабалардың, қысқа мерзімде кең етек жайған ислам әлемінің түкпір-түкпіріне қоныс аударуына байланысты хадистердің жайылуы ықпал етті. Өйткені бір өлкеде білінген хадис басқа бір өлкеде танылмады. Хадис жетпеген өлкеде хадиске ұқсас сөздер пайда болып, кейіннен өзге өлкелерде хадис ретінде қабылданып кетті.

Мысалы, бірінші ғасырдың екінші жартысында пайда болған муржилер үлкен күнә жасаушы турасында «Иржа», яғни «кейінге қалдыру» үкімін шығарып, өз көзқарастарын қуаттау мақсатында хадисті ойдан тоқуға кіріскен.

Жоғарыда айтқанымыз сияқты, Муржия тобы: «Иман дегеніміз – Аллаһ пен пайғамбарды білу (мағрифат). Егер, парыз ғибадат орындалмаса немесе үлкен күнә жасалған болса, оның иманға ешқандай зарары жоқ»,– деп, иманның артып-кемімейтіндігін алға тартады. Муржилер осы пікірлерін пайғамбар (с.а.с.) сөзімен қуаттау үшін, әрі өздерінің хадис мәтіндеріне сүйенгендіктерін дәлелдеу мақсатымен түрлі хадистер шығарған.

Әбу Сағид әл-Худриге (р.а.) таңылған бір риуаятта, пайғамбарымыз (с.а.с.): «Иманды «артып, кемиді» деген адамдар білсін, иманның артуы – екіжүзділік, кемуі – күпірлік. Егер олар тәубеге келмесе, бастарын алыңдар (өлтіріндер). Олар – Рахманның (Аллаһтың) дұшпаны, Аллаһтың дінін жік-жікке бөліп, күпірлікке шыққандар. Аллаһ жер жүзін олардан тазартсын. Хабардар болыңдар, олардың намаздары, оразалары мен зекет, қажылықтары қабыл болмайды. Әрі біліндер, олардың діні жоқ. Аллаһтың елшісі олардан ұзақ, олар да Аллаһ елшісінен ұзақ»,– деген.

Бұл хабарды жеткізген ибн әл-Жәузи: «Хадис жалған және оны риуаят еткен Мұхаммед ибн әл-Қасым ат-Талқанидің жалған

хадистерінен» – деп, әл-Хаким Әбу Абдуллаһтың: «Мұхаммед ибн әл-Қасым ат-Талқани – муржия басшыларының бірі және мәзһабтары атынан жалған хадис шығаратын», – деген сөздерін жеткізеді¹⁶⁹.

Әбу Мутиғ әл-Хаким ибн Абдуллаһ әл-Бәлхидің Хаммад ибн Сәләмә, Әбу Мүһәззим, Әбу Һурайра арқылы жеткізген риуаятында: «Сақиф тобы пайғамбарға (с.а.с.) келіп, иманның артып-кемуі жайлы сұрақ қойды. Пайғамбар (с.а.с.) оларға: «Жоқ (яғни, артып, кемімейді), артуы – күпірлік, кемуі – серік қосу», – деді», – деп келеді. Әбу Хатим ибн Хиббанның айтуы бойынша, хадистің жеткізушісі Әбу Мутиғ әл-Хаким ибн Абдуллаһ – сүннетке дұшпан, муржия басшыларының бірі, жалған сөйлеуші (кәззәп). Осы хадисті Осман ибн Абдуллаһ, Әбу Мутиғтан ұрлап, Хаммад ибн Сәләмәдан жеткізген. Осман ибн Абдуллаһ та – жалған сөйлеуші (кәззәп), ойдан хадис шығарушы (уаддағ)¹⁷⁰.

Әз-Заһаби, Ахмад ибн Абдуллаһ ибн Халид әл-Жуайбәридiң өмірбаяны жайлы сөз еткенде: «Ибн Адидiң түсiндiруi бойынша, әл-Жуайбәри «Каррамия» тобының басшысы Мұхаммед ибн Каррамның қалауына сай хадис шығарған. Ибн Каррам да оның жалған хадистерiн жеткізедi. Бұл хадистердiң бiрi Әбу Ханифа жайында едi, Әнәс ибн Маликтен бастау алған тiзбекпен жеткен жалған хадисте: «Үмбетiмнiң iшiнен Әбу Ханифа деген бiреу шығады және Аллаһ оның қолымен сүннетiмдi жаңғыртады», – деп келедi. Ибн Хиббан, әл-Жуайбәридi «дажжал», ән-Нәсәи мен әд-Даракутни «кәззәп» деп сипаттаған¹⁷¹.

Сол секiлдi әл-Жуайбәридiң Мұхаммед ибн Каррам үшiн ойдан тоқыған хадистерiнiң бiрi – муржилердiң иманға байланысты көзқарастарын қоштап, пайғамбар (с.а.с.) атынан: «Иман дегенiмiз – тiлмен айту, амал – оның шарифаттары, артпайды, кемiмейдi», – дейдi¹⁷². Осы тұста Каррамия тобының да иманның тiлмен айтылуы жеткiлiктi екендiгiн бекiтетiндiгiн түсiнемiз.

¹⁶⁹ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 40 б.

¹⁷⁰ Бұл да сонда, I, 38-б. Әз-Зәһәби, Мизан, I, 106-108-б.

¹⁷¹ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 39-б.

¹⁷² Бұл да сонда, I, 43-б.

Кейбір муржилер Аллаһқа серік қосумен бірге амалдың пайда бермегені сияқты, иманмен бірге күнәнің да зарар бермейтіндігін айтып, өз ұстанымдарын тізбегі пайғамбарымызға (с.а.с.) телініп «Омар ибн әл-Хаттабтан» деп жеткен: «Аллаһқа серік қосумен бірге ешбір нәрсе пайда бермегені секілді, иманмен бірге ешбір нәрсе зарар бере алмайды»,– деген жалған хадис арқылы қуаттайды¹⁷³. Бұл хадистің тізбегіндегі Мунзир ибн Заһид әт-Тағи «кәззәп» деп сипатталған.

Сонымен қатар, Ибн Хажар, әс-Суюти сынды ғалымдардың жалған хадис жинақтарында, муржилер тарапынан иманға қатысты айтылған жалған хадистерді көре аламыз.

Муржилердің өз көзқарастарын жалған хадистермен қуаттауына қарсылық білдірген топ, олардың пікірлерін жоққа шығару мақсатында және адамдарға иман турасында дұрыс пікір қалыптастыру үшін жалған хадистер шығарған. Аммар ибн Мутааррифтің «Муаз ибн Жәбәлден» деп жеткізген жалған хадисінде, пайғамбар (с.а.с.): «Иман артады және кемиді»,– дейді. Көптеген хадистанушылар Аммар риуаятының қабылданбайтындығын және оның жалған сөйлейтіндігін айтқан¹⁷⁴.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен тізбегінде Ахмад ибн Ибраһим ибн Мұса мен Сүлеймен ибн Кәрима бар риуаятта: «Әрбір үмбеттің яһудилері бар. Менің үмбетімнің яһудилері – муржилер»,– деп келеді¹⁷⁵.

Пайғамбарымызға (с.а.с.) таңылған басқа бір хадисте муржиямен бірге үш топтың адасқандығы айтылады. Бұл топтардың барлығы пайғамбарымыз (с.а.с.) дүние салғаннан кейін тарих сахнасына шыққан болатын. Әбу Сағид әл-Худриден жеткен риуаятта былай келеді: «Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаһ тағала төрт (топты) жетпіс пайғамбардың тілімен лағынеттеді. Олар –

¹⁷³ Әз-Зәһәби, Мизан, III, 169-б.

¹⁷⁴ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 36-б.

¹⁷⁵ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 276-б; Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 262-б. Сүлейман ибн Кәрима жайында әз-Зәһәби, Мизан, II, 221-б; Ахмад ибн Ибраһим ибн Муса жайында әз-Зәһәби, Мизан, I, 80-б.

Қадария, Жәһмия, Муржия және Рафидия»,– деді. Біз: «Қадария дегеніміз кімдер?» – дедік. Ол (с.а.с.): «Жақсылық Аллаһтан, жамандық Ібілістен дейтіндер, негізінде жақсылық пен жамандық Аллаһтан, кімде-кім бұдан басқаны айтса, оған Аллаһтың лағынеті болсын»,–деді. Біз: «Жәһмия дегеніміз кімдер?» – дедік. Ол (с.а.с.): «Құранды «жаратылған» деп айтқандар, шын мәнінде Құран жаратылмаған, егер кімде-кім бұдан басқа бір нәрсе айтатын болса, оған Аллаһтың лағынеті болсын»,– деді. Біз: «Муржия дегеніміз кімдер?» – дедік. Ол (с.а.с.): «Олар иманды амалсыз, тек тілмен ғана айту дегендер»,– деді. Біз: «Рафидилер дегеніміз кімдер?» – дедік. Ол (с.а.с.): «Әбу Бәкір мен Омарға тіл тигізетіндер, кімде-кім ол екеуін жек көретін болса, оларға Аллаһтың лағынеті болсын»,– деді». Бұл хадис жалған, өйткені әл-Харби мен одан риуаят еткен жеткізуші (рауи) белгісіз¹⁷⁶.

Ибн әл-Жәузи: «Бұл хадистің жалған екендігінде күмән жоқ, өйткені хадисті жеткізуші Мұхаммед ибн Иса мен оның ұстазы Мұхаммед ибн Ахмад ибн Мансұр әл-Харби белгісіз»,– дейді¹⁷⁷.

Сенім мәселесінде пайда болған мәзһабтардың шығуы салдарынан арта түскен жалған хадистер тарату ісі тек қана муржилер немесе олардың қарсыластарымен шектеліп қалмады. Қадария, Жәһмия сияқты мәзһабтар да ойдан шығарған хадистерімен өз ұстанымдарын қуаттап, насихаттады. Исламды қорғап, бұл топтарға қарсылық білдіру мақсатында кейбір білімсіз мұсылмандар да қарсыластарының жолын, яғни жалған хадис шығару жолын ұстанды.

Жоғарыда айтылған, «Құран Кәрімнің жаратылуы мәселесі, хадистанушылар мен кәләм ілімі ғалымдарының арасында қызу пікірталастарға себеп болды. Аббаси халифасы әл-Мәмунның Муғтазила мәзһабын мемлекеттің ресми мәзһабы ретінде жариялағаннан кейін, хадис ғалымдары *Құран Кәрім жаратылған* деген сенімге мәжбүрленіп, сенбегендері қамалып, ауыр жазалармен азапталды.

¹⁷⁶ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 262-б.

¹⁷⁷ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 275-276-б.

Негізінде ислам «Құран Кәрімнің жаратылуы» деген бірде-бір сенімді айтпаған болатын. Сенімдегі мәзһабтардың шығуына дейін мұсылмандар Құран Кәрімде айтылғаны секілді, Құран Кәрімнің Аллаһтың сөзі екендігіне күмәнсіз сенген, оның жаратылған, яки жаратылмағандығы жайлы ойларына да келмеген еді. Тек Жәһмия, Муғтазила сияқты мәзһабтардың пайда болуымен Аллаһтың Құран Кәрімде келген сипаттары, оның ішінде Кәләм сипатының жоққа шығарылуы, Аллаһтың сөзі болған Құран Кәрімнің жаратылғандығы жайлы сенімнің пайда болуына алып келді, әрі бұл сенімді халыққа күшпен қабылдаттыруға әрекет жасалды. Осы тұста айта кету керек, Құран Кәрімнің жаратылғандығы турасындағы сенімнің бастаушысы, әрі жақтаушысы болған Жәһмия мен Муғтазила тарапынан, бұл сенімді қуаттайтын жалған хадистердің келмеуі таңғалдырмау керек, өйткені бұл мәзһабтар дұрыс (сахих) хадистердің өзін дәлел ретінде қабыл етпеген, сондықтан жалған хадистерді де мүлдем қабылдамады. Сол үшін де хадисті қабылдамайтын адамдардың, өз көзқарастарын қуаттау үшін хадис кұрауға көп жағдайда әрекет жасамайтындығы белгілі. Сондықтан да жалған хадистер турасындағы кітаптардан Құран Кәрімнің жаратылғандығын ұғындыратын хадистерді кездестіре алмаймыз.

Сонымен бірге Жәһмия мен Муғтазилердің «Құран Кәрім жаратылған» деген пікірлерін ислами бір сенім (ақида) ретінде жариялауы, мұсылмандар арасында күшті қарсылық туындатты. Бір жақтан мәзһабтары бір ауыздан теріске шығарылса, екінші жақтан көзқарастары қатты сынға алынып, қабылданбады. Осы арада кейбір шектен шығушылар Құран Кәрімнің жаратылуы сенімін тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) телінген, ойдан тоқылған хадистер арқылы теріске шығару жолын ұстанған. Мысалы: Мұхаммед ибн Абд ибн Амир әс-Самарқандидің тізбегі Жәбір ибн Абдуллаһқа жеткен риуаятында пайғамбарымыз (с.а.с.): «Кімде-кім Құран Кәрімнің жаратылған екендігін айтса, көпір болады», – деген¹⁷⁸.

¹⁷⁸ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 107-б.

Хадистің жеткізушісі Мұхаммед ибн Абд, әз-Зәһәбидің айтуына қарай, жалған хадис шығарумен танылған адам. Сол секілді, әд-Даракутни де оның жалған сөйлегендігі мен хадис тоқығандығын айтады¹⁷⁹.

Ахмад ибн Мұхаммед ибн Харбтың Әбу Һурайрадан жеткізген бір риуаятында: «Құран – Аллаһтың сөзі. Жаратушы да, жаратылған да емес. Кім бұдан басқа бір нәрсе айтатын болса, ол – кәпір», – деп келеді. Иманның артуы мен кемуіне байланысты хадис тоқумен танымал болған Ахмад ибн Мұхаммед ибн Харб, бұл хадисті де ойынан шығарған. Ибн Хиббан ол жайлы: «Хадис шығарушы бір кәззәп», – деген¹⁸⁰.

Бұл мысалдар Құран Кәрімнің жаратылғандығын алға тартқан Жәһмия мен Муғтазилаға қарсы көрсетілген қарсылық пен көзқарастарын теріске шығарудың бір көрінісі еді. Олар пайғамбар (с.а.с.) атынан әдейі жалған сөйлеу арқылы исламға өте үлкен зиян келтіргендерін түсінбеді.

Осылайша белгілі бір топтың өз ұстанымын бекітіп, қуаттау үшін және осы сенім мәселелерінде топтардың бұрыс көзқарастарын теріске шығарып, исламды олардан қорғау мақсатында көптеген жалған хадистер жарық көріп, мұсылмандар арасында қолданыс тапқан.

3. Исламға қарсы дұшпандық

Екінші ғасырда саяси және сенімдегі келіспеушіліктер салдарынан пайда болған хадиске қатысты жалғандық жылдам өрши түсті. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде исламға қарсы кек сақтап, оны жоюға әрекет жасағандар діттеген мақсаттарына жетуде хадис тоқудан басқа шара таба алмады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде Араб түбегі ислам мемлекетінің қатарына кірсе, халифалар дәуірінде мемлекет шекарасы бір жақтан Ирак пен Сирияны, Мысыр және Солтүстік Африканы, екінші жақтан Иран мен Орталық Азияны қамтып, Үндістанға дейін созылып жатты. Исламның осылайша кең та-

¹⁷⁹ Әз-Зәһәби, Мизан III, 633-634-б.

¹⁸⁰ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 107-108-б.

рауы барысында көптеген императорлықтар мен әмірліктер құлады.

Дегенмен, ислам мемлекетінің санатына кірген өлкелердегі халықтардың барлығы бірдей өздерінің ескі наным-сенімдері мен ұстанымдарынан ажырай алмады. Ислам дінінің алып келген әділеттілігі, мейірімділігі мен бақытты өмір сүру салты, олардың исламға қарсы кек сақтап, дұшпандық етулеріне тосқауыл бола алмады. Солайша күн санап дамыған ислам әлеміне қарумен қарсылық білдіру мүмкін емес екендігін білген дін дұшпандары кек, өшпенділіктерін жасырған күйі исламға кіріп, оны іштен жығуға оңтайлы сәттерді пайдаланып қалуға тырысты. Жоғарыда айтылған зындық, дінсіздер исламға деген қарсылықтары мен өшпенділіктерін білдірмей, кейде діндар немесе исламға жақтас болып көрініп отырды. Бірақ, негізгі көздеген мақсаттары – ислам ақидасын бұзып, мұсылмандардың сенімдерінде күдік ұялатып, шүбәландыру еді. Осы мақсатта, адамның ақылына кіріп-шықпайтын, пайғамбарымыздың (с.а.с.) аузынан шығуы мүмкін болмаған мындаған сөздер тоқылды. Бұл тұрғыда танымал болған Абдулкәрим ибн Әбу әл-Аужа, Басра әміршісі Мұхаммед ибн Сүлеймен тарапынан өлім жазасына кесіліп жатқанда: «Ант етемін, мен төрт мың хадис тоқыдым және олармен халалды – харам, харамды – халал қылдым, ораза күні оразаларыңды бұзып, ауыз ашық күні ораза ұстатқыздым»,– деп мойындаған болатын. Халифа әл-Мәһди құзырына әкелінген басқа бір зындық төрт жүз жалған хадис шығарғанын, бұл хадистердің халық арасында кең тарағанын мойындаудан тайсалмаған еді¹⁸¹.

Зындықтардың жалған хадис тоқуы мұсылмандарға қауіп-қатер төндірді. Сол үшін де халифалар оларға қарсы аса сақтық танытып, тіпті өлім жазасына да кесіп отырса, хадистанушы ғалымдар, олардың хадистерін анықтап, мақсаттарын жүзеге асырмай, ислам ақидасын зындықтардың кесірінен сақтауда негізгі қорған болды.

¹⁸¹ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 37-38-б; Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, II, 468-б.

Ибн Хиббанның зындық деп танытқан Аюб ибн Абдуссәлам, Әбу Бәкір мен Ибн Масғудтың атынан: «Аллаһ ашуланған уақытта Арышы үстінде толысып, үлкейеді, солайша өзін көтерген нәрсеге ауыр келеді», – деген жалған хабарды жеткізеді¹⁸².

Мәдайында «Исхақия» деп аталатын топтың басшысы болған Исхақ ибн Мұхаммед ән-Нахаи әл-Ахмар – Алидің тәңір екендігіне сенген және сол үшін хадис тоқыған бір зындық еді. Ол Алиден пайғамбарымыздың (с.а.с.) піл суретіндегі бір шайтанмен кездесіп, оны лағынеттегендігін және Алидің (р.а.) шайтанды өлтіру үшін оның үстіне секіргендігін, әрі оның шайтанмен болған талас-тартыс барысында пайғамбардың (с.а.с.) беделін түсіргендігін жеткізеді. Бұл зындық турасында әз-Зәһәби жеткілікті мәліметтер береді¹⁸³.

Әбу Жағфар әл-Мансұр тарапынан дарға асылған Мұхаммед ибн Сағид жасырыну немесе адамдарды шатастыру үшін бірнеше атпен танылған кәззәп болатын. Ол кейбір тізбектерде: Мұхаммед ибн Хасан, кейде Мұхаммед ибн Әбу Саһл, Мұхаммед ибн әт-Табари, Мұхаммед Мәула Бәни Нәшим, Мұхаммед әл-Урдуни, Мұхаммед әш-Шами секілді түрлі есімдермен келген. Ахмад ибн Ханбал, оның әдейі жалған хадис тоқығандығын және Әбу Жағфар тарапынан зындық болғандықтан дарға асылғандығын жеткізеді.

Сол секілді оның риуаят еткен бір хадисінде, пайғамбарымыз (с.а.с.) қой сойып, терісін сыпырғалы жатқан біреуге, оның қалай жасалу керек екендігін көрсету үшін, қолын қойдың терісі мен етінің арасына сұғып, терісін сыпырған. Осы кезде қолы мен киіміне жағылған қан мен ет бөлшектерін тазартпаған күйі адамдармен бірге намазға тұрғандығы айтылады.

Әнәс ибн Мәликке телінген және бір жалған хадисінде: «Мен пайғамбарлардың ақырғысымын, бірақ Аллаһ қаласа, менен кейін пайғамбар болады», – деп келеді.

Ән-Нәсәйдің айтуынша, жалғандығы мен хадис тоқудағы әрекеттері барлық хадистанушы ғалымдарға белгілі болған

¹⁸² Әз-Зәһәби, Мизан, I, 290-б.

¹⁸³ Бұл да сонда, I, 196-198-б.

Мұхаммед ибн Сағид – осы салада ең көп танылғандардың бірі. Ән-Нәсәи бұл тұрғыда: «Хадис шығарумен танымал болған кәззәптар Мәдинада – Ибн Әбу Йахия , Бағдатта – әл-Уақиди, Хорасанда – Муқатил ибн Сүлеймен және Шамда – Мұхаммед ибн Сағид»,– деген¹⁸⁴.

Мұхаммед ибн Шужаның тоқыған бір хадисінде: «Аллаһтың бірінші бір атты жаратып, сосын оны жостыратындығы, шапқан аттың терінен өзінің нәпсісін жаратқандығы» айтылған¹⁸⁵.

Хаммад ибн Йәзид: «Зындықтар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) атынан он төрт мың жалған хадис шығарды»,– дейді.

Зындықтар осылайша жалған хадистермен исламға кемшілік таңу арқылы мұсылмандарды күмәндандыруға әрекет жасады. Алайда, хадис ғалымдарының ерен еңбектерінің арқасында дін дұшпандарының әрекеттері, тіпті жалған хадистерінің тізбегі ең сенімді адамдардан құрылса да айқындалып отырды. Өйткені ақылға қайшы, шарифатқа жат мағыналар уахиді ғана айтатын адамзаттың ардақтысы пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзінен алыс еді.

4. Ұлтшылдық пен мәзһаб бірбеткейлігі (таассубы)

Мәзһаб бірбеткейлігі (таассубы) дегеніміз – белгілі бір ұстанымды ғана дұрыс санап және оған бар ынтасымен беріліп, басқа ұстанымдарды теріске шығару. Яғни өз ұлты мен тайпасын немесе ұстанған жолын жақсы көруде шектен шығу. Ол сол секілді адамның өз тілін, не белгілі бір тұлғаны аса жақсы көру себепті де орын алуы мүмкін.

Умәуилер мен Аббасилер тұсында ислам мемлекеті кең етек жайып, көптеген басқа ұлттар ислам мемлекетінің қол астына кірді. Ислам діні әу баста арабтарға келіп, осы діннің алғаш таралуы олар арқылы жүзеге асты. Алайда, уақыт өте араб емес ұлттар да ислам ілімдерінің қалыптасып, дамуына зор үлес қоса бастады. Тіпті, алғашқы кездің өзінде-ақ, араб емес ұлт өкілдерінің ішінен біраз танымал ғалымдар шықты. Мысалы: Ибн Аббастан

¹⁸⁴ Бұл да сонда, III, 561-563-б; Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 47-48-б.

¹⁸⁵ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 105-б.

білім алған, тәпсір риуаят етумен танылған меккелік ғалымдар – Мужаһид ибн Жәбир (хижраның 104 ж.д.с.), Икримә (хижраның 109 ж.д.с.), Ата ибн Әбу Рабах (хижраның 114 ж.д.с.). Куфа ғалымдарынан – Сағид ибн Жубейір (хижраның 95 ж.д.с.), Басра ғалымы – әл-Хасан ибн Йәсар (хижраның 110 ж.д.с.). Сол секілді осы қатарға әкесі араб, анасы өзге ұлттан болған: Салим ибн Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттаб (хижраның 106 ж.д.с.), әл-Қасым ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір әс-Сыддық (хижраның 107 ж.д.с.), Али ибн әл-Хусейн ибн Али ибн Әбу Талиб (Зейну әл-Абидин) (хижраның 99 ж.д.с.) сынды танымал тұлғаларды да жатқызуға болады.

Кейбір арабтар тектілігі мен исламға сіңірген алғаш еңбектерін желеу етіп, пендешілікпен ұлтшылдық сезіміне бой алдырып, өздерін өзге мұсылман ұлттарынан жоғары бағалады. Бұндай көріністерді кейбір деректерден көруге болады. Тіпті, олар бұндай әрекетті ислам дінінің құптамайтындығын түсіне тұра өздерінің басқалардан артықшылығы мен үстемдігін білдіру мақсатымен пайғамбар (с.а.с.) атынан жалған сөйлеуден де қаймықпады. Мысалы: Алиге телінген, тізбегінде Анбәзә ибн Абдуррахман¹⁸⁶ атты жеткізушісі бар келесі хадисте: «Адамдардың жақсысы – арабтар, арабтардың жақсысы – құрайыш, құрайыштың жақсысы – һашим ұлдары. Араб еместердің жақсысы – парсылар, түстердің жақсысы – сары, бояулардың жақсысы – қына..»¹⁸⁷, – деп келеді. Сол секілді Йахия ибн Йәзид тізбегі Ибн Аббастан жеткен: «Арабтарды мына үш нәрсесі үшін жақсы көріндер: Мен арабпын, Құран араб тілінде, жаннаттың тілі араб тілі»¹⁸⁸, – деген хадисті келтіреді.

Өзге ұлт өкілдері оларға қарсылық ретінде немесе өздерінің абыройын көтеру мақсатында тілдерінің, кейде елді мекендерінің артықшылығын көрсететін, мысалы: «Жаннаттың тілі – парсы тілі», – деген жалған хадистер шығарды. Оларға

¹⁸⁶ Әл-Бұхари Анбәзә ибн Абдуррахман жайлы «тәрәкуһу», «зәһибу әл-хадис» деп одан хадис алынбайтындығын айтса, Әбу Хатим оның жалған хадис шығарғандығын айтқан.

¹⁸⁷ Ибн Аррақ, Тәнзиһу әш-Шарифати әл-марфуға, II, 36-б.

¹⁸⁸ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 442-б.

қарсылық білдірушілер қарап қалмай: «Аллаһтың алдындағы ең жеккөрінішті тіл – парсы тілі, жаннат тілі – араб тілі»,– деп жалғандықпен жауап берген¹⁸⁹.

Сол секілді кейбір қалалар мен елді мекендердің артықшылығын алға тартып, кейбір қалаларды төмен санап, жаман көрсететін хадистерді де кездестіре аламыз. Мысалы: «Әбу Һурайрадан (р.а.)» деп жеткен хадисте: «Қалалардың ішіндегі төрт қала жаннаттың қаласы болса, төрт қала тозақтың қаласы. Жаннаттың қалалары: Мекке, Мәдина, Бәйту әл-Мақдәс (Кудус), Дамаск, ал тозақтың қалалары: Константинополь (Стамбул), әт-Табария, жанған Антакия, Сана»,– деп келеді¹⁹⁰. Бұндай хадистердің пайда болуына ұлтшылдық сезімі, ислам халифаты орталығының ауысуы секілді себептер әсер еткен. Бұл тұрғыда, яғни өзге қалалар мен өлкелердің артықшылығы жайлы көптеген жалған хадистерді кездестіруге болады.

Сонымен қатар белгілі тұлғаларға қатысты хадистер ойдан құрастырылған. Әсіресе, бұл құбылыс хижраның III ғасырында, фикһи мәзһабтардың шығуымен орын алды. Кейбір имамдардың соңына ергендер еліктеушілікте шектен асып, имамын мақтау мақсатында өзге имамдарға тіл тигізетін жалған хадистер ойлап тапқан. Оған Әнәс ибн Мәликке телінген: «Менің үмбетімнен Мұхаммед ибн Идрис деген кісі келеді, ол үмбетіме ібілістен де бетер зиянды болады және үмбетімнен Әбу Ханифа деген кісі келеді, ол – үмбетімнің шамшырағы»,– деген хадисті айтуға болады. Бұл хадистің тізбегіндегі Мәмун мен Ахмад ибн Абдуллаһ әл-Хуайбәри жалған хадис шығарумен танылған. Сол секілді Әбу Һурайраға телінген: «Менің үмбетімнен Нұғман есімді, Әбу Ханифа лақап атында біреу келеді, ол – үмбетімнің шамшырағы»,– деген жалған хадис те кездеседі. Әл-Хаким бұл хадистің тізбегіндегі Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Сағид әл-Марузи әл-Бурқидің жалғаншы екендігін айтады¹⁹¹.

Адамдардың арасын алалауға негізделген хадистер де ойдан шығарылған. Қара нәсілділерге қатысты шығарылған жалған ха-

¹⁸⁹ Док. Мұхаммед Ажжаж әл-Хатиб, Усул әл-хадис, 422-423-б.

¹⁹⁰ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 460-б.

¹⁹¹ Бұл да сонда, I, 457-б.

дисте: «Қара нәсілділерден қайыр жоқ, аш қалса, ұрлық жасап, қарны тойса, зина жасайды», – делінген¹⁹².

Осы орайда аптаның белгілі күндерінің артықшылықтары жайлы келген жалған хадистерді де айта кетуге болады. Мысалы, Әбу Һурайраға телінген жалған хадисте: «Сенбі күні – айла мен алдау күні, өйткені құрайыш бұл күні айла жасауды қалаған және Аллаһ тағала оларға қатысты: **«Кәпірлер саған айла жасауды қалайды»**, – деген (Әнфал сүресі, 30) аятын түсірген. Жексенбі – құрылыс жүргізіп, ағаш егетін күн, өйткені жаннат осы күні көгеріп, гүлденген. Дүйсенбі – сауда мен сапарға шығатын күн. Сейсенбі – қанды күн, өйткені Адам баласы бауырын осы күні өлтірген. Сәрсенбі – бақытсыздық күні, өйткені осы күні Аллаһ Ад қауымына дауыл азабын жіберді, Перғауын осы күні дүниеге келіп, осы күні өзінің тәңір екендігін жариялаған, Аллаһ осы күні оның көзін құртқан. Бейсенбі – патшаның алдына баратын және қажеттіліктерді өтейтін күн, өйткені осы күні Рахманның досы Ибраһим (а.с.) Мысыр патшасының алдына барды, жұбайын оған қайтарды және қажеттіліктерін өтеді. Жұма – құда түсіп, үйленетін күн, өйткені пайғамбарлар жұма күнінің берекетіне сай қыз айттырып үйленген», – деп келеді¹⁹³.

Осылайша, әрбір ұлт пен белгілі бір ұстаным иелері өз ұлттары мен тілдерін, жақсы көрген қалалары мен сүйікті тұлғаларын, тіпті өздеріне лайықты апта күндерін мадақтап, артықшылығын айтуда пайғамбар атынан жалған сөйлеуден тайынбаған.

5. Қиссашылар немесе күнкөріс қамы үшін жалған сөйлеушілер

Туралықтың тұғырын берік ұстаған төрт халифа дәуірінен кейін, мешіттерде «қуссас», яғни «қиссашылар» деп танылған кейбір тұлғалар, жиналған жұртқа уағыз, насихат айтуды әдетке айналдыра бастаған. Бірақ олардың кейбірі уағыз-насихат айтумен қатар, адамдардың назарын өздеріне аударып, халық алдын-

¹⁹² Бұл да сонда, I, 444-б.

¹⁹³ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, I, 48-б.

да көзге түсуді көздеген. Сөйтіп, уағыз-насихаттарын дүниелік атақ пен мансапқа қол жеткізудің құралына айналдырған. Діттеген мақсаттарына жетуде адамдардың сезімдерін оятудың маңыздылығын түсінген олар, халықты толқыта уағыз айтып, кейде әсерлендіре отырып жылатқан. Олардың адамдарға өте жақсы әсер ететін уағыздары жаннат пен тозақ жайлы, ондағы сансыз нығметтер мен азаптар турасындағы әңгімелер болатын. Құран Кәрімде және пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен дұрыс хадистерде жаннат пен тозақ жайлы берілген мағлұматтар жетерлік болса да, олар оны місе тұтпай, жұртты одан да бетер толқытып, үрейлендіріп жылатудың жолдарын қарастырған. Сөйтіп мақсаттарына жалған хадистер шығару арқылы ғана жетуді жөн санаған.

Солайша, мешіттерді жағалаған атаққұмар қиссашылар салдарынан көптеген жалған хадистер дүниеге келіп, пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзі ретінде халық арасына кең таралған.

Осы тұста тізбегі Али ибн Әбу Талибке жеткен жалған хадисті мысал ретінде келтірейік. Онда: «Жаннатта үстінен киімдер, астынан ала-құла (шұбар) ат шығатын бір ағаш өседі. Ері алтыннан, ауыздығы жақұттан жасалған бұл аттың қаннаттары бар әрі ол ішіп жемейді, іш босатпайды. Аллаһтың әулие пенделері оның қанаттарының үстіне отырып, қалаған жерлеріне бара алады. Ал олардан әлдеқайда төмен тұрғандар: «Иә, Рабб, бізді де мейіріміңе бөлей гөр! Оларды осы мәртебеге шығарған не нәрсе?» – дейді. Аллаһ тағала оларға: «Сендер ауыз ашып жүргенде, олар ауыз бекітті, сендер түнде ұйқыда болғанда, олар намаз оқитын, сендер сарандық танытқан уақытта, олар жомарттық көрсетті, сендер қорқыққан кезде, олар дұшпанға қарсы жиһадқа шықты», – дейді¹⁹⁴. Ибн әл-Жәузи осы хадисті: «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) атынан тоқылған жалған хадис», – дейді. Оған мына үш олқылық дәлел бола алады: Бірінші, тізбекте сахабаның аты аталмаған (мурсал). Али ибн әл-Хусейн, Али ибн Әбу Талибтің заманында өмір сүрмеген. Сондықтан хадисті одан алғандығы дұрысқа са-

¹⁹⁴ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, III, 255-б.

налмайды. Екінші, тізбегінде Мұхаммед ибн Маруан әс-Судди бар. Ол – жалған сөйлеуші (кәззәп), хадисі қабылданбайтын (мәтруку әл-хадис) деп танылған. Үшінші, тізбекте Сағид ибн Тариф болғандықтан, хадис жалған. Ибн Хиббан оны «қажеттілік туындаған кезде дереу ойынан хадис шығара салатын біреу» деп таныстырады.

Ибн әл-Жәузидің жеткізуі бойынша, бір күні Ахмад ибн Ханбал мен Йахия ибн Мағин әр-Русафа мешітінде намаз оқып болғаннан кейін бір қиссашы шығып: «Бізге Ахмад ибн Ханбал мен Йахия ибн Мағин риуаят етті, оларға Абдурраззақ Муаммардан, Муаммар Қатададан, Қатада Әнәстан, Әнәс Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Кімде-кім «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтса, Аллаһ бұл сөздің әр сөзінен бір құс жаратады. Бұл құстың тұмсығы алтыннан, қауырсындары маржаннан...»,– деп айтқанын естігені туралы уағыз айта бастайды. Қисса айтушының бұл риуаяты 20 парақты қамтыған еді. Осы сөздерді естіген Ахмад ибн Ханбал Йахия ибн Мағинге қарайды, Йахия ибн Мағин болса, Ахмад ибн Ханбалға қарап: «Сен оған осындай бір риуаят еткен бе едің?» – деп сұрайды. Сонда досы оған: «Аллаһпен ант етейін бұл сөздерді осы жерде бірінші рет естіп отырмын»,– деп жауап береді. Қиссашы әңгімесін аяқтағаннан кейін өзіне ұсынылған сыйлықтарды алып, кейін келетін жамағатты күтіп отырған кезде, оны Йахия ибн Мағин қолымен ишарат етіп шақырады. Қисса айтушы сыйлық алуға үміттеніп, жылдам жанына келеді. Йахия одан: «Бұл хадисті саған кім риуаят етті»,– деп сұрайды. Қиссашы: «Ахмад ибн Ханбал мен Йахия ибн Мағин»,– деп жауап береді. Йахия оған: «Мен – Йахия ибн Мағинмін, ал мынау – Ахмад ибн Ханбал, біз пайғамбарымыздан жеткен (с.а.с.) бұндай хадис естіген емеспіз»,– деп қадала қарайды. Қиссашы: «Ибн Мағиннің ақымақ екендігін естімеген едім, бірақ соған қазір көзім жетті»,– дейді. Йахия: «Менің ақымақ екендігімді қалай білдің?» – деп ашулана түседі. Қиссашы: «Дүниеде сендерден басқа Йахия ибн Мағин мен Ахмад ибн Ханбал жоқ деп

ойлайсыңдар ма? Мен он жеті Ахмад ибн Ханбал мен Йахия ибн Мағиннен хадис естідім», – деп жауап береді¹⁹⁵.

Кейбір қиссашылар естіген бір хикаяға немесе жалған бір хадиске ойдан тізбек тізіп, халыққа жеткізеді. Бұған Ибн әл-Жәузидің Әбу Хатимнен риуаят еткен бір хабары айқын дәлел болады. Әбу Хатим: «Раққа мен Харран ортасындағы Ериван дейтін бір кентке келіп, мешітте намаз оқыдым. Намаз біте салысымен алдымызда отырған бір жас жігіт тұрып, *хаддәсәнә Әбу Халифа* (Бізге Әбу Халифа айтты) деп, пайғамбарымызға (с.а.с.) телінген бір тізбекпен: «Кімде-кім бір мұсылманға қол ұшын берсе, Аллаһ та оған солай істейді», – деген мағынада бір хадисті түсіндіре бастады. Сөзін аяқтағаннан кейін одан: «Әбу Халифаны көрдің бе?» – деп сұрадым. Қиссашы: «Жоқ», – деді. Мен оған: «Оны көрмей тұрып, одан қалайша риуаят етесің?» – дегенімде, ол: «Бізбен пікірталастыру адамгершіліктің аздығын білдіреді. Мен тек осы тізбекті ғана білемін. Бір хадис естіген болсам, тек осы тізбек арқылы жеткіземін», – деп тіл қатады¹⁹⁶.

Әрдайым қисса, хикая айтып жатыққан қиссашылар уағыз айтуда алдарына жан салмай, тізбегі пайғамбарымызға (с.а.с.) телінген ғажайып хикаяларымен халықты тартып, өздеріне сендіре білгендіктен, олар арқылы көптеген жалған хадистер жайылды. Сондықтан Ибн әл-Жәузи хадиске келген ең үлкен бәленің – пайғамбар (с.а.с.) атынан жалған сөйлеу – теріс әрекет әрі күнә екендігін көрмеген қиссашылар тарапынан келгендігін айтады.

6. Тәрғиб және тәрһиб (дінге шақыру)

Саяси және сенім тұрғысындағы келіспеушіліктер салдарынан туындаған қарама-қайшылықтар уақыт өте өршіп, мұсылмандар арасында жік-жікке бөліну арта түсті. Бұның ислам құндылықтарының бірі – ауызбіршілікке кереғар құбылыс екендігі күмән тудырмайды әрі дінге зияны тиіп, мұсылмандардың, исламның ішкі, сыртқы дұшпандарының ал-

¹⁹⁵ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 46-б.

¹⁹⁶ Бұл да сонда I, 47-б.

дында әлсіздік танытуына алып келді. Сондықтан бұл жайт әрбір шынайы мұсылманды бейжай қалдырмай, мұсылмандардың бірлігін сақтау жолында аянбай әрекет етуіне түрткі болды. Әрине бұл – діннің ғибадат, сенім мәселелерінде пайғамбардың (с.а.с.) салған сара жолын басшылыққа алумен жүзеге асты.

Келіспеушіліктер мен дұшпандық салдарынан бөлінулерге айқара есік ашқан хижраның екінші ғасырында кейбір мұсылмандар діндар, тақуа бола тұра, өздерін надандықтың азуынан аман сақтап қала алмады. Халықты исламның әмірлеріне шақырып, тыйғандарынан тыю үшін Құран Кәрім мен дұрыс хадистерде келген үкімдермен шектелмей, ойдан жаңа хадистер шығара бастады. Олар осы әрекет астарында «ислам діні толыққанды кәміл емес» деп айыптау мен жалған жала жабудың желі есіп тұрғанын парықтамаған да еді.

Демек, олардың бұл әрекеті бейне бір «Ислам діні толық емес, кемелдендіруге мұқтаж, біз болсақ осы хадистер арқылы оны толықтырамыз»¹⁹⁷ дегенге келіп саятындай.

Мұсылмандарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан сақтау мақсатымен хадис шығарғандар әртүрлі тақырыптарға қатысты жалған хадистер құрастырды. Мысалы, осы тақырыптардың бірі – Құран Кәрім сүрелерінің артықшылықтарына қатысты. Үбәй ибн Қағыбтан жеткен риуаятта: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салар жылы Құранды маған екі мәрте оқыды және Жәбірейілдің (а.с.), өзіне (Аллаһ елшісіне), маған оқып беруі үшін бұйырғандығын айтып оның сәлемін жеткізді. Мен пайғамбарымызға, Құранның сауабы жайында, Аллаһ тағаланың үйреткендерінен маған да білдіруін сұрадым. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Иә, Үбәй, бір мұсылман Фатиха сүресін оқыған уақытта, оған Құранның үштен бірін оқығандай сауап жазылады. Кімде-кім Бақара сүресін оқыса, барлық ер және әйел мұсылмандарға садақа бергендей сауап табады. Кімде-кім Әли Имран сүресін оқыса, оған сүренің әрбір аяты үшін тозақ көпірінен қауіпсіз өту мүмкіндігі беріледі. Кімде-кім Ниса сүресін оқыса, оған барлық мұрагерлеріне садақа бергендей сауап болады. Кімде-кім Мәйда сүресін оқыса,

¹⁹⁷ Әс-Суюти әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, II, 469-б.

сол үшін оған он сауап жазылып, он күнәсі кешіріледі. Сонымен қатар жер бетіндегі яһудилер мен христиандар санындай он есе дәрежесі көтеріледі. Кімде-кім Әнғам сүресін оқыса, оған жетпіс мың періште дұға қылады...», – деді», – деген. Осы секілді Құран Кәрімнің соңына дейін барлық сүрелердің сауабы айтылған.

Бұл хадис турасында Ибн әл-Жәузи *әл-Маудуғат* атты кітабында: «Әбу Исхақ әс-Сағлаби тәпсір кітабында осы хадисті бөліп, әр сүренің басында келтірген. Әл-Уахиди де сол секілді істеген. Олардың бұл хадисті тәпсірлерінде келтіргендеріне қайран қалам, өйткені олар хадис мамандары емес-ті. Бірақ бір таңғаларлығы – Әбу Бәкір ибн Әбу Дәуіттің, бұл хадистің ақылға қонымсыз екендігін біле тұра, Құран Кәрімнің артықшылықтарына қатысты жазған еңбегінде бөліп бөліп жеткізгені», – деп айтқан.

Құран Кәрім сүрелерінің артықшылықтарына қатысты бұл хадистің ойдан шығарылғандығына ешбір күмән жоқ. Ибн Хиббанның түсіндіруі бойынша, «тізбегіндегі Махләд ибн Абдулахидтің хадисі қабылданбайды және сенімді хадис жеткізушілердің хадистеріне қайшы риуаятымен ерекшеленеді»¹⁹⁸.

Хадистің мәтіні де оның ойдан шығарылғандығын танытады. Өйткені ондағы барлық сүрелердің артықшылығы жайлы айтылған сөздер пайғамбар (с.а.с.) сөздерімен үйлесімділік таппайды.

Тағы бір айғақ, сүрелердің артықшылығы турасындағы хадисті Мәйсара ибн Абдураббих де риуаят еткен. Ол – жалған хадис шығарумен танылған кісі. Тіпті оны өзі де мойындаған. Абдуррахман ибн әл-Мәһди оған: «Мына сүрені оқыған адамға осынша сауап бар» деген хадисті қайдан алдың?» – дегенде, Мәйсара: «Адамдардың Құран оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін ойдан шығардым», – деп жауап берген¹⁹⁹. Оның жалған хадис шығарумен айналысқандығын Ибн Хиббан мен Әбу Дәуіт растайды.

¹⁹⁸ Ибн әл-Жәузи, *әл-Маудуғат*, I, 239-240-б; Өз-Зәһәби, Мизан, IV, 83-б.

¹⁹⁹ Бұл да сонда, I, 40, 240-241-б; Өз-Зәһәби, Мизан, IV, 230 -232-б.

Адамдардың жақсы істерге деген қызығушылығын арттыру үшін хадистер шығарылғандығы сияқты, жаман істерден тыю мақсатында да көптеген жалған хадистер пайда болды. Мысалы: Адамды ақылынан алжастыратын ішімдіктерден тыю. Ол Құран Кәрім аяттарында және пайғамбарымыздың (с.а.с.) дұрыс хадистерінде харам қылынған. Кейбір адамдар осындай анық әрі нақты тыйымдарды місе тұтпай, мұсылмандарды ішімдіктен тыю үшін жалған хадистер шығарды. Тізбегі Абдуллаһ ибн Омардан бастау алатын: «Кімде-кім ішімдік ішіп алып, намаз оқыса, оның жеті уақыт намазы қабыл болмайды әрі осы күйінде дүние салса, кәпір болып өледі. Егер парыздар ойына кіріп шықпаса, қырық күн намазы қабыл болмайды әрі осындай жағдайда дүниеден өтсе, кәпір болып өледі»²⁰⁰,– деп айтылған жалған хадис риуаят етіледі.

Абдуллаһ ибн Омарға телінген тағы бір хадисте: «Ішімдік ішкен адамдармен бір жерде отырмандар, науқастарының көңілін сұрамаңдар, жаназаларына бармаңдар, өйткені ішімдік ішкен адам қиямет күні жүзі қарайған, тілі кеудесіне оралған, сілекейі ағып, көрген адамды жеркендіретіндей бір түрде тіріледі»,– деп келеді²⁰¹.

Бағдат қаласының тақуа діндарларының бірі – Ахмад ибн Мұхаммед Ғулам Халил (хижраның 275 ж.д.с.), білім иесі ретінде де өте танымал болған. Ғулам дүние салған кезде, Бағдат көшелерінде адамдардың көптігінен қозғалыс тоқтаған, мәйіті Басрада жерленген²⁰². Хадис ғалымдары одан хадис алынбайтындығын бір ауыздан айтқан. Ол, одан оның риуаят еткен хадистері жайлы сұраған Әбу Абдуллаһ ән-Ниһауандиге адамдардың жүрегін елжірету мақсатында жалған хадистер шығарғандығын айтқан²⁰³. Оның тоқыған хадистерінің бірі Әбу Сағид әл-Худриге телінген. Бұл хадисте: «Кімде-кім бір баланы құмарлықпен сүйсе, оны Аллаһ лағынеттейді, құмарлықпен қолына алса, намазы қабыл болмайды, құмарлықпен

²⁰⁰ Бұл да сонда, III, 4-б.

²⁰¹ Бұл да сонда, III, 42-б.

²⁰² Өз-Зәһәби, Мизан, I, 141-б.

²⁰³ Бұл да сонда және Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 40-б.

құшақтайтын болса, оған қиямет күні оттан дүре соғылады. Егер онымен арсыздыққа баратын болса, Аллаһ оны тозаққа тастайды», – делінген²⁰⁴.

Тақуа діндарлар өзге жалған сөйлегендерге қарағанда өте қауіпті. Өйткені олар іс-әрекеттерімен қарабайыр халыққа жақын келеді, олардың көңілінен шығады, ортада сеніммен баурайды. Сол үшін де олардан жеткен хадистің жалған болуы мүмкін екендігі ешкімнің ойына да келмейді, тіпті кейбірі олардың сөзін ең дұрыс хадис деп қабылдаған. Алайда, хадис имамдары бұндай адамдарды сын елегінен өткізіп, жеткізген хадистерін саралауда аса мұқияттылық танытқан.

7. Халифа мен басшыларға жағымпаздану

Осы кезеңдерде халифаға немесе басшыға жағымпазданып және олардан сый-сияпат көру мақсатында да жалған хадистер көрініс тапты.

Мысалы, Ғайяс ибн Ибраһим ән-Нахғи Аббаси халифасы әл-Мәһдидің қолға көгершін ұстап, оларды жарыстыруды ұнататынын білетін-ді. Бір күні құзырына келген кезде, оның көгершінмен ойнап жатқанын көріп, сол сәтте пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен тізбекпен: «Жарыстар тек табанды, немесе тырнақты, не тұяқты, немесе қанатты (аң, құстармен) болады», – деген хадисті айтады. Негізінде бұл хадис: «Жарыстар тек табанды, немесе тырнақты, не тұяқты (аң, құстармен) ғана болады» – деген мәтінмен «дұрыс хадис» болып саналады. Ал Ғайяс ибн Ибраһим болса, халифаға жақсы көріну мақсатында пайғамбарымыздың (с.а.с.) дұрыс хадисінің соңына «немесе қанатты» сөзін қосқан. Оның бұл арамза пиғылын түсінген Халифа әл-Мәһди: «Басыңның жалғаншының басы екендігін көріп тұрмын», – деп, оны құзырынан қуып, хадистің бұрмалануына себепкер болған көгершіндерін сойдырған²⁰⁵.

²⁰⁴ Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, III, 113-б; Өз-Зәһәби, Мизан, I, 142-б.

²⁰⁵ Өс-Суюти әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, II, 470-б; Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, I, 42-б.

Сол секілді Әбу Абдуллаһ әл-Хаким, Харун ибн Әбу Ұбайдтан, ол әкесінен: «Маған халифа әл-Мәһди: «Муқатил маған не айтқанын көрдің бе? Егер қаласаң, саған Аббас жайында хадис шығарып берейін»,– деді. Оған, менің бұған мұқтаждығым жоқ екендігін айттым»,– деп жеткізеді²⁰⁶.

Муқатилдің Аббас турасында хадис шығару үшін әл-Мәһдиге айтқан сөзі халифаға жағымпаздану мақсатында болғандығы белгілі²⁰⁷.

Екінші ғасырдың басында жалған хадистердің қарқынды белең алуына түрткі болған жоғарыдағы себептерден басқа да, атап айтсақ, ашу үстінде біреуді айыптау, кез келген мағынасы жақсы сөздерге тізбек құру секілді себептер орын алды. Мысалы: Сағид ибн Тарифге баласы жылап келеді. Ол баласынан мән-жайды сұрағанда, ол ұстазының ұрғандығын айтады. Ашуға мінген ол: «Мен сендердің абыройларыңды төгемін»,– деп, маған «Икримә Ибн Аббастан риуаят етті» деп: «Балаларыңды ұрған мұғалімдер – сендердің ең жамандарың...»,– деген жалған хадисті ойдан шығарады²⁰⁸.

²⁰⁶ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 187-б.

²⁰⁷ Хижраның 150 жылы дүние салған Муқатил ибн Сүлеймен тәпсір саласында танымал болған. әш-Шафиғи тәпсірде адамдардың Муқатилге мұқтаж екендігін айтқан. Алайда ол хадис саласында жалғандықпен айыпталып «кәззәп» деп те танылған. Кеңірек мағлұмат үшін әз-Зәһәбидің «Мизан» атты еңбегінің IV, 173-175-беттерін қара.

²⁰⁸ Әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ, II, 470-б; Әз-Зәһәби, Мизан II, 122-124-б.

III ТАРАУ. ЖАРХ ЖӘНЕ ТАҒДИЛ ІЛІМІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

1. Жарх және тағдил ілімі мен оның пайда болуына әсер еткен себептер

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде және дүниеден өткеннен кейін де сахабалар бір-бірінен хадис риуаят етуде күмәнданбаған. Сол секілді табиғин кезеңіндегі хадис жеткізушілер де сахабалардан естіген хадистерді шүбәсіз қабылдаған. Өйткені олар сахабалар тарапынан жеткен пайғамбар (с.а.с.) сөзінің қандай да бір бұрмалау мен жалғандықтан ада екендігіне кәміл сенген. Бірақ бұл сенім ұзаққа бармаған. Халифа Осман ибн Аффанның (р.а.) өлімінен кейін, бірінен соң бірі орын алған оқиғалар мұсылмандардың тыныштығын бұзып қана қоймай, хадис жеткізушілер арасында сенімсіздік тудырған. Өйткені, хадистер арасына бұрын-соңды естілмеген сөздер қосылып, хадис ретінде адамдардың арасында кең тарай бастайды.

Хадиске төнген қауіпті түсінген хадистанушылар рауилер мен тізбегі белгілі мәтіндерге ғана сүйеніп, әрбір хадис жеткізушіні мұқият зерттеуге көшеді.

Хадис жеткізушілерге қатысты бұл зерттеулер жас сахабалар дәуірінде, яғни Али мен Муғауияның арасында өрбіген және кейбір топтардың шығуына себеп болған қақтығыстар кезеңінде өмір сүрген сахабалардың уақытында жолға қойылғаны белгілі. «Жалған хадистердің шығу себептері» тақырыбында айтып өткеніміздей, хадистерге жалғандық телу аталған бүліктерден кейін пайда болса, хадис жеткізушілеріне қатысты зерттеулер де жалған хадистердің көрініс табуымен бастау алды.

Осы тұста хадис жеткізушілердің сенімділік дәрежесін анықтайтын, яғни рауидің сенімді яки сенімсіз екендігін айқындайтын жаңа бір негіз, хадис ілімінің жаңа бір саласы жарық

көрдi. Ол *Жарх және Тағдил* ілімі деп аталды. Яғни, аса мұқият зерттеу нәтижесінде сенімділік сипаттарға ие хадис жеткізушіні *тағдил* (сенімді) ету, ал жалғаншы, еске сақтау қабілеті төмен, пасық секілді сипаттары бар хадис жеткізушіні *жарх* (сенімсіз) қылу орын алды.

Жарх және тағдил ілімінің пайда болу тарихы дереккөздерде нақты белгілі болмаса да, оның хадис тізбегіндегі рауилерді зерттеумен басталғаны анық. Мысалы: Муслимнің сахихының кіріспесінде, Ибн Сирийн (хижраның 110 ж.д.с.): «Бұрын тізбек жайында сұрамайтын, бірақ бүлік белең алғалы хадис жеткізушілердің есімдерін сұрай бастады. Осылайша сүннет иелерінің хадистері алынып, бидғат жолында болғандардың хадистері алынбайтын болды»,– деген²⁰⁹. Ибн Сирийннің сөзінен хадис жеткізушілерге қатысты зерттеулердің мұсылмандар арасында орын алған келеңсіздіктерден кейін басталғанын аңғарамыз. Сол секілді тағы бір сөзінде: «Хадис дегеніміз – дін. Дініңді кімнен үйренетініңді біл»,– деп айтқан²¹⁰.

Муслим жеткізген хабарда, Бушейір әл-Адауи Ибн Аббасқа келіп: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) «былай» деді, пайғамбарымыз (с.а.с.) «былай» айтты»,– деп хадис жеткізе бастаған. Бірақ Ибн Аббастың өзіне құлақ аспағанын байқап: «Не болды, менің хадистерімді неге тыңдамай отырсың?» – дейді. Ибн Аббас оған: «Біз хадиске жалғандық кірмей тұрған кезде біреу: «Пайғамбарымыз былай айтты»,– деген уақытта көзімізді одан алмай, ұйып тындайтын едік, бірақ адамдар қаптағай және үйреншікті түйеге мінгеннен кейін (яғни, ақ пен қараны ажыратпай) білген нәрсемізден басқасын алмайтын болдық»,– деп жауап береді²¹¹.

Хижраның 68 жылы дүние салған Ибн Аббастың (р.а.), мұсылмандар арасында орын алған бүліктің нәтижесінде туындаған жалған хадистердің таралуына байланысты, әрбір естіген хадисін қабылдамауы, хадиске және оны жеткізуші

²⁰⁹ Сахих Муслим, Кіріспе, 15-б.

²¹⁰ Бұл да сонда, 14-б.

²¹¹ Сахих Муслим, Кіріспе, 13-б.

рауилеріне қатысты жүзеге асқан жарх және тағдил әрекетінің, – жалған хадистердің пайда болуымен басталғандығын көрсетеді.

Түрлі себептермен көрініс тапқан жалған хадистер жарх және тағдил ілімінің тууының негізгі себебі болғанымен, тек осы жайттың ғана түрткі болмағаны белгілі.

Хадис пайғамбар (с.а.с.) кезеңінен діннің негізгі қайнар көзі саналып, мұсылмандар тарапынан асқан мұқияттылықпен сақталған. Алайда, осыншама сақтық көрсетілгенімен, пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Әрбір адам баласы қателесуші...», – деген сөзіне орай, кемшілік, қателіктен ада болмаған адамның қолындағы бір хадис уақыт өте кейбір өзгерістерге ұшырамайтындығына кепілдік беру қиын. Әрине, бұл жерде «пайғамбар (с.а.с.) хадистерінің барлығы бірдей өзгеріске ұшыраған» деген мағына қалыптаспауы керек. Айтқымыз келіп отырған мағына, әрбір адам шамасы келетін, қабілетіне сай іске кірісу керек екендігі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мыңдаған сахабаларының ішінде азы ғана хадиспен шұғылданғаны белгілі. Бұдан, алғашқы кездің өзінде-ақ хадиспен айналысқандардың сол салаға бейім мамандар екендігін түсінеміз. Сонымен қатар жазу, сызудың кең таралмаған, хадистердің жадыларда сақталған бір кезеңінде бұндай істің оңайға соқпайтыны да анық. Сол үшін де оған шамасы мен қабілеті жеткен адамдар ғана кірісе алды.

Сахабалардан кейінгі табиғин дәуірінде жағдай өзгеше болатын. Саяси және сенім тұрғысында белең алған топтардың жақтастары және хадис маманы болмағандар хадис саласына кірісіп, өз ісін дұрыс білмеуі салдарынан хадистерге кейбір бұрмалаулар енгізді. Бұл тұрғыда әл-Әузағи: «Бұл ілім үлкен абыройға ие. Адамдардың жадында болған уақытта ауызба-ауыз айтылып, қайталанатын еді. Ал қағаз бетіне түскеннен кейін нұры жоғалып, маман еместердің қолына тиді», – деген.

Хадис ілімінің тарихында жарх және тағдил әрекетінің пайда болуы тек жалған хадистердің көрініс табуымен ғана байланысты емес. Хадис жеткізушілердің бойында табылуы тиіс кейбір сипаттардың, олардың бойында табылмауы – бұл ілімнің көрініс табуының негізгі себептерінің бірі болды.

Кейіннен жарық көрген хадис ілімінің негізгі кітаптарына назар аударсақ, хадис жеткізушілер жарх және тағдил ілімі бойынша, бірінші, хадис жеткізушінің адалдығы; екінші, оның нақтылығы жағынан сынға алынады.

Бір рауидің жеткізген хадисінің қабылдануы үшін оның бойыннан адалдық пен нақтылық сипаттары толықтай табылуы керек.

1) Хадис жеткізушінің адалдық (الْعَدَالَةُ) сипаттары:

Адалдық – хадис жеткізушіні тақуалыққа апаратын және адамгершілікке жат қылықтардан алыстататын сипат. Ол оның дінімен етене байланысты келеді.

- a) Мұсылман болу (المُسْلِم). Мұсылман емес адамдардың риуаяты қабылданбайды. Рауи хадисті жеткізген уақытта мұсылман болуы міндетті, ал естіген кезде мұсылман болуы шарт емес.
- ә) Балиғат жасқа толу (البُلُوغ). Кәмелетке толмаған сәбидің риуаятына сүйенілмейді. Алайда балиғатқа толмаған баланың хадис естуіне кедергі жоқ. Хасан ибн Али ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн әз-Зубейр ибн әл-Аууам, Мәсләмә ибн Махлэд, Омар ибн Әбу Сәләмә, Абдуллаһ ибн Жағфар ибн Әбу Талиб, Юусуф ибн Абдуллаһ ибн Сәләм секілді сахабалар бала күнінде пайғамбармен жүздесіп, кейін хадис жеткізген. Тіпті Махмуд ибн Рабиғтың, ол бес жаста болған кезінде пайғамбардың (с.а.с.) онымен ойнап бетіне су шашқандығын жеткізген хадисі белгілі²¹².
- б) Ақыл-есі болу (العُقْل). Ақыл-есі жоқ адамның риуаяты дұрыс болып есептелмейді.
- в) Тақуа болу (التَّقْوَى). Хадис жеткізуші үлкен күнәлардан қашып, кіші күнәлардан сақтанған тақуа болуы керек. Яғни пасық, күнәкар адамның риуаяты қабылданбайды.

²¹² Әл-Хатиб әл-Бағдади, Әл-Кифая фи илми әр-риуая», 53-62-б. Әл-Хатиб әл-Бағдади осы еңбегінде бала күнінде пайғамбардан хадис естіген бірнеше сақбалар жайлы деректер келтірген.

- г) Адамгершілік қасиеттері болу. (المُرُوَّةُ) Бұл – ар-ұждан тазалығы. Адамдар арасында қадірлі және адамгершілік ізгі қасиеттерге ие болу – хадис жеткізушінің адалдық сипатының бір көрінісі. Адамдарды келеке етіп, қалжындап көп сөйлеу, ойын-сауықтарға шақыру секілді, шариғатта рұқсат етілгенімен, ғалымға лайықты болмаған жағымсыз іс-әрекеттерге баратын адамның риуаяты қабылданбайды²¹³.

2) Хадис жеткізушінің нақтылық (الضَّبْطُ) сипаттары:

Нақтылық – хадис жеткізушінің естіген нәрсесін айна-қатесіз дәл жеткізуі.

- а) Қырағылық (التَّيَقُّطُ). Яғни, бейқам болмауы. Өзі риуаят етпеген бір хадисті оған «бұны сен риуаят еттің» деген кезде, оны қабыл еткен адам бейқам саналады. Бұл секілді жеткізушіден хадис алынбайды. Өйткені бейқамдық нақтылық сипатына қайшы келеді.
- ә) Еске сақтау (الْحِفْظُ). Жадынан хадис жеткізетін болса, нақты жаттаған болуы керек.
- б) Ұқыптылық (الضَّبْطُ) Жазған кітабынан риуаят ететін болса, кітабын дұрыс сақтаған болуы қажет.
- в) Білімділік (العِلْمُ). Хадистің мағынасын жеткізетін болса, оны бұзатын нәрселерді білуі тиіс.

Осы аталған адалдық пен нақтылық сипаттары бойында табылған рауи сенімді (الثِّقَّةُ) болып табылады²¹⁴.

Сонымен қатар жарх және тағдил ілімінде хадис жеткізушілер он жақтан сынға алынады. Оның бесеуі адалдық сипаттарына қатысты болса, бесеуі нақтылық сипаттарына тән.

Адалдық сипатына мін тағылған хадис жеткізушілердің жалпылама бес жағдайы бар. Олар:

- а) Хадис жеткізушінің жалған сөйлеуі (كِبْدُ الرَّوِي).

²¹³ Әл-Хатиб әл-Бағдади, әл-Кифая, 104-б

²¹⁴ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 199-б.

Рауидің пайғамбарымыздың (с.а.с.) атынан жалған сөйлеуі. Оның себептерін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Осындай олқылығы нақты белгілі болған рауидің хадисі мүлдем қабылданбайды. Ол – кәззәп (الكَذَّابُ – жалған сөйлеуші), уаддағ (الْوَضَّاعُ – ойдан хадис шығарушы), әкзабу ән-нас (أَكْذَبُ النَّاسِ – адамдардың ең жалғаншысы) деген ұғымдармен танылады. Жеткізген хадистері жалған хадис (المَوْضُوعُ) үкімін алады.

ә) Хадис жеткізушінің жалғандықпен айыпталуы

(إِتِّهَامُ الرَّاويِ بِالْكَذِبِ).

Рауидің хадис риуаятында жалғандығы нақты белгілі болмағанымен, күнделікті өмірде жалған сөйлейтіндігі белгілі болса, хадис жеткізуде де жалған сөйлеуі мүмкін деген жорамалмен риуаяты қабылданбайды. Жеткізген хадистері мәтрүк (المُتْرُوكُ) деп аталады. Хадис жеткізуші – жалғандықпен айыпталған (مَتَّهَمٌ بِالْكَذِبِ), мәтрүк (المُتْرُوكُ), мәтрүку әл-хадис (الحَدِيثُ الْمَتْرُوكُ) секілді ұғымдармен сипатталады.

б) Хадис жеткізушінің күнә жасауы (فَسْقُ الرَّاويِ).

Исламның әмірі мен тыйымына бойсұнбаған адам «пасық» деп айтылады. Яғни күнәһар адам. Пасық адамның риуаяты хадис ғалымдары тарапынан сынға алынып, қабылданбайды. Риуаяты – мункар (المُنْكَرُ), өзі – ләйину әл-хадис (لَيْتُنُ الْحَدِيثَ) деп саналады.

в) Хадис жеткізушінің танылмауы. (جَهَالَةُ الرَّاويِ).

Рауидің адалдық және нақтылық сипаттарының білінбеуі. Бір рауи өте аз хадис жеткізгендіктен хадистанушылар арасында белгілі болмауы немесе тізбекте танымал болмаған атымен яки лақабымен келуі мүмкін. Бұл екі жағдайда да рауидің сенімділігі не сенімсіздігі (жарх және тағдил) анықталмағандықтан, оның хадисі қабыл етілмейді. Бұндай риуаят – мубһам (المُبْهَمُ) деп аталса, рауи – мажһул (المَجْهُولُ) деп танылады.

г) Хадис жеткізушінің бидғатшыл болуы (بِدْعَةُ الرَّاويِ).

Бидғат дегеніміз – иман және ғибадат тұрғысында кейіннен дінге енгізілген жаңалық. Бидғат күпірлікке апаратын және пасықтыққа шығаратын бидғат болып екі түрге бөлінеді. Күпірлікке апаратын бидғат жасаушының риуаяты мүлдем қабылданбайды. Ал пасықтыққа шығаратын бидғат жасаушы хадис жеткізушінің риуаятына қатысты:

1. Риуаяты мүлдем қабылданбайды;
2. Істеген ісіне өзгелерді шақырмауы және риуаятынан ұстанымының әсері байқалмауы шартымен ғана риуаяты қабылданады деген көзқарастар бар.

Хадис ғалымдарының көпшілігі екінші көзқарасты мақұл көреді.

Нақтылық сипатына мін тағылған хадис жеткізушілердің жалтылама бес жағдайы бар. Олар:

- a) *Көп қателесу* (كَثْرَةُ الْعَلَطِ).

Хадис жеткізуде көп жаңылатын рауидің хадисі қабылданбайды. Риуаяты *мункар* хадис деп есептеледі.

- ә) *Шамадан тыс бейқамдық* (فَرْطُ الْعَفْلَةِ).

Хадис жеткізуші мұқияттылық таныту керек уақытта бейқамдық танытуы оның риуаятының қабылданбауына себеп болады. Бұл риуаят та *мункар* деп саналады.

- б) *Қиялға берілу* (الْوَهْمُ).

Хадистің тізбегі мен мәтінінде қателесу. Қиялға берілу көбіне хадис жеткізушінің тізбегі жалғасқан хадисті тізбегі үзік қылып немесе керісінше тізбегі үзік бір хадисті тізбегі жалғасқан хадис ретінде риуаят етуіне жол ашады. Кейде рауи қиялдау нәтижесінде бір хадисті басқа бір хадиске қосып, шатастырады. Бұл олқылық рауидің хадисін *муалләл*, яғни кемшілікті қылады.

- в) *Әлсіз рауидің сенімді хадис жеткізушілердің біріне қайшы риуаят етуі* (مُخَالَفَةُ الثَّقَاتِ).

Рауидің хадистің тізбегіне немесе мәтініне қосқан кейбір есімдермен не сөздермен, сенімді хадис жеткізушілердің риуаяттарына қайшы келуі. Қарама-қайшылық кейде хадис жеткізушінің есімі өзгерумен, яғни әкесінің орнына баласының

аты, баласының орнына әкесінің аты айтылумен, кейде хадис мәтініндегі сөздердің орындары ауысумен орын алады. Бұндай хадистер: *шаз, мункар, мудраж, мақлуб, мудтариб, мусаххаф* секілді атаулармен аталады.

г) *Еске сақтау қабілетінің нашарлығы (شوء الحفظ).*

Жиі жаңылысатын хадис жеткізушінің риуаяты қабылданбайды. Ондай рауиге «еске сақтау қабілеті нашар» деген ат беріледі. Бұл жағдай хадис жеткізушінің жасының ұлғаюымен, немесе көз жанарынан айырылуымен, не әрдайым риуаят ететін кітаптарының өртеніп немесе жоғалып кетуімен орын алуы мүмкін²¹⁵.

Хижраның екінші ғасырында өмір сүріп, үшінші ғасырдың басында дүниеден өткен танымал имам әш-Шафиғи (хижраның 204 ж.д.с.) хадисі қабылданатын рауиді: «Хадис риуаят ететін рауи – дініне сенімді, хадисінде шыншылдықпен танымал; риуаят еткен нәрсесін біледі (ақылды), хадистің мағынасын бұзатын сөздерге сақ (білімді), хадисті естігеніндей сөзбе-сөз жеткізеді, мағынасымен риуаят етпейді (мағынасымен риуаят етсе де мағынасын өзгертетін сөздерге мұқияттылық танытады), жадынан немесе жазған дүниесінен риуаят етсе, жақсы жеткізеді (еске сақтағаны секілді жазғанын да жақсы сақтайды), бір хадисті риуаят еткен басқа хадис ғалымдарымен кездескенде, риуаят еткен хадисі олардың хадисіне сай келеді, хадис алған ұстаздарынан естімеген және сенімді хадис жеткізушілердің пайғамбарымыздан (с.а.с.) риуаят еткен хадистеріне қайшы хадис риуаят етпейді, әрі хадисі пайғамбарымызға (с.а.с.) дейін жеткен, үзілмеген тізбекпен жалғанған болса ғана рауидің хадисі қабылданады»²¹⁶, – деп сипаттаған.

Имам әш-Шафиғиден жеткен хадис жеткізушінің сенімділігі үшін міндетті болған бұл сипаттарды жоғарыда тілге тиек еттік.

Рауилердің өмірбаяндарына қатысты «Таражум», «Рижал», «Табақат» секілді атаулармен танылған том-том еңбектер жа-

²¹⁵ Әл-Хатиб әл-Бағдади, әл-Кифая, 107-108-б, 115-б; Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 171-172-б.

²¹⁶ Әл-Хатиб әл-Бағдади, әл-Кифая фи илми әр-риуая, 27-б.

зылып, қазіргі таңда 20 000-ға жуық рауилердің жарх және тағдил тұрғысынан сенімділік деңгейлері анықталған. Сыншы хадистанушылардың ерен еңбектерінен кейін, жарх және тағдил қағидаларына сай зерттелетін хадис жеткізуші қалмады десек болады. Хадис жеткізуші тұлғалардың мұқият зерттелуі нәтижесінде хадистердің дұрысы, әлсізі және жалғандығы анықталды.

Демек, хадисте көрініс тапқан жалғандық пен хадис жеткізушілердің бойындағы кінәраттары жарх және тағдил ілімінің пайда болуына себеп болды.

2. Жарх және тағдил әрекетінің нәтижелері

Хадисте жалғандықтың пайда болуы мен адам баласының жаратылысынан кемшілік-қателіктерге бой алдыру мүмкіндігі салдарынан көрініс тапқан жарх және тағдил әрекетінің бірден-бір мақсаты – пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен асыл сөздерді нақтылап, олардың дұрыстығы мен әлсіздігін немесе жалған түрлерін ажырату еді. Бірақ, бұндай нақтылау мен дұрыс-бұрыстың аражігін ажыратуда қағидалар мен ережелерге негізделу қажеттілігі туындайтыны сөзсіз. Осы тұста ең маңыздысы – сахих хадис анықтамасын бекіту, яғни риуаят етілген хадистердің ішіндегі қайсысы сахих хадис екендігін анықтау. Өйткені адамдар арасында өте көп хадистер қолданыс тапты. Бұл хадистердің бір бөлігі сенімді адамдар тарапынан, енді бір бөлігі, айтып өткеніміздей, адам болмысының кемшіліктері салдарынан олқылық танытқан немесе бас пайдалары үшін жалған сөйлеуге дәті барған, тіпті жалған сөздерін пайғамбарға (с.а.с.) теліген адамдар тарапынан да жеткізілді. Әртүрлі деңгейдегі хадистердің ішінен дұрысын тауып анықтау, белгілі бір негіздерсіз жүзеге аспайтыны анық. Ал осы негіздердің басында сахих деп танылған хадистің анықтамасы тұрады. Ендеше, сахих хадис дегеніміз қандай хадис және хадис сахих болуы үшін қандай шарттар керек?

Егер хадис жеткізушілердің бірінің адалдық яки нақтылық сипаттарында кемшілік айқындалса, оның риуаяты сахих,

яғни дұрыс болып табылмайды. Осы тұста сахих хадистің екі шарты анықталады, олар – рауидің адал және нақты болуы. Әрине, бұл шарттар хадистің дұрыс болуы үшін жеткіліксіз. Келесі тақырыпта баяндайтын тізбек түсінігі хижраның бірінші ғасырының екінші жартысында қолданыла бастағандығын және хадис мамандарының екінші ғасырда тізбегінде үзік болмаған хадистерге сүйенгендігін ескерсек, тізбектің жалғасуын үшінші шарт ретінде сахих хадис анықтамасына қосуымызға тура келеді. Осылайша сахих хадисті рауилері адал және нақты, тізбегі үзілмеген хадис деп айта аламыз. Бұл анықтаманы, алғаш рет сахих хадисті жалпылама тұжырымдаған әл-Хаттабидің (хижраның 388 ж.д.с.) сөзінен аңғара аламыз. Әбу Дәуіттің «*әс-Сунәнына*» жазған «*Маалиму әс-сунән*» атты түсіндірмесінің кіріспесінде: «Сахих – тізбегі жалғасқан, рауилері тағдил (адал және нақты) етілген хадис», – деген²¹⁷. Кейіннен жарық көрген хадис ілімінің негіздері кітаптарында: «Сахих хадис – рауилері адал және нақты, тізбегі жалғасқан, шәз (қайшылығы) және ылләсы (олқылығы) жоқ хадис», – деп анықтама берген. Сахих хадистің қайшылық пен олқылықтан ада болу шарты қосылғандықтан әл-Ирақи (хижраның 806 ж.д.с.) жоғарыда айтылған әл-Хаттабидің анықтамасына «хадис жеткізушінің нақтылығы мен хадистің қайшылық және олқылықтан ада болу» шартын қоспағандығын айтып сынға алған. Әс-Суюти бұл екі шарттың әл-Хаттаби тарапынан берілген анықтаманың мағынасында қамтылғандығын және кейіннен келген анықтама тек оны баяндағандығын, «рауилері тағдил етілген» сөзі мен «рауилері адал болған» сөздерінің арасында айырмашылық барлығын алға тартады²¹⁸.

Шын мәнісінде рауидің адал болуы (عدل) мен оның тағдил етілу (معدّل) арасында белгілі бір айырмашылық бар. *Адал болу* – рауидің діни тұрғыдан сенімділігін көрсетсе, нақтылық жағынан толыққанды кемшіліксіз екендігін білдірмейді. Бірақ рауидің *тағдил* етілгендігі, оның адалдық әрі нақтылық жағынан

²¹⁷ Әл-Хаттаби, Маалиму әс-сунән, I, 6-б.

²¹⁸ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 46-б.

кемшілігі жоқ екендігін танытады. Осы түсініктемеге жүгінсек, әл-Хаттабидің анықтамасын да қабылдауға болады.

Сахих хадисті анықтауда хадис жеткізуші тұлғаға қатысты және тізбектерде үзіктің болмауы тұрғысынан зерттеулер барысында хадис ғалымдарының арасында жаңа мәселелер туды. Өйткені осы зерттеулер нәтижесінде адалдық және нақтылық сипаттарында әлсіздік танытпаған рауиден, яғни сенімді рауиден, әлдеқайда жоғары деңгейде, сенімдірек рауилер көрініс тапты. Әлсіз саналмаған, бірақ адалдық және нақтылық сипаттарында бір-бірінен айырмашылығы көрінбеген рауилердің хадистері сахихке жатқанымен, дұрыс хадистердің де өзара дәрежелерінің болуы заңдылық. Өйткені адалдық және нақтылық сипаттарының қуаттылығы жағынан дәрежелерінің бірдей болмауы бір-бірінен ерекше сахих дәрежелерінің пайда болуына жол ашты. Сол себептен хадис ғалымдары арасында адалдық пен нақтылық жағынан ең жоғары дәрежеде болған рауилердің хадистерін ең дұрыс хадистер деп қабылдаған. Хадис іліміндегі *сахих лизатиһи*, *сахих лиғайриһи*, хасан хадистің: *хасан лизатиһи*, *хасан лиғайриһи* деп бөлінуі – сахих хадистердің өзара дәрежелерінің бар екендігінің айғағы. Осылайша сахих хадистердің өз ішінде дәрежелерге бөлінуі жарх және тағдил әрекетінің қол жеткізген маңызды нәтижелерінің бірі болды.

Кейде рауи қаншалықты сенімді болғанымен, жіберген бір қателігінің салдарынан хадисін басқа рауилердің риуаятына қайшы түрде риуаят етіп, риуаятында дараланады, яғни ол хадисті сондай түрде одан басқа ешкім риуаят етпейді. Бұндай жағдайда ол рауидің хадисіне сахих атауын беру дұрыс болмайды. Әш-Шафиғидің *шәз* деп атаған бұл хадисі – кемшілік себебінен әлсіз риуаят қатарына жатады.

Хадис жеткізушінің сенімділік деңгейі мен халін мұқият зерттеу нәтижесінде хадистің дұрыс болу шарттары нақтыланды.

Жарх және тағдил ілімінің бекіткен қағида ережелерін басшылыққа ала отырып, рауидің жағдайына қарай бөлінетін хадис түрлерін, сахих хадистердің дұрыс болу себептерін және әлсіз хадистердің әлсіз болу жолдары мәселелерін *мусталаху әл-хадис*, *усулу әл-хадис* ілімдері баяндайды.

3. Хадистегі тізбек (сәнәд) түсінігі

Жарх және тағдил әрекетімен бірге бастау алған тізбек дегеніміз – рауи есімдерін көрсете отырып, мәтіннің қайнар көзіне жету мүмкіншілігін беретін риуаят жүйесі. Тізбекті түсіну үшін мысал келтірейік:

Абдуллаһ ибн Мұса, Ханзала ибн Әбу Суфияннан, ол Икрамә ибн Халәдан, ол Ибн Омардан Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Ислам бес негізге құрылады ...»,– дегенін жеткізеді. Яғни, бір-бірінен риуаят еткен рауилер жиынтығы *сәнәд* (тізбек) деп аталса, жеткен хабар *мәтін* болып табылады.

Сол секілді *сәнәд* сөзінің орнына *иснәд* термині де қолданылады. Бірақ, иснәд сөзі рауилер жиынтығынан тұратын тізбек мағынасымен қатар, риуаятта біреуге сүйену, хадисті кімнен естігенін, яғни хадистің шынайылығын айқындау мағынасында да қолданылады.

Алайда тізбек түсінігінің пайда болу тарихы жайлы мағлұматты хижраның 110 жылы дүние салған танымал табиғин имам Мұхаммед ибн Сирийнің: «Бұрын тізбек жайында сұрамайтын, бірақ бүлік белең алғалы рауилердің есімдерін сұрай бастады. Осылайша сүннет иелерінің хадистері алынып, бидғат жолында болғандардың хадистері алынбайтын болды»,– деген сөзінен көруге болады. Ибн Сирийнің бұл сөзінен, иснәд қолданысы *бүліктен* кейін көрініс тапқанын аңғарамыз.

Бірақ, ибн Сирий тізбек қолданысына себеп болған оқиғаның қай бүлік екендігін баяндамаған. Ислам тарихында ибн Сирийнің өмір сүрген уақытында мұсылмандар арасында көптеген бүліктер туғаны белгілі. Үшінші халифа Осман ибн Аффанның (р.а.) өлімінен кейін түрлі қақтығыстар белең алды. Мысалы, Али ибн Әбу Талиб (р.а.) пен Айша (р.а.) арасында орын алған Жәмәл оқиғасы, Али жақтастарының бөлінуіне әкеліп соққан Али ибн Әбу Талиб пен Муғауия арасындағы қақтығыс. Сол секілді Умәуи халифасы Абдулмәлик ибн Маруанның (хижраның 65-68 ж.) халифалығынан екі жыл бұрын Хижазда Умәуи халифатына қарсы көтеріліс ашып, өзінің халифалығын жариялаған Абдуллаһ ибн әз-Зубәйір (хижраның 63-73 ж.) оқиғасы мен хижраның 81

жылы Басрада көрініс тапқан Ибн әл-Әшғас оқиғасы да ислам тарихында «бүлік» атауын алған. Алайда Абдуллаһ ибн әз-Зубәйр мен Ибн әл-Әшғас оқиғалары мұсылмандар арасына айтарлықтай кесірін тигізбеген болатын. Өйткені, сенім тұрғысында және саяси алаңда орын алған келіспеушіліктер көп ұзамай жойылған-ды. Сондықтан бұл оқиғалардың хадис риуаятына қатысты үлкен бір әсері болғандығын айта алмаймыз. Ал Али ибн Әбу Талиб пен Муғауия арасында орын алған Сыффин соғысынан кейінгі жағдай бұлай емес-ті. Халифаттың Али қолынан Муғауияға өтуі Али жақтастарының наразылығын тудырса, Алидың пікірін қолдамай, оның қол астынан бөлінгендер харижилер тобын құрған еді. Алидің жақтастарының қатары көбейіп, нәтижеде шииттер тобы пайда болды. Өткен тақырыптарымызда сөз етілгендей, жалған хадистердің шығуына шииттер мен харижилер ерекше маңыз атқарғаны белгілі. Демек Сыффин қақтығысының нәтижесінде бір-бірін күпірлікке шығарған үлкен екі топтың пайда болуын және олардың бастамасымен алғаш жалған хадистердің шығуын ислам тарихындағы ең үлкен бүлік деп айтсақ болады. Мұхаммед ибн Сириннің тілге тиек еткен бүлігі де осы болса керек.

Тізбек түсінігінің осы кезеңде туындағандығын қуаттайтын өзге де деректер бар. Хижраның 50 жылы Мәдинада дүниеге келген танымал хадис имамы Ибн Шихаб әз-Зухри жайлы Мәлик ибн Әнәс: «Хадис риуаятында тізбекті алғаш қолданған кісі»,– дейді. Әрине, бұл жердегі тізбекті алғаш әз-Зухридің қолданғандығы, оның осы мәселеде танытқан мұқияттылығын ұғындырады. Өйткені әз-Зухриге дейін де сахабалар бір-бірінен хадис риуаят еткендігі белгілі. Әз-Зухридің тізбек қолданысына аса мән бергендігін төмендегі оқиғадан көруге болады. Мәдинада Исхақ ибн Абдуллаһ әз-Зухридің алдында отырып: «Аллаһ елшісі былай деді», «Аллаһ елшісі былай деген»,– деп хадис риуаят ете бастайды. Әз-Зухри оны дереу тоқтатып: «Саған не болған? Уа, Ибн Әбу Фәруа, Аллаһ сенің жаныңды алсын! Аллаһқа қарсы қалай батылың барды? Бізге тізбегі жоқ хадис жеткізіп отырсың, хадисінді тізбегімен айт!» – деп дүрсен қоя берген²¹⁹.

²¹⁹ Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ, Мағрифату улуми әл-хадис, 6-б.

Әл-Уәлид ибн Мұхаммед: «Әз-Зуһримен бірге Әбу Хазимге бардық. Ол «пайғамбарымыз былай деді» деп хадис жеткізе бастағанда, әз-Зуһри оған: «Бұл не? Мен тізбегі жоқ хадистерді көріп тұрмын!» – деген²²⁰.

Сол секілді, басқа деректерде де әз-Зуһридің Шам өлкесіне барып тізбексіз хадис риуаят еткендерге қатаң ескерту жасағандығы баяндалады.

Мұхаммед ибн Сиринмен бір кезеңде өмір сүрген әз-Зуһри халифа Омар ибн Абдулазиздің бұйыруымен хадистерді алғаш жинақтаған кісі ретінде тарихта қалды.

Ислам дініндегі тізбек түсінігінің маңғыздылығы жайлы Абдуллаһ ибн Мубарак: «Тізбек – діннің ажырамайтын бөлігі. Егер тізбек болмаса, әркім қалағанын риуаят етер еді», – десе²²¹, тағы бір сөзінде: «Дін мәселелерін тізбексіз үйренгісі келген кісі үй төбесіне сатысыз шыққысы келген кісінің жағдайына ұқсайды», – деп айтқан²²².

Бұл тұрғыда Суфиян әс-Сәури: «Тізбек мүміннің қаруы, қолында қаруы болмаған адам қалай соғысады?» – десе, имам әш-Шәфиғи: «Тізбексіз хадис талап еткен кісінің жағдайы қараңғыда отын жинаған адамның жағдайына ұқсайды», – деген²²³.

Адамзат тарихында мұсылман үмбеті секілді өзінің тарихи мұрасын, ғалымдарының есімдерін ғылыми негізге сүйене отырып жүйелеген ешбір үмбет не мәдениет болмаған. Яғни, тізбек – мұсылман үмбетінің ерекшелігі.

²²⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидәя, IX, 345-б.

²²¹ Сахих Муслим, Кіріспе, I, 17; Имам ән-Нәуәуи, Сахих Муслим бишарх ән-Нәуәуи, I, 120-б.

²²² Әл-Хатиб әл-Бағдади, Әл-Кифая фи илми әр-риуая, 340-б.

²²³ Әбу әл-Хасанат Мұхаммед Абдулхай әл-Лакнауи, Әл-Әжуиба әл-фадила, 22-б; Док. Мехмед Шимшек, Хадис усулы және хадис мәтіндері дәріс нотлары, 18-б.

VI ТАРАУ. ХАДИСТЕРДІҢ ЖИНАҚТАЛУЫ МЕН ЖҮЙЕГЕ КЕЛУІ (ТӘДУИН ЖӘНЕ ТАСНИФ)

1. Хадистердің жинақталуы (тәдуин)

а) Тәдуин дегеніміз не?

Тәдуин дегеніміз – хадистердің жинақталуы. Хижраның бірінші ғасырының соңы мен екінші ғасырының алғашқы ширегінде бөлек-бөлек парақтарға жазылған хадистер бір мұқабаға жинақталды.

Пайғамбар заманында кейбір сахабалардың «сахиға» деп танылған хадис жазбалары жарық көрген еді. Олардың ішінде Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астың «садиқа» деп аталған хадис сахиғасын, сондай-ақ Һаммам ибн Мунаббихтің Әбу Һурайрадан жазып алған «сахиха» деп танылған танымал хадис жазбаларын ерекше атап өтуге болады. Кітабымыздың басында аталған сахиғалар және олардың жазылуы турасында сөз еткенімізде «тәдуин» сөзінің орнына көбіне, «жазба» сөзін қолданған болатынбыз. Өйткені, тақырыбымызға қатысты дереккөздерде «жазба», «тәдуин» және алда келетін «тасниф» сөздерінің әр кезеңдердегі хадистердің жинақталу барысын көрсету мақсатында әртүрлі мағыналарда қолданылғанын көреміз. Жазба, яғни сахиға – пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахаба дәуіріндегі хадистердің қағаз бетіне түсірілуін, тәдуин – хадистердің жинақталуы мағынасын білдіреді. Хадистерді қағаз бетіне түсірген сахабалар пайғамбарымыздан (с.а.с.) өздерінің ғана естіген хадистерін жазып, оған басқа сахабалардың естіген хадистерін араластырмаған.

Ең танымал сахиға иесі Абдуллаһ ибн Амр «садиқа» атты сахиғасымен танысқысы келген Мужаһидке: «Бұл – менің Аллаһ елшісінен (с.а.с.) естіген әс-сахиғату әс-садиқам. Мені мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) арасында осы хадистерді маған жеткізген ешкім жоқ», – деп, пайғамбардан (с.а.с.) өзінің ғана естіген хадистерді

жазғанын білдірген. Сол секілді Һаммам ибн Мунаббихтің сахиғасы да тек Әбу Һурайраның (р.а.) пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткізген хадистерінен құралған. Бұл да сахаба дәуірінде хадис жинақтау ісі көрініс таппағанын, тек кейбір сахабалар тарапынан хадистердің жазылғандығын көрсетеді.

Тәдуин бірнеше сахаба тарапынан жазылған сахиғаларды бір мұқабаға жинақтау мағынасымен қатар, бірнеше сахабалардың риуаят еткен хадистерін бір кітапқа жинақтау мағынасын да береді. Осы тұста тәдуиннің хадистерді қағаз бетіне түсіруге қарағанда ауқымды әрі жүйелі бір жинақтау ісін ұғындыратындығын және бұл әрекеттің хадис тарихында хадистерді хатқа түсіруден кейін басталғандығын түсінеміз.

Тасниф сөзі – хадистердің жинақталуынан кейін, хадистерді мазмұндарына қарай тарауларға, бөлімдерге бөліп ретке келтіру мағынасын айшықтайды. Яғни, тақырыптарға сай хадистерді топтастырады. Мысалы: намазға қатысты болған хадистерді бөлек, зекетке қатысты болғандарын бөлек тарауға жинақтайды. Бұндай жүйелі түрде ретке келтірілген жинақтар *мусаннаф* деп аталады.

ә) Хадистердің жинақтала бастауы

Хадис пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахабалар дәуірінде қағаз бетіне түсіріліп, кейбір хадис жазбалары жарық көре бастады. Ал хадистердің жүйелі түрде сахабалар дәуірінен кейін, яғни бірінші ғасырдың соңы мен екінші ғасырдың басында жинақтала бастағандығын жоғарыда айттық. Бұны хадистердің жинақталуына байланысты келген кейбір деректерден аңғаруға болады. Оның ішінде Мәлик ибн Әнәстің ибн Шиһаб әз-Зуһриге қатысты айтқан: «*Әууәлу мән дәууана әл-хадис Ибн Шиһаб*» (Хадисті алғаш тәдуин қылған Ибн Шиһаб) сөзі кең таралған.

Ибн Шиһаб әз-Зуһридің хадис жинау және жинаған хадистерін жазу үшін ерен еңбек еткендігін көрсететін деректер көп. Осы деректердің бірінде оның ілім жолындағы жолдасы Салих ибн Кейсан: «Әз-Зуһри екеуміз ілім алу үшін бір жерге келіп, сүннеттерді жазайық деп, пайғамбарымыздан жеткендерін жаздық. Сосын әз-Зуһри: «Сахабалардан да келгендерін жазайық,

олар да сүннеттен саналады»,– деді. Мен: «Сүннеттен емес»,– дедім. Ол жазды, мен жазбадым. Нәтижеде ол жетістікке жетті, мен құр қалдым»,– деген²²⁴. Сол секілді Әбу Зинад Абдуллаһ ибн Зәуан: «Біз халал мен харамға қатысты хабарларды жазатын едік. Ибн Шиһаб естіген нәрселерінің барлығын жазатын. Оған мұқтаждық туындаған уақытта әз-Зуһридің адамдар арасындағы үлкен ғалымы екендігін түсіндім»,– деп айтқан²²⁵.

Әз-Зуһридің тәдуин әрекетіне Умәуи халифасы Омар ибн Абдулазиз (хижраның 99-101 жылдар аралығында халифа болған) ресми күш-жігер берген.

Ислам әлемінің кең етек жаюы және шииттер, харижилер, муржия, қадария секілді саяси және сенімдегі мәһабтардың шығуымен мұсылмандардың түрлі топтар мен ағымдарға бөлінуі, әрі жалған хадистердің белең алуы сияқты жайттар ислам шарифатының қайнар көзі болған хадиске қауіп төндірді. Бұл жағдайға қарсы хадис ғалымдары қол қусырып қалмай, жарх және тағдил әрекетінің негізінде хадис жеткізушілерге мұқияттылық танытты. Олармен бірге білімі және тақуалығымен, тіпті хадис риуаят етуімен де танылған халифа Омар ибн Абдулазиз де дұрыс хадистерді тек бір кітапта жинақтаумен сақтауға болады деген сеніммен Мәдина уәлиі Әбу Бәкір ибн Мұхаммед ибн Амр ибн Хазымға: «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін, сүннеттерін, Амра бинт Абдуррахман риуаят еткен хадистерді тауып алып жаз. Өйткені мен ілімнің жоғалуынан және ғалымдардың өліп кетулерінен қорқамын»,– деп бұйырған²²⁶.

Бұл риуаятан бұйрықтың Мәдина уәлиіне қатысты айтылғанын түсінсек, басқа риуаяттардан халифаның қол астындағы барлық уәлилерге және кейбір хадис ғалымдарына да жолдағанын көреміз. Әл-Хатибтың бір риуаятында халифаның бұл бұйрығы «Мәдиналықтарға» (илә әһлу әл-Мәдина) деп, әс Суютидің Әбу Нуғайымнан жеткізген деректе «әр тарапқа» (илә әл-әфақ) деп келеді. Осы тапсырманы жүзеге асырғандардың

²²⁴ Ибн Хажар, Тәһзибу әт-тәһзиб, IX, 448-б.

²²⁵ Бұл да сонда, IX, 448-б; Мұхаммед Ажжаж, әс-Сунна қабла әт-тадуин, 491-б.

²²⁶ Ибн Сағид, әт-Табақат, II, 2-б; Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 140-б.

бірегейі Ибн Шиһаб әз-Зухри еді. Ол бір сөзінде: «Омар ибн Абдулазиз бізге сүннеттің жинақталуына әмір етті. Оған дәптерлерге жазып бердік, ол өзінің құзыретінде болған жерлерге осы дәптерлердің бірер нұсқасын жіберді», – деп айтқан²²⁷.

Омар ибн Абдулазиздің хадистерді жинақтау тапсырмасын алғаш жүзеге асырып, әрі жинақтаған хадистерін халифаға жіберген әз-Зухри тұғын. Осы тапсырманы алған Әбу Бәкір ибн Хазымның жазған жинақтары жеткенше халифа дүниеден өткен еді. Мәлик ибн Әнәс: «Кейін бұл кітаптар жайлы Әбу Бәкір ибн Хазымның баласы Абдуллаһтан сұрағанымда, жоғалғандығын айтты», – деген²²⁸.

Аталған деректерден хадистердің алғаш жинақталуы әз-Зухридің қолымен басталғандығын және халифа Омар ибн Абдулазиздің ресми жарлығы, әрі қадағалауымен жүзеге асқандығын көреміз.

Бірақ бұл жерде әз-Зухриден басқа, оның замандастары хадис жинақтамаған деген мағына туындамауы керек. Тек әз-Зухри алғаш жинақтаушы ретінде және осы саладағы жемісті еңбегімен ерекше танылды. Мағмар ибн Рашидтің: «Біз әз-Зухриден өте көп хадис үйрендік деп ойладық, бірақ халифа әл-Уәлид ибн Язид өлтіріліп, қазыналарынан Мәруан отбасы үшін әз-Зухриден жазылып алынған кітаптардың көлікке артылғанын көргенде, одан үйренгеніміздің қаншалықты аз екендігін түсіндік» – деген сөзі, әз-Зухридің осы саладағы еңбегінің орасан зор екендігіне дәлел болмақ²²⁹.

2. Хадистердің жүйеге келуі (тасниф)

Хижраның бірінші ғасырының соңы мен екінші ғасырының басында хадистер жинақтала бастаса, екінші ғасырдың алғашқы жартысынан кейін негізгі хадис туындылары жарық көрді. Жоғарыда келген деректерден әз-Зухридің пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөздерімен бірге сахабалардың сөздерін де жазғандығын,

²²⁷ Ибн Абдулбарр, Жамиғу баяни әл-илм, I, 76-б.

²²⁸ Ибн Хажар, Тәһзибу әт-Тәһзиб, XII, 39.

²²⁹ Мұстафа әс-Сibaғи, әс-Суннә, 122-126-б.

сол секілді, оның естіген нәрселерінің барлығын қағаз бетіне түсіргендігін көрдік. Өзге де хадистанушылар осылайша, көптеген хадистер мен сахабалардың сөздерін бір кітапқа жинақтаған. Бұндай жинақтан қажетті хадисті табу оңайға соқпасы анық. Алайда көп ұзамай бұл кітаптар ретке келтіріліп, пайдалану үшін жеңілдетілді. Хадистер тақырыптар бойынша тарауларға бөлініп, әрбір хадис мазмұнына қарай сол тарауларда топтастырылды. Мысалы, намазға қатысты хадистер намаз тарауында, зекетке қатысты хадистер зекет тарауында жинақталды. Бұл еңбектер **«мусаннаф»** деп аталды. Кейін, көп уақыт өтпей хадистер сахабалардың есімдеріне сай жіктеліп, ретке келтірілді. Осы тәртіппен жинақталған хадис кітабы **«Муснад»** деп аталды.

Хадис терминологиясы (Мусталаху әл-хадис) ілімі бойынша, алғаш жазылған еңбектің авторы әр-Рамаһурмузи (хижраның 360 ж.д.с.) алғашқы хадистерді ретке келтірушілер, яғни мусаннаф авторлары (мусаннифтер) турасында: «Менің білгенім бойынша, хадистерді алғаш жүйеге келтіріп, тарауларға бөлгендер: Басрада – әр-Рабиғ ибн Сабиһ (хижраның 160 ж.д.с.), Сағид ибн Әбу Аруба (хижраның 156 ж.д.с.), Йеменде – «Абд» деп танылған Халид ибн Жәмил мен Мағмар ибн Рашид (хижраның 153 ж.д.с.), Меккеде – Ибн Жүрейж (хижраның 150 ж.д.с.) және Суфиян ибн Ұйяйна (хижраның 198 ж.д.с.), Шамда – әл-Уәлид ибн Муслим (хижраның 195 ж.д.с.), Рейде – Жәрир ибн Абдулхамид (хижраның 182 ж. д.с.), Хорасан және Марыда – Абдуллаһ ибн Мубарак (хижраның 181 ж.д.с.), Уаситта – Хушейм ибн Башир (хижраның 193 ж.д.с.), және осы ғасырда Куфада – Ибн Әбу Зайдә (хижраның 193 ж.д.с.), Ибн Фудайыл (хижраның 196 ж.д.с.) мен Уакиғ (хижраның 197 ж.д.с.), кейінгі кезеңдерде Йеменде – Абдурразак ибн Һаммам (хижраның 211 ж.д.с.) және Әбу Қурра Мұса ибн Тариқ (хижраның 203 ж.д.с.)»,– деген²³⁰.

Әл-Ирақи және Ибн Хажар: «Олардың барлығы бір ғасырда болғандар, қайсысының бірінші жазғанын білмейміз»,– деп айтқан²³¹.

²³⁰ Әр-Рамаһурмузи, әл-Мухаддису әл-фасил бәйнә әр-рауи уә әл-уағи, 611-613-б.

²³¹ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-Рауи, 65-б.

Ибн Хажар хадистердің пайғамбарымыз (с.а.с.) және сахабалары мен алғашқы табиғиндер дәуірінде жинақталмағандығын айтып, сөзін: «Пайғамбар (с.а.с.) хадистерінің сахабалар мен алғашқы табиғиндер дәуірінде жинақтарда (жамигтерде) жазылып, ретке келтірілмеуінің екі себебі бар:

Біріншісі, Муслимнің сахих хадистер жинағында келгендей, оларға алғашқы кезде кейбір сахабалардың Құран Кәріммен араластырып алу қорқынышы себепті тыйым салынды. Екіншісі, олардың еске сақтау қабілеттерінің ерекшелігі мен айрықша зеректіктері еді. Өйткені көпшілігі жазу білмейтін. Бірақ табиғин дәуірінің соңдарына қарай ғұламалардың түрлі қалаларға тарауы, харижилер, рафидилер мен тағдырды жоққа шығарушылыр секілді бидғатшыл топтардың көбеюі салдарынан әсэрлар (хадистер) жинақталып, тарауларға бөлініп, ретке келтіріле бастады. Бұл іске алғаш кіріскендер әр-Рабиғ ибн Сабиx пен Сағид ибн Әбу Аруба және т.б. еді. Олар үшінші буын өкілдерінің алғашқылары келгенге дейін әр тарауды бөлек-бөлек жүйеге келтірді. Имам Мәлик «әл-Муатта» атты еңбегін тасниф етті. Онда хижаздықтардың хадистерін, оған сахабалардың сөздерін және табиғиндер мен олардан кейін келгендердің пәтуаларын қосып жинақтаған»,– деп өрбітеді²³².

Әр-Рамаһурмузидің немесе Ибн Хажардың хадистердің жүйеге келуіне (таснифке) қатысты айтқан сөздерінен бұл істің хадистердің жинақталуынан (тәдуин) кейін дереу жарыққа шыққандығын түсінеміз. Яғни хадистердің жинақталуы мен хадистердің жүйеге келуі арасында ұзақ уақыт болмаған. Өйткені жоғарыда аттары аталған хадистерді жүйеге келтіруші ғалымдардың (мусаннифтердің) дүние салған жылдарына назар аударсақ, олардың көпшілігінің, хижраның 124 жылы дүние салған, алғаш хадистерді жинақтаушы әз-Зуһридің дәуірінде өмір сүргендігін аңғарамыз. Сондықтан тәдуин мен тасниф әрекеттерін хадис тарихында бірінен кейін бірі басталғандығын айтуға болады. Бірақ бұл екі кезеңде жүзеге асқан әрекеттерді бірдей іс деп қарамауымыз керек. Тәдуин мен тасниф арасындағы

²³² Ибн Хажар, *Һәдиу әс-сәри муқаддимату Фатхи әл-Бәри*, I, 8-б.

айырмашылықты шығыстанушы И. Гольдциер түсіне алмаған. Ол аталған екі әрекеттің басталу тарихы жайлы берілген мағлұматтарда кейбір қарама-қайшылықтар бар екендігін алға тартып, тәдуиннің басталу тарихын кейінгі кезеңдерге қалдыруға тырысқан. Әрине бұл пікірмен келісе алмаймыз, өйткені негізгі дереккөздерде тәдуин мен таснифтың айырмашылығы жайлы өте анық түсіндірілген әрі екі кезеңде жүзеге асқан бұл әрекеттерге екі бөлек атаулар да берілгендігін көреміз. Дегенмен, кейбір хадис іліміне қатысты жазылған кітаптарда хадистердің жазылуына, жинақталуы мен жүйеге келтірілуіне де тәдуин сөзі қолданылған.

Қорыта айтар болсақ, тәдуин – хадистердің жинақталуы болса, тасниф – жинақталған хадистерді белгілі тараулар мен бөлімдерге реттеп, жүйелі бір кітап түріне келтіру. Хадис тарихында хадистердің ретке келтірілуі мына үш жолмен жүзеге асты:

- а) *تصنيف على الأبواب* – Хадистердің мазмұнына қарай тақырыптар мен тарауларға бөлініп ретке келтірілуі. Көптеген хадис жинақтары осы жолмен тасниф етілген. Мысалы: «Жамиғ», «Сунән» жинақтары.
- ә) *تصنيف على الرجال* – Хадистердің сахабалардың немесе кейінгі жеткізушілердің есімдеріне сай жүйеленуі. Мысалы: «Муснад», «Муғжам» жинақтары.
- б) *تصنيف على الأحرف* – Хадистердің әліпбилік реттілікпен жүйеге түсірілуі. Бұндай жинақтар: «Фихрис» немесе «фаһарис» деп аталады. Белгілі хадис жинақтарының бірқатары кейін осы жүйеге түсірілген. Кейінгі ғасырларда шығыстанушылар да негізгі хадис жинақтарын осы реттілікпен жүйелеген.

3. Алғаш жарық көрген хадис кітаптары

Хадис ілімінің терминдеріне қатысты алғаш жарық көрген еңбектің авторы ретінде танылған әр-Рамаһурмузидің алғаш хадистерді жүйеге келтірушілерді (мусаннифтер) тілге тиек еткендігін көрдік. Дегенмен ол, екінші ғасырда хадистерді реттеп,

кітап түрінде жарыққа шығарған хадис ғалымдарының барлығын бірдей атап өтті дей алмаймыз. Аталған хадистанушылардың көпшілігінің еңбектері біздің заманымызға дейін жетпесе де, тасниф әрекетінің ислам тарихының алғашқы кезеңдерінде-ақ басталғандығын көрсетеді.

Осы тұста, хадис тарихындағы екінші ғасырда жарық көрген хадис кітаптарына және олардың авторларына тоқтала кеткеніміз жөн.

Екінші ғасырда ретке келтіріліп, жарық көрген хадис туындыларын бес топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: а) Сиэр және мағазидің кітаптары; ә) Әс-Сунән кітаптары; б) Әл-Жамиғ кітаптары; в) Мусаннафтар; г) Белгілі бір тақырыптарға арналған кітаптар.

а) Сиэр және мағазидің кітаптары (пайғамбар өмірбаяны мен жорықтары)

Мұсылмандардың пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистеріне ерекше мән бергендіктерін, олардың исламның алғашқы кездерінен-ақ парақтар мен кітапшаларға жазып, сақтағанынан көруге болады. Бұл хадистер арасында пайғамбарымыздың (с.а.с.) ғибадат, сауда-саттық, жаза мәселелеріне қатысты сөздерімен қатар, оның (с.а.с.) жаратылысы, мінез-құлқы және Мекке, Мәдинадағы өмірі мен қатысқан соғыстары жайлы деректер де орын алды.

Хадистерді жинақтау дәуірі басталған кезде, кейбір хадистанушылар пайғамбарымыздың (с.а.с.) дінге байланысты хадистерін жинақтаса, кейбірі де Мекке мен Мәдинадағы өмірі, пайғамбарлыққа дейінгі және кейінгі жеке өмірі, іс-әрекеттері, мінез-құлқы, қысқаша өмірбаяны мен басынан өткерген соғыстарына қатысты деректерді топтастырды. Бұл деректер белгілі тізбектермен риуаят етіліп, сенімді сүннет санатынан саналды.

Пайғамбардың (с.а.с.) өмірбаяны мен қатысқан соғыстарына арналған, әрі хадис негізі ілімінің қағидаларына сай жүйеге келтірілген бұл кітаптар кейінгі кезеңдерде жарық көрген үлкен тарихи кітаптардың бастамасы болып табылды. Өйткені бұл

деректерде де риуаят негізі қолданылып, әрбір тарихи дерек хадистер секілді тізбекпен жеткізілген. Бұл тұрғыдан алғанда, исламдағы тарих ілімі хадис ілімінен бастау алған деп айтуға негіз бар.

Осы тақырыпқа қатысты кітаптар бірінші ғасырдың соңдарына қарай жазыла бастады. Дереккөздерден байқағанымыздай, алғаш *мағаз* жинақтарын Мәдинаның танымал ғалымдары әрі құқықтанушылары – **Ұруа ибн әз-Зубейр** ибн әл-Аууам әл-Әсәди (хижраның 94 ж.д.с.), Әбу Амр Амир ибн Шархабил **әш-Шағби** (хижраның 103 ж.д.с.), Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Муслим ибн Ұбайдуллаһ ибн Абдуллаһ **ибн Шиһаб әз-Зуһри** (хижраның 124 ж.д.с.), **Муса ибн Ұқба** ибн Әбу Айяш әл-Әсәди (хижраның 141 ж.д.с.), Әбу Абдуллаһ Мұхаммед **ибн Исхақ** ибн Ясар (хижраның 150 ж.д.с.), **Муаммар ибн Рашид** Әбу Ұруа әл-Әзди (хижраның 153 ж.д.с.), **Әбу Мағшар** Нажих ибн Абдуррахман әс-Синди (хижраның 170 ж.д.с.), Абдулмәлик ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір ибн Амр **ибн Хазым** (хижраның 176 ж.д.с.), **әл-Мұғтамир** ибн Сүлеймен әт-Тәйми (хижраның 187 ж.д.с.), Әбу Әюб **Яхия ибн Сағид** ибн Әбан әл-Умәуи әл-Куфи (хижраның 194 ж.д.с.), Әбу әл-Аббас **әл-Уәлид ибн Муслим әл-Умәуи** әд-Димашки (хижраның 195 ж.д.с.) жүйеге келтірген.

Кейбір деректерде, екінші ғасырда пайғамбарымыздың (с.а.с.) өмірбаянына арналған алғашқы кітап Ибн Шиһаб әз-Зуһри (хижраның 124 ж.д.с.) тарапынан жазылғандығы айтылады. Сол секілді ибн ән-Нәдимнің айтуы бойынша, мағазі авторы Ибн Исхақтың (хижраның 150 ж.д.с.) да сира кітабы бар²³³.

ә) «Әс-Сунән» кітаптары

Фикһ мәселелеріне қатысты үкімі бар хадистерді қамтыған кітаптарға *әс-Сунән* аты берілген. Бұл кітаптарда пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзі, іс-әрекеті мен құптауынан тұратын марфуғ (тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен) хадистер қамтылады. Демек, әс-Сунән кітаптарында мауқуф және мақтуғ болған хабарлар, яғни сахаба мен табиғиндердің сөздері мен істері кездеспейді.

²³³ Ибн ән-Нәдим, әл-Фихрист, 142-б.

Әс-Сунән кітабында орын алған хадистерді: ғибадат, сауда-саттық (муамалат), және жаза түрлеріне (уқубат) қатысты, – деп, үш топқа бөлуге болады. Осылайша бір әс-Сунән кітабының мазмұнына қарайтын болсақ, хадистердің жалпылама: тазалық, намаз, зекет, қажылық, ораза, неке, талақ, жиһад, өсиет, мирас, жаназа, ант және нәзір, сауда, киім, тағамдар, сусындар, емшілік, фитналар, худуд (жазалар), құн төлеу, әдеп, т.б. тақырыптарға сай реттелгенін көреміз. Бұл тақырыптардың әрқайсысына «кітап» атауы беріледі (тазалық кітабы, намаз кітабы, зекет кітабы секілді). Әрбір кітап, тақырыбының ауқымдылығына қарай түрлі тарауларға бөлінеді.

Екінші ғасырдың басында тәдуин мен тасниф әрекетінің нәтижесінде жарық көрген алғашқы «әс-Сунән» кітаптарын **Макхул ибн Әбу Муслим әш-Шами** (хижраның 112 ж.д.с.), **Әбу әл-Уәлид Абдулмәлик ибн Абдулазиз ибн Жүрәйж** (хижраның 150 ж.д.с.), **Сағид ибн Әбу Аруба** Михран әл-Адауи әл-Басри (хижраның 156 ж.д.с.), **Әбу әл-Харис Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Муғира ибн Харис ибн Әбу Зиб** әл-Қураши (хижраның 159 ж.д.с.), **Ибраһим ибн Тахман** ибн Шуғба әл-Хорасани (хижраның 163 ж.д.с.), **Әбу Сәләмә Хаммад ибн Сәләмә** ибн Динар (хижраның 167 ж.д.с.), **Абдуллаһ ибн әл-Мубарак** ибн Уадих әл-Ханзали әт-Тәмими (хижраның 181 ж.д.с.), **Әбу Сағид Йахия ибн Зәкәрия ибн Әбу Зәидә** әл-Уәдии әл-Куфи (хижраның 183 ж.д.с.), **Әбу Муғауия Хушейм ибн Бәшир** ибн Қасым әл-Суләми (хижраның 183 ж.д.с.), **Әбу әл-Аббас әл-Уәлид ибн Муслим** әл-Умәуи әд-Димашки (хижраның 195 ж.д.с.), **Әбу Абдуррахман Мұхаммед ибн Фудайыл** ибн Ғазуан әз-Забби (хижраның 195 ж.д.с.) сынды хадистанушылар жинақтап реттеді.

б) «Әл-Жамиғ» кітаптары

Екінші ғасырда жүйеге келтіріліп жинақталған хадис кітаптары *әл-Жамиғ* деп те аталған. Әл-Жамиғ кітаптарында да әс-Сунәндағы секілді ғибадат, сауда-саттық және жаза түрлеріне қатысты тарауларға бөлініп, ретке келтірілген хадистер бар. Бірақ әл-Жамиғ жинақтарындағы хадистер аталған тақырыптарды ғана емес, басқа да көптеген түрлі тақырыптарды қамтиды. Мысалы,

онда орын алған: «Құран Кәрімнің артықшылықтары», «тәпсірі», «жаратылыстың басталуы», «өткен пайғамбарлар», «мақтауға лайық қасиеттер (манақиб)», «пайғамбарымыздың (с.а.с.) жиһад және жорықтары», «халифалары мен сахабаларының қадір-қасиеттері», «иман», «таухид» секілді тақырыптарды әс-Сунән кітаптарынан көре алмаймыз. Осы тұрғыдан әл-Жамиғ²³⁴ жинақтары – аты айтып тұрғандай, кез келген тақырыпқа қатысты хадистерді қамтыған ең ауқымды хадис кітаптары.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, қандай да бір хадис жинағын әл-Жамиғ деп айту үшін, ол: 1. Иман кітабы; 2. әс-Сунән кітабы; 3. Зухд (тақуалық) кітабы; 4. Әдеп кітабы; 5. Тәпсір кітабы; 6. Жиһад және жорықтар кітабы; 7. Мақтауға лайық қасиеттер (манақиб) кітабы; 8. Фитән (бүліктер) кітабы сияқты, сегіз тарауды міндетті түрде қамтуы керек. Егер басқа бөлімдер болып, осы аталған тараулардың бірі болмаса, әл-Жамиғ болып табылмайтындығын айтады.

Екінші ғасырда «әл-Жамиғ» деп аталған осы хадис жинағының алғашқы авторы – **Мағмар ибн Рашид** әл-Әзди (хижраның 153 ж.д.с.). Жазылған екі нұсқасы біздің заманымызға дейін жеткен және Абдурразақ ибн Һаммамның «Мусаннаф» атты кітабының соңында жарияланған бұл кітаптың хадис тарихындағы орны ерекше.

Осы ғасырда Әбу Абдуллаһ **Суфиян ибн Мәсрук әс-Сәури** әл-Куфи (хижраның 161 ж.д.с.), **Рабиғ ибн Хабиб** әл-Бисри (хижраның 170 ж.д.с.), **Абдуллаһ ибн Уәһб** ибн Муслим әд-Фихри әл-Қураши (хижраның 197 ж.д.с.), **Суфиян ибн Ұяйна** ибн Мәймун әл-Ғиләли (хижраның 198 ж.д.с.) секілді хадис ғалымдары *әл-Жамиғу әл-Кәбир* және *әл-Жамиғу әс-Сағир* атты кітаптарымен кең танылған.

в) Мусаннафтар (жүйеге келтірілген кітаптар)

Екінші ғасырда жарық көрген кейбір хадис кітаптары «*Мусаннаф*» деп аталды. Мусаннаф – пайғамбар (с.а.с.) хадистермен қатар сахаба, табиғиндерден жеткен хабарларды да қамтыған

²³⁴ Жамиғ сөзінің араб тіліндегі мағынасы – көп нәрсені қамтушы.

жинақ. Бұлардың сунән кітаптарынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Өйткені мусаннафтарда да фикһ үкімдеріне қатысты хадистер ретке келтіріліп, жинақталған. Алайда бұл жинақтарда жамиғ кітаптарындағы секілді әрқилы тақырыптарға қатысты хадистерге орын берілмесе де сунән кітаптарынан ерекшеленіп, жамиғтерде келген кейбір тақырыптарға байланысты хадистер қамтылады.

Осы тұрғыдан «Мусаннаф» кітаптарын, қамтыған тақырыптары жағынан «эс-Сунән» мен «әл-Жамиғ» кітаптарының арасындағы бір жинақ деп қарауға болады.

Екінші ғасырда Мусаннаф кітаптарымен **Хаммад ибн Сәләмә** ибн Динар (хижраның 167 ж.д.с.) және **Уакиғ ибн әл-Жаррах** ибн Малих әр-Руаси (хижраның 197 ж.д.с.) сынды ғұламалар құрметке бөленген. Бірақ ибн ән-Нәдимнің *әл-Фиһрист* атты кітабында аталған екі мусаннафты эс-Сунән кітаптарына жатқызған. Бұл біздің айтып кеткен *эс-Сунән* мен *Мусаннаф* арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, қорыта алғанда «Мусаннаф» атауы алты кітап (кутубу эс-ситтә) жарық көргенге дейінгі кезендердегі ауқымды хадис кітаптарына қолданылған.

г) Белгілі бір тақырыпқа арналған кітаптар

«Әл-Жамиғ» секілді хадис жинақтарында қамтылған түрлі тақырыптардың біріне арналған хадистер жинағы, екінші ғасырда жазылған хадис кітаптарының бірі болып табылды. «Әл-Жамиғ», «эс-Сунән» жинақтарында тақырыптарға бөлінген тарауларға «кітап» атауы қойылғандығы сияқты, белгілі бір тақырыпқа арналып, жеке жазылған хадистер жинағына да «кітап» аты берілді. Олар:

Суфиян ибн Масруқ ибн Сағид **эс-Сәури** әл-Куфидің (хижраның 161 ж.д.с.) «*Китәбу әл-Фараид*» пен «*Китәбу әт-Тәфсири*»;

Әбу эс-Салт **Зәйдә ибн Қудәма** эс-Сәқафи әл-Куфидің (хижраның 161 ж.д.с.) «*Китабу әл-Мәнақиб*», «*Китәбу әз-Зуһд*» пен «*Китәбу әт-Тәфсири*»;

Ибраһим ибн Тахман ибн Шуғба әл-Хорасанидің (хижраның 163 ж.д.с.) *«Китабу әл-Мәнақиб»*, *«Китабу әл-Идәйн»* мен *«Китабу әт-Тәфсири»*;

Абдуллаһ ибн әл-Мубарак ибн Уадих әл-Ханзали әт-Тәмимидің (хижраның 181 ж.д.с.) *«Китабу әз-Зуһд уә әр-Рақайық»*, *«Китабу әл-Бирри уә әс-Силә»*, *«Китабу әт-Тәфсир»*, *«Китабу әл-Жиһады»*;

Әбу Муғауия **Хушейм ибн Бәшир** ибн Қасым әл-Суләмидің (хижраның 183 ж.д.с.) *«Китабу әт-Тәфсири»*;

Әбу Бишр **Исмайыл ибн Ұләйя** әл-Әсәдидің (хижраның 193 ж.д.с.) *«Китабу әт-Тахара»*, *«Китабу әс-Салаһ»*, *«Китабу әл-Мәнәсик»* және *«Китабу әт-Тәфсири»*;

Әбу Мұхаммед **Исхақ ибн Юусуф** ибн Мирдас әл-Қураши әл-Уасити **әл-Әзрақтың** (хижраның 195 ж.д.с.) *«Китабу әс-Салаһ»*, *«Китабу әл-Мәнәсик»* және *«Китабу әл-Қирааты»*;

Мұхаммед ибн Фудайыл ибн Ғазуан әз-Заббидің (хижраның 195 ж.д.с.) *«Китабу әд-Диәһ»*, *«Китабу әз-Зуһд»*, *«Китабу әс-Сиамы»* мен *«Китабу әт-Тәфсири»*;

Уакиғ ибн әл-Жаррах ибн Малих әр-Руасидің (хижраның 197 ж.д.с.) *«Китабу әз-Зуһд»* пен *«Китабу әт-Тәфсири»*.

Осы тұста, екінші ғасырдың ортасында ретке келтіріліп, жинақталған хадис кітаптарының бірі, *әс-Сунән* және *әл-Жамиғ* кітаптарынан ерекшеленген тамаша туынды *«әл-Муатта»* кітабы мен оның авторы – мәшһүр имам Мәлик ибн Әнәс турасында тоқтала кетейік.

д) Мәлик ибн Әнәс және «әл-Муатта» атты кітабы

Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге көптеген соғыстарға қатысқан сахаба Әбу Амирдің немересі Мәлик ибн Әнәс ибн Мәлик ибн Әбу Амир әл-Асбахи²³⁵ – хижраның 93 жылы Мәдина қаласында дүниеге келіп, 179 жылы рабиғул-әууәл айының жексенбісінде дүние салған.

²³⁵ Әбу Амирдің пайғамбармен жолықпағандығы жайлы айтылған кейбір көзқарастар бар. Ал атасы Мәликтің көптеген үлкен сахабалармен жүздескендігіне, яғни табиғин екендігіне ғалымдар бір ауыздан келіскен.

Фиқһ саласында танымал мектептердің бірі – Мәлики мәзһабы осы имамның атымен аталады. Мәдина қаласында өскендігі үшін «хижрет мекенінің имамы» деген лақап ат алған. Ғалымдар Мәлик ибн Әнәсті бір ауыздан ілімде өте биік дәрежеге жеткен «мужтаһид ғалым» деп есептейді.

Мәдина ғалымдарынан білім алған, Абдуррахман ибн Хурмуздың дәрістеріне ұзақ жылдар бойы қатысқан. Көп хадис риуаят етумен танымал болған сахабалар Әбу Һурайрадан, мүміндердің анасы Айшадан, сондай-ақ Абдуллаһ ибн Омар, Әбу Сағид әл-Худридің (Аллаһ оларға разы болсын) мектебінде жетілген Мәула ибн Омар лақабымен танылған Нәфиғ, Мұхаммед ибн Мунқадир, Ибн Шиһаб әз-Зухри, Амир ибн Абдуллаһ, Абдуллаһ ибн Динар сынды имамдардан хадис естіген.

Имам Мәликтен: Яхия ибн Сағид әл-Ансари, әз-Зухри, Ибн Жүрейж, Язид ибн Абдуллаһ, әл-Әузағи, Суфиян әс-Сәури, Суфиян ибн Ұяйна, Абдуллаһ ибн Мубарак, әш-Шәфиғи, Әбу Ханифаның шәкірті Мұхаммед әш-Шәйбәни және т.б. имамдар хадис жеткізген.

Әбу Һурайраның (р.а.) пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткізген мына хадисі имам Мәликтің артықшылығын баяндап, сүйіншілеген:

يوشك أن يضرب الناس أكباد الإبل يطلبون العلم فلا يجدون أحدا أعلم من عالم المدينة

«Адамдар ілім іздеу үшін сапарға шығатын уақыт таяп қалды, алайда олар Мәдиналық ғалымнан артық білімді ешкімді таба алмайды»²³⁶. Осы хадисті жеткізушілердің бірі – танымал ғалым Суфиян ибн Ұяйнадан хадистегі мәдиналық ғалымның имам Мәлик екендігі және басқа риуаяттарында Абдулазиз әл-Омари екендігі жеткен. Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) ұрпағынан келген Абдулазиз ибн Абдуллаһ өзінің асқан тақуалығымен танылғанымен, имам Мәлик секілді, ғылымда аса мәшһүр емес екендігін ескерген көпшілік ғалымдар, пайғамбар хадисінің имам Мәликті меңзегендігін алға тартқан.

²³⁶ Әт-Термези, Әс-Сунән, 2680. Ахмад ибн Ханбал, Ибн Хиббан секілді хадистанушылардың кітаптарында да келген.

Мәлик ибн Әнәс хадис ілімінде, хадис рауилерін сынға алу-да және фикһ саласында ерекше танымал болған. Оның осы салаларды жетік меңгергендігін заманындағы танымал имамдар да мойындаған.

Имам Мәлик, пайғамбарға (с.а.с.) деген сүйіспеншілігі мен құрметінен: «Бұл жерде Аллаһ елшісі жерленгендіктен мінбеймін»,– деп, Мәдинада ешқандай көлікке мінбей жаяу жүрген²³⁷. Егер әлдекім имам Мәликке фикһ саласынан сұрақ берсе, онда ол оған ауызша жауап қайтарған немесе қағазға жазып берген. Ал, егер одан хадис жөнінде сұраса, онда ол алдымен тазаланып, дәрет алған, сосын хош иіс себініп, жұпарланған, содан кейін барып хадистерді айта бастаған. Мұның бәрін ол Аллаһтың елшісінің (с.а.с.) хадистеріне деген құрмет сезімінің арқасында орындаған.

Имам Мәлик Аллаһтан шын қорқатын, нағыз құлдарынан еді. Бір күні имам Мәликке халқының жұмсауымен алыс жұрттан бір адам келеді. Ол одан қырық шақты сұрақтың жауабын алып қайтпақшы екен. Сол үшін ол алыстан ат арытып, бір ай жол жүріп, Мәдинаға көп қиыншылықтармен жетеді. Ол адамның кейбір сұрақтарына имам Мәлик: «Аллаһпен ант етемін, мен бұл сұрақтардың жауабын білмеймін»,– деп жауап берген. Сонда әлгі адам қайран қалып: «О, имам! Мені жұртым жіберді ғой... мен сонау алыстан жеттім ғой... мен оларға қайтып барғанда не деймін?» –деп қапаланады. Бұған Имам Мәлик: «Субханаллаһ! Сен оларға: «Мәлик бұл сұрақтардың жауабын білмеді деп турасын айт»,– деген. Имам Мәликтің ілімде биік дәрежеге жеткені соншалық, одан тіпті, бұрын өзі сабақ алған кісілері келіп білім үйренетін. Сонда да имам Мәлик қарапайымдылығы мен кішіпейілділігінен танбаған. Ол бір сөзінде: «Мен тек қана адаммын, тура да болам, кей кезде қателесемін де»,– деген.

Ол хадис алған имамдарының сенімді әрі тақуа болуымен қатар, хадис маманы болуларын да шарт деп білген.

²³⁷ Абдулғани әд-Дақар, Әл-Имам Малик ибн Әнәс, 35-б.

Имам Шафиғи: «Егер қандай да бір хадис Мәликтен келтірілсе, онда ол – жарық жұлдыз», – деп айтқан²³⁸.

Имам Мәлик 147 жылдары Халифа әл-Мансұрдың уәлиі тарапынан қысымға ұшырайды. Бұл оқиғаның себебі турасында түрлі көзқарастар бар. Кейбіреулері: «имам Мәлик халифаның жүктеген қазылық міндетін қабылдамағаны үшін жазаланды» деген пікірде болса, біреулері имамның, халифаға қарсылық білдіруші Мұхаммед ән-Нәфсу әз-Зәкияның пайдасына пәтуа бергендігі, оның азапқа душар болуына себеп болғандығын айтады.

Дегенмен, бір қажылық маусымында Хижазға келген халифа Әбу Жағфар әл-Мансұр орын алған жайттан құлағдар болмағандығын айтып, кеменгер имамнан кешірім сұрайды. Тіпті, кейбір деректерден байқағанымыз бойынша, халифа одан пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін жинақтайтын бір кітап жазуын өтінеді. Сөйтіп, имам Мәлик «әл-Муатта» атты мәшһүр кітабын жарыққа шығарған.

Ибн Хажар «әл-Муатта» кітабы жинақталмай тұрғандағы кезеңге тоқтала отырып: «...Имам Мәлик «әл-Муатта» атты еңбегін тасниф етті. Онда хижаздықтардың хадистерін, оған сахабалардың сөздерін және табиғиндер мен олардан кейін келгендердің пәтуаларын қосып жинақтаған», – деген²³⁹. «Муатта» сөзі араб тілінде – «көпшілік жүріп, тапталған жол» деген мағынаға келеді. Алайда имам Мәликтен бұрын Әбу Абдуллаһ Абдулазиз әл-Мәжәшунның «әл-Муатта» атты кітабы болғандығы жайлы дерек бар²⁴⁰. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерімен бірге сахабалардың сөзі мен табиғиндер пәтуасын қамтыған бұл кітапты имам Мәлик ұстаздарына оқып беріп, олардың келісімдерін алғаннан кейін «әл-Муатта» деп атаған. Ұлық имам еңбегін хижраның 159 жылы аяқтаған. Ал, қанша жыл сарп еткендігіне келсек, ол әл-Муаттаны бастан аяқ қырық

²³⁸ Ибн Абдулбарр, *Әл-Интика*, 55-б.

²³⁹ Ибн Хажар, *Һәдиу әс-сәри муқаддимату Фатхи әл-Бәри*, I, 8-б.

²⁴⁰ Абдулғани әд-Дакар, *Әл-Имам Малик ибн Әнәс*, 104-б.

күнде естіп шыққан шәкірттеріне: «Менің қырық жыл жазған еңбегімді қырық күнде естіп алдыңдар»,– деген екен.

Имам Мәликтің хадистерді қабылдауда қатаң шарттар қоюуына байланысты «әл-Муатта» кітабы сахих хадис кітаптарының бірінен саналады. Имам әш-Шафиғи: «Жер жүзінде ілім тұрғысынан Мәликтің кітабынан артық сахих бір кітап көрмедім»,– деп айтқан²⁴¹. «Әл-Муатта» әл-Бұхари мен Муслимнің сахих кітаптары жарық көргенге дейін ең дұрыс жинақ ретінде танылса, кейбір имамдардың пікірі бойынша, екі сахих кітабы шыққаннан кейін де ең дұрыс кітап деп саналған. Ал кейбір имамдардың көзқарасында екі сахих кітаптың дәрежесіне тең болса, көпшілік имамдардың пікірі бойынша, екі сахих кітап дәрежесінен төмен.

Әс-Суюти Ибн Хажардың: «Мәликтің кітабы, өзінің назарында және мурсал мунқатиғ секілді кейбір әлсіз хадистерді дәлел ретінде ұстанатындардың назарында сахих. Бірақ әл-Бұхаридің кітабындағы мунқатиғ хадистер мен әл-Муаттадағы мунқатиғ хадистердің арасында айырмашылық бар. әл-Муаттадағы мунқатиғ хадистердің көбін Мәлик шейхтарынан (ұстаздарынан) естіген әрі бұл хадистер оның назарында дәлел болады. әл-Бұхаридің кітабында кейбір хадистерді тізбексіз келтіруі, олардың тізбектерін жеңілдету мақсатында болатын, ал егер шартына сәйкес келмеген хадистер болса, келген мәселені қуаттау немесе Құран аяттарының тәпсірі ретінде, тараудағы тақырыптың сыртында келген»,– деп айтқанын жеткізген²⁴².

Дегенмен, әл-Муаттадағы төрт хадистен басқа мурсал мунқатиғ хадистердің барлығы басқа жолдармен (тізбектермен) риуаят етілген.

Әл-Муттада келген хадистердің санына келетін болсақ, түрлі көзқарастар бар. Оның себебі – Мәликтен жеткен әл-Муаттаның бірнеше нұсқаларының болуында. Яғни имам Мәликтен көптеген ғалымдар риуаят еткен. Бір нұсқада келген хадис, кейбір нұсқаларда орын алмаған. Әс-Суютидің Әбу Бәкір

²⁴¹ Бұл да сонда, 106-б.

²⁴² Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 66-67-б.

әл-Әбхуриден жеткізген мағлұматында: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахаба, табиғиндерден келген әсэрлардың (хадистердің) барлық саны – 1720. Олардың Муснад болғандары, яғни тізбегі үзілмегені – 600. Мурсал хадистердің саны, яғни тізбегінде сахаба айтылмай, табиғиннің пайғамбарымыздан (с.а.с.) тікелей риуаят еткені – 222. Мауқуф хадистердің саны, яғни сахабаның сөзі – 613 болса, 285-і мақтуғ хадистер, яғни табиғин сөздері», – делінген.

Әл-Муаттаны риуаят етуші танымал ғалымдардың бірі – Яхия ибн Яхия әл-Ләйси ондағы барлық хадистердің саны – 1942 десе, Мұхаммед Фуад Абдулбақи әл-Муаттаның барлық нұсқаларындағы хадистерді жинақтай келе, олардың саны – 1852 екендігін алға тартқан.

Имам Мәликтің ұстанымы – пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен хадистермен қатар, сахаба және табиғиндерден келген әсэрларды, оның ішінде мәдиналық сахабалар мен табиғиндердің әсэрларын жинақтау еді.

Әл-Муатта – хадис әрі фикһ және заң кітабы болып саналады²⁴³.

Имам әл-Бұхари: «Хадис тізбектерінің ішіндегі ең дұрысы – Мәликтің Нафиғтен, ол Ибн Омардан кұралғаны», – деген. Әл-Муаттада осы тізбекпен жеткен хадистер жеткілікті. Әл-Қади Әбу Бәкір ибн әл-Араби имам әт-Термезидің хадис жинағына жазған түсіндірмесінде: «Әл-Муатта, ол – негіз және асыл болса, Әл-Бұхаридің кітабы осы саладағы екінші негіз. Осы екеуіне Муслим, әт-Термези секілді ғалымдардың хадис жинақтары сүйенген», – деген.

Әбу Нуғайымның «Хилияту әл-әулия» атты еңбегінде келгендей: «Халифа Һарун Рашид қажылық кезінде имам Мәликтен «әл-Муаттаны» естіп, оны Кағбаға ілдіріп, онымен барлық адамдардың амал еткенін қалайды. Халифаның бұл ойына имам Мәлик: «Аллаһ елшісінің сахабалары тармақ мәселелерде әртүрлі көзқараста болып, ислам әлемінің түкпір-түкпіріне тара-


²⁴³ Хадис тарихы, Талғат Қочжигит, 214-217-б.

ды. Олардың барлығының көзқарастары дұрыс болды»,– деген кезде, Харун Рашид райынан қайтқан».

Осы секілді жайт халифа Әбу Жағфар әл-Мансурмен де болғандығы жайлы деректер бар²⁴⁴. Яғни имам Мәлик өзі қол жеткізбеген хадистерге сай немесе сол өңірлерге барған сахабалардың яки кейін келген жергілікті ғалымдардың ижтиһадымен амал етуге дағдыланған қоғамда түсініспеушілік туындатпауды қалаған болатын. Бұл – ғұламаның даналығы мен терең түсінігінің көрінісі еді.

«Әл-Муатта» кейінгі ғасырларда көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Оның ішінде бірқатар түсіндірме еңбектер жазылды. Оның ішінде мәлики мәзһабының белді ғалымы Ибн Абдулбаррдың (хижраның 463 ж.д.с.) «Әт-Тамһид», «Әл-Истизкар», Имам әс-Суютидың (хижраның 910 ж.д.с.) «Кашфу әл-муғатта», «Тануиру әл-хауалик» атты және әз-Зурқанидың, кейінгі ғасырларда жазылған әл-Кандаһлауидің түсіндірме еңбектерін айтуға болады.

²⁴⁴ Абдулғани әд-Дакар, Әл-Имам Малик ибн Әнәс, 131-133-б.





ІІІ БӨЛІМ
ХАДИСТЕРДІҢ ЖҮЙЕГЕ
КЕЛТІРІЛУІНІҢ
КЕМЕЛДЕНГЕН КЕЗЕҢІ
«КУТУБУ ӘС-СИТТӘ»
ДӘУІРІ
(хижраның ІІІ ғасыры)



I ТАРАУ. ХАДИСТЕРДІҢ ЖҮЙЕГЕ КЕЛУІНЕ ӘСЕР ЕТКЕН СЕБЕПТЕР

1. Кәләм ілімінің шығуы

Хижраның бірінші ғасырында орын алған саяси қарама-қайшылықтар уақыт өте келе сенім тұрғысындағы белгілі топтардың пайда болуына ұласты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүниеден өткен соң, халифалық мәселе төңірегіндегі жанжалдар шииттердің шығуын жылдамдатса, «үлкен күнә істеген пенденің халі» турасында және «иман мен күпірдің өлшемі», «адамның қалау еркіндігі мен еркіндіктің шегі қандай?» деген бірқатар мәселелер төңірегінде әртүрлі пікірталастар туындап, ақырында ол Муржия, Қадария, Муғтазила, Жәһмия секілді мәзһабтардың шығуына себеп болды. Сонымен қатар, мұсылмандардың түрлі дін мен мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас құруы, пәлсапалық түсініктердің ислам әлеміне жайыла бастауы секілді, сырттан келген әсерлер де сенім мәселесінде түрлі көзқарас пен топтардың шығуына бірден-бір түрткі болды. Ақида тақырыптарын пәлсапалық тұрғыдан қарастырып, яғни сенім негіздерін ақылға жүгіне отырып дәлелдеуге тырысу және сенім мәселесіндегі пікірталастар мен жанжалдардың нәтижесінде «кәләм» деп аталатын жаңа бір ілім туды. Бұны кәләм ілімінің анықтамасынан көруге болады. Мысалы, әт-Тәһәнауи: «Ол – күмәндардан арылтып, айғақтар келтіре отырып, басқаларға діни сенімдерді дәлелдеуге шамасы жететін ілім», – деп баға береді.

Ал, әл-Фараби: «Кәләм – шарифат бекітушінің көрсеткен белгілі іс-әрекеттері мен сенімдерін қорғап, оған қарсы келген пікірлерді жоққа шығара алатын адам бойындағы күш. Ол іс-әрекеттер мен сенімге қарай екіге бөлінеді. Кәләм ілімі фикһтан бөлек. Өйткені фикһ – шарифат қоюшы көрсеткен нақты іс-ірекеттер мен сенімдерді негізге ала отырып, қажетті үкімдерді шығарады. Ал мутакаллим құқықтанушының үкім

шығармай тұрып жүгінген негіздерін қорғайды»,– дейді. Осы екі анықтамадан кәләм ілімінің міндеті – шарифат қоюшы тарапынан, яғни Аллаһ тағала немесе пайғамбар (с.а.с.) тарапынан бекітілген діни негіздерді қорғау екендігін түсінеміз. Сонымен қатар: имам әл-Ғазали, әл-Ийжи, әт-Тафтазани сынды ғалымдардың да кәләмға берген анықтамалары, оның – дұрыс сенімді бұрмалаулар мен күмәндардан сақтаудың бір құралы екендігіне келіп саяды.

Алайда, кәләм ислам ақидасын дәлелдеп, жаңсақ пікірлерден сақтауды мақсат еткен бір ілім болғанымен, оның негізінде тартыс пен пікірталас жатқанын білеміз. Солайша мұсылмандардың арасында көрініс тапқан саяси қарама-қайшылықтардан кейін белең алған сенімге қатысты пікірталастар кәләм ілімінің пайда болуына бірден-бір себеп болды.

Дәлірек айтсақ, исламдағы кәләм ілімі Муғтазила мәзһабының тарих сахнасына шығуымен пайда болған еді. Ислам тарихында Умәуилер дәуірінің соңы мен Аббасилер дәуірінде, мұсылман әлеміне ескі Үнді және Грек философиясы ықпал ете бастағаны белгілі. Муғтазила өкілдері сенімдік және өзге де мәселелерге дәлел келтіргенде Грек философиясына сүйенетін.

Муғтазиланың пайда болуымен бірге сол кездегі христиан, яһуди, мәжуси және өзге де діни қауымдардың кейбір өкілдері исламға кірді. Бұлардың көпшілігі ескі діндерінің сарқыншақтарын исламмен қатар ұстанатын. Тіпті, сырт көзге исламға кірген болып көрінгенмен, ішінде исламға қарсы жұдырығын жең ішіне жасырған топтар да бар еді. Осындай адамдар ислам жайында әртүрлі пікірлер таратып, мұсылмандардың ой-танымын өзгерткісі келетін. Мужассималардың «Аллаһты затқа балауы», рафидилердің «Аллаһ адамның денесіне енеді (хулул)» деген пікірлері, осы ескі діндердің ықпалынан пайда болды. Осындай топтарға қарсы исламды ақылмен қорғау мақсатымен күрескен топтардың бірі – Муғтазила болатын. Яғни муғтазилелер философтардың әдісі мен логикасын олардың өздеріне қарсы қолданды.

Алайда, муғтазилелер сенім тұрғысындағы бірнеше мәселелерде әһли сүннетке қайшы келді. Оның ішінде дін

негіздеріндегі олардың екі үлкен қайшылықтарын айта кеткеніміз жөн. Біріншісі, «әрбір адам өз ісін өзі жаратады» деуі болса, екіншісі, Аллаһ тағаланың есім сипаттарымен байланысты. Яғни, муғтазилелер Аллаһ тағаланың есту, көру, білім, кәләм сияқты сипаттарын жоққа шығарады. Соның нәтижесінде «Құран Кәрім жаратылған» деген жаңсақ пікірді алға тартады.

Муғтазила өкілдері философия аясында дінді түсіндіріп, ислам ақидасына теріс пікірлер енгізді. Олар хадис ғалымдарына өздерінің жаңсақ пікірлерін таңды, мойындамағандарын қиыншылықтарға ұшыратты.

2. Хадис ғалымдарына жабылған жала

Муғтазила тобы философиядан сусындаған ақылдарына қайшы келген хадистерді мойындамау үшін, хадистанушыларды, тіпті кейбір сахабаларды негізсіз айыптауға жүгінген. Олардың бұл әрекетін танымал Муғтазила ғалымы әл-Жахиздің өзі секілді Муғтазила имамы ән-Наззам жайлы айтқан: «Егер ән-Наззамның ақылы хадисте келген ақиқатты қабылдасамса, хадисті түбегейлі жоққа шығарады», – деген сөзінен аңғаруға болады²⁴⁵.

Әл-Жахиз бір сөзінде фикһ және хадис ғалымдары туралы: «Хадистанушылар қарапайым тобыр болып табылады. Себебі, олар әрбір істе өзіндік ой айта алмай, тек еліктейді. Өзіндік шешім шығармағандықтан, одан нәтижеде шықпайды. Еліктеуде ақылдық тұрғыдағы дәлелдерге қарағанда, адам одан тысқары болуы тиіс. Сондай-ақ Құран Кәрімде еліктеуге тыйым салған», – деп айтқан.

Осылайша Муғтазила кәләмшылары ұстанымдарына қайшы келген хадистерді жоққа шығару үшін хадис жеткізушілерге жала жабуымен қатар, Жәмәл оқиғасында болған кейбір сахабаларды пасықтықпен айыптаудан тайынбады.

Аллаһ тағаланың сипаттары мен тағдырға қатысты баяндалатын Құран Кәрім аяттары және пайғамбарымыздың (с.а.с.) бірнеше хадистері болса да, олар Құран Кәрім аяттарын бұрмалап, хадистерді мойындамады.

²⁴⁵ Ахмад Әмин, Духа әл-Ислам, III, 85-б.

Муғтазила мәзһабы өкілдерінің осындай сыңар езу пікірлері халыққа кеңінен тарағандықтан, тек ғалымдар ғана емес, жер-жердегі жұртшылық та Муғтазилілердің бұндай пікірлеріне қарсылық танытты.

Аббасилердің ішінде Муғтазила мәзһабын тек қолдап қана қоймай, бұл мәзһабты мемлекеттің идеологиясына айналдырғысы келген халифалар шықты. Олар халыққа өздерінің сенімін күшпен таңып, өздеріне мойынсұнбаған құқықтанушылар мен хадис ғалымдарына небір азаптар көрсетті. Ғұламалар Аббасилерден қаншама қорлық көрсе де аса ұстамдылық танытты. Муғтазила өкілдерінің тақуа ғұлама адамдарға көрсеткен қорлығы олардың өздеріне соққы болып, халықтың жеккөрушілігін тудырды. Тіпті Муғтазила өкілдерінің фикһ және хадис ғалымдарымен болған талас-тартысты және оларға көрсеткен зорлықтарын ақтауды мұрат еткен шығармалар жазуы, халықтың оларды одан бетер жек көруіне әкелді. Оған әл-Жахиздің фикһ және хадис ғалымдарына азап көрсеткен халифаларды ақтап алғысы келген: «Біз, толық дәлеліміз болмаған жағдайда, ешкімді күпірлікке кірді деп жазаламадық. Айыбы жоқ адамды кінәлап, жауапкершілікке тартқан жоқпыз. Айыбы бар адамды жауапқа тарту – харам нәрсе емес. Қылмыстыны жазалауымыз – жасыруы тиіс болған нәрсені әшкерелеу емес. Егер, әрбір жауапқа тарту, жариялау, біреуді сұрақтың астына алу – айып саналса, қазылар ең әшкерелеуші, ең көп харам іздеген адамдар болатын еді»,– деген сөзі дәлел²⁴⁶.

3. «Құран Кәрім жаратылған» деген түсініктің пайда болуы мен оны теріске шығарған ғұламалардың мехнат тартуы

«Құран Кәрім жаратылған» деген сенім Аллаһ тағаланың сипаттарын, әсіресе, кәләм сипатын жоққа шығарушылардың шығуымен пайда болды. Алғашқы кезде мұсылмандар Құран Кәрім мен пайғамбар (с.а.с.) хадистерінде келген Аллаһтың сипаттарын мойындап, бұл тұрғыдағы пікірталастарға жол бермеді. Алайда Муғтазила мәзһабы көрініс тапқаннан кейін, нақты діни

²⁴⁶ М. Исахан. С. Өзбекұлы, Ислам және кәләмдық мәзһабтар, 67-б.

мәтін келмеген мәселелер төңірегінде көп сөз қозғалды. Оның ішінде Аллаһ тағаланың сипаттары Құран Кәрім мен хадис аясынан тыс пікірталас тақырыбына айналды.

Аллаһ тағаланың сипаттарын жоққа шығару мен Құран Кәрімнің жаратылғандығы жайлы көзқарасты ислам тарихына алғаш енгізген – Жағызд ибн Дирхам болатын. Екінші ғасырдың басында Умәуилердің соңғы халифасы Маруан ибн Мұхаммедтің тәрбиешісі болған Жағыздтың бұл көзқарасты Шам христиандарынан алғандығы жайлы айтылады. Ол Шамнан қуылғаннан кейін Куфаға келіп, көзқарасын Жәһм ибн Сафуанға үйретеді. Сөйтіп, халықтың сенімін бұзған Жағызд ибн Дирхам халифа Хишам ибн Абдулмәликтің бұйрығымен өлтіріледі. Дегенмен оның ұстанымын Аллаһ тағаланың сипаттарын жоққа шығарған муғтазилердің имамы Жәһм ибн Сафуан жалғастырады. Муғтазилер бұл пікірді Жәһмнан алғандығына байланысты, олар хадис ғалымдары тарапынан «жәһмилер» деп танылды. Бұл топ алғашқы Аббаси халифаларының тұсында әлсіреді. Өйткені Аббаси халифалары дінбұзар зындықтарға қарсы қаталдық танытқан еді. Алайда Аббаси халифаларының исламға жат сенімдерге қарсы қаталдық танытуы Халифа Мәмуннің кезіне дейін ғана жалғасты. Мәмуннің халифа болуымен муғтазилердің асығы алшысынан түсті. Өйткені Мәмун философиялық ілімдерге үйір болатын. Өзі негізін қалаған «Дәру әл-Хикма» орталығы ежелгі Рим, Грек философтарының еңбектерін аударумен айналысты. Әрине бұның ақыл мен қисынға көп жүгінген муғтазилерге тиімді болғандығы сөзсіз. Әрі Мәмун жиі ұйымдастырған ғылыми пікірталастарда Сумәмә ибн әл-Әшрас, Әбу Хузейл әл-Алләф, Бишр ибн Фиас секілді Муғтазила имамдарымен етене араласып, олардан әсер алды. Олардың осындай қарым-қатынастарының нәтижесінде Мәмун Құран Кәрімнің жаратылғандығы жайлы сенімді мемлекеттің ресми идеологиясы етіп жариялады. Халифаның «Құран Кәрім жаратылған» деген пікірін қолдамаған ғалымдар, оның ішінде Яхия ибн Мағин, «әт-Табақат» кітабының авторы – Ибн Сағызд, Ахмад ибн Ибраһим әд-Дәурақи, Зуһейр ибн Харб секілді хадис ғалымдары халифа тарапынан қысым көрді. Сол секілді, ішінде

Ахмад ибн Ханбал болған хадис ғалымдары халифа сарайына шақырылып, Құран Кәрімнің жаратылғандығын мойындауға мәжбүрленеді. Кейбірі тілмен ғана мойындағанымен, имам Ахмад пен Мұхаммед ибн Нух райынан қайтпағаны үшін азапталады. Нәтижесінде Мұхаммед ибн Нух қатты соққы салдарынан көз жұмады. Имам Ахмад халифа Мәмун дүние салғасын босатылып, Бағдатқа қайтады. Алайда халифа Мәмуннің өлімі хадис ғалымдарына толық еркіндік алып келмеді. Өйткені оның орнына әл-Муғтасим келіп, бауыры Мәмуннің жолын қуады. Имам Ахмадтың мойындауында көп пайда бар екендігін түсінген халифа, оны 14 айға жуық уақыт қамауда ұстап, Құран Кәрімнің жаратылғандығын мойындауға мәжбүрлейді. Бірақ ұлық имамнан: «Құран Кәрім Аллаһтың сөзі», – дегеннен басқа жауап ала алмайды. Қанша ұрылып, соғылса да имам өз дегенінен қайтпайды. Ақырында ауыр жарақаттан өлімші болған имам босатылады. Халифаның бұндай шешімге келуіне сарайдың айналасына жиналған халықтың наразылығы түрткі болды. Өйткені халықтың бұл наразылығының көтеріліске ұласуы әбден мүмкін еді. Сөйтіп Ахмад ибн Ханбал босатылған 219 жылдан бастап, бұл мәселе біраз уақыт басылады. Бірақ көп уақыт өтпей жаңадан тағайындалған халифа әл-Уәсиқ Муғтазила имамдарының қолдауымен мәселені қайта жандандырады. «Муснад» атты хадис жинағының алғаш авторларының бірі – Нуғайым ибн Хаммад Құран Кәрімнің жаратылғандығын мойындамағаны үшін қамауға алынып, 228 жылы түрмеде жан тапсырады. Имам әш-Шәфиғидің шәкірті – Әбу Яқуб әл-Буәйти де осы себепті қамалып, 231 жылы дүние салғанға дейін қамауда болады. Халифа әл-Уәсиқтың қолынан хадис ғалымдарының бірі – Ахмад ибн Насыр әл-Хузағиде қаза табады.

Бірақ мемлекет басына әл-Мутәуәккилдің (хижраның 232-247 жылдар аралығында халифа болған) келуімен бұл тақырып күн тәртібінен түсіп, пікірталасқа тыйым салынады²⁴⁷.

Осыдан кейін муғтазилелер тарих сахнасынан біртіндеп ығыса бастайды.

²⁴⁷ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 225-229-б..

II ТАРАУ. ХАДИС КІТАПТАРЫ МЕН АВТОРЛАРЫ

Бірінші ғасырдың аяғына қарай хадистердің жазылып, жүйеге келуі нәтижесінде «әс-Сияр» және «әл-Мағазил», «әс-Сунән», «әл-Жамиғ», «Мусаннаф» сияқты хадис жинақтары және белгілі тақырыптарда жазылған кітаптар жарық көрді. Үшінші ғасырда бұл дәстүр жылдам қарқын алып, жарық көрген жинақтардың саны артты. Бұл кезең хадис тарихында «алтын ғасыр» саналады. Жоғарыда аталған бес топ хадис жинақтарына сай жаңа еңбектер мен хадис ілімінің түрлі тақырыптарына, әсіресе хадис ілімінің негіздеріне қатысты кітаптар жазыла бастады.

Әл-Бұхари, Муслим, ән-Нәсәи, Әбу Дәуіт, әт-Термези және Ибн Мәжә сынды имамдар Құран Кәрімнен кейін исламның маңызды қайнар көзі болып есептелетін танымал алты хадис кітабын (*кутубу әс-ситтә*) жарыққа шығарды.

Ендеше хижраның III ғасырында жарық көрген хадис жинақтары мен олардың жазушыларына тоқталайық.

1. «Сияр және мағазил» кітаптары (пайғамбар (с.а.с.) өмірі мен жорықтары)

Хижраның III ғасырдың басында Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Омар **әл-Уәкиди** (хижраның 207 ж.д.с.) сиәр және мағазил кітаптарымен атағы шығып, осы саладағы атақты ұстаздардың бірі атанды. Сол секілді Мұхаммед ибн Исхақтың «Мағазил» жинағын ықшамдап, қосымшалармен толықтырған Әбу Мұхаммед **Абдулмәлик ибн Хишәм** ибн Әюб әл-Химияри (хижраның 218 ж.д.с.) «*Сирату ибн Хишам*» атты еңбегімен көпшілік құрметіне бөленді. Кітап – қазіргі таңда пайғамбар (с.а.с.) өмірбаянына қатысты маңызды әрі негізгі әдебиеттердің бірі.

Сонымен қатар, осы ғасырда Әбу Ахмад Мұхаммед ибн Айыз ибн Ахмад әл-Курашидің (хижраның 233 ж.д.с.) «*Китәбу әл-Мағазии*» жинағы жарық көрді.

2. «Муснад» кітаптары

«*Муснад*» сөзі тілдік тұрғыда – «тізбегі жеткен», «телінген» мағыналарында қолданылады.

Муснад – үшінші ғасырда алғаш жарық көрген хадис жинағы. Ол өзге хадис кітаптарынан хадистердің жүйеге келтірілуімен ерекшеленеді. «Әс-Сунән», «Мусаннаф», «Әл-Жамиғ» секілді жинақтарда хадистер тақырыптарға сай жүйеленсе, «Муснад» жинағында хадистер сахабаның немесе одан кейін келген рауидің есіміне сай жіктеліп, жүйеге келтіріледі. Мысалы: Әбу Һурайраның (р.а.) пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткізген хадистері, тақырыптары әртүрлі болса да бір жерге, сол секілді Ибн Аббастан (р.а.) жеткен хадистер бір жерге жинақталған.

Сондай-ақ, сахабалардан кейін келген рауилердің атымен топталуы да мүмкін. Мысалы, Әбу Ханифаның жеткізген хадистері бір жерде, имам әш-Шафиғи жеткізген хадистер бір жерде қарастырылған. Бұндай жинақ – «*Муснад*» деп аталады.

Ең алғаш *Муснад* кітабын Әбу Дәуіт Сүлеймен ибн Дәуіт ибн әл-Жаруд **әт-Таялиси** (хижраның 203 ж.д.с.) жинақтаған²⁴⁸. Кейін Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Юусуф **әл-Фириаби** (хижраның 212 ж.д.с.), **Әбу Исхақ** Ибраһим ибн **әс-Сурини** (хижраның 213 ж.д.с.), **Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйбә** Абдуллаһ ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Осман әл-Куфи (хижраның 235 ж.д.с.), Әбу Йәғқуб **Исхақ** ибн Махләд **ибн Раһауайһ** әл-Ханзали әл-Маруази (хижраның 238 ж.д.с.), Әбу Абдуллаһ **Ахмад** ибн Мұхаммед **ибн Ханбал** ибн Әсәд әз-Зуһли әш-Шәйбәни (хижраның 241 ж.д.с.) Әбу әл-Хасан **Мұхаммед ибн Әсләм** ибн Салим ибн Йәзид әл-Кинди **әт-Туси** (хижраның 242 ж.д.с.), Әбу Абдуллаһ **Ахмад ибн Ибраһим** ибн Кәсир **әд-Дәурақи** әл-Бағдади (хижраның 246 ж.д.с.), **Әбу Зурға** Ұбайдуллаһ ибн Абдулкарим ибн Йәзид **әр-Рази** (хижраның 264 ж.д.с.), Әбу

²⁴⁸ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 136-б.

Сағид Осман ибн Сағид ибн Халид әс-Сижистани **әд-Дәrimi** (хижраның 280 ж.д.с.) сынды хадистанушылар да Муснад хадис жинақтарын жарыққа шығарды²⁴⁹.

Үшінші ғасырда *Муснад* кітаптарымен танымал болған хадис ғалымдары көптеп саналады. Олардың ішінде, хадис ілімінде ерекше орын алған, қазіргі кезге дейін жеткен танымал Муснад иесі – Ахмад ибн Ханбал.

а) Ахмад ибн Ханбал және оның «Муснад» атты хадис жинағы

Танымал хадистанушы, фикһ ғалымы, мәзһаб имамы – Әбу Абдуллаһ Ахмад ибн Мұхаммед ибн Ханбал ибн Әсәд әз-Зуһли әш-Шәйбәни әл-Мәруази әл-Бағдади, заманында мәдениет пен ғылым ошағы болған Бағдатта хижраның 164 жылы дүниеге келген. Балалық пен жастық шағын Бағдатта өткізіп, жас кезінде имам Әбу Ханифаның шәкірті – Әбу Юусуфтан білім алады да, кейін хадис ғалымдарының бірі – Хушейм ибн Бәшир әл-Уаситимен (хижраның 183 ж.д.с.) кездесіп, оның өмірінің соңына дейін білім алады. Хижраның 186 жылы білімін жетілдіру үшін сол дәуірдің ғылым орталықтары болып саналатын: Куфаға, Басраға, Меккеге, Мәдинаға, Йеменге сапар шегеді. Сол жерлердегі ғалымдардан хадис естиді. Осы кезеңде қажылыққа төрт мәрте барады. Қажылық сапарларының бірінде имам әш-Шәфиғимен жолығып, хадистер алады.

Имам Ахмад 40 жасына дейін хадис үйреніп, білімін арттыру мақсатында ұзақ жылдар сапарда жүрді. 40 жасынан кейін хадис жеткізіп, дәрістер бере бастаған. Сөйтіп, білімнің шыңына шығып, заманының заңғар тұлғасына айналады. Оны ұстазы Абдурраззақ ибн Һаммам (хижраның 211 ж.д.с.) өзге ғалымдармен салыстыра отырып: «Бізге ең күшті хафиз (хадис ғалымы) әш-Шазкуни және хадис жеткізуші тұлғаларды ең жақсы білетін Йахия ибн Мағин келді, бірақ бұлардың барлығын білген Ахмад ибн Ханбал секілді имам келмеді»,– деген²⁵⁰.

²⁴⁹ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 232-238-б.

²⁵⁰ Ибн әл-Жәузи, Манакибу әл-имам Ахмад, 69-б.

Имам Ахмад хадис ғылымымен бірге фикһ саласына да қызығушылық танытады. Ол фикһ мәселелерін, көбіне Құран Кәрім аяты мен пайғамбар (с.а.с.) хадистеріне және сахабаның сөзі мен пәтуасына ғана негіздеген. Мәжбүр жағдайларда ғана болмаса, өзінің пікірімен ижтиһад жасап, пәтуа шығармаған. Жас кезінде Әбу Юсуфтың дәрістерінен кетіп қалуына да ұстазының фикһ мәселелерінде райға, яғни ой-пікірге көбірек жүгінуі себеп болған еді.

Ахмад ибн Ханбал муғтазилердің ықпалымен «Құран Кәрім жаратылған» деген пікірді күштеп таратқан халифа әл-Мәмунның көрсеткен ауыр мехнатын басынан кешіреді. Қанша ауыр азаптар шексе де пайғамбар (с.а.с.) сүннетіне деген сүйспеншілігінен «Құран Кәрімнің жаратылған» деп айтпаған.

Ол хижраның 241 жылы Бағдатта дүние салады.

Ахмад ибн Ханбал, хадис жинақтарының арасында құнды және әрбір мұсылманға діни тақырыптар мен мәселелерде негіз болған әрі хадис ғалымдарының арасында ерекше маңызға ие «Муснад» атты еңбек жинақтады. Бұл еңбегі сол кезде жарық көрген өзге Муснад кітаптары секілді сахабалардың есімдеріне сай реттелген хадистерді қамтыған.

Ахмад ибн Ханбал өзі жинаған 700 мыңнан астам хадистердің ішінен тек таңдаған хадистерін ғана «Муснад» кітабына енгізген. Онда қайталанып келетін хадистермен бірге, шамамен 40 мыңға жуық, ал қайталанатын хадистерді айтпағанда, 30 мыңға жуық хадис қамтылған. Ондағы хадистердің барлығы бірдей сахих дәрежесінде емес. Сонымен қатар Ибн Кәсир: «Ахмадтың Муснады хадисінің көптігі мен көркемдігі жағынан, басқа Муснад кітаптарынан ерекшеленеді. Дегенмен өте көп хадистер қамтылмаған, тіпті онда екі сахих кітабында (әл-Бұхари мен Муслим) хадистері келтірілген 200-ге жуық сахабаның аты аталмаған», – деген пікір білдіреді²⁵¹. Алайда имам Ахмадтың, сахабалардың есімдеріне сай жүйеге келтірген бұл жинағында 904 сахабадан жеткен хадистер қамтылады.

²⁵¹ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 135-б.

Муснадта келген хадистердің дұрыстығына қатысты бірнеше пікірлер бар. Кейбіреулер имам Ахмадтың өте көп хадистерінің арасынан таңдап жинағандығын, муснадындағы хадистердің барлығы дәлел болатындығын айтқан. Бұл тұрғыда имам әс-Суюти: «Имам Ахмадтың Муснадындағы хадистердің барлығы қабылданатын (мақбул) хадистер, ал ондағы «әлсіз» деп саналғандары – «хасан» дәрежесіне жақын хадистер»,– деген.

Ал, Әбу Муса әл-Мәдини: «Бұл кітап – хадистанушылар үшін бір негіз, сүйенетін маңызды қайнар көз. Ол танымал тұлға тарапынан, көптеген хадистердің ішінен таңдалып жазылған, қандай да бір мәселеде басшылыққа алынатын негіз»,– деген.

Біреулері Ахмадтың муснадында әлсіз, тіпті жалған хадистердің де орын алғандығын алға тартады. Әбу Муса әл-Мәдиниден бір хадис жайлы сұралғанда, ол: «Егер Ахмадтың муснадында болмаса, дәлел болмайды»,– деген. Оның сөзіне қарсылық білдірген әл-Ирақи: «Ондағы хадистердің барлығы дәлел бола алатындығы мен оның сыртындағы хадистердің дәлел болмайтындығы анық емес. Өйткені екі сахих кітабында келген хадистер Муснадта келмеген. Ал әлсіз хадистердің қамтылғандығы ақиқат. Тіпті жалған хадистерді де кездестіруге болады. Мен оларды бір бөлімге жинақтағанмын. Ахмад ибн Ханбалдың ұлы Абдуллаһ тарапынан Муснадқа қосылған хадистер арасында әлсіз және жалған хадистер бар»,– деп айтқан.

Ибн Хажар *«Әл-Қаулу әл-мусәддәд фи әз-зәбби ан әл-Муснад»* атты еңбегінде әл-Ирақидің Ахмадтың Муснадынан жалған деп тауып, бір бөлімге жинақтаған тоғыз хадисі мен Ибн әл-Жәузидің жалған деп білген он бес хадисін жеке-жеке талдап, екеуінің пікірлерін теріске шығарған.

Дегенмен, Ибн Хажар *«Тағжил әл-мәнфаға фи рижәли әр-әрбаға»* атты кітабында: «Ахмадтың Муснадында тек үш немесе төрт хадистің ғана асылы жоқ (яғни тізбегі жоқ), оның бірі – *«Абдуррахман ибн Ауф жаннатқа еңбектеп кіреді»*²⁵² – деген хадис»,– десе, басқа бір сөзінде, бұл негізі жоқ үш-төрт

²⁵² Мункар хадис. Ахмадтың Муснады, VI, 115; Имам Ахмадтың ұлы Абдуллаһтың қосқан хадистерінің бірі болуы мүмкін.

хадистің келу себебіне қатысты: «Кейін өшірілуін бұйыра тұра, ұмытылған немесе өшірілгеннен кейін үстіне қайта жазылған болса керек»,– дейді²⁵³.

Қалай болғанда да Ахмад ибн Ханбалдың муснады – мұсылмандар арасында кең таралған, танымал хадис жинағы. Ішіндегі санаулы болған күмәнді хадистер, ондағы басқа саны өте көп хадистермен салыстырғанда, бұл хадистер жинағына көлеңке түсіре алмайтындығы анық. Өрі деректерде келгендей бұл хадистердің ұлы Абдуллаһ немесе одан жеткізген кейбір жеткізушілер тарапынан қосылған болуы да әбден мүмкін.

Имам Ахмадтың пайғамбарға (с.а.с.) деген ерекше сүйіспеншілігі мен хадис жеткізушілерге мән берген аса ұқыптылығы нәтижесінде жарық көрген бұл еңбектің құндылығын ешкім жоққа шығара алмасы анық²⁵⁴.

3. «Әс-Сунән» кітаптары

Фиқһ мәселелеріне қатысты үкімдері бар хадистерді жинақтаған әс-Сунән кітаптарының екінші ғасырда жарық көре бастағанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұндай хадис жинақтары үшінші ғасырда да жалғасын тауып, осы ғасырдың екінші жартысында танымал «*әс-Сунән*» кітаптары жарыққа шықты. Танымал саналған алты хадис кітабының (кутубу әс-ситтә) төрт әс-Сунән кітабы мен олардың авторларына кеңірек тоқталмай тұрып, осы ғасырда жазылған әс-Сунән кітаптары авторларының кейбірін атап өтейік. Олар: Әбу Жағфар Мұхаммед ибн әс-Саббах **әд-Дулаби** (хижраның 227 ж.д.с.), Әбу Мұхаммед әл-Хасан ибн Али әл-Халләл **әл-Хулуани** (хижраның 242 ж.д.с.), Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Абдуррахман әт-Тәмими **әд-Дәрим** әс-Самарқанди (хижраның 252 ж.д.с.), Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Йәзид **ибн Мәжә** әл-Қазуини (хижраның 273 ж.д.с.), **Әбу Дәуіт** Сүлеймен ибн әл-Әшғас ибн Бәшир ибн Шәддәд ибн Амр ибн Имран әл-Әзди әс-Сижистани

²⁵³ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 134-135-б.

²⁵⁴ Әс-Субки, Табақату әш-Шафиғия, II, 27-б; Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 239-242-б; Ибн әл-Жаузи, Манакибу әл-имам Ахмад ибн Ханбал,

(хижраның 275 ж.д.с.), Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса ибн Саура ибн Муса ибн әд-Даххак **әт-Термези** әс-Суләми (хижраның 279 ж.д.с.), Әбу Исхақ Исмаиыл ибн Исхақ ибн Исмаиыл **әл-Әзди** (хижраның 282 ж.д.с.), Әбу Муслим Ибраһим ибн Абдуллаһ ибн Муслим ибн Мағиз әл-Басри **әл-Кәжжи** (хижраның 292 ж.д.с.), Әбу Абдуррахман Ахмад ибн Шуғайыб ибн Али ибн Синан ибн Бахр ибн Динар әл-Хорасани **ән-Нәсәи** (хижраның 303 ж.д.с.)²⁵⁵.

а) Ән-Нәсәи және оның «әс-Сунән» атты кітабы

Әбу Абдуррахман Ахмад ибн Шуғайыб ибн Али ибн Синан ибн Бахр ибн Динар әл-Хорасани ән-Нәсәи хижраның 215 жылы Хорасандағы Ниса²⁵⁶ қалашығында дүниеге келген. Он бес жасында Қутайба ибн Сағид әл-Бәлхиге барып, он төрт ай қасында жүріп, хадис естіген. Содан кейін Хорасанның барлық жерін, Хижаз, Ирақ, Шам және Мысырды аралап, сол жерлердегі хадис ғалымдарынан хадис жинаған. Оның хадис алған ғалымдарының ішінде Исхақ ибн Раһауайһ, Исхақ ибн Хабиб, Әбу Дәуіт Сүлеймен ибн әл-Әшғас, Қутайба ибн Сағид, Исхақ ибн Муса, Ибраһим ибн Сағид, Ибраһим ибн Жақып, Али ибн Хужр сынды хадис ғалымдары бар.

Ән-Нәсәи хадис ілімінде, әсіресе хадис жеткізушілердің сенімді немесе сенімсіздігін анықтауда жүгінілетін имамдардың бірі болатын. Тәжуддин әс-Субкидің әкесі Тақиюддин әс-Субки мен әз-Зәһәбиден жеткізген дерегінде: «ән-Нәсәи, сахих жинағының авторы Муслим ибн әл-Хажжжаждан артық хадис жаттаған (хафиз) және әс-Сунән кітабы да әлсіз хадистері ең аз болған жалғыз кітап», – деген. Тіпті Ибн әс-Субки, Ибн Мәнда, Әбу Али ән-Нисабури, әл-Хатиб әл-Бағдади мен әд-Даракутни

²⁵⁵ Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 243-244-б; Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 620-621-б.

²⁵⁶ Мұсылмандар тарапынан Хорасанның алынуы барысында бұл қалашықтың ер адамдары мұсылман әскерінің келгендігін естіп, қалашықты тастап кеткен. Қалашықта әйел адамдардан басқа ешкім қалмайды. Мұсылмандар қалашықтан әйел адамдардан басқа ешкімді көрмегеннен кейін, оларға тиіспей кетіп қалады. Сол үшін де бұл қалашықтың «Ниса», яғни «әйелдер» деп аталып кеткендігі айтылады. (Талғат Кочжигит, Хадис тарихы, 244-б)

секілді ғалымдардың айтуынша, ән-Нәсәидің әс-Сунәнындағы хадистердің барлығы дұрыс хадистер болып табылады.

Ән-Нәсәи «әс-Сунән әл-Кубра» атты кітабын жазған кезде, одан кейбір адамдар: «Бұл кітаптағы барлық хадистер дұрыс па?» – деп сұрайды, сонда ол: «Кейбір хадистердің олқылығы болуына байланысты барлығын дұрыс деп айта алмаймын», – деп жауап берген. Әлсіз хадистерден арылу мақсатында осы кітабын ықшамдап, «әл-Мужтәба» немесе «әс-Сунән әс-суғра» атты жинағын жарыққа шығарады. Бұл шағын ықшамдалған хадис жинағы хадис ғалымдары арасында дұрыстығымен танылып, «Кутубу әс-ситтә» кітаптары екі сахих кітабынан кейінгі орынды алды. Ән-Нәсәиден жеткен хадис айтылған кезде, оның «әл-Мужтәба» кітабында келген хадис екендігін түсінуіміз керек.

Ән-Нәсәи хадистерді сұрыптауда аса мұқияттылық танытып, бірқатар шарттар қоюы себепті басқа әс-Сунән кітаптарынан жоғары тұрады. Әл-Хаким ән-Нисабури мен әл-Хатиб әл-Бағдади, хадис жеткізушілерге қатысты ән-Нәсәидің қойған шарттарының Муслимнің шарттарынан да күштірек екендігін алға тартады.

58 кітапты (негізгі тақырыптарды) қамтыған ән-Нәсәидің «Әс-Сунәнында» қайталанып келген хадистермен бірге барлық хадистер саны – 7397.

Ән-Нәсәи өмірінің біраз бөлігін Мысырда өткізіп, еңбектерін де сол жерде жазады. Дүние салардан алдын бір жыл бұрын Шамға келген кезінде, кейбіреулер одан Муғауияның артықшылығын білдіретін хадистер риуаят етуін талап етеді. Ән-Нәсәи оларға Муғауияның артықшылығы мен кейбір ерекшеліктері болғандығын білмейтіндігін айтқан. Сол үшін оны ұрып-соғып, мешіттен қуады. Бұл оқиғадан кейін көп уақыт өтпей, ән-Нәсәи Палестинаның Рамлә қалашығында хижраның 303 жылы дүние салады²⁵⁷.

Ән-Нәсәидің «Әс-Сунәнына» бірнеше ғалымдар түсіндірмелер (шархтар) жазды. Олардың ішінде:

²⁵⁷ Ибн Халликан, Уафаят, I, 59-60-б; Әз-Зәһәби, Тәзкира, I, 698-701-б; Ибн Хажар, Тәһзиб, I, 36-39-б; Әс-Субки, Табақату әш-Шафиғия, II, 83-84-б;

1. Жәләлуддин әс-Суютидің (х.911 ж.д.с.) «Заһр әр-руба алә ал-мужтәбә» атты қысқаша түсіндірмесін;
2. Әбу әл-Хасан Мұхммед Абдулһади әс-Синдидің (х.1139 ж.д.с.) «Хашияту әс-Синди алә сунән ән-Нәсәи» деп танылған түсіндірме еңбегін ерекше атап өтуге болады. Аталған екі түсіндірме бірге басылып, жарық көрген.

ә) Әбу Дәуіт және оның «әс-Сунән» атты кітабы

Әбу Дәуіт Сүлеймен ибн әл-Әшғас ибн Бәшир ибн Шәддәд ибн Амр ибн Имран әл-Әзди әс-Сижистани хижраның 202 жылы Сижистанда дүниеге келген. Жас кезінен пайғамбар (с.а.с.) хадистеріне ерекше мән беріп, хадис жинақтау үшін: Хорасан, Ирак, Мысыр және Хижаз өлкелеріне барып, сол жерлердегі хадис ғалымдарынан, оның ішінде әл-Бұхари, Муслимнің ұстаздары: Ахмад ибн Ханбал, Осман ибн Әбу Шәйба, Құтайба ибн Сағид, Муслим ибн Ибраһим, Сүлеймен ибн Харб, Әбу әл-Уәлид әт-Таялиси, Абдуллаһ ибн Мәсләмә, Йахия ибн Мағин секілді ғалымдардан хадис естиді.

Әбу Дәуіт өзінің замандастары мен кейінгі келген ғалымдар тарапынан мадақталған. Мұса ибн Һарун: «Ол, дүниеде хадис үшін, ақыретте жаннат үшін жаратылғандай»,– деп айтқан. Әбу Бәкір әс-Сағани мен Ибраһим әл-Харби: «Дәуіт пайғамбарға темір қалайша жұмсартылған болса, хадис те Әбу Дәуітке солайша жеңілдетілген»,– дейді.

Әбу Дәуіттің өзінен жеткен деректе: «әс-Сунән» «тақуалық», «амалдардың артықшылығы» секілді тақырыптарға қатысты хадистерді жинақтамай, тек шарифат үкімдері бар хадистерді жинадым. Оған жинаған 500 мың хадистерімнің арасынан 4800-ін таңдап енгіздім»,– деп айтқан²⁵⁸. Алайда қолымыздағы Әбу Дәуіттің «әс-Сунәны» 40 тарау, 168 бапқа бөлініп, барлығы 5274 хадисті қамтыған.

Әбу Дәуіттің «әс-Сунәнына» түсіндірме жазғандардың бірі – Әбу Сүлеймен әл-Хаттаби өзінің кіріспесінде: «Дін ілімінде Әбу Дәуіттің *әс-Сунәны* секілді үлкен мәнге ие бір кітап

²⁵⁸ Әбу әт-Тайб Мұхаммед Шамсулһақ әл-Азимабади, Ауну әл-мағбуд, 4-5-б.

жазылған жоқ. Ол халық арасында жақсы қабылданды, қандай да бір кезең мен мәзһаб ерекшеліктеріне қарамай, ғалымдар мен құқықтанушылар арасында кең таралып, Ирак, Мысыр, Мағриб секілді өлкелердегі хадис ғалымдарына қайнар көз болды», – деп баға барген. Ол тағы бір сөзінде Ибн әл-Арабидің: «Кімнің қолында Аллаһтың кітабы мен Әбу Дәуіттің әс-Сунәны болса, ол басқа бір нәрсеге мұқтаж емес», – деген сөзін арқау етіп, «Күмәнсіз солай», – деген²⁵⁹.

Әбу Дәуіт: «Хадис жинағында – сахих, сахих секілді немесе сахихқа жақын хадистерді жеткіздім. Арасында әлсіз хадистер болса, әлсіздігін баяндадым. Егер баяндалмаған хадис болса, ол – дұрыс (салих) хадис», – деген. Дәрежесі баяндалмаған «дұрыс хадистің» сахих не хасан екендігінде әртүрлі пікір айтылған. Имам Ибн әс-Салах, ән-Нәуәуи секілді хадистанушылар онымен хасан хадистер мақсат етілгендігін алға тартады. Ол әлсіз хадистерді кітабына, сол тақырыпта басқа дұрыс хадис таппағандықтан енгізген. Өйткені Әбу Дәуіттің көзқарасы бойынша, әлсіз хадистер райдан (ой-пікірден) жоғары тұрады.

Әбу Дәуіттің «әс-Сунәнының» алғашқы түсіндірмелерінің ең құндысы – Әбу Сүлеймен әл-Хаттабидің (х.388|988 ж.д.с.) «Мағалиму әс-Сунән» атты түсіндірмесі. Сол секілді өңделіп жарық көрген және қолжазба күйінде сақталған:

1. Жәләлуддин әс-Суютидің (х.911 ж.д.с.) «Мирқату әс-суғуд илә сунәни Әби Дәуіт» атты қысқаша түсіндірмесі;
2. Әбу әл-Хасан Мұхаммед Абдулһади әс-Синди әл-Мәдәнидің (х.1139 ж.д.с.) «Фатху әл-уәдуд алә сунәни Әби Дәуіт»;
3. Әбу әт-Тайб Мұхаммед Шамсулхак әл-Азимабадидің (х.1329 ж.д.с.) «Ауну әл-мағбуд би шархи сунәни Әби Дәуіт»;
4. Махмуд Мұхаммед Хаттаб әс-Сәбкидің (х.1352|1933 ж.д.с.) «Әл-Мәнһәлу әл-азбу әл-мәуруд» секілді бірнеше түсіндірме еңбектер жазылған.

²⁵⁹ Әл-Хаттаби, Мағалиму әс-сунән, 10-11-б.

Әбу Дәуіттің «әс-Сунән» кітабынан басқа да еңбектері бар. Ол – өмірінің соңында тұрақтаған жері – Басра қаласында, хижраның 275 жылы дүние салады²⁶⁰.

б) Әт-Термези және оның «әс-Сунән» атты кітабы

Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса ибн Саура ибн Муса ибн әд-Даххак әт-Термези хижраның 209 жылы Жейхун (Амудария) жағалауында орналасқан, Термез қаласына қарасты Бұғ ауылында дүниеге келген. Сол үшін де кейбір деректерде оны «әл-Бұғи» деп те атайды. Бұл өңірлерден ислам ілімдеріне елеулі үлес қосқан тұлғалар шыққан.

Имам әт-Термези басқа хадис имамдары секілді жас кезінде-ақ хадиспен айналысып, хадис жинақтау мақсатында көптеген хадис ғалымдарымен кездеседі. 25-26 алты жасында Басра қаласына барып, сол жердің ғалымдарынан сабақ алады. Содан кейін Хижаз өлкесіне сапар шеккен. Оның Бағдатқа, Мысыр мен Шамға барғандығы жайлы деректер жоқ. Бәлкім сол кездегі кейбір елдерде орын алған тұрақсыздықтың салдарынан бармаған болса керек. Дегенмен, ол жиырма жылдан астам уақыт жырақта жүріп, хадис жинап, өз еліне хижраның 250 жылы ғана оралған. Имам әл-Бұхариден шәкірт ретінде, сол секілді оның ұстаздарынан және Қутайба ибн Сағид, Исхақ ибн Мұса, Мұхаммед ибн Ғайлан, Сағид ибн Абдуррахман, Мұхаммед ибн Башшар, Али ибн Хужр секілді көптеген хадистанушы ғалымдардан хадис алған.

Әл-Бұхари әт-Термезиден хадис риуаят етіп, оның білімі, сенімділігі мен тақуалығын баса айтқан.

Деректерде әт-Термези жайында хадис ғалымдарының айтқан бірнеше мақтау сөздерін де кездестіре аламыз. Абурахман ибн Мұхаммед әл-Идриси: «Әт-Термези хадис ілімінде үлгі тұтарлықтай имам. Сонымен қатар, ол «әл-Жамиғ», «әт-Тарих уә әл-иләл» кітаптарын жазған, еске сақтау қабілеті ерекше бір имам», – деген.

²⁶⁰ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тариху Бағдад, IX, 55-59-б; Өз-Зәһәби, Тәзкира, I, 93-б, 571-б.

Әт-Термезидің «әс-Сунәны» фикһ мәселелеріне қатысты хадистермен бірге басқа тақырыптарды да қамтығандықтан «әл-Жәмиғу әс-Сунән» атымен танылған. Ондағы хадистер: сахих, хасан және әлсіз болып бөлініп, әр хадистің соңында «бұл хадис – сахих» немесе «бұл хадис – хасан» деп көрсетіледі. Әлсіз хадистердің әлсіздік себептерін де айқындап кетеді.

Әт-Термези «әс-Сунәнының» өзге хадис жинақтарынан ерекшелігі, онда кейбір хадистердің дәрежесін білдіруде сахих, хасан және ғариб сөздері әрқилы қолданылады. Мысалы, бір хадистің дұрыстығын «бұл хадис – хасан сахих», «бұл хадис – хасан ғариб», «бұл хадис – сахих ғариб», «бұл хадис – хасан сахих ғариб» деп анықтап береді. Бұл ұғымдар оған дейін басқа хадистанушылар тарапынан қолданыс таппаған болатын. Сонымен қатар әт-Термези, келтірген хадисіне қатысты сахабалардың, кейінгі ғалымдардың пікірін айта отырып, өзінің де көзқарасын білдіріп кетеді. Кітабының соңында, қорытынды ретінде, хадистегі сырт көзге көрінбейтін олқылықтарға қатысты қосымша мағлұматтар жазған. Әрі ондағы хадистер асқан реттілікпен жинақталып, бір-бірін қайталамайды.

Әт-Термези кітабында қолданған «хасан» сөзінің мағынасын баяндағанымен, хасанның сахих, ғарибпен бірге келген кездегі мағынасы мен сол хадистің дәрежесін айқындамаған. Сол үшін кейінгі ғалымдар алғаш рет имам әт-Термези тарапынан қолданылған бұл терминдердің мағыналарын баяндаған.

Әт-Термезидің кітабы ән-Нәсәи мен Әбу Дәуіттің кітаптарынан кейін үшінші дәрежеде саналады. Бұл кітап хадис іліміне қатысты кейбір мәселелерде негіз болып табылғанымен, ән-Нәсәи мен Әбу Дәуіттің «әлсіз» деп саналған рауилерден хадис жеткізгендігі себепті, аталған екі кітаптан кейін тұрады. Алайда, кейбіреулер оның танымал алты кітаптың үшіншісі екендігін айтқан. Мысалы, Хажі Халифа «Кәшфу әз-Зунун» атты еңбегінде, әт-Термезидің «әс-Сунәнын» танымал алты хадис жинағының (Кутубу әс-ситтә) үшіншісі деген. Әбу Исмайыл Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Әнсари, әт-Термезидің кітабына «әл-Бұхари мен Муслимнің кітаптарынан тек ғалымдар ғана пай-

далана алса, эт-Термезидің кітабынан барлық адам пайдалана алады», – деп баға берген²⁶¹.

«Әл-Жамиғу әс-Сунәнда» 3956 хадис қамтылады.

Кейінгі ғасырларда имам эт-Термезидің аталған хадис жинағына арналған көптеген түсіндірме еңбектер жазылды. Олардың ішінде:

1. Әл-Хафиз Әбу Бәкір Мұхаммед ибн әл-Араби әл-Мәликидің (х.543 ж.д.с.) «Аридату әл-ахуази шарх сунән эт-Термези»;
2. Әл-Хафиз Зейнуддин Абдуррахим ибн Хусейн әл-Иракидың (х.806 ж.д.с.) түсіндірмесі. Ол «Әс-Сунәнның» үштен бірін ғана түсіндіріп, дүниеден озған Ибн Сейидуннастың (х.734 ж.д.с.) еңбегін толықтырып аяқтаған.
3. Жәләлуддин әс-Суютидің (х.911 ж.д.с.) «Қуту әл-муғтази алә жамиғи эт-Термези»;
4. Әбу әл-Улә Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Абдуррахим әл-Мубаракфуридің (х.1353 ж.д.с.) «Тухфату әл-ахуази бишархи жамиғи эт-Термези». Бұл түсіндірме қазіргі таңда кең тараған, танымал еңбек.
5. Мұхаммед Әнуар Шах әл-Кашмиридің (х.1352|1933 ж.д.с.) «Әл-Арафу әш-шази»;
6. Мұхаммед Юсуф әл-Баннуридің (х.1397|1977 ж.д.с.) «Мағарифу әс-сунән» секілді танымал түсіндірме еңбектерін атап өткеніміз жөн. Сонымен қатар жарық көрмеген бірнеше түсіндірмелер де бар.

Деректерде эт-Термезидің өмірінің соңына қарай көз жарынан айырылғандығы айтылады. Ол хижраның 279 жылы жетпіс жасында дүние салған²⁶².

²⁶¹ Мұхаммед Әнуар Шах әл-Кашмири, Әл-Арафу әш-шази шарху сунән эт-Термези, 24-б.

²⁶² Өз-Зәһәби, Тәзкира, I, 633, 635-б, Мизан, II, 678; Ибн Халликан, Уафаят, III, 407-б; Ибн Хажар, Тәһзиб, IX, 387-389-б.

в) Ибн Мәжә және оның «әс-Сунән» атты кітабы

Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Йәзид **ибн Мәжә** әл-Қазуини хижраның 219 жылы дүниеге келген. Хадис алу үшін: Басра, Куфа, Бағдат, Шам, Мысыр, Хижаз өлкелеріне сапар шегеді. Ол Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйба, әл-Ләйс ибн Сағым, Ибраһим ибн әл-Мунзир, Абдуллаһ ибн Муғауия, Хишам ибн Аммар секілді көптеген хадис ғалымдарынан хадис естіген.

Ибн Мәжә еске сақтау қабілетінің ерекшелігі мен сенімділігі жағынан хадис имамдары тарапынан бір ауыздан мойындалған. Ол өзінің шарифат үкімдеріне қатысты хадистерді жинақтаған *әс-Сунән* кітабымен танылды. Бұл кітап хижраның алтыншы ғасырына дейінгі кезеңде танымал алты кітап қатарынан орын алмады. Ол кезде хадистанушылар арасында негізгі бес кітап қана болатын. Олар – әл-Бұхари мен Муслимнің «сахих хадистер жинағы» мен ән-Нәсәидің, Әбу Дәуіттің және әт-Термезидің «әс-Сунән» кітаптары. Әбу әл-Фадыл ибн Таһир әл-Мақдиси осы бес кітап қатарына Ибн Мәжәнің «әс-Сунән» қосып, «Шуруту әл-әймма әс-ситтә», яғни «Алты имамның шарттары» атты еңбегін жазғаннан кейін, ибн Мәжәнің «әс-Сунән» кітабы да танымал кітаптармен бірге атала бастады. Алайда, кейбір ғалымдар Ибн Мәжә кітабына әлсіз, жалғандықпен айыпталған рауилерден келген хадистерді енгізгені үшін, оның «әс-Сунән» кітабын танымал кітаптар қатарына жатқызбай, орнына имам Мәликтің «әл-Муатта» кітабын қосқан. Енді біреулері әлсіз, мункар хадистері аздау болған әд-Дәримидің «әс-Сунән» кітабын танымал бес хадис кітаптарының алтыншысы деп санаған.

Дегенмен, Ибн Мәжәнің «әс-Сунән» кітабы кейбір әлсіз, тіпті «жалған» деп саналған хадистерді қамтыса да, фикһ мәселелеріне қатысты көп пайдасы жағынан алтыншы кітап ретінде қабылданады.

Әз-Зәһәбидің айтуы бойынша, онда – 32 кітап пен 1500 тарау қамтылған. Ішінде қайталанып келетін хадистер жоқ. Барлығы 4341 хадис жинақталған.

Ибн Мәжә хижраның 273 жылы дүние салады²⁶³.

Ибн Мәжәнің «Әс-Сунәнының» бірнеше түсіндірмелері бар. Олардың ішінде:

1. Ахмад ибн Әбу Бәкір ибн Исмайыл әл-Бусайридің (х. 839 ж.д.с.) «Мисбаху әз-зужажати фи зауайди Ибн Мәжә»;
2. Жәләлуддин әс-Суютидің (х.911 ж.д.с.) «Мисбаху әз-зужажати алә сунәни Ибн Мәжә»;
3. Әбу әл-Хасан Мұхаммед Абдулһади әс-Синди әл-Мәдәнидің (х.1139 ж.д.с.) «Кифаяту әл-хажа фи шархи сунәни Ибн Мәжә»;
4. Мұхаммед Абдулғани әл-Мужаддиди әл-Ханафидің (х. 1296 ж.д.с.) «Инжаху әл-хажа»;
5. Фахру әл-Хасан ибн Абдурахман әл-Ханафи әл-Канкукидің (х.1315 ж.д.с.) «Ма йалику мин халл әл-луғат уә шарх әл-мушкилат» секілді түсіндірмелері жарық көрген.

4. Мусаннафтар (Жүйеге келтірілген хадис кітаптары)

Жоғарыда екінші ғасырда «Мусаннаф» атымен жарық көрген кейбір кітаптарға тоқталып, олардың «әс-Сунән» кітаптарынан көп айырмашылығы жоқ екендігін айтып өттік. Үшінші ғасырда Әбу Бәкір **Абдуллаһ** ибн Һаммам ибн Нафиғ әл-Химяри (хижраның 211 ж.д.с.), **Әбу әр-Рабиғ** Сүлеймен ибн Дәуіт әл-Әзди **әз-Зуһрани** (хижраның 234 ж.д.с.), **Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйба** Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Куфи (хижраның 235 ж.д.с.), Әбу Абдурахман **Бақи ибн Махлад** ибн Йәзид әл-Қуртуби (хижраның 276 ж.д.с.) секілді хадистанушылардың жинақтары осы атаумен жарық көрді. Деректерде Бақи ибн Махладтың «Мусаннафы» ең ауқымды жинақ деп айтылғанымен, Абдуллаһ пен Ибн Әби Шәйбаның «Мусаннафтары» ең танымал хадис жинақтары болып табылады.

²⁶³ Әз-Зәһәби, Тәзкирату әл-Хуффаз, I, 636-637-б; Ибн Халликан, Уафаят, III, 407-408-б; Ибн Хажар, Тәһзиб, IX. 530-532-б.

5. «Әл-Жамиғ» кітаптары

Фикһ тақырыптарымен бірге басқа да тақырыптарды қамтыған «әл-Жамиғ» кітаптары үшінші ғасырда да жазылды. Бұл ғасыр әл-Бұхари мен Муслимнің «әл-Жамиғ» кітаптарының жарыққа шығуымен хадис тарихында «алтын ғасыр» болып табылды.

а) Әл-Бұхари және оның «әл-Жамиғу әс-Сахих» жинағы

Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Исмайыл ибн Ибраһим ибн әл-Муғира әл-Бұхари әл-Жуғфи хижра жыл санағы бойынша 194 жылы, шәууәл айының он бірінде, жұма күні Бұхарада дүниеге келген. Әкесінен ерте айрылған оған Бұхарадағы бір мешіттің имамы болған атасы жастайынан діни тәрбие береді.

Аллаһ тағала имам Бұхариге бала кезінен-ақ хадистерді жаттап алу қабілетін дарытты. Әбу Жағфар әл-Уаррак: «Бірде Әбу Абдуллаһ әл-Бұхариден: «Сен хадистерді қалай оқып үйрене бастадың?» – деп сұрағанымда, ол: «Он жасымда не одан да ертерек хадистерді оқып үйренуді бастаған кезімде, маған оларды жаттап алу қажеттігі туралы ой келді. Сосын медресені тастап, әртүрлі ұстаздардан білім ала бастадым. Он алты жасқа келген шағымда Ибн Мубарак пен Уақиғтың кітаптарын жатқа оқып, олардың айтқандарын ойға тоқып үлгердім. Содан кейін анам және ағам Ахмадпен бірге Меккеге бардық та, сол жерде хадистер жинау мақсатымен тұрақтап қалдық. Сөйтіп он сегіз жасқа келгенімде, сахабалар мен табиғиндер және олардың айтқандары жайлы мағлұматтарды сұрыптауға кірістім», – деп айтты», – дейді.

Әбу Абдуллаһ әл-Бұхари Меккеде төрт жыл тұрып, әйгілі хадис ғалымы Ахмад ибн Ханбалдың басшылығымен хадистерді зерттеп, үйрене жүріп, белгілі дін ғұламаларымен кездеседі. Сосын сол кездегі ислам халифатының астанасы, ғылыми оқу орталығы ретінде танылған Бағдатта бірнеше жыл өмір кешеді. Кейін Мысырға, Шамға, Самарқанға, Нисабурға сапар шегеді. Жүрген жерлерінің бәрінде жаңа хадистерді жинаумен және оларды жүйелеп жинақтаумен айналысады. Хадистерді іздеу барысында ол, өзінің айтуынша, Таяу Шығыс пен Орталық

Азияның көптеген қалаларын аралап, мыңнан астам мухаддистермен жолығады.

Аллаһ тағаланың оған кереметтей есте сақтау қабілетін дарытқаны, оның жас кезінде-ақ белгілі болған. Ол алты жасында-ақ Құран Кәрімнің көптеген сүрелерін жаттап алған. Хамид ибн Исмайыл: «Әл-Бұхари Басрада, ол кезде балаң жігіт шағы, бізбен бірге хадис білгірлері саналған әртүрлі ғұламалардың сұхбатына қатысып жүрді, бірақ ол ешнәрсені жазып алмайтын. Біраз күндерден кейін оған: «Сен бізбен бірге әртүрлі ғұламаларға барасың да ешнәрсе жазбайсың. Неге бұлай етесің?» – дедік. Он алты күн өткен соң, ол бізге: «Сендер тым көп сөйлеп, мазамды алдыңдар! Қане, не жазғандарыңды көрсетіндерші», – деді. Біз өзіміз жазған он бес мыңнан астам хадистерімізді алып ұсындық. Сонда ол бәрін жатқа айта бастады, тіпті біз қателерімізді оның айтқанына қарап түзеуге кірістік. Сосын ол: «Мені ғұламаларға уақытты босқа өткізіп, еріккеннен барып жүр деп ойлайсыңдар ма?» – деді. Содан кейін ешкімнің одан оза алмасына көзіміз жетті», – деген. Әлі мұрты да тебіндемеген балаң жігіт шағында әл-Бұхариден хадис тыңдағысы келген Басра тұрғындары соңынан қалмай, оны отыруға мәжбүрлеп, одан хадис тыңдаған және олардың көпшілігі оның айтқанын жазып алған.

Әл-Бұхаридің ерекше есте сақтау және айна-қатесіз дәл айту қабілетіне ие екендігінің тағы бір дәлелі оның Самарқанда төрт жүздей хадис ғалымдарымен кездескені туралы хабарда көрінеді. Олар Шам мен Ирак аймағындағы хадистердің тізбектерін араластырып, бір хадистің тізбегін басқа хадистің мәтініне тіркеп, әл-Бұхариге оқып бергенде, ол қайсы мәтіннің қай тізбекке тиісті екенін көрсетіп, бәрін реттеп шыққан. Олардың ешқайсысы бірде-бір тізбектен не мәтіннен қателік немесе дәлелсіздік таба алмаған. Осы секілді оқиға Бағдатта да қайталанған.

Имам әл-Бұхари туралы онымен замандас өмір сүрген ғұламалардың көпшілігі өте жақсы пікірде болған. Мысалы, оның хадис ғылымы саласында «Мүміндердің әміршісі» деген лақап атты иеленгенін айтсақ та жеткілікті. Бұл пікірге ешкім де қарсылық танытпаған. Бірде имам Муслим оның маңдайынан сүйіп: «Уа, ұстаздардың ұстазы, мухаддистердің мырзасы және

хадис ақауының емшісі, аяғынды сүюіме рұқсат ет!» – деп, оған кездесудің өтеуі²⁶⁴ жайлы хадиске қатысты сұрақ қойғанда, әл-Бұхари бұл хадистің олқылығын көрсетіп береді. Сонда Муслим: «Сені күншіл ғана жек көруі мүмкін! Бұл дүниеде саған тең келер ешкімнің жоқтығына куәлік беремін», – депті.

Али ибн әл-Мәдини: «Әл-Бұхари ешуақытта өзіне тең келер ешкімді кездестірген емес», – десе, Исхақ ибн Раһауайһ: «Егер ол Хасанның кезінде өмір сүрсе де, адамдар оның хадистеріне және дүниетанымы мен фикһқа қатысты біліміне сөзсіз мұхтаж болар еді», – деген.

Әбу әл-Аббас әд-Дағлауи Бағдат тұрғындарының әл-Бұхариге: «Сен мұсылмандармен бірге тұрғанда олардан игілік кетпейді. Өзіңнен кейін сенен жақсы табылмайды, сенің орның әрдайым ойсырап тұрады», – деген сөздер жазылған жолдау хат жібергенін айтады.

Әбу Хатим әр-Рази: «Мен бұл дүниеде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадистері саласында әл-Бұхариден артық хабары бар және хадистерді одан көбірек білетін ешкімді көрмедім», – деп баға берген. Ал әт-Термези: «Мен Иракта да, Хорасанда да тарихты әл-Бұхариден артық білетін және хадистердің олқылықтары мен тізбегін одан артық талдайтын бірде-бір адам көрмедім», – деген.

Имам әл-Бұхари хадистерді өзі барған түрлі елдердегі мыңнан астам ғұламалардан жеткізген. Олардың ең танымалдары: Хаммад ибн Шакир, Таһир ибн Махлид, Ахмад ибн Ханбал, Али ибн әл-Мәдини, Мәкки ибн Ибраһим әл-Балхи, Абдуллаһ ибн Мұса әл-Абси, Әбу Бәкір ибн Хумәйди, Ибраһим ибн Мағқил, Әбу Талха ибн Али ән-Нәсәфи, Ибраһим ибн Мунзир, Адам ибн Ияс, Абдан ибн Осман әл-Маруази, Әбу Асим әш-Шәйбәни және Яхия ибн Мағин. Имам әл-Бұхари жинаған хадистерді жеткізушілердің көрнектілері: Муслим ибн Хажжәж, әт-Термези, ән-Нәсәи, Ибраһим әл-Харби, Ибн Әбу Дуния, Әбу Хатим, Абдуллаһ ибн Мұхаммед ибн Нәжиһ, Хусейн ибн Исмайыл әл-Махамили және басқалар. Ән-Нәуәуи: «Тоқсан мың адам «әс-Сахихты» әл-Бұхаридің өз аузынан естіген», – деп айтқан.

²⁶⁴ Бұл жерде мәжіліс не кездесудің соңында айтылатын сөздер меңзелген.

Имам әл-Бұхари артында «әл-Жәмиғу әс-сахих», «әл-Әсмә уә әл-кунә», «әт-Тарих әл-кәбир», «әс-Сунән фи әл-фикһ», «Халку әфғал әл-ибад», «әл-Әдәб әл-муффрад» және т.б. көптеген еңбектер қалдырды. Солардың аса құндысы және шоқтығы биігі – «әл-Жәмиғу әс-Сахих».

Имам әл-Бұхаридің «әс-Сахих» кітабы – сүннеттің едәуір бөлігін қамтитын, маңыздылығы жағынан Құран Кәрімнен кейінгі ислам тағылымының екінші негізі болып табылатын, мұсылман әлемінде үлкен абырой-беделге ие жинақ. Танымал алты хадис кітаптарының біріншісі. Өйткені бұл жинаққа енген хадистердің барлығы сахих хадистер. Әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахихтарына» ең сенімді хадистерді топтастырғаны жөнінде барлық ғұламалардың пікірі бірдей. Сондай-ақ ғұламалардың басым көпшілігі әл-Бұхаридің «Сахихы» Муслимнің «Сахихына» қарағанда дұрысырақ әрі пайдасы көбірек деп есептеген²⁶⁵.

Әл-Бұхаридің «әс-Сахихы» – сахих хадистер жинағының ең алғашқысы. Оны тек сахих хадистерді жинақтауға жетелеген негізгі себеп – замандастарының еңбектеріне сахих хадистермен қатар әлсіз, сенімсіз хадистердің де еніп кеткендігі еді. Оның ұстазы шейх Исхақ ибн Раһауайһ та тек сахих хадистерді жинап, топтама жасауды армандап әрі шәкірттерін де соған үндейтін.

Ибраһим ибн Мағкиләһ-Нәсәфи, Әбу Абдуллаһ әл-Бұхаридің: «Бірде Исхақ ибн Раһауайһтың үйінде отырғанымызда, ол: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахих хадистерінің екшелеген жинағын жасасаңдар, өте тамаша болар еді»,– деді. Бұл сөз көңіліме қона кетті де осы кітапты құрастыруға кірістім»,– деп айтқанын жеткізген. Оған қоса, әл-Бұхаридің бұл берік шешімін көрген түсі де күшейте түсті. Ол: «Түсімде бейне бір Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында тұрып, оны желпуішпен желпіп, қорғап тұрғанымды көрдім. Ол жайлы бірнеше түс жорушыға айтқанымда, олар: «Сен оны өтірік-жалғаннан қорғайтын боласың»,– деді»,– деген.

²⁶⁵ Сахих әл-Бұхари (ықшамдалған нұсқасы), Әбулаббас Ахмад ибн Абдуллатиф әз-Зубәйди, 5-8-б.

Ол: «Осылайша әл-Жамиғу әс-Сахихты» жазуға кірісіп, жиырма жылдан астам уақытта бітірдім», – деп айтқан²⁶⁶.

Ал енді әл-Бұхаридің хадистерді жинақтау барысындағы ұстанымы туралы сөз қозғасақ, ән-Науауи: «Имам әл-Бұхаридің: «Сахихқа керекті хадистерді алты жүз мың хадис арасынан таңдап алу үшін он алты жыл жұмыс істедім және оны Аллаһ тағаланың алдына барғанда өзімді ақтайтын дәлел еттім», – деген сөзі бізге бірнеше жолдар арқылы жетті», – деген.

Имам әл-Бұхари: «Мен «әл-Жамиғ» атты еңбегіме тек сахих хадистерді ғана енгіздім, ал кейбір сахих хадистерді кітаптың тым көлемді болатыны үшін қоспадым», – деген.

Деректерде әл-Бұхаридің хадис жазбай тұрып, міндетті түрде екі ракағат намаз оқитындығы айтылады.

Имам ибн әс-Салах, ән-Нәуәуи әл-Бұхари жинақтаған 600 мың хадистің арасынан асқан мұқияттылықпен «әл-Жамиғу әс-Сахих» кітабына кейбірі қайталанып келген 7275 хадис, ал қайталанатынын есепке алмағанда төрт мыңға жуық хадис енгізген. Сонымен қатар ол 100 мың сахих, 200 мың әлсіз хадис жатқа білген²⁶⁷. Кітабындағы тізбегі айтылмаған кейбір әлсіз хадистер, кітаптағы негізгі сахих хадистерді қуаттап, дәлелдеу мақсатында келген²⁶⁸.

Ибн Хажар әл-Асқалани Әл-Бұхаридың осы жинағына жазған ең құнды түсіндірмесінің «Һадиу әс-сари» атты кіріспесінде, әр тақырыпта келген хадистердің санына тоқталып: «Барлық хадистердің саны – 9082, ал тізбегі жалғасқан, қайталанбаған хадистердің саны – 2602 болса, оған басқа жерлерде тізбегі толық келмеген 159 муаллақ хадистерді қоссақ, барлығы 2761 хадис болады», – деген²⁶⁹.

Имам әл-Бұхари Нисабур қаласына келген кезде халық оның айналасына жиналып, имамның дәріс алқасына ағылып келе бастайды. Халықтың әл-Бұхариге ерекше көңіл бөлуі Нисабурдың кейбір танымал имамдарының бірі – Мұхаммед

²⁶⁶ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 65-б.

²⁶⁷ Бұл да сонда, 77-б.

²⁶⁸ Әл-Қасыми, Қауағиду әт-тахдис, 83-б.

²⁶⁹ Ибн Хажар әл-Асқалани, Һадиу әс-сари, 2/1268, 1286-б.

ибн Йахия әз-Зуһлидің қызғаныш сезімін оятады²⁷⁰. Ол адамдар арасында әл-Бұхаридің «Құран Кәрім жаратылған» деген пікір ұстанатындығы жайлы жалған хабар таратып, адамдарға оның мәжілісіне баруға кедергі келтіреді. Сөйтіп әл-Бұхари туған елі Бұхараға оралады. Ол жерде де Бұхара әміршісінің ығына жығылмағандығы үшін жалған жалалармен айыпталып, қаладан шығарылады. Өмірінің аяқ шенінде туған қаласынан, сол кезде, шамамен, Самарқаннан бір шақырым жердегі Хартанк елді мекеніне қоныс аударады. Сол жерде, жанына жақын адамдардың арасында бір айдай өмір сүріп, хижра жыл санағы бойынша, 256 жылы сенбі күні, ораза айты мерекесі қарсаңында кешке құптан намазының уақыты кіргенен кейін дүниеден озған²⁷¹.

Имам әл-Бұхаридің «әл-Жәмиғу әс-сахих» жинағы тілдік, құқықтық, хадистанулық тұрғыдан ғасырлар бойы зерттеліп, жүзден аса түсіндірмелер жазылды. Мысалы:

1. Ахмад ибн Али **ибн Хажар әл-Асқаланидің** (х. 852 ж.д.с.) «Фатху әл-Бари би шархи сахих әл-Бұхари»;
2. Бадруддин Махмуд ибн Ахмад **әл-Айни** әл-Ханафидің (х. 855 ж.д.с.) «Умдату әл-Қари фи шархи сахих әл-Бұхари»;
3. Шиһабуддин Ахмад ибн Мұхаммед **әл-Хатиб әл-Қасталани** әш-Шафиғидің (х. 923 ж.д.с.) «Иршаду әс-сари илә сахих әл-Бұхари»;
4. **Ибн Баттал** әл-Қуртуби әл-Мәликидің (х. 449 ж.д.с.) «Шарху сахих әл-Бұхари»;
5. Шамсуддин ибн Юусуф ибн Али ибн Сағид **әл-Карманидің** (х. 786 ж.д.с.), «Әл-Кауакибу әд-дурари фи шархи сахих әл-Бұхари»;

²⁷⁰ Әз-Зәһәби, Сияр ағлами ән-нубәлә, 12|453-б; Ибн Хажар әл-Асқалани, Һадиу әсари, 1287-1318-б; Әс-Субки, Табақат әш-Шафиғия, II, 11-б; Әл-Хусейни Абдулмәжид, әл-Имам әл-Бұхари мухаддисан уә фақиһан, 68-б.

²⁷¹ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тариху Бағдад, II, 4-34-б; әз-Зәһәби, Тәзкира, I, 555-557-б; Ибн Ән-Нәдим, әл-Фиһрист, 335-336-б; Ибн Халликан, Уафаят, III, 329-331-б; Ибн Хажар, әт-Тәһзиб, IX, 47-55-б; әс-Субки, Табақат әш-Шафиғия, II, 2-19-б; Әш-Шейх Абдуссәләм, Сирату әл-имам әл-Бұхари.

6. Насруддин Али ибн Мұхаммед **ибн әл-Мунир** әл-Искандаранидің (х. 683 ж.д.с.) «Әл-Мутауари алә таражуми әбуаби әл-Бұхари»;
7. Жәләлуддин **әс-Суютидің** (х. 911 ж.д.с.) «Әт-Таушиху шарху әл-жамиғи әс-сахих»;
8. **Алауддин Мугалтай** ибн Қалиж әт-Турки әл-Ханафидің (х. 762 ж.д.с.) «Әт-Тәлуих фи шархи әл-жамиғи әс-сахих» және т.б. Сол секілді Ибн Касирдің, Ибн Ражаб әл-Ханбалидің, имам ән-Нәуәуидің аяқталмаған түсіндірме еңбектерін де айтуға болады.

ә) Муслим және оның «әл-Жамиғу әс-Сахих» жинағы

Әбу әл-Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж ибн Муслим әл-Қушайри ән-Нисабури хижраның 204 жылы Нисабур қаласында дүниеге келген. Ол жастайынан хадис ілімін өте қатты жақсы көреді. Алғаш ілімді өзі тұрған елді мекендегі дінді жетік білетін адамдардан алады. Кейбір деректерге сәйкес, ол 14 жасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадистерін жинастыру мақсатында Иракқа, Шамға, Мысырға, Бағдатқа және басқа да жерлерге сапар шегеді.

Сапар барысында, Хорасанда – Йахия ибн Йахия әт-Тәмими мен Исхақ ибн Раһауайһ, Рейде – Мұхаммед Мәһран мен Әбу Ғассан, Иракта – Ахмад ибн Ханбал мен Абдуллаһ ибн Мәсләмә, Хижазда – Сағид ибн Мансұр, Әбу Мусғаб, Мысырда – Амр ибн Суад пен Хармәлә ибн Йахия сынды имамдардан хадис алған.

Сондай-ақ, ең көп хадис алған ұстаздарының арасында: Ахмад ибн Юунус әл-Йәрбуғи, Исмайыл ибн Әбу Уәйс, Сағид ибн Мансұр, Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйба, Осман ибн Әбу Шәйба, Мұхаммед ибн әл-Мусәннә, Мұхаммед ибн Йасар сынды танымал хадис ғалымдары да бар. Ол сонымен қатар, имам әл-Бұхаридің ұстаздарынан хадис риуаят еткені секілді, әл-Бұхаридің өзінен де хадис риуаят еткен, ал әл-Бұхари Муслимнен хадис жеткізбеген.

Одан Әбу Иса әт-Термези, Ибраһим ибн Әбу Талиб, Мұхаммед ибн Исхақ ибн Хузеймә, Әбу әл-Аббас Мұхаммед ибн Исхақ ибн әс-Сарраж, Әбу Хамид әш-Шарки, Әбу Хамид Ахмад ибн Хамдун әл-Ағмаш және т.б. риуаят еткен.

Көптеген ғалымдар имам Муслимнің білімі мен ерекше қабілеті туралы жақсы пікірде болған. Әбу әл-Фадл Ахмад ибн Сәләма: «Мен Муслимге Әбу Зурға мен Әбу Хатимнің қалай қарым-қатынас жасағандығын көрдім. Олар өз уақытында Муслим ибн әл-Хажжажды хадис іліміндегі ең озығы деп таныған болатын», – деген.

Әбу Курайыш: «Төрт хафиз бар. Олар: Әбу Зурға, Мұхаммед ибн Исмайыл, ад-Дарими мен Муслим», – деп айтқан.

Мәсләмә ибн Қасым: «Ол сенім білдіруге тұрарлық хафиздардың бірі және хадис ілімі саласында үлкен білім иесі болатын», – десе, Халили: «Оның артықшылықтары туралы айтудың қажеті жоқ. Ол онсыз да танымал», – деп баға берген.

Имам Муслим танымал сахих хадистер жинағынан басқа: «әт-Табакат», «әл-Әсмә уә әл-куния», «әт-Тамииз», «әл-Иләл», «әл-Әфрад», «әл-Әқран», «Әфраду әш-Шәмиин», «Әуләду әс-Сахаба», «Әуһаму әл-Мухаддисин», «әл-Мухадрамун» секілді бірнеше құнды еңбектер қалдырған.

Имам Муслимге сахих хадистерді жинақтауға шәкірттерінің бірі себепкер болғандығы айтылады.

Одан шәкірттерінің²⁷² бірі барлық сахих хадистерді бір кітапқа жинастыруын сұрайды. Муслим оның өтінішін назарға алып, «әл-Жамиғу әс-Сахих» кітабын жазып шығады. Ол сахих жинағына 300 000 хадистің арасынан 4000-ға жуық хадисті таңдап енгізген. Ал жинағындағы қайталанып келген хадистермен бірге барлық хадистердің саны он екі мың хадис. Муслимнің жинағы 54 кітапты біріктіргенімен, тәпсір кітабын қамтымағандықтан, кейбір ғалымдар оның жинағын «әл-Жамиғ» деп атамай, «әл-Муснаду әс-Сахих» деп атаған.

Кейбір ғұламалар Муслимнің кітабын әл-Бұхаридің сахих жинағынан жоғары деп бағалаған. Солардың бірі Әбу Али ән-Нисабури: «Муслимнің кітабынан артық сахих кітап жоқ», – деген. Кейбір ғалымдардың бұндай көзқарасына Муслим жинағының әл-Бұхаридің жинағына қарағанда тәртіп пен

²⁷² Хатиб әл-Бағдади «Тариху Бағдад» атты еңбегінде (IV, 186-б) аталған шәкірттің Ахмад ибн Сәләма ән-Нисабури екендігін айтқан

жүйелілік жағынан басым тұрғандығы себеп болса керек. Дегенмен көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, әл-Бұхаридің жинағы, хадистердің тізбегіндегі рауилердің жалғасуын қатан қадағалауы жағынан жоғары тұрады. Өйткені, әл-Бұхаридің хадис жеткізушілерге қойған шарттарының бірі рауилердің бір-бірімен кездесіп, хадисті ауызба-ауыз алуы болған. Ал, Муслим, рауилердің бір-бірімен кездесуін шарт ретінде санамай, замандас болуын жеткілікті санаған. Сол секілді кейбір ғалымдар тарапынан мін тағылған хадистер саны Муслимнің жинағына қарағанда әл-Бұхариде өте аз кездеседі. Кейінгі ғалымдар бір ауыздан әл-Бұхаридің сахих хадистер жинағын Муслимнің жинағынан жоғары бағалаған. Имам әд-Дарақутни: «Егер әл-Бұхари себепкер болмағанда, хадис ілімінде Муслим бұндай мәртебеге жетпеген болар еді», – деп айтқан.

Әл-Бұхари Нисабурға келген кезде көпшілік халықтың оның айналасына жиналуы кейбір тұлғалардың, оның ішінде Мұхаммед ибн Йахия әз-Зуһлидің қызғаныш сезімін оятқандығын айтып кеткен болатынбыз. Сол себепті ұлық имамға «Аллаһтың сөзін «жаратылған» деп айтты» деген жала жабылады. Ал имам Муслим болса, әл-Бұхариді қолдап, онымен Нисабурдан кеткеннен кейін де байланысын үзбей, Мұхаммед ибн Йахияның мәжілісін тастап, одан хадис риуаят етпеген. Тіпті, имам Муслимнің әл-Бұхаридің маңдайынан сүйіп: «Уа, ұстаздардың ұстазы, мухадистердің мырзасы және хадис ақауының емшісі, аяғыңды сүюіме рұқсат ет! Сені күншіл ғана жек көруі мүмкін! Бұл дүниеде саған тең келер ешкімнің жоқтығына куәлік беремін», – деуі, оның әл-Бұхариді өзінен жоғары бағалағандығы деген деректер де кездеседі.

Имам Муслимнің хадистің дұрыстығын анықтауға қойған талап-шарттары:

1. Тізбектің үзілмеуі. Яғни, тізбектегі хадисті жеткізушілердің барлығы басынан аяғына дейін хабарды тікелей бір-бірінен естулері шарт.
2. Хадисті жеткізушілердің адалдығы. Яғни, әрбір хадисті жеткізуші кәмілет жасқа толған, ақыл-есі толық, Аллаһ

пен Оның елшісіне (с.а.с.) бойсұнған, діндар болуы керек.

3. Хадис жеткізушінің есте сақтау қабілеті. Яғни, хадис жеткізушінің естіген хабарды дәл солай етіп (ауызша немесе жазбаша) жеткізе алуға деген мүмкіндігінің болуы.
4. Таратылып отырған хабарлардың арасында қарама-қайшылықтың болмауы. Яғни, хадис жеткізуші жеткізіп отырған қандай да бір хадис басқа бір хадис жеткізушінің хадисіне немесе өзінен деңгейі жоғары тұрған хадис жеткізушінің хадисіне қайшы келмеуі керек.
5. Хабарда кемшілік болмау керек. Яғни сәнәді не мәтінінде хабарды әлсірететін жайттардың болмауы.
6. Замандас болулары керек. Яғни, хабарды жеткізуші әрбір адам хабарды жеткізген келесі тұлғамен бір ғасырда өмір сүруі қажет.

Имам Муслим Нисабур қаласында 261 жылы рәжәп айында, елу бес жасында дүние салады²⁷³.

Имам Муслимнің «әс-Сахихына» бірнеше түсіндірмелер жазылған. «Кәшфу әз-зунун» кітабында оған он бес түсіндірме жазылғандығы айтылады. Кейбір белгілі түсіндірме еңбектер мыналар:

1. Мұхаммед ибн Али әт-Тәмими **әл-Мәзари** әл-Мәликидің (х. 536 ж.д.с.) Әл-Муғлим бифауайд Муслим»;
2. **Әл-Қади Ғияд** ибн Муса ибн Ғияд әл-Мәликидің (х. 544 ж.д.с.) «Икмал әл-муғлим»;
3. Әбу әл-Аббас **әл-Қуртубидің** (х. 656 ж.д.с.) «Әл-Муфһим лимә әшкәлә мин талхиси сахих Муслим»;
4. Мухитдин Әбу Закария Йахия ибн Шараф **ән-Нәуәуидің** (х. 676 ж.д.с.) «Әл-Минһажу фи шархи сахих Муслим ибн Хажжаж»;
5. Әбу Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Уаштани **Әл-Әби Әл-Мәликидің** (х. 827 ж.д.с.) «Икмалу икмали әл-муғлим»

²⁷³ Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тариху Бағдад, XIII, 100-104-б; Әз-Зәһәби, Тәзкира, I, 588-590-б; Ибн ән-Нәдим, әл-Фиррист, 336-б; Ибн Халликан, Уафаят, IV, 280-282-б; Сахих Муслим бишархи ән-Науауи, 1-б.

6. Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Юсуф **әс-Санусидің** (х. 895 ж.д.с.) «Мукамилу икмали әл-икмал»;
7. Жәләлуддин **әс-Суютидің** (х. 911 ж.д.с.) «Китабу әд-дибаж әлә сахих Муслим» атты түсіндірме еңбектері.

Сол секілді кейінгі ғасырларда Сыздық Хасан Ханның «Әс-Сиражу әл-уаһһаж», док. Муса Шаһиннің «Фатху әл-Мунғим» атты түсіндірмелерін айтуға болады.

Аталған түсіндірмелердің ең танымалы – имам ән-Науауидің кітабы.

6. Жүздер (أجزاء) - Шағын хадис жинақтары)

Жүз (جزء) дегеніміз – бір сахабадан немесе кейін келген бір ғана рауиден жеткен хадистер жинағы. Сол секілді белгілі бір тақырыпқа қатысты хадистерді қамтыған жинақ та жүз деп аталған. Мысалы, әт-Табаранидің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген хадистері жинақталған «Муғжаму Әбу Һурайраны» және әл-Бұхаридің «әл-Қираату халфа әл-имам» және «Рафғу әл-йәдәйни фи әс-салаһ» еңбектерін жүз деп айтуға болады. Жүздер үшінші ғасырда жарық көре бастаған, кейіннен мыңдаған жүздер жазылған. Оған дәлел ретінде, әз-Зәһәбидің жеткізуі бойынша, Нисабурдың танымал хадис ғалымы, хафиз Әбу Хазым Омар ибн Ахмад әл-Абдәуидің (хижраның 417 ж.д.с.): «Өз қолыммен әрбір шейхтен мың жүз ала отырып, он шейхтен он мың жүз жаздым», – деген сөзін келтіруге болады.

Хижраның үшінші ғасырында **Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн әл-Мусәннә** әл-Ансаридың (хижраның 215 ж.д.с.), **Әбу Али әл-Хасан ибн Арафа** әл-Бағдадидің (хижраның 257 ж.д.с.), **Ахмад ибн әл-Фурат** ибн Халид әз-Заббидің (хижраның 258 ж.д.с.), **Мұхаммед ибн Йахия** ибн Абдуллаһ әз-Зуһлидің (хижраның 258 ж.д.с.), **Мұхаммед ибн Асим әс-Сәкәфи** әл-Исфәһәнидің (хижраның 262 ж.д.с.), **Ибн Әбу Хайсумә** әл-Бағдадидің (хижраның 279 ж.д.с.), **Әбу Муслим Ибраһим ибн Абдуллаһ әл-Кәжжидің** (хижраның 292 ж.д.с.), **Әбу әл-Аббас Ахмад ибн Мұхаммед ибн Масруқ әт-Тусидің** (хижраның 299 ж.д.с.) жүздері жарық көрген.


7. Белгілі тақырыптарға арналған кітаптар

«Әл-Жамиғ» секілді хадис жинақтарында қамтылған түрлі тақырыптардың біріне арналған хадистер жинағы екінші ғасырда жарық көргендігін және кейбір белгілі тақырыпқа қатысты хадис жинақтарының авторларын атап өткен болатынбыз.

Хадис жинақтарының бұл түрі үшінші ғасырда да жалғысын тапқан еді.

Оған: **Абдурраззақ** ибн Хаммамның (хижраның 211 ж.д.с.) «*Китәбу әс-салаһ*»; **Әбу Асым ән-Нәбил** әд-Даххак ибн Махләд әш-Шәйбанидің (хижраның 212 ж.д.с.) «*Китәбу әс-суннә*»; **Әбу Нуғайым әл-Фадыл ибн Дукейннің** (хижраның 219 ж.д.с.) «*Китәбу әс-Салат*» және «*Китәбу әл-мәнәсик*»; **Адам ибн Ияас** әл-Асқаланидің (хижраның 220 ж.д.с.) «*Китәбу әс-сауаби әл-амали*»; **Әбу Абдуллаһ Нуғайым ибн Хаммад** әл-Хузағидің (хижраның 228 ж.д.с.) «*Китәбу әл-фитән*»; **Әбу әл-Хасан Али ибн Жағфар әл-Мәдинидің** (хижраның 234 ж.д.с.) «*Китәбу әл-әширибә*»; **Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйбәнің** (хижраның 235 ж.д.с.) «*Китәбу әл-иман*», «*Китәбу әл-әдәб*», «*Китәбу әт-тәфсир*»; **Ахмад ибн Мұхаммед ибн Ханбалдың** (хижраның 241 ж.д.с.) «*Китәбу әс-суннә*», «*Китәбу әт-тәфсир*», «*Китәбу әз-зуһд*», «*Китәбу әл-фараиһид*», «*Китәбу әл-мәнәсик*», «*Китәбу әл-иман*», «*Китәбу әр-расул*», «*Китәбу әр-радди алә әл-жәһмия*»; **Әбу Абдуллаһ әл-Хусейн ибн әл-Хасан ибн Харб** әл-Мәруазидің (хижраның 246 ж.д.с.) «*Китәбу әл-бирри уә әс-силә*»; **Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Исмайыл әл-Бұхари** әл-Жуфидің (хижраның 256 ж.д.с.) «*Китәбу рафғи әл-иәддәйни фи әс-салаһ*», «*Китәбу әл-қирағати халфа әл-имам*», «*Китәбу әл-әдәби уә әл-муфрад*», «*Китәбу әл-һибә*», «*Китәбу әл-әширибә*», «*Китәбу халқи әфғали әл-ибад*»; **Әбу Хусейн Муслим** ибн әл-Хажжаж әл-Қушәйридің (хижраның 261 ж.д.с.) «*Китәбу әл-интифағи би жулуди әс-сибағ*»; **Әбу Дәуіт Сулейман ибн әл-Әшғас** әс-Сижистанидің (хижраның 275 ж.д.с.) «*Китәбу әз-зуһд*», «*Китәбу әл-қадар*», «*Китәбу аламәй ән-нубууаһ*»; **Әбу Хатим** Мұхаммед ибн Идрис ибн әл-Мунзир әл-Ханзали **әр-Разидің** (хижраның 277 ж.д.с.) «*Китәбу әз-зуһд*»; **Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса әт-**

Термезидің (хижраның 279 ж.д.с.) *«Китәбу әш-шәмәйл»*; Әбу Бәкір Абдуллаһ ибн Мұхаммед ибн Ұбәйд ибн Суфиян ибн Қайыс **ибн Әбу әд-Дунияның** (хижраның 281 ж.д.с.) *«Китәбу ән-нишя»*, *«Китәбу әт-тәһәжжуд»*, *«Китәбу әл-ъидәйн»*, *«Китәбу әл-ихлас»*, *«Китәбу әл-әулия»* атты кітаптарын жатқызуға болады. Сол секілді жекелеген тақырыптарға қатысты бірнеше хадис жинақтары жарық көрген.





IV БӨЛІМ.
ХАДИС
ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ
ІЛІМІ



І ТАРАУ. ХАДИС ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ІЛІМІНІҢ ШЫҒУЫНА ТАРИХИ ШОЛУ

Мән беріп, жете зерттеген адамның хабарды жеткізу ілімінің негізі – Қасиетті Құран Кәрім мен пайғамбар (с.а.с) сүннетінен бастау алатындығына көзі жетеді. Құран Кәрімде бұл жайында: **“Ей, иман келтіргендер! Егер де сендерге пасық адам бір хабар айта келсе, оны тексеріңдер”**²⁷⁴,– делінсе, пайғамбар (с.а.с) сүннетінде: *“Бізден бірнәрсе естіп, оны естігеніндей етіп жеткізген адамның жүзін Аллаһ нұрландырсын. Хабар жеткен адам, жай тыңдаушы біреуден артық түсінген болуы мүмкін”*,– деп айтылған²⁷⁵. Осы аят пен хадисте хабар алуда дәлдік пен туралықты, оны жаттап басқаға жеткізуде нақтылыққа көңіл бөлу керектігі көрсетілген.

Аллаһ пен Оның елшісінің (с.а.с) осы бұйрығына бойсұнған сахабалар хабарды жеткізу мен қабылдауда туралықты сақтауға тырысып, әсіресе, жеткізуші адамнан күмәнданатын болса, әбден тексеріп алуды дұрыс көрген. Осы кезден бастап адамның халіне байланысты хабарды қабылдау не қабылдамау негізі қаланды. Муслимнің сахихының кіріспесінде Ибн Сири (хижраның 110 ж.д.с.): «Бұрын тізбек жайында сұрамайтын, бірақ бүлік белең алғалы рауилердің есімдері сұрала бастады. Осылайша сүннет иелерінің хадистері алынып, бидғат жолында болғандардың хадистері алынбайтын болды»,– деген²⁷⁶.

Хабарды жеткізушілер тізбегі белгілі болғаннан кейін ғана жарх және тағдил ілімі, тізбектердегі үзік пен тұтастықты және жасырын олқылықтарды анықтау, кейбір хадис жеткізушілерді сынға алу ісі жолға қойылды. Алайда әуелгі кезеңде, кемшілігі көп рауилер аз болғандықтан бұл ілімдер кішігірім ілім салалары болатын. Кейін келе ғұламалар бұл ілімді тереңірек зерттеп, хадис пен хабарларды нақтылау, есте сақтау, жеткізу, күшін жойған

²⁷⁴ Хұжұрат сүресі, 6.

²⁷⁵ Әт-Термези, Білім кітабы, 2657.

²⁷⁶ Сахих Муслим, Кіріспе, I, 15.

хадистер мен басқасының күшін жоятын хадистер сияқты хадис іліміне байланысты ізденістерді көбейте түсті. Алайда мұның бәрі де бір ғалымнан екіншісіне ауызша жеткізіліп отырған.

Уақыт өте жағдай өзгеріп, ілімнің көбісі хатқа түсіп, жинақтала бастаған. Бірақ бұл жинақтарда фикһ ілімі, фикһ негіздері ілімі, хадис ілімі сияқты әртүрлі ғылым салаларына қатысты тақырыптар мен мәселелер араласып жатты. Бұған имам Шафиғидің “**эр-Рисәлә**” және “**әл-Умму**” деген кітаптары дәлел бола алады. Сол секілді хадис ілімінің кейбір мәселелері имам Муслимнің сахих хадистер жинағының кіріспесінде де келген.

Заман ағысымен хижра бойынша төртінші ғасырда ғылым салалары дамып, терминдер орнығып, әр пән өз алдына жеке-жеке қалыптаса бастаған кезде ғұламалар хадис терминологиясын жеке дара ілім ретінде қалыптастырды.

Осы сала бойынша қазіргі кезге дейін жазылған танымал кейбір еңбектерді атап өтейік:

1. **المُحَدَّثُ الْفَاصِلُ بَيْنَ الرَّاويِ وَ الْوَاعِي «Әл-Мухаддису әл-фаасил бәйнә әр-раауи уә әл-уәәғи»**

Осы салада ең алғаш жинақ жазған – әл-Қади Әбу Мұхаммед әл-Хасан ибн Абдурахман ибн Хәлләд әр-Рамаһурмузи (хижраның 360 ж.д.с.) болатын. Алайда кез келген ілім саласында ең алғаш жарық көрген туындылардың мінсіз болмайтыны секілді, бұл еңбек те хадис терминологиясы саласындағы барлық тақырыптарды қамти алмады.

2. **مَعْرِفَةُ غُلُومِ الْحَدِيثِ «Мағрифату улуми әл-хадис»**

Авторы – Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдуллаһ әл-Хааким ән-Нисабури (хижраның 405 ж.д.с.). Ол бұл еңбегінде 52 түрлі хадис ілімін қамтыған. Әрбір деректі жеткізушілер тізбегімен келтірген бұл құнды еңбекте тақырыптар тиісті түрдегі дәлдікпен реттелмеген.

3. **مُسْتَخْرَجُ عَلَى مَعْرِفَةِ غُلُومِ الْحَدِيثِ «Әл-Мустахраж алә мағрифати улуми әл-хадис»**

Авторы – Әбу Нуғайым Ахмад ибн Абдуллаһ әл-Асбаһани (хижраның 430 ж.д.с.). Ол әл-Хаакимнің «Мағрифату улуми әл-

хадис» кітабында қамтылмай, қалған тақырыптарды толықтырып шығуға тырысқан.

4. **الكِفَايَةُ فِي عِلْمِ الرَّوَايَةِ «Әл-Кифая фи илми әр-риуаяһ»**

Авторы – Атақты Әбу Бәкр Ахмад ибн Али ибн Сәбит әл-Хатибу әл-Бағдади (хижраның 463 ж.д.с.). Бұл кітапта хадис жеткізу ілімінің өзекті мәселелері мен хадис жеткізушіге қойылатын талаптар жан-жақты қамтылған. Бұл еңбек осы ілім саласындағы маңызды қайнар көздердің бірі болып саналады.

5. **الجامعُ لِأَخْلَاقِ الرَّوَايَةِ وَ آدَابِ السَّمَاعِ «Әл-Жәмиғу лиахләәқи әр-рауи уә әдәби әс-сәмиғ»**

Бұл кітапты да әл-Хатибу әл-Бағдади жинақтаған. Бұл еңбекте көбіне хадисті жеткізуші әдебінің қандай болу керектігі талқыланады. Кітап – осы мәселеде жазылған жалғыз әрі баға жетпес зор туынды.

Жалпы, хадис ілімінің қай саласы болса да әл-Хатибу әл-Бағдади әрқайсысына жеке бір кітап жазып кеткен. Тіпті, Хафиз Әбу Бәкір ибн Нукта бір сөзінде: «Туралықты сақтайтын қайсыбір адам болмасын, әл-Хатибтан кейін келген хадистанушылардың бәрі оның кітаптарына мұқтаж екендігін мойындайды»,– деп айтқан.

6. **الإِلْمَاعُ إِلَى مَعْرِفَةِ أَصُولِ الرَّوَايَةِ وَ تَقْيِيدِ السَّمَاعِ «Әл-Илмәғ илә мағрифати усули әр-риуаяти уа тақийди әс-самағ»**

Авторы – Әл-Қади Ғияд ибн Мұса әл-Йахсуби (хижраның 544 ж.д.с.). Алайда бұл кітап өз бойында хадис ұғымдарының барлық тақырыбын қамтымаған, тек хабарды есте сақтау мен жеткізуге байланысты шарттар ғана айтылған. Дегенмен ол осы мәселеде шоқтығы биік, тақырыптары дәл реттілікпен орналастырылған құнды еңбек.

7. **مَا لَا يَسَعُ الْمُحَدِّثَ جَهْلُهُ «Мә лә ясағу әл-мухаддиса жәһлуһу»**

Авторы – Әбу Хафс Омар ибн Абдулмәжид әл-Маянажи (хижраның 580 ж.д.с.). Бұл ықшамдалған, шағын еңбек.

8. **عُلُومُ الْحَدِيثِ «Улуму әл-хадис»**

Авторы – Әбу Амр Осман ибн Абдурахман әш-Шәһразури (хижраның 643 ж.д.с.). Ол «Ибн әс-Салах» деген атпен де әйгілі. Оның «Муқаддимату Ибн әс-Салах» деп танылған осы еңбегі хадис терминологиясы саласындағы өте құнды туынды саналады. Әбу Амр еңбегінің көптеген жылдар бойы жинақталуы себепті кітап өзіндік дәл реттілікпен жүйеленбеген. Бірақ ішінен алынар пайдалар мен мағлұматтар жетерлік. Кітаптың өзінен кейінгі ғалымдарға қайнар көз болғандығына, оған жасалған түсіндірмелер, қысқартпалар дәлел бола алады. Ибн әс-Салах бұл еңбегінде хадис ілімінің 65 түрін баяндаған. Оны Ибн Хажар әл-Асқалани «Ән-Нукат алә китаби Ибн әс-Салах» деген еңбегінде 22 хадис ілімін ғана түсіндіріп, дүние салған.

9. **التَّقْرِيبُ وَالتَّيْسِيرُ لِمَعْرِفَةِ سُنَنِ الْبَشِيرِ النَّذِيرِ ”Әт-Тәқрибу уә әт-тәйсиру лимағрифати сунәни әл-бәшири ән-нәзир”.**

Автор – Мухиддин Йахия ибн Шараф ән-Нәуәуи. (хижраның 676 ж.д.с.). Бұл алдыңғы «Улуму әл-хадис» кітабының ықшамдалған түрі.

10. **نَظْمُ الدَّرَرِ فِي عِلْمِ الْأَثَرِ «Назму әд-дурәри фи илми әл-әсәр».**

Авторы – Зейнуддин Абдурахим ибн әл-Хусейн әл-Ирақи (хижраның 806 ж.д.с.). Бұл кітап «Әлфияту әл-Ирақи» деген атпен әйгілі. Бұл кітапты көптеген ғұламалар түсіндіріп, ішіндегі пайдалы тұстардың өте көп екенін айтады. Бұл кітаптың түсініктемелері көп. Оның ішінде автордың өзінің екі түсіндірмесі де бар.

11. **نُحْبَةُ الْفِكْرِ فِي مِصْطَلَحِ أَهْلِ الْأَثَرِ «Нухбату әл-фикәри фи мусталахи әһли әл-әсәр»**

Авторы – Ибн Хажар Асқалани (хижраның 852 ж.д.с.). Бұл – көлемі жағынан өте қысқа, бірақ маңызы жағынан өте үлкен кітап. Ибн Хажар өзінен бұрын өткен ғұламалар ойлап таппаған тәсілге сүйеніп, кітапты реттеуде, тақырыптарды бөлуде үлкен шеберлік танытқан. Соңынан бұл кітапты өзі түсіндіріп, «Нухәту ән-назар» деген атпен кітап жазып кеткен.

12. فَتْحُ الْمُغِيثِ فِي شَرْحِ أَلْفِيَةِ الْحَدِيثِ «Фәтху әл-муғиси фи шар-хи әлфияти әл-хадис»

Авторы – Мұхаммед ибн Абдуррахман әш-Шахауи (хижраның 902 ж.д.с.) Бұл – Әлфияту әл-Иракидің толыққанды керемет түсіндірмесі.

13. تَدْرِيبُ الرَّاويِ فِي شَرْحِ تَقْرِيبِ النَّوَاويِ «Тәдрибу әр-рауи фи шархи тақриби ән-Науауи».

Авторы – Жәләлуддин әс-Суюти (хижраның 911 ж.д.с.). Бұл жоғарыдағы имам Науауидің кітабына жасалған түсініктеме. Кітап алдыңғы келген ғалымдардан жеткен деректерді жинақтаған, өте пайдалы әрі ішіндегі мағлұматтары көл-көсір. Онда хадис ілімінің 93 түрі қамтылған.

14. الْمَنْظُومَةُ الْبَيْقُورِيَّةُ «Әл-Манзумату әл-Байқуния»

Авторы – Омар ибн Мұхаммед әл-Байқуни (хижраның 1080 ж.д.с.). Өлең түрінде жазылған 34 шумақтан тұратын қысқа әрі нұсқа еңбектердің бірі.

15. فَوَائِدُ التَّحْدِيثِ «Қауағиду әт-тахдис»

Авторы – Мұхаммед Жәмәлуддин әл-Қасыми (хижраның 1332 ж.д.с.) Бұл – кейіннен өңделіп, жарық көрген пайдалы еңбектердің бірі.

16. تَيْسِيرُ مُصْطَلَحِ الْحَدِيثِ «Тәйсир мусталахи әл-хадис»

Авторы – док. Махмуд әт-Таххан. Кітап – осы салада соңғы жылдары өте жүйелі әрі ықшамдалған, бірнеше мәрте өңделіп, толықтырылып жарық көрген құнды еңбек.

II ТАРАУ. ХАБАРДЫҢ БІЗГЕ ЖЕТУІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ТҮРЛЕРІ

Хабар бізге жету жағынан немесе тізбектегі рауилердің санына қарай екіге бөлінеді:

1. *Мутауатир*
2. *Ахад*

1. Мутауатир хабар *الْخَبْرُ الْمُتَوَاتِرُ*

Тілдік мағынасы: «Бірінен кейін бірі», «жалғаспалы» деген мағынаны береді.

Терминдік мағынасы:

هُوَ الْخَبْرُ يَرْوِيهِ جَمَاعَةٌ مِنَ النَّاسِ يَسْتَحِيلُ تَوَاطُؤُهُمْ
عَلَى الْكَذِبِ وَأَنْ يَرُؤُوا عَنْ مِثْلِهِمْ

Мутауатир – өзара жалған айтуға келісіп алулары мүмкін болмаған бір топ адамдардың өздері секілді бір топ адамдардан жеткізген хабары.

Шарттары:

Хабардың мутауатир дәрежесіне жетуі үшін мына шарттар керек:


- а) Хабарды бірнеше адамның жеткізуі. Жеткізушілердің ең аз санына қатысты түрлі пікірлер бар. Имам әс-Суюти ең азы он адамнан жетуін тандаса²⁷⁷, көпшілік ғалымдар: «Дұрысырағы нақты рауилердің санын белгілемеу», – деп біледі.
- ә) Тізбектегі жеткізуші топтың тізбектің соңына дейін болуы.
- б) Жеткізуші топтың жалғандыққа өзара келісіп алуының мүмкін болмауы.

²⁷⁷ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 450- б.

в) Жеткізушілердің хабары көру, есту, ұстау секілді сезімдерге сүйенуі.

Мысалы, «Біз естідік», «Біз көрдік» деп жеткені секілді. Егер хабар ақыл, қиялға негізделген болса, мутауатир болып есептелмейді.

Түрлері:



а) *Мутауатир лафзи*. الْمُتَوَاتِرُ اللَّفْظِيُّ

Сөзбе-сөз мутауатир. Яғни, хадистің мәтінін барлық рауилер сөзбе-сөз риуаят етеді. Мысалы: «مَنْ كَذَبَ عَلَيَّ مُتَعَمِّدًا فَلْيَبُورْأ مَقْعَدُهُ مِنَ النَّارِ», «Кімде-кім менің атымнан әдейі жалған сөйлесе, өз орнын тозақтан дайындай берсін»²⁷⁸, – деген хадисті пайғамбарымыздан (с.а.с) жетпістен астам сахаба риуаят еткен. Солайша тізбек көпшіліктің жеткізуімен жалғасады.

ә) *Мутауатир мағнауи*. الْمُتَوَاتِرُ الْمَعْنَوِيُّ

Мағыналық мутауатир. Яғни, рауилердің барлығы риуаят еткен хадистің сөздері әртүрлі болғанымен, бір мағынаны береді. Мысалы: Дұға қылған кезде екі қолды көтеру. Пайғамбарымыздан (с.а.с) әртүрлі жағдайларда дұға оқыған кезде «екі қолын көтерді» деген мағынаны беретін жүзге тарта хадис келген. Бұл хадистердің барлығы бірдей мутауатир емес. Бірақ, пайғамбардың (с.а.с) дұға қылған кезде қол көтергендігі бірнеше жолмен жеткендіктен хадис мағынасы мутауатир дәрежесіне жеткен.

Сол сияқты пайғамбардың (с.а.с) айды екіге бөлгендігі, дажжалдың шығуы, мәсіге мәсіх тарту жайлы келген хадистері мутауатир жолмен жеткен.

²⁷⁸ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 107.

Дегенмен, мутауатир жолымен жеткен хадистердің саны өзге хадистерге қарағанда өте аз. Кейбір зерттеушілер барлық мутауатир хадистердің саны 310 екендігін айтқан.

Үкімі:

Мутауатир хадис барлық діни істерде, сенімде, фикһта және т.б. ілімдерде бұлтартпас, күмәнсіз дәлел ретінде қабыл етіледі.

Жалғандыққа келісіп алулары мүмкін болмаған көпшіліктен жеткеннен кейін, мутауатир хадис сахих не хасан деп бөлінбейді әрі ондағы жеткізушілердің сенімділігі мен сенімсіздігіне назар аударылмайды. Мысалы: Мұсылман емес бір ауылдағы барлық халық бір ауыздан, елдерінде үлкен өрт болып жатқандығын айтса, оған күмәнсіз сенілгені секілді. Сондықтан хадис ғалымдары мутауатир хадисті фикһ негіздері ілімінің тақырыбынан санап, хадис ғылымы аясында қарастырмаған.

Танымал мутауатир хадистер жинақтары:

1. Жәләлуддин әс-Суютидың «*әл-Әһару әл-мутәнәсира фи әл-әхбари әл- мутауатира*» кітабы. Бұл кітап тарауларға бөлініп, реттеліп жазылған.
2. Жәләлуддин әс-Суютидың тағы бір еңбегі «*Қатфу әл-әһар*». Ол жоғарыда аталған кітаптың ықшамдалған нұсқасы.
3. Мұхаммед ибн Жағфар әл-Каттанидің «*Назму әл-мутәнәсири мин әл- хадиси әл-мутауатири*» кітабы.
4. Мұхаммед Тулун әд-Димашқидің «*әл-Ләәлиу әл-мутәнәсира фи әл-әхадиси әл-мутауатира*» атты кітабы.

2. Ахад хабар *خَبْرُ الْأَحَادِ*


Тілдік мағынасы: Бір санының көпше түрі. Ахад хабар болса, бір адамның жеткізген хабары.

Терминдік мағынасы:

هُوَ مَا لَمْ يَجْمَعْ شُرُوطَ الْمُتَوَاتِرِ

Ахад дегеніміз – мутауатир дәрежесіне жетпеген хабар.

Үкімі: Қуатты дәлел болып табылады. Ахад хадистермен бекітілген шариғи практикалық нормаларды орындау міндетті.



а) Мәшһүр хадис الْحَدِيثُ الْمَشْهُورُ

Тілдік мағынасы: Танымал, белгілі, кең таралған.

Терминдік мағынасы:

مَا رَوَاهُ ثَلَاثَةٌ فَأَكْثَرُ - فِي كُلِّ طَبَقَةٍ - مَا لَمْ يَبْلُغْ حَدَّ التَّوَاتُرِ

Тізбектің әр сатысындағы рауилер саны үш немесе одан көп болып, бірақ мутауатир дәрежесіне жетпеген хадис.

Мысалы:

«عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ إِنَّ اللَّهَ لَا يَقْبِضُ الْعِلْمَ انْتِزَاعًا يَنْتَزِعُهُ

مِنَ الْعِبَادِ، وَ لَكِنَّ يَنْبِضُ الْعِلْمُ بِقَبْضِ الْعُلَمَاءِ، حَتَّى إِذَا لَمْ يُبْقِ عَالِمًا
اتَّخَذَ النَّاسُ رُؤُوسًا جُهَالًا، فَسُئِلُوا فَأَفْتَوْا بِغَيْرِ عِلْمٍ فَضَلُّوا أَضَلَّوَا»

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ ол екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Расында, Аллаһ пенделерден білімді тартып алмайды, бірақ білімді ғұламаларды алу арқылы жояды. Ол бірде-бір ғұламаны (тірі) қалдырмаған кезде, адамдар білімсіз надандарды өздеріне басшы етіп алады²⁷⁹. Сөйтін оларға сұрақтар қойылса, білімі болмаса да пәтуа шығарып, нәтижесінде өздері де адасады, өзгелерді де адастырады», – дегенін естідім», – деген.²⁸⁰

Бұл хадис тізбегінің әр сатысындағы рауилер саны үш және одан көп, бірақ мутауатир дәрежесіне жетпеген. Сондықтан бұл хадис «мәшһүр» хадис деп аталады.

Кейбір хадистанушылар «мәшһүр» сөзінің орнына «мустафид» терминін қолданған. Бірақ жекелеген ғалымдар тізбегінің басы мен соңы тең болуы талап етілгендіктен, «мустафид хадис мәшһүр хадиске қарағанда шектеулі» десе, басқа ғалымдар: «Му-стафид хадис мәшһүр хадиске қарағанда ауқымдырақ», – деген.

Ханафи фикһ ғалымдарында мәшһүр хадис алғашқыда «ахад» жолымен жетіп, кейін, екінші ғасырда жалғандыққа келісіп алуы мүмкін болмаған көпшіліктен жеткен хабар²⁸¹.

Ғалымдар мәшһүр хадисті: сахих және хадис ғалымдары мен жалпы халықтың арасында кең тараған хадистер, – деп екі топқа бөлген.

Демек, сахих мәшһүр хадиспен қатар, терминдік мағынадан тыс мәшһүр хадистер де бар. Олар әртүрлі салада немесе жалпы халықтың тілінде мәшһүр болған хадистер. Бұндай мәшһүр хадистер дұрыс немесе әлсіз яки тізбегі мүлдем жоқ, жалған болуы мүмкін.

а) Хадистанушылар, ғалымдар мен жалпы халықтың арасында танымал болған хадис:

²⁷⁹ Бұл жерде білімсіздерді дінбасы етіп алу туралы айтылған.

²⁸⁰ Әл-Бұхари, Білім кітабы, 100; Муслим, 2673.

²⁸¹ Хисамуддин әс-Сығанаки, Китабу әл-Уафи фи усули әл-фикһ, 3/1059-б.

الْمُسْلِمَ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَ يَدِهِ

«Мұсылман – тілімен және қолымен мұсылмандарға зиян тигізбеген адам»²⁸²

ә) **Фикһ ғалымдары** арасында танымал болған кейбір хадистер:

أُبْعِضُ الْحَلَالَ إِلَى اللَّهِ الطَّلَاقِ

«Талақ – Аллаһтың рұқсат еткендерінің ішіндегі ең ұнамсызы»²⁸³.

б) **Фикһ негіздері ілімі ғалымдары** (Усул ғалымдары) арасындағы кейбір мәшһүр хадистер:

رُفِعَ عَنْ أُمَّتِي الْخَطَأَ وَالنِّسْيَانَ وَمَا اسْتَكْرَهُوا عَلَيْهِ

«Үмбетімнен: қателік, ұмыту мен мәжбүр болған жағдайлары есепке алынбайды»²⁸⁴.

в) **Араб тілі мамандары** арасында мәшһүр болған хадис:

نَعْمَ الْعَبْدُ ضَهَيْبٌ، لَوْ لَمْ يَخَفِ اللَّهَ لَمْ يَعْصِهِ

«Сухайып неткен керемет адам, Аллаһтан қорықпаса да, Оған қарсы келмейтін еді»²⁸⁵.

г) **Жалпы халық** арасында мәшһүр болған кейбір хадистер:

الْعَجَلَةُ مِنَ الشَّيْطَانِ

«Асығыстық – шайтаннан»²⁸⁶.

اخْتِلَافُ أُمَّتِي رَحْمَةٌ

²⁸² Әл-Бұхари, Иман кітабы, 10, 6484; Ахмад, 163; Әбу Дәуіт, 2481.

²⁸³ Әлсіз хадис. Әбу Дәуіт, 2178; Әл-Хақим саһих деген.

²⁸⁴ Әлсіз хадис. Ибн Мәжә, 2045; Ибн Хиббан мен әл-Хақим саһих деген.

²⁸⁵ Негізі жоқ.

²⁸⁶ Әлсіз хадис. Әт-Термези, 2112.

«Үмбетімнің әртүрлі көзқарастарда болуы – рақымдылық»²⁸⁷.

حُبُّ الْوَطَنِ مِنَ الْإِيمَانِ «Отанды сүю – иманнан»²⁸⁸

مَنْ عَرَفَ نَفْسَهُ فَقَدْ عَرَفَ رَبَّهُ «Кімде-кім өзін таныса, Раббысын да таниды»²⁸⁹.

اطْلُبُوا الْعِلْمَ وَلَوْ بِالصَّيْنِ «Қытайда болса да ілім іздеңдер»²⁹⁰.

Мәшһүр хадистің үкімі:

Негізінде мәшһүр хадис – сахих немесе әлсіз деп сипатталмайды, бірақ зерттеу нәтижесінде, мәшһүр хадистің сахих, хасан, әлсіз және жалған екендігі анықталады. Егер терминдік мағынадағы мәшһүр хадис сахих болса, азиз, ғариб хадистерден жоғары тұрады.

Мәшһүр хадис жинақтары:

Мәшһүр хадис жинақтары деген кезде, терминдік мағынадағы мәшһүр хадистерді емес, тілдік мағынадағы, яғни адамдар арасында кең тараған хадис жинақтарын сөз етеміз. Өйткені терминдік мағынадағы мәшһүр хадистерді жинақтаған еңбектер жарық көрмеген. Сонымен қатар, адамдар арасында дұрыс мәшһүр хадистермен қатар, жалған мәшһүр хадистер де қолданыс тапқан. Осындай хадистердің аражігін ажырату үшін төмендегі хадис жинақтарына жүгінуге болады.

Кейбір мәшһүр хадис жинақтары:

а) Әс-Сахауидің «*әл-Мақасиду әл-хасана фимә иштәһара ала әлсинә*» кітабы.

²⁸⁷ Әлсіз хадис. Әл-Ғазали, Ихия улуми әд-дин, I, 47; Кейбір ғалымдар «негізі жоқ, яғни тізбегі жоқ хадис»,– деген. Имам әс-Суюти: «Бізге жетпеген хадис кітаптарында келген болуы мүмкін»,– дейді.

²⁸⁸ Кейбірі хадистанушылар мағынасы дұрыс дегенімен, көпшілігі «жалған хадис» деген.

²⁸⁹ Жалған хадис. Мулла Али Қари, Маудуғат, 83-б.

²⁹⁰ Кейбір ғалымдар «жалған, негізі жоқ хадис» десе, кейбірі «әлсіз хадис» деп бағалаған.

- ә) Әл-Ажлунидің «*Кәшифу әл-хафә уә музилу әл-илбәс фимә шитәһәра мин әл-хадис алә әлсинәти ән-нас*» атты еңбегі.
- б) Ибн әд-Дәйбағи әш-Шәйбәнидің «*Тәмииз әт-тайиб мин әл-хабиис фимә йәдуру алә әлсинәти ән-наси мин әл-хадис*» атты еңбегі.

ә) *Азиз хадис* الْحَدِيثُ الْعَزِيزُ

Тілдік мағынасы: «Сирек» немесе «күшті» мағынасында келеді. Бұл хадис сирек кездесетіндіктен әрі дәрежесінің күштілігіне сай *азиз* деп аталса керек.

Терминдік мағынасы: أَنْ لَا يَقْلَ رُؤَاؤُهُ عَنْ أَثْنَيْنِ فِي جَمِيعِ طَبَقَاتِ السَّنَدِ
Тізбектің әрбір сатысындағы хадис жеткізушілер саны екеуден кем болмаған хадис.

Анықтама түсінігі:

Хадис азиз болуы үшін тізбек сатыларының бірінде хадис жеткізушілер саны екі рауиден кем болмауы керек. Ал басқа сатыларында үш немесе одан көп рауилер болса, оқасы жоқ.

Кейбір хадис ғалымдары азиз хадисті – екі немесе үш рауиден жеткен хадис деп, мәшһүр хадиспен тең қарастырады.

Мысалы:

Әнәс ибн Мәликтен (р.а.), әл-Бұхари мен Муслим, екінші бір тізбекте – Әбу Иурайрадан (р.а.) әл-Бұхари Аллаһ елшісінің (с.а.с):


لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّىٰ أَكُونَ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِنْ وَالِدِهِ، وَوَلَدِهِ، وَ النَّاسِ أَجْمَعِينَ

«Сендерден бірің мені әкесінен, баласынан, және барлық адамдардан да артық жақсы көрмейінше, иманы кәміл болмайды»²⁹¹, – дегенін риуаят етеді.

Бұл хадистің тізбегіне келсек, Әнәстан Қатада және Абдулазиз ибн Суһайб, Қатададан Шуғба мен Сағид, ал Абдулазиз ибн Суһайбтан Исмайыл ибн Ұләйия мен Абдулуарис риуаят етеді, олардан бір топ адам жеткізеді.

²⁹¹ Әл-Бұхари, Иман кітабы, 14, 15.

Яғни тізбек сатыларындағы рауилер саны екеуден аз келмеген.



б) Ғариб хадис *الحديث الغريب*

Тілдік мағынасы: «Жалғыз», «дара» және «туыстарынан жырақта болу» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

هُوَ مَا يَنْفَرُ بِرِوَايَتِهِ رَأٍ وَاحِدٌ

Жалғыз хадис жеткізушінің риуаяты.

Анықтама түсінігі: Тізбек сатыларының бірінде немесе барлығында бір рауидің риуаят етуі. Тізбек сатыларының бірінде жалғыз рауи болып, қалғандарында рауилер саны артатын болса да хадис «ғариб» болып саналады.

Көптеген ғалымдар «ғариб» хадисті «фәрд» хадис деп те атайды.

Түрлері: Ғариб хадис дараланған рауидің тізбек сатыларындағы орнына қарай: «ғариб мутлақ», «ғариб нисби» болып екіге бөлінеді. Алайда, көбіне «фәрд» сөзі – «фәрд мутлақ» хадиске, «ғариб» сөзі – «фәрд нисби» хадиске қолданылады²⁹².

а) *Фәрд мутлақ* немесе ғариб мутлақ

²⁹² Ибн Хажар әл-Аскалани, Нузһату ән-назар, 47-б.

Анықтамасы: Фәрд мутлақ дегеніміз – тізбектің соңында жалғыз рауидің риуаят етуі. Яғни, хадистің сахаба сатысында жалғыз сахабаның риуаяты.

Мысалы: «إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ» «Амалдар ниетпен болады»²⁹³. Бұл хадистің тізбегінде Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) дараланады. Бұндай жағдай сахабаға дейінгі сатыларда да орын алуы ықтимал. Яғни хадис тізбегінде сахабадан басқа жеткізушілер де даралануы мүмкін.

ә) *Ғариб нисби* немесе фәрд нисби

Анықтамасы: Хадис тізбегінің ортасында немесе басында жалғыз рауидің риуаят етуі. Яғни хадис тізбегінің аяғында бірнеше рауи болып, тізбектің басқа сатыларының бірінде жалғыз хадис жеткізушінің риуаят еткен хадисі.

Мысалы:

Имам Мәлик, Ибн Шихаб әз-Зухриден, ол Әнәстан (р.а.): «أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَخَلَ مَكَّةَ وَعَلَى رَأْسِهِ الْمِغْفَرُ» (с.а.с.) Меккеге кірген (кезде) басында дулығасы болған еді»²⁹⁴, – деген хадисті жеткізеді. Бұл хадис тізбегінде имам Мәлик дараланады.

Ибн Хажардың аталған екі хадис түріне берген мысалдары мен түсіндірмелерінен хадис тізбегінің соңғы немесе барлық сатыларында рауидің даралануы арқылы жеткен хадиске «фәрд мутлақ» термні қолданылса, тізбек сатыларының бірінде ғана жалғыз рауи жеткізген хадис «фәрд нисби» деп танылған.

Ғариб хадистер Әл-Бәззардың «Муснады» мен әт-Табаранидың «әл-Муғжаму әл-әусатында» көп қамтылған.

Сонымен қатар, хадистанушылар *мәтін мен тізбектің даралануы* («ғариб» болуы) және тек *тізбектің ғана даралануы* деп те бөліп қарастырған.

- Мәтін мен тізбектің даралануына мысал:

Мұхаммед ибн Фудайыл, Ұмара ибн әл-Қағқағтан, ол Әбу Зурғадан, ол Әбу Һурайрадан (р.а.), ол: «Пайғамбардың (с.а.с.):

²⁹³ Әл-Бұхари, Иман кітабы, 1; Муслим, 155.

²⁹⁴ әл-Бұхари, Жорықтар кітабы, 4286; Муслим, 450.

كَلِمَتَانِ خَفِيفَتَانِ عَلَى اللِّسَانِ ثَقِيلَتَانِ فِي الْمِيزَانِ حَبِيبَتَانِ إِلَى
الرَّحْمَنِ : سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ سُبْحَانَ اللَّهِ الْعَظِيمِ

«Тілге жеңіл, таразыда ауыр тартатын әрі әр-Рахманға ең сүйікті екі сөз бар, олар: «Субханаллаһи уә бихамдиһи, субханаллаһи әл-азим!» (Аллаһ пәк және мадақ Оған тән, Ұлы Аллаһ пәк)»²⁹⁵, – дегенін жеткізген.

Бұл хадис сахаба сатысында тек Әбу Һурайрадан ғана риуаят етілсе, одан тек Әбу Зурға ғана жеткізген, Әбу Зурғадан Ұмара ғана алса, одан Ибн Фудайыл дараланады. Бұндай хадис түріне имам әт-Термези: «غَرِيبٌ لَا نَعْرِفُهُ إِلَّا مِنْ هَذَا الرَّجُلِ» «Бұл хадис – ғариб, осы жету жолынан басқа жолдарын білмейміз», – деген сөздерді қолданған.

Осы түрге тек мәтінде ғана даралануды да айтуға болады, алайда тек мәтінде ғана даралану тізбекте дараланумен бірге болады. Ал белгілі бір рауидің мәтінге артық сөздер жалғаумен дараланатын болса, сонымен қатар бұндай хадис «шәз» немесе «мункар» деп танылуы мүмкін. Рауидің қателікке жиі бой алдыруы себепті бүркеме олқылықтар мен әлсіздіктер орын алған ғариб хадистерден ғалымдар сақтандырған. Ондай хадисті кейбір мухаддистер «мункар хадис» деп атаған.

- Тізбектің ғана даралануына мысал:

Әбу Муса әл-Ашғаридің пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткізген:

الْمُؤْمِنُ يَأْكُلُ فِي مَعَى وَاحِدٍ، وَالْكَافِرُ يَأْكُلُ فِي سَبْعَةِ أَمْعَاءٍ

«Мүмін бір ішегін (толтырып) жейді, ал кәпір жеті ішегін (толтырып) жейді», – деген хадисті Муслим Әбу Курайбтан риуаят еткен. Бұл тізбекте Әбу Курайб дараланады. Алайда бұл мәтін әл-Бұхариде, Муслимде, басқа да хадис жинақтарында Әбу Һурайра (р.а.), Ибн Омар (р.а.) арқылы бірнеше жолдармен жеткен.

²⁹⁵ Муттафақун алайһи


Ғариб хадистерге қатысты танымал еңбектер:

- а) Әд-Даракутнидің «*Ғараибу Мәлик*», «*әл-Әфрад*» атты еңбектері.
- ә) Әбу Дәуіт әс-Сижистанидің «*әс-Сунәну әлләти тәфәррада бикулли суннәтин минһә әһлу бәлдәтин*» атты еңбегі.

Осы тізбектегі жеткізушілердің санына қарай бөлінген «мәшһүр», «азиз», «ғариб» хадис түрлері сахих, хасан, әлсіз болуы мүмкін. Өйткені бұл – хадистерді дәрежесіне қарай бөлу емес. Егер сахих хадис шарттарын қамтымайтын болса олардың дұрыстығы жойылып, хасан не әлсіз үкімін алады. Имам әт-Термезидің «хасан ғариб» деген термині осындай хадис түрлеріне айтылған болса керек. Ал «мутауатир хадис» жалғандыққа келісіп алулары мүмкін емес дәрежедегі көпшіліктен жеткеннен кейін, бұл үкім оған жүрмейді.



ІІІ ТАРАУ. ҚАБЫЛДАНАТЫН (МАҚБУЛ) ХАДИС ТҮРЛЕРІ



1. Сахих хадис الْحَدِيثُ الصَّحِيحُ

Тілдік мағынасы: «Дұрыс», «сау» мағыналарын ұғындырады.

Терминдік мағынасы:

ما اتَّصَلَ سَنَدُهُ بِنَقْلِ الْعَدْلِ الصَّابِطِ، عَنْ مِثْلِهِ إِلَى مُنْتَهَاهَا، مِنْ غَيْرِ شُدُوذٍ وَلَا عِلَّةٍ

Адал, нақты рауилермен соңына дейін тізбегі жалғасқан, әрі қайшылығы (шәз) мен хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме олқылығы (ыиласы) жоқ хадис.

Шарттары:

1. اِتِّصَالَ السَّنَدِ тізбектің жалғасуы, яғни хадис тізбегіндегі рауилердің әрқайсысы хадисті алдындағы рауиден тікелей алуы.
2. عَدَالَةُ الرَّوَاةِ жеткізушілердің адалдығы (сенімділігі), яғни хадис тізбегінің әрбір сатысындағы жеткізушілердің: мұсылман, балиғатқа толған, ақыл иесі, тақуа және адамгершілік ізгі қасиеттерге ие болуы.

3. ضَبَطُ الرُّوَاةِ жеткізушілердің нақтылығы, яғни хадис тізбегінің әрбір сатысындағы жеткізушілердің еске сақтаған және жазған хадистеріне мұқият болып, айна-қатесіз дәл жеткізуі.
4. عَدَمُ الشُّدُوذِ хадистің шәз болмауы немесе дұрыстықтан ауытқымауы. Шәз дегеніміз – сенімді рауидің өзінен сенімдірек рауиге қайшы риуаят етуі. Сенімді рауидің, сол бір хадисте ғана кемшілікке бой алдырған болуы ықтималдылықпен, жеткізіп отырған хадисінің дұрыстығы жойылады.
5. عَدَمُ الْعَلَّةِ хадисте ылләннің болмауы, Ыллә дегеніміз – хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме олқылық.

Осы бес шарттың бірі жойылатын болса, хадис «сахих» болып табылмайды.

Мысалы:

Әл-Бұхари «әс-Сахих» жинағында:

حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ، قَالَ: أَخْبَرَنَا مَالِكٌ، عَنْ ابْنِ شِهَابٍ،
عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ جَبْرِ بْنِ مُطْعِمٍ، عَنْ أَبِيهِ، قَالَ: سَمِعْتُ رَسُولَ
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَرَأَ فِي الْمَغْرِبِ بِالطُّورِ

«Абдуллаһ ибн Юусуф, Мәликтен, ол Ибн Шиһабтан, ол Мұхаммед ибн Жубейр ибн Мутғимнен, ол әкесінің: «Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ақшам намазында «әт-Тур» сүресін оқығандығын естідім», – дегенін жеткізеді»²⁹⁶.

Бұл хадис сахих хадис болып табылады. Өйткені:

- а) Хадистің тізбегі үзілмеген. Тізбектегі жеткізушілер хадисті бір-бірінен естіген.
- ә) Хадис тізбегіндегі рауилердің барлығы адал, яғни сенімді.
- б) Хадис тізбегіндегі рауилердің барлығы хадисті айна қатесіз, нақты жеткізген. Жарх және тағдил ғалымдары оларды:

²⁹⁶ Сахих әл-Бұхари, Азан кітабы, 247.

- Абдуллаһ ибн Жүсіп: сенімді;
 - Мәлик ибн Әнәс: танымал имам, хафиз, сенімділігіне күмән жоқ;
 - Ибн Шиһаб әз-Зуһри: факиһ, хафиз, оның сенімділігі мен нақтылығына ғалымдар бір ауыздан келіскен;
 - Мұхаммед ибн Жубейр: сенімді;
 - Жубейр ибн Мутғим: сахаба деп сипаттаған.
- в) Хадисте қайшылық жоқ.
- г) Хадис дұрыстығын жоятын бүркеме олқылықтардан ада.

Ал, кейбір хадистердің дұрыстығында әртүрлі көзқарастардың орын алу себебі келесіде:

- а) Белгілі бір хадистің жоғарыда аталған хадистің дұрыс болу шарттарына толық сай ма, сай емес пе екендігінде, әрбір хадистанушы өзінің талап шарттарына қарай хадиске баға беруі.
- ә) Хадистің дұрыс болу шарттарының кейбіріне қатысты ұстанымдардың әрқилы болуы. Мысалы: «Мурсал хадис» секілді. Мурсал хадис тізбектің жалғаспауы себепті әлсіз хадис қатарына кіргенімен, кейбір ғалымдар басқа шарттардың орындалуымен оны «сахих» деп бағалаған.

Үкімі: Сахих хадис шарифатта қандай да бір мәселеге айғақ болуға жарамды. Әрі оған әрбір мұсылман ғибадаттары мен іс-әрекеттерінде жүгіне алады.

Сахих хадис жинақтары:

- Әл-Бұхаридің «*әл-Жамиғу әс-Сахих*» кітабы
- Муслимнің «*әл-Жамиғу әс-Сахих*» кітабы
- Ибн Хузайманың «*Сахих*» кітабы
- Ибн Хиббанның «*Сахих*» кітабы
- Әл-Хақимнің «*Мустадрок*» кітабы

Сол секілді Ибн әс-Сәкәннің «Сахих», Ибн әл-Жарудтың «Мунтақа», әд-Дия әл-Мақдисидің «Әл-Ахадаису әл-мухтара» атты сахих жинақтары мен екі сахих жинағына жасалған кейбір мустахраж еңбектерді сахих хадис жинақтарының қатарына жатқызуға болады. Алайда, имам әл-Бұхари мен Муслимнен басқа сахих хадистерді жинақтаған ғалымдардың, өздерінің

зерттеулері мен шарттарына сай «сахих» деп тапқан хадистерінің барлығы бірдей, көпшілік хадистанушыларда мақұлданған «сахих хадис» шарттарына сәйкес келмейді.

Ең алғаш жарық көрген сахих хадистер жинағы – әл-Бұхаридің, сосын Муслимнің сахих хадистер жинағы. «Әл-Жамиғу әс-Сахих» атты бұл екі жинақ мұсылман ғалымдарының бір ауыздан келісуімен Құран Кәрімнен кейінгі сенімді қайнар көз болып табылады. Дегенмен, барлық сахих хадистер тек ол екеуінде ғана қамтылмаған. Әл-Бұхари бір сөзінде: «Әл-Жамиғ кітабыма тек дұрыс хадистерді ғана енгіздім, ұзарып кеткендіктен кейбір сахих хадистерді тастадым»,– десе, кейбір деректерде: «Бірнеше сахих хадистерді, ұзақтығымен адамдарды жалықтырып алу қорқынышынан енгізбедім»,– деген. Сонымен қатар имам әл-Бұхаридің айтуы бойынша, ол жүз мың сахих хадисті жатқа білген. Ал өзінің сахих жинағына төрт мыңға жуық хадис ғана енгізгені белгілі.

Муслим: «Мен мұндағы хадистің бәрін сахих деп қоспадым, бәлкім тек ғұламалар дұрыс деп қабылдағандарын ғана қостым»,– деп айтқан.

Қалған сахих хадистерді аталған сахих кітаптары мен әс-Сунән кітаптарынан табуға болады.

Басқа сахих жинақтары:

- *Әл-Хафиз Әбу Абдуллаһ әл-Хақимнің «Мустадраку әл-Хақим» деп танылған жинағы.* Бұл кітап өзге кітаптарға қарағанда өте көлемді. Әл-Хақим онда әл-Бұхари мен Муслимнің шарттарына сәйкес, бірақ ол екеуі риуаят етпеген немесе біреуінің шартына сай, бірақ олар риуаят етпеген хадистермен қатар, екі имамның шартына сәйкес болмаған, өзі сахих деп тапқан хадистерді де жинақтаған. Ғалымдар әл-Хақимнің хадистердің дұрыстығына жеңіл қарағандығын алға тартады. Имам әз-Зәһәби оның көптеген хадистеріне шолу жасап, арасынан бірнеше әлсіз, тіпті жалған хадистерді де шығарған.

Тіпті Әбу Сағд әл-Мәләяни: «Әл-Хақимнің «әл-Мустадрак» кітабын бастан-аяқ оқып шықтым. Онда әл-Бұхари мен Муслимнің шарттарына сәйкес келетін ешбір хадис көрмедім»,– деген. Имам әз-Зәһәби: «Бұл – әл-Мәләянидің әсірелеуі, әл-

Хақимнің кітабының жартысына жуығы екі имамның шарттарына немесе екеуінің бірінің шартына сәйкес келетін хадистерді қамтиды. Ал, төрттен бірі – өзінің «сахих» деп тапқан хадистері мен кейбір олқылықтары бар хадистер болса, қалған төрттен бірі – өте әлсіз, кейбірі жалған хадистерді де қамтиды», – деп айтқан.

Ибн Хажар әл-Асқаләни әл-Хақимнің жеңіл-желпі қарауының себебін, қол жазбасының өңделмеген күйде қалып, оны ретке келтіруге өмірі жетпегендігімен байланыстырады.

- *Ибн Хиббанның сахих жинағы.* Бұл жинақ басқа хадис кітаптарына қарағанда дұрыс ретке түспеген. Хадистер тақырыптарға сай немесе рауилерге қарай жүйеленбегендіктен, қандай да бір хадисті табу қиынға соғары анық. Дегенмен, кейінгі кейбір ғалымдар ретке келтірген²⁹⁷.

Ибн Хиббан да хадистерді дұрыс деп бағалауда жеңілдік танытқан. Бірақ ғалымдар оның әл-Хақимге қарағанда, аз жеңілдік танытқандығын айтады.

- *Ибн Хузейманың сахих жинағы.* Ибн Хузейманың жинағы аталған екі кітаптан дұрыстығы жағынан жоғары тұрады²⁹⁸.

Мустахраж кітаптары.

Мустахраж дегеніміз – хадис имамының жинақтаған хадистерін, екінші бір хадис ғалымының одан басқа тізбекпен жинаған хадис кітабы. Мустахраж жасаушы сахих жинақ иесімен оның ұстазында немесе ұстазының ұстазында, яки сахабада ұштасуы мүмкін.

Әл-Бұхари мен Муслимнің сахих жинақтарына жасалған мустахраж кітаптары:

Әл-Бұхариге мустахраж жасағандар: Әбу Бәкір әл-Исмайыли, Әбу Ахмад әл-Ғатриффи, Әбу Абдуллаһ ибн Әбу Зухл, Әбу Бәкір ибн Мардауайһ.

Муслимге мустахраж жасағандар: Әбу Ауэнәтә әл-Исфараинидің, Әбу Жағфар ибн Хамдан, Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ражә ән-Нисабури, Әбу Бәкір әл-Жауазқи, Әбу Хамид әш-

²⁹⁷ Әл-Әмир Аләуддин Әбу әл-Хасан Әли ибн Бәлбан ретке келтірген. Оның бұл еңбегі «әл-Ихсан фи тақриби Ибн Хиббан» деп аталады. Ол хижраның 739 жылы дүние салған.

²⁹⁸ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 79-82-б.

Шарики, Әбу әл-Уалид Хассан ибн Мұхаммед әл-Қураши, Әбу Иман Муса ибн әл-Аббас, әл-Жуайни, Әбу ән-Насыр әт-Туси, Әбу Сағид ибн Әбу Осман әл-Хиари.

Әл-Бұхари мен Муслимге де мустахраж жасағандар:

Әбу Нуғайым әл-Асбаһани, Әбу Бәкір әл-Йәзди.

Танымал мустахраж кітаптары:

- а) Әбу Бәкір әл-Исмайылидің әл-Бұхариге жасан мустахражы.
- ә) Әбу Ауәнәтә әл-Исфараинидің Муслимге жасаған мустахражы.
- б) Әбу Нуғайым әл-Асбаһанидің екеуіне де жасаған мустахражы.

Сахих хадистердің дәрежелері

Сахих хадистер хадис іліміне қатысты кітаптарда келгені бойынша, төмендегідей дәрежелерге бөлінеді:

1. Әл-Бұхари мен Муслимнің бір ауыздан келіскен хадистері, яғни екеуі де риуаят еткен хадистер. Бұндай хадистерге *مُتَّفَقٌ عَلَيْهِ* «Бір ауыздан келісілген» деп айтылады.
2. Әл-Бұхаридің өзі жеткізген хадистер.
3. Муслимнің өзі жеткізген хадистер.
4. Екеуінің шартына сай, бірақ екеуі риуаят етпеген хадистер.
5. әл-Бұхаридің шартына сай, бірақ ол риуаят етпеген хадистер.
6. Муслимнің шартына сай, бірақ ол риуаят етпеген хадистер.
7. Әл-Бұхари мен Муслимнің немесе екеуінің біреуінің де шартына сай емес, Ибн Хузейма, Ибн Хиббан секілді имамдардан жеткен сахих хадистер.

2. Хасан хадис *الْحَدِيثُ الْحَسَنُ*

Тілдік мағынасы: «Көркем», «жақсы» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

Ғалымдар «хасан хадис» туралы әртүрлі пікірлер айтқан.

Имам әл-Хаттаби: «Хасан хадис дегеніміз – қайдан алынғаны белгілі, рауилері танымал, көптеген хадистерді қамтитын және көптеген ғұламалар тарапынан қабылданып, көпшілік фикһ ғалымдары қолданған хадис», – десе;

Имам әт-Термези: «Тізбегіндегі хадис жеткізушілер жалғандықпен айыпталмаған, әрі қайшылығы (шәз) болмаған және бірнеше жолдармен жеткен барлық хадисті «хасан» деп білеміз», – деп айтқан.

Ал Ибн Хажар: «Адал, нақтылығы толық, тізбегі жалғасқан, хадистің дұрыстығын жоятын бұркеме олқылығы мен қайшылығы жоқ, ахад жолмен жеткен хабарды – «сахих лизәтиһи» (өздігінен дұрыс) хадис, ал нақтылығында кемшіндік болса, «хасан лизәтиһи» (өздігінен хасан) дейміз», – деп анықтама берген.

Аталған анықтамалардың ішінде әл-Хаттабидің анықтамасына ғалымдар тарапынан көптеген сындар айтылған. Ал әт-Термези хасан хадистің екінші бір түрі – «хасан лиғайриһи» (өзгемен хасан) хадистің анықтамасын келтірген. Бірақ біздің қозғап отырғанымыз өздігінен хасан (хасан лизәтиһи) болған хадис. Негізінде хасан лиғайриһи хадис әлсіз хадистер санатына жатады, бірақ өзге жолдармен қуатталғандықтан хасан дәрежесін алады. Дұрысырақ анықтама ретінде Ибн Хажардың берген анықтамасын айтуға болады. Оған сүйене отырып, хасан хадисті:

ما اتَّصَلَ سَنَدُهُ بِنَقْلِ الْعَدْلِ الَّذِي خَفَّ ضَبْطُهُ، عَنْ
مِثْلِهِ إِلَى مُتَّهَاهَا، مِنْ غَيْرِ شُدُوذٍ وَلَا عِلَّةٍ

Адал, нақтылығы әлсіздеу болған рауилермен соңына дейін тізбегі жалғасқан, қайшылығы (шәз) мен хадистің дұрыстығын жоятын бұркеме олқылығы жоқ хадис деп қорытындылаймыз.

Үкімі:

Хасан хадисте сахих хадис секілді дәлел болуға жарамды келеді. Сол себепті барлық фикһ ғалымдары айғақ ретінде ұстанып, онымен амал қылған. Сонымен қатар оған хадиста-

нушылар мен фикһ негіздері ғалымдарының басым көпшілігі сүйенген. Ал кейбір әл-Хаким, ибн Хиббан, ибн Хузейма секілді шарттары жеңіл хадис ғалымдары оны кейбір сахих хадистер қатарына жатқызған.

Мысалы:

Әт-Термезиде:

«حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ، حَدَّثَنَا جَعْفَرُ بْنُ سُلَيْمَانَ الضُّبَعِيُّ، عَنْ أَبِي عُمَرَ الْجَوْنِيِّ، عَنْ أَبِي بَكْرٍ بْنِ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ قَالَ: سَمِعْتُ أَبِي بِحَضْرَةِ الْعَدْوِ يَقُولُ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: إِنَّ أَبْوَابَ الْجَنَّةِ تَحْتَ ظِلَالِ الشُّيُوفِ ...»

Бізге Қутайба Жағфар ибн Сүлеймен әд-Дубағиден, ол Әбу Имран әл-Жәуниден, ол Әбу Бәкір ибн Әбу Мұса әл-Әшғаридің: «Мен әкемнің (Әбу Мұса) жаумен бетпе-бет келгенде: «Аллаһ елшісінің (с.а.с): «Жаннаттың қақпалары қылыштың көлеңкесінде...», – деп айтқанын естідім», – дегені риуаят етіледі²⁹⁹.

Бұл хадис жайында әт-Термези: «هَذَا حَدِيثٌ حَسَنٌ غَرِيبٌ» «Бұл хасан ғариб хадис», – деп айтқан. Бұл хадистің хасан болу себебі, хадис тізбегіндегі Жағфар ибн Сүлеймен әд-Дубағиден басқа рауилер сенімді. Ал хадис ғалымдарының айтуынша, әд-Дубағидің хадисі хасан, яғни оның нақтылық сипатында әлсіздік байқалған. Сол себепті аталған хадис сахих дәрежесінен хасан дәрежесіне түскен.

Хасан хадистің дәрежелері:

Сахих хадистердің дәрежелері болғаны секілді хасан хадистердің де дәрежелері бар. Имам әз-Зәһәби хасан хадистердің екі дәрежесін көрсеткен.

1. Ең жоғарғы дәрежесі. Хадистің сахих не хасан екендігінде ғалымдар ортақ пікірде болмаса, яғни бір рауидің хасан хадисіне, басқа хадистанушылар сахих деп баға берген болса, ол хасан хадистердің жоғарғы дәрежесі болып табылады. Мысалы, Ахмад ибн Ханбал:

²⁹⁹ Әт-Термези, әс-Сунән, V, 300-б; Док. Махмуд әт-Таххан, Тәйсиру мусталахи әл-хадис, 59-б.

ثُمَّ يَحْيَىٰ بن سَعِيدٍ عَنْ بَهْزِ بْنِ حَكِيمٍ ثَنِي أَبِي عَنْ جَدِّي قَالَ: قُلْتُ:
 يَا رَسُولَ اللَّهِ مَنْ أَبْر؟ قَالَ: أُمَّكَ قَالَ قُلْتُ: ثُمَّ مَنْ؟ قَالَ: ثُمَّ أُمَّكَ
 قَالَ قُلْتُ: ثُمَّ مَنْ؟ قَالَ أُمَّكَ ثُمَّ أَبَاكَ ثُمَّ الْأَقْرَبَ فَلَا أَقْرَبَ

Йахия ибн Сағид Бәһз ибн Хақимнен, ол әкесінен, әкесі әкесінен (яғни Бәһздің атасынан): «Йә, Аллаһтың елшісі! Кім менің ең жақсы қарым-қатынасыма лайық?» – дедім. Ол (с.а.с.): «Анаң», – деді. Мен: «Сосын кім?» – дедім, ол (с.а.с.): «Анаң», – деді. Мен: «Сосын кім?» – дедім, ол (с.а.с.): «Анаң, сосын әкең, кейін туыстарың және жақындарың», – деді», – деген³⁰⁰.

Бұл хадистің тізбегі үзілмеген, мағынасы басқа бір рауидің хадисіне қайшы емес. Ахмад ибн Ханбал және оның ұстазы Йахия ибн Сағид – екеуі де танымал имамдар. Йахия ибн Сағид пен ән-Нәсәи секілді хадис ғалымдары Бәһз ибн Хақимнің сенімділігін айтса, кейбір ғалымдар оның нақтылық сипатының әлсіздігін көрсеткен. Сондықтан бұл хадис ғалымдардың шешімі бойынша хасан хадис болып саналады.

2. Төменгі дәрежесі. Хадистің хасан не әлсіз екендігінде ғалымдар ортақ пікірде болмаса, яғни бір рауидің хасан хадисіне, басқа хадистанушылар әлсіз деп баға берген болса, ол хасан хадистердің төменгі дәрежесі болып табылады. Мысалы: тізбегінде әл-Харис ибн Абдуллаһ, Асим ибн Дамра, Хажжаж ибн Артаһ секілді рауилер бар хадис.

- «Тізбегі сахих хадис» пен «тізбегі хасан хадис» терминдерінің ұғымы.

Хадистанушылардың «هَذَا حَدِيثٌ صَحِيحٌ الْإِسْنَاءِ» «мынау – тізбегі сахих хадис» деуі, «هَذَا حَدِيثٌ صَحِيحٌ» «мынау хадис сахих» деген мағынаны бермейді. Егер хадис ғалымы «мынау хадис сахих» десе, сахих хадистің бес шартын қамтыған хадисті мақсат еткендігін түсінеміз. Ал, «мынау – тізбегі сахих хадис» десе, ол хадистің өзге хадистерге қайшылығы мен бүркеме олқылығына көз жеткізе алмай, тек хадистің тізбегіне қатысты болған

³⁰⁰ Әбу Дәуіт, 120; Ахмад ибн Ханбал, IV, 342-б.

«тізбектің жалғасуы», «рауилердің адалдығы мен нақтылығы» сипаттары ғана қамтылған хадисті мақсат етеді.

Сол секілді хадис ғалымдарының «هَذَا حَدِيثٌ حَسَنٌ الْإِسْنَادِ» «мынау тізбегі хасан хадис» деуі, «هَذَا حَدِيثٌ حَسَنٌ» «мынау хадис хасан» деген мағынаны бермейді. Өйткені «тізбегі хасан хадис» сөзі хадистің мәтініндегі олқылықтарға мән берілмей тек тізбек тұрғысынан ғана хадистің хасан екендігін ұғындырады.

- *Имам әт-Термези мен басқа хадис ғалымдарындағы «حَدِيثٌ حَسَنٌ صَحِيحٌ» «хасан сахих хадис» сөзінің қолданылуы.*

Бұл сөздің мағынасы сырт көзге түсініксіз. Өйткені, хасан хадистің дәрежесі сахих дәрежесіне жетпейтіндігі белгілі. Әрі «дәрежелері әртүрлі болған екі ұғым қалайша бір хадиске қолданылады?» деген сұрақтың туындауы заңды.

Имам әт-Термезидің бұл сөзді қолдану аясын ғалымдар әртүрлі түсіндірген. Олардың ішінде ең жақсы түсініктеме берген – әл-Хафиз Ибн Хажар. Оның түсініктемесін қысқаша келтіре кетейік:

- а) Егер хадистің екі немесе одан да көп тізбегі болса, бұл хадис бір тізбекпен хасан болса, екінші бір тізбекпен сахих дәрежесін алса, бір мәтін бір жолмен хасан, екінші бір жолмен сахих болуы мүмкін.
- ә) Егер хадистің бір ғана тізбегі болса, бұл хадис бір топ хадис ғалымдарының пікірі бойынша – хасан, басқа бір топ хадистанушылардың көзқарасында сахих болса, жоғарыда аталған сөз тіркесі қолданылады.

Ибн Хажардың бұл пікірін имам әс-Суюти де қолдаған.

Хасан хадистер қамтылған жинақтар:

Ғалымдар сахих хадис жинақтары секілді, хасан хадистерге арналған арнайы жинақтар жазбаған. Бірақ басым бөлігі хасан хадистерді қамтыған кітаптарды көптеп кездестіруге болады. Олардың ішінде кең таралғандары:

1. *Жамигу әт-Термези.* Бұл кітап «Сунән әт-Термези» атымен танымал. «Хасан» терминін алғаш қолданған әт-

Термези болатын. Ол кітабында хасан хадистерді көптеп келтірген.

2. *Сунән Әбу Дәуит*. Ол өзінің Мекке тұрғындарына жазған хатында, кітабына сахих хадистермен қатар, соған ұқсас әрі жақын хадистерді жазғандығын, сонымен қатар өте әлсіз хадистердің әлсіз екендігін ескерткендігін және кітабына тек жарамды, дұрыс нәрселерді ғана енгізгендігін айтқан.
3. *Сунән әд-Дарақутни*. Имам әд-Дарақутни да «әс-Сунән» кітабына көптеген хасан хадистерді қамтыған.

3. Сахих лиғайриһи الصَّحِيحُ لِغَيْرِهِ

Анықтамасы: Егер өздігінен хасан (хасан лизәтиһи) болған хадис басқа бір сондай немесе одан күштірек хадиспен қуатталса, «сахих лиғайриһи», яғни «өзгемен сахих хадис» болып табылады.

Бұл хадистің «сахих лиғайриһи» деп аталу себебі, оның сахих болуы – тізбегінің дұрыстығы себепті емес, өзге тізбек арқылы қуатталып, сахих дәрежесіне жетуінен. Оны түсінікті болу үшін былай көрсетуге болады:

хасан лизәтиһи + хасан лизәтиһи = сахих лиғайриһи

Мысалы:

محمد بن عمرو، عن أبي سلمة، عن أبي هريرة، أن رسول الله صلى الله عليه وسلم قال: لَوْلَا أَنْ أَشَقَّ عَلَيَّ أُمَّتِي لَأَمَرْتُهُمْ بِالسَّوَاكِ عِنْدَ كُلِّ صَلَاةٍ

Мұхаммед ибн Амр, Әбу Сәләмәдан, ол Әбу Һурайрадан (р.а.): «Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «*Үмбетіме ауыр келмегенде, әр намаздың алдында тіс тазалауды бұйырар едім*» – дегенін жеткізеді»³⁰¹.

Ибн әс-Салах: «Мұхаммед ибн Амр ибн Алқама тақуалығы, шыншылдығымен танылған. Бірақ соншалықты зерек емес еді, жаттау қабілеті жағынан кейбір хадис ғалымдары оны әлсіз десе, енді біреулері оның шыншылдығы мен танымалдылығына қарап,

³⁰¹ Эт-Термези, Тазалық кітабы, 22; Бұл хадис басқа жолдармен әл-Бұхариде де келген.

сенімді деп таныған. Осылайша оның хадисі «хасан» болып табылады. Алайда бұл хадис басқа жолдармен риуаят етілгендіктен, рауидің жеке кемшіліктері жойылып, хадисі сахих хадистер санынан орын алады», – деген³⁰².

4. Хасан лиғайриһи *الْحَسَنُ لِغَيْرِهِ*

Анықтамасы: Егер әлсіз хадис бірнеше жолмен жеткен болса, бірақ әлсіздік рауидің жалған сөйлеуі мен пасықтығы себепті болмаса, хадис хасан лиғайриһи деп аталады.

Демек, әлсіз хадис хасан лиғайриһи дәрежесіне мына екі жолмен көтеріледі:

- а) Басқа бір немесе бірнеше жолдармен жетуі керек. Бірақ қуаттап келген екінші әлсіз хадис, бірінші хадистің дәрежесі секілді немесе одан да күштірек болуы қажет.
- ә) Хадистің әлсіздігі, тізбегіндегі рауидің еске сақтау қабілетінің нашарлығы немесе тізбегінің үзілуі мен рауилерінің танымал болмауы себепті болуы керек.

Бұл хадистің «хасан лиғайриһи» деп аталу себебі – тізбегінің жақсы болуы себепті емес, ол өзге тізбекпен қуатталуы арқылы хасан дәрежесіне жеткен. Оны түсінікті болу үшін: *әлсіз + әлсіз = хасан лиғайриһи* деп көрсетуге болады.

Хасан лиғайриһи хадистің дәрежесі хадис лизәтиһи хадистен төмен. Дегенмен хасан хадис дәрежесіне жеткендіктен дәлел ретінде жүгінуге жарамды.

Мысалы: әт-Термези:

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ حَجْرٍ حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ غِيَاثٍ عَنْ حَجَّاجٍ
عَنْ عَطِيَّةٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ: صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ الظُّهْرَ فِي السَّفَرِ رَكَعَتَيْنِ وَبَعْدَهَا رَكَعَتَيْنِ

Бізге Али ибн Хажар, Хафс ибн Ғаййастан, ол Хажжаждан, ол Атиядан, ол Ибн Омардың: «*Пайғамбармен (с.а.с.) бірге сапарда бесін намазын екі ракағат (оқып), кейін екі ракағат оқыдым*», –

³⁰² Ибн әс-Салах, Улуму әл-хадис, 31-32-б.

дегенін жеткізді», – дейді. Имам әт-Термези бұл хадисті «хасан» деп бағалайды. Өйткені бұл хадис келесі хадиспен қуатталады.

Әт-Термези:

حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الْمُحَارِبِيِّ حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ هَاشِمٍ عَنْ ابْنِ أَبِي
لَيْلَى عَنْ عَطِيَّةٍ وَنَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ: صَلَّيْتُ مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمُ فِي الْحَضْرِ وَالسَّفَرِ: فَصَلَّيْتُ مَعَهُ فِي الْحَضْرِ الظُّهْرِ أَرْبَعًا وَبَعْدَهَا
رَكَعَتَيْنِ وَصَلَّيْتُ مَعَهُ فِي السَّفَرِ الظُّهْرِ رَكَعَتَيْنِ وَبَعْدَهَا رَكَعَتَيْنِ

Бізге Мұхаммед ибн Ұбайд әл-Мухариби, Али ибн Һәшимнен, ол Ибн Әбу Ләйләдан, ол Атия мен Нафиғтен, олар Ибн Омардың: «Пайғамбармен (с.а.с.) бірге тұрғылықты кезде де, сапарда да намаз оқыдым. Онымен бірге тұрғылықты кезде бесінді төрт ракағат оқып, кейін екі ракағат оқыдым, ал сапарда онымен (с.а.с.) бірге бесінді екі ракағат (оқып), кейін екі ракағат оқыдым», – дегенін жеткізді дейді.

Соңғы хадисті жеткізген Ибн Әбу Лейла танымал фикһ ғалымы болағанына қарамастан, нақтылық сипатында кейбір олқылықтардың анықталуы себепті хадис жоғарыда келген хадиспен қуатталып, «хасан лиғайриһи» дәрежесіне жеткен.

5. Мухкам және мухталиф хадистер

المُحْكَمُ وَ الْمُخْتَلَفُ الْحَدِيثُ

Жоғарыда қабылданатын (мақбул) хабарды дәрежесіне қарай: сахих және хасан деп бөліп қарастырдық. Сол секілді қабылданатын хабар амал қылыну және қылынбау жағынан да бөлініп қарастырылады. Сахих немесе хасан хадистерді іс-амалдарымызда негізге алуға болатындығы белгілі, алайда кейбір сахих және хасан хадистер амал қылуға жарамсыз болуы да мүмкін. Осы тұрғыда амал қылуға жарамды хадистерді: *мухкам* және *насих*, ал амал қылынбайтын хадистерді: *мухталиф* және *мансұх* хадистер деп те бөліп қарастырамыз.

Мухкам хадис дегеніміз – өзі секілді басқа хадиске қарама-қайшы келмеген қандай да бір қабылданған (мақбул) хадис.

Жалпылама көпшілік хадистер осы түрге жатады. Мағыналары бір-біріне қарама-қайшы келетін хадистер мухкам хадистермен салыстырғанда өте аз кездеседі.

Мухталиф хадис дегеніміз – мағынасы бір-біріне қарама-қайшы келетін, қабылданатын (мақбул) хадис. Яғни, сахих немесе хасан хадиске қайшы мағынадағы екінші бір сахих немесе хасан хадистің келуі.

Мысалы:

Аллаһтың елшісінің (с.а.с): «... لا عَدْوَى وَلَا طِيْرَةَ» («Аллаһтың қалауынсыз жұқпалы) аурудың, құстың ұшуына (байланысты ырымның кесірі) болмайды...», – деп айтқан хадисі имам Муслимнен; «فَرِّ مِنَ الْمَجْدُومِ فَرَارَكَ مِنَ الْأَسَدِ» «Арыстаннан қашқандай алапестен (жұқпалы аурудан) қаш» хадисі имам әл-Бұхариден жеткен.

Бұл екі хадистің мағынасы сырт көзге қарама-қайшы келіп тұр. Өйткені бірінші хадис жұқпалы аурудың тарамайтындығын айтса, екіншісі жұқпалы аурудан сақтандырып, олардың кесірі бар екендігін бекітеді. Бірақ ғалымдар екі хадис мағынасының бір-біріне қарама-қайшы келмейтіндігін айтқан, яғни мағыналарын біріктірген. Олардың бірі – Ибн Хажар. Ол ауру таситын вирустардың жұқпайтындығын көрсеткен: «Пайғамбардың (с.а.с.): «لا يُعْدِي شَيْءٌ شَيْئًا» «Бір нәрсе екінші бір нәрсеге (Аллаһтың қалауынсыз) жұқпайды», – деген хадисін жеткізеді. Мысалы, алапес ауруымен ауыратын түйе сау түйелердің арасына келіп кірсе, басқа түйелерге ауру жұқтыра бастайды. Сол кезде адамдардың, аурудың түйеден жұққандығын айтатындығы сөзсіз. «Бірінші түйеге ауру қайдан жұқты?» – десек, әрине екінші түйе де бірінші түйе секілді, Аллаһтың қалауымен ауруға шалдықты. Ал жұқпалы алапес ауруынан қашу болса, – аурудың алдын алу немесе сақтану үшін айтылған. Өйткені, бір адам науқас адаммен жолығып, кейін сондай ауруға шалдығып қалса, ауруын сол адамнан көріп, Аллаһ тағаланың тағдыры мен қалауын ескермейді», – деген.

Мағынасы қарама-қайшы екі хадис келген кезде, төмендегідей қабылдауға рұқсат етіледі:

1. Егер екі хадистің мағынасын біріктіру мүмкін болса, біріктіріліп, онымен амал қылу міндетті болады.
2. Егер екі хадистің мағынасын біріктіру мүмкін болмаса, келесідей әрекет жасаймыз:
 - а) Бірінің насих екендігі белгілі болса, соны ұстанып, амал қылынады. Мансұх болғаны тәрк етіледі.
 - ә) Егер насих, мансұх екендігі белгілі болмаса, бірін екіншісінен артық көрсететін себептерге жүгіне отырып, бірін таңдаймыз.
 - б) Насих, мансұх екендігі белгісіз және бірін-бірінен артық көріп таңдау жасау мүмкін болмаса, екеуі де тәрк етіледі. Бірақ бұл сирек кездесетін жайт.

Мухкам және мухталиф хадистерге қатысты танымал әдебиеттер:

1. Имам әш-Шафиғидің «*Ихтиләфу әл-хадис*» атты еңбегі. Ол осы тақырыпта алғаш қалам тартқан.
2. Ибн Құтайбә, әд-Дәйнауаридің «*Тәуилу мухталифи әл-хадис*» атты еңбектері.
3. Имам әт-Тахауидің «*Мушкилу әл-әсәр*» кітабы.

6. Насих және мансұх хадистер النَّاسِخُ وَ الْمُنْشُوخُ

Тілдік мағынасы: Насх (النَّاسِخُ) сөзінен туындаған насих (لِنَّاسِخُ) сөзі – «күшін жоюушы», «көшіруші» деген мағыналарда қолданылса, мансұх (الْمُنْشُوخُ) – «күші жойылған», «көшірілген» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы: Насх дегеніміз – шарифат үкімінің кейін келген екінші бір шарифат үкімімен жойылуы. Алғаш келіп, үкімі жойылған мәтін – мансұх деп аталса, кейін келіп, алдыңғы үкімді жойған мәтін – насих деп аталады.

Насих және мансұх хадистерді анықтап, ажырата білу өте маңызды. Имам әз-Зухри: «Фикһ ғалымдарына насих пен мансұхты анықтау оңайға соқпағаны белгілі»,– деген. Осы салада алғашқылардан болып, ерекше танылған имам әш-Шафиғи

болатын. Имам Ахмад Мысырдан келген Ибн Уарадан: «Әш-Шафиғидің кітаптарын жаздың ба?» – деп сұраған. Ол: «Жоқ», – деп жауап берген. Сонда имам Ахмад: «Мүмкіншілікті жіберіп қойыпсың, біз көмескіні баяндауды, хадистегі насих пен мансұхты әш-Шафиғимен сұхбаттаспайынша білмейтін едік», – деп айтқан³⁰³.

Насих пен мансұхты анықтаудың жолдары:

а) Аллаһ елшісінің (с.а.с) білдіруі. Мысалы: Муслим жеткізген хадистердің бірінде пайғамбарымыз (с.а.с.): *كُنْتُ نَهَيْتُكُمْ عَنْ زِيَارَةِ الْقُبُورِ، فَرُورُهَا فَإِنَّهَا تُذَكِّرُ الْآخِرَةَ* «Мен сендерді қабірлерге барудан тыйған едім, енді бара беріңдер, себебі ол ақыретті еске түсіреді», – деген³⁰⁴. Пайғамбардың (с.а.с.) бұл сөзі, бұрын қабірге барудан тыйған хадисінің үкімін жойып отыр.

ә) Сахабалардың білдіруі. Жәбир ибн Абдуллаһтан жеткен хадисте:

كَانَ آخِرَ الْأَمْرَيْنِ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ تَرْكُ الْوُضُوءِ مِمَّا مَسَّتِ النَّارُ

«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) екі ісінің соңғысы – отқа жылыған нәрсемен дәрет алуды тәрк етуі еді», – делінген³⁰⁵. Пайғамбардың (с.а.с.) бір ісінің үкімі, екінші бір ісімен мансұх қылынғандығы сахаба тарапынан білінуде.

б) Тарихты білу арқылы. Шәддәд ибн Әус риуаят еткен пайғамбардың (с.а.с.): *أَفْطَرَ الْحَاجِمُ وَالْمُحْجِمُ «Қан алушының да, қан алдырушының да аузы ашылды (оразасы бұзылды)»*³⁰⁶, – деген хадисінің үкімі Ибн Аббастан жеткен:

أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْتَجِمَ وَهُوَ مُحْرِمٌ، وَ أَحْتَجِمَ وَهُوَ صَائِمٌ

«Пайғамбар (с.а.с.) ихрам күйінде қан алдыратын және ораза кезінде де алдыратын»³⁰⁷ – деген хадистің үкімімен жойылған. Өйткені, кейбір риуаяттарда Шәддәдтің хадисіндегі

³⁰³ Док. Махмуд әт-Таххан, Тәйсир мусталаху әл-хадис, 74-б.

³⁰⁴ Муслим, Құрбан шалу кітабы, 37.

³⁰⁵ Әбу Дәуіт, Тазалық кітабы, 192.

³⁰⁶ Әбу Дәуіт, Ораза кітабы, 2369.

³⁰⁷ Әл-Бұхари, Ораза кітабы, 1938.

жайт Меккенің алыну уақытында болған. Ал Ибн Аббас аталған хадисті пайғамбармен (с.а.с.) қоштасу қажылығында бірге болған тұста жеткізген.

в) Ижмағтың³⁰⁸ білдіруі. Имам ән-Науауи пайғамбардан (с.а.с.) жеткен: مَنْ شَرِبَ الْحَمْرَ فَاجْلِدُوهُ، فَإِنْ عَادَ فِي الرَّابِعَةِ فَاقْتُلُوهُ «Кімдекім арақ ішетін болса, дүре соғындар, егер (сол ісін) төртінші рет қайталаса, өлтіріңдер»³⁰⁹,– деген хадис үкімінің ижмағпен жойылғандығын айтқан.

Әсілінде, ижмағ хадистің үкімін жоймайды, тек үкімінің жойылғандығын көрсетеді.

Насих және мансұх хадистерге қатысты көрнекті әдебиеттер:

- а) Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Мұса әл-Хазимидің «*әл-Иғтибару фи ән-насих уә әл-мансұх мин әл-әсәәр*» атты еңбегі.
- ә) Имам Ахмадтың «*ән-Насих уә әл-мансұх*» кітабы.
- б) Ибн Жәузидің «*Тәжриду әл-әхәдиси әл-мансұха*» кітабы.

³⁰⁸ Ижмағ дегеніміз - мұсылман үмбетінің, Мұхаммед (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, әр ғасырлардағы шариғи үкім шығарудағы мужтаһидтердің келісімі.

³⁰⁹ Әбу Дәуіт, Жаза кітабы, 4484.

IV ТАРАУ. ҚАБЫЛДАНБАЙТЫН (МАРДУД) ХАБАР ТҮРЛЕРІ

1. Әлсіз хадис *الْحَدِيثُ الضَّعِيفُ*

Әлсіз хадиске араб тілінде *мардуд* немесе *дағиф* сөздері қолданылады. Оның ішінде «дағиф» сөзі «сахих» термині секілді жалпы мұсылмандардың арасында кеңінен қолданыс тапқан. Яғни «дағиф хадис» деген кезде, әрбір мұсылман оның әлсіз хадис екендігін ұғына алады.

Әлсіз хадистің анықтамасы:

الْحَدِيثُ الضَّعِيفُ هُوَ مَا فَقَدَ شَرْطًا مِنْ شُرُوطِ الْحَدِيثِ الْمَقْبُولِ

Әлсіз хадис – қабылданған (сахих немесе хасан) хадис шарттарының бірі яки бірнешеуі қамтылмаған хадис.

Дәрежелері: Әлсіз хадис тізбегіндегі үзгі мен жеткізушілерінің әлсіздік дәрежелеріне қарай: әлсіз, өте әлсіз, қабылданбайтын (мункар) секілді түрлерге бөлінеді. Ал, ең жаманы – ойдан шығарылған жалған хадис.

Әлсіз хадисті жеткізудің үкімі: Хадис ғалымдары мен басқа да ғалымдардың пікірі бойынша, жалған хадистен басқа әлсіз хадистерді әлсіздік себептері көрсетілмеген болса да келесі екі шартпен риуаят ету рұқсат етіледі:

- а) Аллаһ тағаланың есім-сипаттары секілді сенім мәселесіне қатысты болмауы керек.
- ә) Адал мен арамға қатысты шарифат үкімдеріне байланысты болмауы қажет. Яғни әлсіз хадиспен бір нәрсенің халал немесе харамдығы бекітілмейді.


Әлсіз хадиспен амал етудің үкімі: Бұл мәселеде ғалымдар ортақ пікірге келмеген. Алайда, көпшілік ғұламалар әлсіз хадисті тақуалыққа жетелейтін амалдарда қолдануды ұнамды деп тапқан. Бірақ Ибн Хажардың түсіндіруі бойынша, әлсіз хадиспен амал ету келесі шарттармен жүзеге асады:

- а) Хадис өте әлсіз болмауы тиіс.
- ә) Бұрын-соңды шарифатта негізі бекітілген амалдың аясында қолданылуы қажет.
- б) Амал қылу барысында сүйенген дәлелінің нақтылығына құлай сенбей, сақтық таныту абзал.

Жалпы әлсіз хадистерге қатысты жазылған танымал әдебиеттер:

- а) Әлсіз рауилерді баяндаған кітаптар: Ибн Хиббанның «*әд-Дуғафа*», имам әз-Зәһәбидің «*Мизәнү әл-иғтидал*» кітаптары. Бұл екі кітапта рауилердің әлсіздігі себепті әлсіз болған хадистер келтірілген.
- ә) Әлсіз хадистердің әртүріне жеке арналған кітаптар. Мысалы: «*әл-Марасил*», «*әл-Иләл*», «*әл-Мудраж*» кітаптары т.б.

Түрлері:



2. Тізбектің үзілуі себепті қабылданбайтын, әлсіз хадистер

а) Муаллақ хадис *الْحَدِيثُ الْمَعْلُقُ*

Тілдік мағынасы: «Ілінген», «байланған» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْمَعْلُقُ هُوَ مَا حُذِفَ مِنْ مَبْدَأِ إِسْنَادِهِ رِوَاؤًا أَوْ فَأَكْتَرُ عَلَى التَّوَالِي

Муаллақ – тізбектің басынан бір немесе бірнеше рауидің бірінен соң бірі түскен хадис.

Тізбектің басы хадисті жеткізген рауимен басталатын болса, соңы пайғамбармен (с.а.с.) аяқталады.

Муаллақ хадистің түрлері:

- а) Хадис тізбегі тұтастай айтылмай, бірден *قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: كَذَّاهُ* «Аллаһ елшісі былай деді», – деп келуі.
- ә) Хадис тізбегінен сахаба немесе сахаба мен табиғиннен басқа рауилердің түсіп қалуы.

Мысалы:

Әл-Бұхари дене мүшелеріне қатысты айтылған хадистер тарауының басында:

قال أبو موسى: عَطَى النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ رُكْبَتَيْهِ حِينَ دَخَلَ عُثْمَانُ

«Әбу Мұса: «Осман кірген кезде пайғамбар (с.а.с.) екі тізесін жапқан еді», – дейді»³¹⁰.

Бұл хадис муаллақ хадис. Өйткені әл-Бұхари сахаба Әбу Мұса әл-Әшғариден басқа барлық тізбекті түсіріп тастаған.

Үкімі: Муаллақ хадис қабылданбайды. Өйткені хадистің қабыл болатын қажетті шарттарының бірі – «тізбектің жалғасуы» жойылған. Ал, тізбектегі бір немесе бірнеше рауидің айтылмауы, рауидің танылмауына себеп болады.

³¹⁰ Сахих әл-Бұхари, Намаз кітабы, 12. Имам әл-Бұхаридің бұл хадистің тізбегін толықтай айтпауының себебі, біріншіден, хадис тараудың кіріспесінде келсе, екіншіден, оны толықтай «сахабалардың қадір-қасиетіне» қатысты кітапта келтіреді.

Екі сахих кітабындағы муаллақ хадистердің үкімі: Жоғарыда аталған үкім жалпы муаллақ хадистерге тән болса, әл-Бұхари мен Муслимнің сахихтер жинағындағы муаллақ хадистер ол санатқа кірмейді. Өйткені екі имамның сахих жинағы жайлы сөз еткенде, олардың жинақтарына тек сахих хадистерді ғана енгізгендігін және дұрыстығын ғасырлар бойы мұсылман үмбетінің бір ауыздан қабылдағанын тілге тиек еттік. Сонымен қатар, әл-Бұхариде көптеп кездесетін муаллақ хадистер жинақтағы негізгі хадистердің қатарына жатпай, тек тараулардың басында кіріспе ретінде немесе негізгі хадисті түсіндіру мақсатында ғана келтірілген. Ал Муслимнің кітабында «Тәйәммум» тарауында ғана, бір жерде келген.

ә) *Мурсал хадис* الْحَدِيثُ الْمُرْسَلُ

Тілдік мағынасы: «Жіберілген» деген мағынаны береді.

Терминдік мағынасы:

هو ما سَقَطَ مِنْ آخِرِ إِسْنَادِهِ مَنْ بَعْدَ التَّابِعِي

Мурсал – тізбегінің соңында табиғиннен кейінгі рауиі түсіп қалған хадис.

Яғни, тізбекте табиғиннен кейін сахаба түсіп қалып, табиғиннің тікелей пайғамбардан (с.а.с.) жеткізген хадисі «мурсал хадис» болып саналады.

Мысалы:

Муслимнің сахихында, тізбегі Сағид ибн Мусайябқа жеткен хадисте, Сағид: *عَنْ الْمُرَابَّيَةِ بَعَثَ نَهْيَ سَلَّمَ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهْيَ بَعَثَ عَنْ الْمُرَابَّيَةِ* «Аллаһ елшісі (с.а.с.) «музэбэн»³¹¹ саудасына тыйым салды», – дейді³¹².

Сағид ибн Мусайяб – танымал, жасы үлкен табиғин. Ол хадисті пайғамбардан (с.а.с.) тікелей риуаят етіп, арадағы сахабаны айтпаған немесе арада тағы бір табиғин болуы да ықтимал. Жасы үлкен болсын, жас болсын, қандай да бір табиғин пайғамбарды (с.а.с.) көрмеген. Олар – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларынан тәлім алған тұлғалар.

³¹¹ «Музэбэн» дегеніміз - кепкен құрманы жаңа піскен құрмаға сату

³¹² Сахих Муслим, Сауда-саттық кітабы, 59.

Фикһ және фикһ негіздері ілімі (усул) ғалымдарының көзқарасында, тізбегінде үзігі бар әрбір хадис *мурсал* болып табылады.

Үкімі: Мурсал хадис, хадистің қабыл болуы үшін қажетті шарттардың бірі «*тізбектің жалғасуы*» шарты жойылғандықтан әлсіз болып есептеледі. Тізбектен сахабадан басқа рауидің түсіп қалуы мүмкін болғандықтан әрі түсіп қалған рауидің танылмауына байланысты хадис қабылданбайды.

Дегенмен, ғалымдар мурсал хадистің үкімі мен оның дәлел болуына қатысты түрлі көзқарастар білдірген. Бұл хадис тізбегіндегі үзілу басқа хадистердің тізбегіндегі үзілу секілді емес. Өйткені, мурсал хадистің тізбегінен көбіне сахаба түсіп қалады, ал барлық сахабалардың сенімді екендігі бір ауыздан келісілген. Сол себепті, олардың бірінің танылмауы зиян тигізбейді.

Мурсал хадиске қатысты ғалымдардың көзқарасы:

1. *Әлсіз, қабылданбайды.* Бұл – көпшілік хадистанушылар мен фикһ және фикһ негіздері ілімі ғалымдарының пікірі. Олар тізбектегі түсіп қалған рауидің сахабадан басқа хадис жеткізуші болуы әрі оның танылмауы себепті қабылданбайтындығын айтады.
2. *Дұрыс, дәлел болуға жарамды.* Бұл – Әбу Ханифа, Мәлик ибн Әнәс, Ахмад ибн Ханбал мен бірқатар ғалымдардың көзқарасы. Олар пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жеткізген табиғиннің сенімді болуын әрі оның сенімді рауиден жеткізуін шарт деп біледі. Осы пікірлерін егер сенімді табиғин сенімді рауиден естімеген болса, «Аллаһ елшісі (с.а.с.) былай деді» деп айтуы мүмкін емес екендігімен дәлелдейді.
3. *Шарттармен қабылданады.*

Бұл – имам әш-Шафиғи мен кейбір ғалымдардың пікірі.

Олар мурсал хадистің қабыл болуына төрт шарт қойған. Оның үшеуі – хадисті пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жеткізуші рауиге қатысты болса, біреуі – хадиске қатысты. Атап айтсақ:

- а) Пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жеткізген рауидің жасы үлкен әрі танымал табиғин болуы керек.

- ә) Пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жеткізген рауиден түсіп қалған рауидің аты сұралған кезде, сенімді деп жауап беруі.
- б) Пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жеткізген рауидің риуаяты сенімді хафиздерге қайшы келмеуі тиіс, яғни нақтылық сипаты толыққанды болуы керек.
- в) Аталған үш шартқа қоса, келесі шарттардың бірі болуы керек:
 - Хадис пайғамбарға (с.а.с.) жеткен басқа тізбекпен риуаят етілген болуы қажет.
 - Хадис басқа мурсал жолмен риуаят етілуі ләзім, бірақ оны жеткізген мурсал рауи бірінші хадистегі мурсал рауиден білім алмаған болуы керек.
 - Сахабаның сөзіне сай келуі керек.
 - Көпшілік ғалымдар соған сәйкес пәтуа берген болуы қажет.

Имам әш-Шафиғи мен кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, осы шарттар қамтылған кезде ғана мурсал хадис дұрыс әрі дәлел қылуға жарамды болады.

Мурсал сахаби مُرْسَلُ الصَّحَابِيِّ

Мурсал сахаби – бір сахабаның жасының кішілігі немесе исламды кеш қабылдауы яки оқиғаның басы-қасында болмауы себепті пайғамбардан (с.а.с.) естімей, көрмей тұрып, пайғамбардың (с.а.с.) сөзі мен ісін жеткізуі. Яғни, сахабаның пайғамбардан (с.а.с.) естімей, екінші бір сахабадан естіген хадисін сол сахабаның атын атамай, тікелей пайғамбардан (с.а.с.) риуаят етуі.

Бұндай хадистер көбіне Ибн Аббас (р.а.), Ибн Зубейр (р.а.) секілді жас сахабалардан жеткен.

Мурсал сахабидің үкімі:

Мурсал сахаби хадис барлық ғалымдардың бір ауыздан келісімі бойынша дәлел болады. Өйткені сахабаның табиғиннен риуаят етуі сирек кездеседі. Риуаят еткен жағдайда да табиғиннен риуаят еткенін білдіреді.

Сахабаның хадис естіген екінші бір сахабаны айтпауы, оның хадисіне зиянын тигізбейді.

Ибн Хазм әз-Захири мурсал сахабиді басқа мурсал хадистер қатарына жатқызып қабылдамайды. Бірақ бұл пікір дұрыс емес.

Мурсал хадиске қатысты әдебиеттер:

- а) Әбу Дәуіттің «*әл-Марасил*» кітабы.
- ә) Ибн Әби Хатимнің «*әл-Марасил*» кітабы.
- б) Әбу Сағид Салахуддин әл-Аләидің «*Жамиғу әт-тахсили лиахками әл-марасил*» атты еңбегі.

б) Муғдал хадис الْحَدِيثُ الْمُغْضَلُ

Тілдік мағынасы: «Шешімі табылмаған», «қиын келген» деген мағыналарды білдіреді.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْمُغْضَلُ هُوَ مَا سَقَطَ مِنْ اسْنَادِهِ اِنَّانِ فَاكْتَرَّ عَلَى
التَّوَالِي سَوَاءَ كَانَ فِي اَوَّلِ السَّنَدِ اَوْ وَسَطِهِ اَوْ مُنْتَهَاهَا

Муғдал – тізбегінің басында, ортасында немесе аяғында бірінен соң бірі екі немесе одан көп рауи түсіп қалған хадис.

Мысалы:

Әл-Хақим «Мағрифату улуми әл-хадис» атты кітабында, әл-Қағнаби Мәликтің Әбу Һурайрадан (р.а.): «Аллаһ елшісінің (с.а.с.):

لِلْمَمْلُوكِ طَعَامُهُ وَكِسْوَتُهُ بِالْمَعْرُوفِ، وَلَا يُكَلَّفُ مِنَ الْعَمَلِ إِلَّا مَا يُطِيقُ

«Қол астындағы адамға тамағы мен киімі туралықпен болып, шамасы келетін ғана жұмыс жүктеледі»,– дегенін жеткізеді. Әл-Хақим: «Бұл – муғдал хадис, имам Мәлик «әл-Муатта» кітабында осылай жеткізген»,– дейді.

Бұл хадис – муғдал, өйткені, Мәлик пен Әбу Һурайраның (р.а.) арасында екі рауи бірінен соң бірі түсіп қалған. Бұны осы хадистің әл-Муаттадан басқа деректерде келген тізбегінен көруге болады. Онда Мәлик хадисті Мұхаммед ибн Ажләннан, оған әкесі Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізеді³¹³.

³¹³ Әл-Хақим, Мағрифату улуми әл-хадис, 46-47-б.

Үкімі: Муғдал хадис – әлсіз хадистердің қатарына жатады. Тізбегінен бірнеше рауидің түсіп қалуына байланысты, оның мурсал және мунқатиғ хадистерден дәрежесі төмен.

Муғдал хадис пен муаллақ хадистердің ұқсастығы:

- а) Муғдал хадис пен муаллақ хадис бір жағдайда ғана бірдей болады. Егер тізбектің басынан екі рауи бірінен соң бірі түсіп қалатын болса, хадис муғдал әрі муаллақ болып табылады.
- ә) Екі жағдайда бір-бірінен бөлек болады.
 - Егер тізбектің ортасынан екі рауи бірінен соң бірі түсіп қалса, хадис муаллақ емес, муғдал хадис болып есептеледі.
 - Егер тізбектің басынан бір рауи түсетін болса, муғдал емес, муаллақ хадис саналады.

Муғдал хадиске қатысты кейбір әдебиеттер:

- а) Сағид ибн Мансұрдың «Китәбу әс-Сунән» кітабы.
- ә) Ибн Әбу Дунияның еңбектері.

в) Мунқатиғ хадис *الْحَدِيثُ الْمُنْقَطِعُ*

Тілдік мағынасы: «Үзілген» деген мағынада қолданылады.

Терминдік мағынасы: Фикһ, фикһ негіздері ілімі ғалымдары мен бір топ хадистанушылардың анықтамасы:

الْمُنْقَطِعُ مَا لَمْ يَتَّصِلْ إِسْنَادُهُ عَلَى آيَةٍ وَجْهِهِ كَانَ انْقِطَاعَهُ

Мунқатиғ – тізбегі қай жерінен болмасын үзілген хадис³¹⁴.

Бұл анықтама бойынша, мунқатиғ хадистің тізбегінің басында, ортасында немесе соңында үзілуі бар мурсал, муғдал, муаллақ хадистерден айырмашылығы жоқ. Ал көпшілік хадис ғалымдары мунқатиғ хадисті мурсал, муғдал, муаллақ хадистерден бөлек түсіндіреді.

Көпшілік хадис ғалымдарының түсінігіндегі мунқатиғ хадис:

هو ما سَقَطَ مِنْ إِسْنَادِهِ رَاوٍ أَوْ أَكْثَرُ قَبْلَ الصَّحَابِيِّ، لَا عَلَى التَّوَالِي

³¹⁴ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 170-б.

Тізбегінен сахабаның алдында әр жерден бір немесе бірнеше рауи түскен хадис.

Яғни, тізбегіндегі үзілуі мурсал, муғдал, муаллақ хадистердің тізбегіндегі үзілуге сай келмеген хадис.

Мысалы:

Имам әт-Термези Ахмад, Мәлик жеткізген хадисте, Әбу Қаләбәның Айша анамыздан (р.а.) пайғамбарымыздың (с.а.с.):

إِنَّ مِنْ أَكْمَلِ الْمُؤْمِنِينَ إِيْمَانًا أَحْسَنُهُمْ خُلُقًا وَ أَلْطَفُهُمْ بِأَهْلِهِ

«Расында мүміндердің ішіндегі иманы ең кәмілі – мінез-құлқы өте жақсы болып, отбасына аса жұмсақтық танытқаны», – дегенін риуаят етеді.

Хадистің тізбегіндегі Әбу Қаләбә тікелей Айша анамыздан (р.а.) естімегендігі үшін хадистің тізбегі үзілген болып табылады. Сол үшін бұл хадис мунқатиғ деп аталады. Бұл хадистің тізбегіндегі үзілу мурсал, муаллақ, муғдал хадистердің тізбегіндегі үзілулерге ұқсамайды.

Үкімі: Мунқатиғ хадисте оның қабыл болуы үшін қажетті шарттардың бірі – «тізбектің үзілмеуі» шарты жойылғандықтан, түсіп қалған рауидің танылмауына байланысты хадис қабылданбай, әлсіз болып есептеледі.

г) *Мудәлләс хадис* الْحَدِيثُ الْمُدَلَّلُ

Тілдік мағынасы: Мудәлләс араб тілінде – «التَّدْلِيْسُ» «тәдлис» түбірінен туындаған сөз. «Тәдлис» сөзі – «сатып алушыдан заттың айыбын жасыру» немесе «ақ пен қараны шатастыру» мағыналарында қолданылады.

Терминдік мағынасы:

إِحْفَاءٌ عَيْبٍ فِي الْإِسْنَادِ، تَحْسِينٌ لِظَاهِرِهِ

«Сырт көзге дұрыс көрінгенімен, тізбегіндегі айыбы жасырылған хадис».



1. Тізбекті шатастыру تَدْلِيْسُ الْإِسْنَادِ

Анықтамасы: Тізбекті шатастыру (тізбектегі тәдлис) бір рауидің әдетте кездесіп, хадис алып жүрген рауиден естімеген хадисін содан естідім деп ойлап жеткізуі.

Яғни, рауи өзінің хадис естіп жүрген ұстазынан алмаған хадисті шатастырып, сол ұстазынан риуаят етуі. Негізінде ол хадисті басқа бір ұстазынан естіген болатын. Солайша, ол екінші ұстазын айтпай, хадисті бірінші ұстазынан жеткізеді. Дегенмен ол «(سَمِعْتُ)» «естідім» «(حَدَّثَنِي)» «маған айтты» деген сөздермен риуаят етпей, «(قَالَ)» «айтты» «(عَنْ)» «(пәленше)ден» деген сөздермен жеткізеді.

Сол үшін де шатастырған рауи жалған сөйлеуші болып табылмайды.

Мысалы: Әл-Хакимнен жеткен деректе Али ибн Хашрам былай дейді: «Бізге Ибн Ұяйна хабарды әз-Зуһриден жеткізді, сол кезде одан (Ұяйнадан): «Әз-Зуһриден естідің бе?» – деп сұрағанда, ол: «Жоқ, тіпті әз-Зуһри естіген адамнан да естігенім жоқ. Маған Абдурразак, Муаммардан, ол әз-Зуһриден жеткізді», – деді».

Бұл жерде Ибн Ұяйна өзі мен әз-Зуһридің арасындағы екі рауиді айтпай риуаят еткен.

Үкімі: Көпшілік ғалымдар бір ауыздан өте жағымсыз іс екендігін айтқан. Сол себепті де кейбір ғалымдар шатастыруды жалғандықпен теңеген.

2. Тізбекті реттеудегі шатасу *تَدْلِيْسُ التَّسْوِيَةِ*

Анықтамасы: Тізбекті реттеудегі шатасу бір рауидің бірін-бірі көрген екі сенімді рауидің арасындағы әлсіз хадис жеткізушіні тізбектен түсіріп тастап, хадис тізбегін реттеуі. Солайша хадис тізбегіндегі рауилердің барлығы сенімді болып табылады.

Мысалы: Жарир ибн Хазым әл-Харис ибн ән-Надырдан (*сенімді*), ол Йәзид ибн әл-Хасаннан (*әлсіз*), ол әл-Мансұр ибн Хазымнан (*сенімді*)

Йәзид ибн әл-Хасан бір-бірімен кездескен екі сенімді рауи әл-Харис ибн ән-Надыр мен әл-Мансұр ибн Хазымның арасындағы әлсіз рауи. Жарир ибн Хазым тізбекті реттеу мақсатында Йәзид ибн әл-Хасанды тізбектен түсіріп тастаса, хадис тізбегінде шатасу көрініс тауып, хадисті естіген адамдар оны әл-Харистің әл-Мансұрдан естіп, жеткізгендігін түсінеді. Осылайша тізбекті реттеудегі шатастыру орын алады.

Тізбекті реттеудегі шатастыру (тәдлису әт-тәсуия) тізбектегі шатастыру (тадлису әл-иснәд) түрлерінің бірі ретінде де қарастырылады.

Үкімі: Өте жағымсыз, харамға жақын макруһ. Әл-Ирақи: «Шатастыру әдейі жасалған болса, мүлдем қабылданбайды»,— деген.

3. Ұстаздарды шатастыру *تَدْلِيْسُ الشُّبُوحِ*

Анықтамасы: Бір рауидің хадис естіген ұстазын танытпау мақсатында адамдар арасында танымал болмаған атымен, лақабымен немесе сипатымен атауы.

Рауидің ұстазын былай атау себептері:

- а) Ұстазы әлсіз немесе сенімсіз болуы мүмкін;
- ә) Ұстазы рауидің өзінен жас болуы;
- б) Ұстазынан көп хадис жеткізгеннен кейін, оны қайта-қайта бір атпен атай бергенді ұнатпай, басқа есімдері немесе лақаптарымен атағанды жөн санауы мүмкін.

Мысалы: Егер рауи, «Мұхаммед ибн Сағид айтты» деп хадис риуаят етсе, естіген адам оның қай Мұхаммед ибн Сағид екендігін білмейді. Өйткені Мұхаммед ибн Сағид есімді бірнеше

сенімді рауилер бар. Егер оны «*әл-Маслуб*», яғни «Мұхаммед ибн Сағид әл-Маслуб» деген танымал лақабымен атаса, мәселенің мән-жайы белгілі болып, хадисті естіген адамға оның пайғамбар (с.а.с.) атынан жалған сөйлейтін *әл-Маслуб* екендігі анықталған болар еді. Сол үшін де рауи ұстазын танытпау мақсатында, оны адамдар арасында танымал болған лақабымен атамаған.

Арабтарда жекелеген тұлғалар көбіне негізгі атымен аталмай, адамдар арасында «Әбу әл-Хасан», «Әбу Ханифа» деген секілді «пәленшенің әкесі» деп, немесе «әл-Бұхари», «әт-Термези» деген секілді, дүниеге келген жеріне қарай аталған лақап аттарымен танымал болған. Сол секілді, кейбірі өзіне тән сипаттарымен де танылған. Рауи ұстазын адамдар арасында танылмаған атымен немесе лақабымен, яки сипатымен атайтын болса, ол ұстаздарды шатастырған болып табылады.

Танымал қарилердің бірі – Әбу Бәкір ибн Мужаһид: «Бізге Абдуллаһ ибн Әбу Абдуллаһ жеткізді», – дейді. Ол бұнымен Әбу Бәкір ибн Әбу Дәуіт әс-Сижистаниді айтқысы келген еді.

Үкімі: Тізбектегі шатастырумен салыстырғанда жеңілдеу мәкруһ болып табылады. Өйткені, шатастырған рауи тізбектен ешкімді түсірмейді.

4. Жалғау арқылы шатастыру تَذْلِيْسُ الْعَطْفِ

Анықтамасы: Рауидің хадисті өзінің ұстазынан жеткізгендігін анық айта отырып, сол ұстазына хадис алмаған екінші ұстазын қосып риуаят етуі.

Мысалы: Бір рауи, «бізге Хусейн мен Муғира Ибраһимнен жеткізді» деп айтқанымен, ол хадисті ұстазы Хусейннен ғана естіген, бірақ оған Муғираны жалғау арқылы шатастырады.

5. Елді мекенді шатастыру تَذْلِيْسُ الْبَلَدَانِ

Мысалы: Мысырдағы бір рауи, «маған бұл хадисті пәленше Андалуста айтты» деп, Мысырдағы Андалус деген жерді мақсат етсе, оны естіген адамдар «рауи Андалусқа (Испанияның мұсылмандар билік құрған кездегі атауы) барған екен» деп ойлайды.

Сол секілді, Бағдат өңірінен болған бір рауи, «маған Мауараннәһрден, яғни өзеннің арғы жағындағы елден пәленше

жеткізді» деп, Дижлә өзенінің арғы жағын мақсат етеді. Бірақ оны естіген кейбір адамдар оны жалпыға танымал Мауараннәһр (Орта Азия) еліне барып хадис естіген екен деп ойлайды.

Хадис жеткізушінің қай жерді айтып отырғандығы естіп отырған адамдарға түсінікті болғанда ғана хадисті осылайша жеткізуге болады, әйтпесе, хадисті бұлай жеткізу – мәкруһ болып есептеледі. Бұл шатастыру көбіне ұстаздарды шатастырумен (тадлису әш-шуюух) бірге қарастырылады.

Жалпы тәдлисті анықтау жолдары:

Тадлис (шатасу) келесі екі жолдың бірімен:

- а) Тадлис қылушының өзінің білдіруі арқылы;
- ә) Хадис ғалымдарының зерттеулері мен ізденістерінің нәтижесінде анықталады.

Тадлис пен тадлис қылушыларға (мудаллис) қатысты кейбір әдебиеттер:

- а) Әл-Хатиб әл-Бағдадидің мудаллис, яғни шатастырушы тұлғаларды қамтыған «*әт-Тәбиин лиәсмәй әл-мудәллисин*» атты кітабы. Сол секілді оның шатастырудың түрлеріне қатысты жазған еңбектері де бар.
- ә) Бурһануддин ибн әл-Халабидің де «*әт-Тәбиин лиәсмәй әл-мудәллисин*» кітабы.
- б) Әл-Хафиз ибн Хажардың «*Тағрифу әһлу әт-тақдис бимәратиби әл-маусуфина би әт-тәдлис*» кітабы.

ә) Жасырын мурсал хадис *المُرْسَلُ الْخَفِيُّ*

Анықтамасы:

أَنْ يَزُوِيَ الرَّاوي عَمَّنْ لَقِيَهُ، أَوْ عَاصَرَهُ، مَا لَمْ يَسْمَعْ مِنْهُ، بَلْفَظٍ يَحْتَمِلُ السَّمَاعَ

Бір рауидің өзінің кездескен немесе замандасы болған, бірақ одан ешқандай хадис жеткізбеген рауиден сол айтты деп, одан естімеген хадисті жеткізуі.

Мысалы: Ибн Мәжә Омар ибн Абдулазиздің Ұқба ибн Амирден жеткізген пайғамбардың (с.а.с.): «رَجِمَ اللهُ حَارِسَ الْحَرَسِ» «Аллаһ сақшылардың күзетшісін мейіріміне бөлесін»³¹⁵, – деген хадисін риуаят етеді. Омар ибн Абдулазиз Ұқбамен кездеспеген.

Мурсал хафи (жасырын мурсал) мен тізбектегі тадлистің (шатастырудың) айырмашылығы:

Жасырын мурсал еткен рауи мен тізбекті шатастырған рауи де хадис естімеген адамнан хадис естідім деп жеткізеді. Бірақ жасырын мурсал қылушы ол адамнан мүлдем хадис естімеген болса, тізбекті шатастырған рауи бұрын-соңды хадис алып жүрген ұстазынан естімеген хадисті содан естідім деп жеткізеді.

Жасырын мурсалды анықтаудың жолдары:

- а) Хадис мамандары рауидің хадис жеткізіп отырған адамнан сол хадисті естімегендігін немесе одан мүлдем хадис алмағандығын айтуы.
- ә) Рауидің хадис жеткізген адамынан мүлдем хадис естімегендігін немесе жеткізіп отырған хадисті одан алмағандығын білдіруі.


Үкімі: Тізбекте сырт көзге білінбейтін үзілудің орын алуы себепті, хадис «әлсіз» болып табылады.

Танымал әдебиеттер:

Әл-Хатибу әл-Бағдадидің «*әт-Тафсилу лимубһами әл-мәрасил*» кітабы.

³¹⁵ Ибн Мәжә, Жиһад кітабы, 2769.

3. Рауиге мін тағылуы себепті қабылданбайтын әлсіз хадистер



а) Маудуғ хадис الْحَدِيثُ الْمَوْضُوعُ

Тілдік мағынасы: «Қойылған» деген мағынаны береді.

Терминдік мағынасы:

هو الكذب، المَحْتَلَقُ، الْمَوْضُوعُ، الْمُنْسُوبُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

Маудуғ – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) атынан ойдан шығарылған жалған хадис.

Үкімі: Әлсіз хадистердің ең жаманы. Кейбір ғалымдар жалған хадисті әлсіз хадистердің қатарына қоспай, бөлек қарастырған.

Жалған хадисті риуаят етудің үкімі:

Ғалымдар бір ауыздан жалған хадисті біле тұра риуаят етуге тыйым салады. Жеткізген жағдайда да жалған екендігі айтылуы керек. Муслимнің хадисінде пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Кімде-кім жалған деп ойлаған хадисті менің атымнан жеткізген болса, ол – жалған сөйлеушілердің бірі*», – деген³¹⁶.

Жалған хадистерді шығарудың жолдары:

- а) Жалған сөйлеуші өзінің ойынан хадис шығарып, оған жалған тізбек құрады.

³¹⁶ Сахих Муслимнің кіріспесі, имам ән-Науайдің түсіндірмесі, I, 62-б.

ә) Жалғаншы белгілі данышпан тұлғалардың сөздерін алып, соған жалған тізбек құрады.

Жалған хадистердің жалған екендігін анықтау жолдары:

Ибн әл-Қайым пайғамбар (с.а.с.) хадистерін жинақтап, зерттеу жолында өмірін сарп еткен кейбір хадис ғалымдардың хадис тізбегіне үнілмей-ақ, оның жалған екендігін анықтай алатындай қасиетке ие болғандығын айтады. Сонымен қатар ол хадистің жалған екендігін анықтаудың жолдарын ұсынады. Олардың кейбірі мыналар:

1. Жалған сөйлеушінің мойындауы.

Мысалы: Әбу Исма Нұх ибн Әбу Мариямның Құран Кәрім сүрелерінің артықшылығына қатысты жалған хадис шығарғандығын мойындаған³¹⁷.

2. Рауидің жалған сөйлегендігінің анықталуы.

Хадис жеткізуші өзі дүниеге келмей тұрғанда өмірден озған адамның аузынан хадис естігенін айтатын болса, оның жалған сөйлеп тұрғандығы белгілі болады.

3. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айтуы мүмкін болмаған, тым әсірелеушілігі бар сөздер.

Бұндай жалған хадистерді көптеп кездестіруге болады. Мысалы: «Кімде-кім «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтса, Аллаһ оның әр сөзінен жетпіс мың тіл жаратады, әрқайсысы жетпіс мың тілде Аллаһтан кешірім сұрайды» және «Кімде- кім жүз ракағат намаз оқыса, оған жаннаттан жетпіс мың қала беріліп, әрбір қаланың жетпіс мың сарайы болады, әрбір сарайда жетпіс мың хор қыздары болады» деген секілді.

4. Ақылға, қисынға қайшы келуі.

Мысалы: «Баклажанды неге жесең соған», яғни шипа болсын десең – шипа, жолым болсын десең – жолың болады және «Егер адам сөйлеп отырып түшкірсе, ол оның сөзінің растығын білдіреді» деген жалған хадистердің ақиқат ауылынан алыс екендігі айдан анық. Өйткені баклажанның ондай күш-күдіретінің жоқ екендігін және жалған сөйлеп отырып та түшкіретіндерді көретініміз белгілі.

³¹⁷ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 246-б

5. *Оғаш сөздер мен кемітіп, мазақ қылу мақсатында айтылған сөздердің болуы.*

6. *Егер сүннетке анық қайшы келетін болса, яғни зұлымдық пен арсыздықты, мән-мағынасы жоқ сөздерді қамтып, бұрыс нәрсені дәріптеп, ақиқатты алыстатса.*

Мысалы, бұған «Мұхаммед» немесе «Ахмад» есімді адамдардың мадақталуы және солай деп аталған кісілердің тозаққа кірмейтіндігі жайлы келген жалған хадистерді келтіруге болады. Өйткені, бұндай сөздер дініміздегі, адам баласының тозақ отынан есімі немесе лақабы арқылы құтыла алмайтындығын, одан тек әрбір адамның иманы мен істеген амалы арқылы ғана сақтана алатындығын ұғындыратын ақиқатқа қайшы келеді.

7. *Хадис мағынасының дұрыс болмауы немесе грамматикалық қателердің орын алуы.*

Мысалы: «Егер Аллах тағала ашуланса, уахиді парсы тілінде түсіреді, ал риза болса, араб тілінде түсіреді».

8. *Хадистің пайғамбарлардың оның ішінде уахиді ғана айтқан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзіне ұқсамауы.*

Мысалы: «Сұлу адамға қарау – ғибадат» және «Сұлу жүзді, кара көзді болыңдар, өйткені Аллах көрікті адамды отпен азаптаудан ұялады», – деген жалған хадистер секілді.

9. *Хадисте белгілі тарихи жыл санаулардың болуы, яғни, «осындай жылы мынадай оқиға болады немесе болды» деген секілді. Мысалы: «Егер жүз елуінші жыл болса, сендердің балаларыңның жақсысы қыздарың болады».*

10. *Хадистің Құран Кәрімде нақты келген ақиқатқа қайшы келуі.*

Мысалы: «Қыз балаларды тірідей көму жақсы амалдардан болып табылады» деген секілді.

11. *Хадистің ешбір хадис жинақтарында келмеуі.*

Жалған хадистердің пайда болу себептері:

1. Саяси келеңсіздіктер;
2. Сенім мәселесіндегі (иғтиқади) келіспеушіліктер;
3. Исламға қарсы дұшпандық;

4. Ұлтшылдық пен мәзһаб бірбеткейлігі, яғни өз ұлтын немесе тайпасы мен ұстанған бағытын жақтап, басымдылығын алға тарту;
5. Қиссашылар немесе күнкөріс қамы үшін жалған сөйлеу;
6. Адамдарды қызықтырып, әрі ескерте отырып дінге шақыру;
7. Халифа мен басшыларға жағымпаздану;
8. Ашу үстінде айту;
9. Кез-келген мағынасы жақсы сөздерге тізбек ойлап табу.

Жалған хадистерге қатысты танымал әдебиеттер:

1. Ибн әл-Жәузидің «*әл-Маудуғат*» кітабы.
Бұл осы тақырыпта ең алғаш жазылған еңбек болып табылады. Бірақ Ибн әл-Жәузидің хадистерді жалғанға шығаруда әсірелеуі байқалады, яғни көптеген ғалымдардың «жалған» деп санамаған хадистерін жалған деп тапқан. Сол үшін оның кітабына кейінгі ғалымдар сын көзбен қараған.
2. Имам әс-Суютидің «*Әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ*» кітабы. Ол Ибн әл-Жәузидің кітабын ықшамдап әрі қосымшалармен толықтырған.
3. Ибн Ирақ әл-Кинәнидің «*Тәнзиһу әш-шаригати әл-марфиға ан әл-әхадиси әш-шаниғати әл-маудуға*» атты кітабы. Әсілінде, бұл еңбек – аталған екі кітаптың ықшамдалған нұсқасы, бірақ ретке келтіріліп, жүйеленген.
4. Мулла Али Қаридің «Мудуғат» атты еңбегі.

ә) *Мәтрук хадис* الْحَدِيثُ الْمَتْرُوكُ

Тілдік мағынасы: «Тәрк етілген», «тасталған» мағынасында келеді.

Терминдік мағынасы:

هُوَ الْحَدِيثُ الَّذِي فِي إِسْنَادِهِ رَأَوْ مُتَّهَمٌ بِالْكَذِبِ

Мәтрүк – тізбегінде жалғандықпен айыпталған рауиі бар хадис.

Хадис жеткізушінің жалғандықпен айыпталу себебі:

Рауидің хадис жеткізуде жалғандығы белгілі болмағанымен, күнделікті өмірде жалған сөйлейтіндігімен танылуы. Оның хадис жеткізуде де жалған сөйлеуі мүмкін деген пікірмен риуаяты қабылданбайды.

Мысалы: Амир ибн Шамир әл-Жуғфидің Жәбирден, ол Әбу әт-Туфайлден, ол Али мен Әммардан риуаят еткен хадисте:

«كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقْنُتُ فِي الْفَجْرِ، وَيَكْبُرُ يَوْمَ عَرَفَةَ

مِنَ صَلَاةِ الْعِدَاةِ، وَيَقْطَعُ صَلَاةَ الْعَصْرِ آخِرَ أَيَّامِ التَّشْرِيقِ»

«Пайғамбар (с.а.с.) таңда құныт оқитын, арафа күні таң намазынан бастап таширқ күндерінің соңғы күнінің екінті намазына дейін тәкбір айтатын», – деп келеді.

Имам ән-Нәсеи мен әд-Даракутни секілді хадис ғалымдары Амир ибн Шамирді «хадисі матрук» деп сипаттаған³¹⁸.

Дәрежесі: Мәтрүк хадис жалған хадистен кейінгі ең әлсіз хадис болып табылады. Одан кейін мункар хадис, сосын муалләл хадис, сосын мудраж, сосын мақлуб, сосын мудтариб хадис келеді. Әлсіз хадистерді осылайша, дәрежелеріне қарай реттеген Ибн Хажар болатын³¹⁹.

б) Мункар хадис الْحَدِيثُ الْمُنْكَرُ

Тілдік мағынасы: «Қайтарылған», «ұнамсыз» деген мағыналарды білдіреді.

Терминдік мағынасы:

Ғалымдар мункар хадиске бірнеше анықтамалар берген. Олардың ішінде мына екі анықтаманы айта кетейік:

هُوَ الْحَدِيثُ الَّذِي فِي إِسْنَادِهِ رَأَوْ فَخَشَ غَلْطُهُ، أَوْ كَثُرَتْ غَفْلَتُهُ، أَوْ ظَهَرَ فِسْقُهُ

³¹⁸ Өз-Зәһәби, Мизану әл-иғтидал, III, 268-б.

³¹⁹ Док. Махмуд әт-Таххан, Тәйсиру мусталахи әл-хадис, 118-б.

Тізбегінде қателікке немесе бейқамдыққа жиі бой алдырған, яки пасықтығы білінген жеткізушісі бар хадис.

هُوَ مَا رَوَاهُ الضَّعِيفُ مُخَالَفًا لِمَا رَوَاهُ الثَّقَّةُ

Мункар – әлсіз рауидің сенімді рауиге қайшы риуаяты.

Мысалы: «Ибн Мәжә, Усәмә ибн Зейд әл-Мәдәнидің Ибн Шиһаб әз-Зуһриден, ол Әбу Сәләмә ибн Абдуррахман ибн Ауфтан, ол әкесінен пайғамбардың (с.а.с.): «صَائِمٌ رَمَضَانَ فِي السَّفَرِ كَالْمُفْطِرِ» «Сапарда рамазан айының оразасын ұстаған адам тұрғылықты кездегі ауызы ашық адам секілді»³²⁰ – деген сөзін жеткізеді.

Бұл мункар хадис болып есептеледі, өйткені Усәмә ибн Зейдтің бұл риуаяты Ибн Әбу Зибтің Абдуррахман ибн Ауфтан маукуф күйінде жеткізген риуаятына қайшы келеді. Ибн Әбу Зиб сенімді, ал Усәмә ибн Зейдтің әлсіз екендігі айтылған.

Ән-Нәсәи, Ибн Мәжәдан жеткен хадисте Әбу Зукәйр Йахия ибн Мұхаммед ибн Қайыс, Хишам ибн Ұруадан, ол әкесінен, ол Айша анамыздан (р.а.), пайғамбарымыздың (с.а.с.): «كُلُوا الْبَلْحَ» «Жаңа піскен құрма жеңдер, егер адам баласы оны жесе, шайтан ашуланады», – деп айтқанын риуаят етеді³²¹.

Имам ән-Нәсәи: «Бұл – мункар хадис, өйткені Әбу Зукәйдің жеке-дара риуаятына жүгінбейміз», – деген.

Дәрежесі: Тізбектегі рауидің қателік пен бейқамдыққа және пасықтыққа бой алдыруы салдарынан немесе әлсіз рауидің сенімді рауидің риуаятына қайшы хадис жеткізуі себепті бұл хадис өте әлсіз болып табылады.

³²⁰ Ибн Мәжә, 1666.

³²¹ Ибн Мәжә, Тағамдар кітабы, 3330.

в) Муаллал хадис *الْحَدِيثُ الْمَعْلَلُ*

Тілдік мағынасы: «Муаллал» сөзі – «عَلَّةٌ» «ыллә» түбірінен туындаған сөз. «Науқас», «ақаулы», «кемшілігі бар» деген мағыналарды береді.

«Муаллал» «مُعَلَّلٌ» сөзі араб тілінде – «муалл» «مُعَلَّلٌ» деп қолданылады.

Терминдік мағынасы:

هو الْحَدِيثُ الَّذِي أُطْلِعَ فِيهِ عَلَى عِلَّةٍ تَفْدُخُ فِي صِحَّتِهِ، مَعَ أَنَّ الظَّاهِرَ السَّلَامَةَ مِنْهَا

Муаллал – зерттеу барысында хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме себебі анықталған, бірақ сырт көзге дұрыс көрінетін хадис.

Нақтырақ айтсақ, рауидің нақтылығына мін тағылу себепті, оның ішінде рауидің «الْوَهْمُ» «қиялға берілуі» себепті әлсіз болған хадис – муаллал хадис болып табылады.

«العَلَّةُ» «Ыллә» сөзінің түсіндірмесі:

«Ыллә» дегеніміз – хадистің дұрыстығын жоюға себеп болатын, сырт көзге байқалмайтын, бүркеме олқылық.

Осы түсіндірмеге сәйкес хадис ғалымдары «ылләның» екі шарты болуы керек екендігін айтады. Олар:

- а) Сырт көзге байқалмайтын және жасырын болуы;
- ә) Хадистің дұрыстығын жоюуы.

Кейбір жағдайда «ыллә» сөзі терминдік мағынасында қолданыла бермей, жалпы хадистегі ақауға да қолданылуы мүмкін. Мысалы, нақтылығында ақауы бар рауидің хадисі хасан болып табылады. Бірақ бұндай хадисті «әлсіз муаллал хадис» деп айта алмаймыз. Сондықтан хадисте жасырын олқылық болғанымен, оның дұрыстығын жоймаса, терминдік мағынасындағы «ыллә» болып табылмайды.

Мысалы:

- *Тізбекте орын алған бүркеме олқылық.*

حَدِيثُ مُوسَى بْنِ عُقْبَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ دِينَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ

مَرْفُوعًا: "إِنَّ اللَّهَ قَدْ أَذْهَبَ عَنْكُمْ عُبِّيَّةَ الْجَاهِلِيَّةِ"

Мұса ибн Ұқба, Абдуллаһ ибн Динардан, ол Ибн Омардан, ол пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткізген хадисте: «Расында Аллаһ сендерден жәһілдіктің тәкаппарлығын жойды»,– деп келеді. Бұл хадистің жеткізушісі Мұса ибн Ұбайданы (مُوسَى بن عُبَيْدَةَ) Мұса ибн Ұқбамен (مُوسَى بن عُقْبَةَ) шатастырған. Мұса ибн Ұбайда – сенімді болса, Мұса ибн Ұқба – әлсіз рауи.

- Мәтінде орын алған бұркеме олқылық.

Әбу Дәуіт, әт-Термези мен Ибн Мәжә, Абдуллаһ ибн Масғудтың: «قال رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: الطَّيْرَةُ مِنَ الشَّرِّكَ. وَ مَا «Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Ырымға сәну – Аллаһқа серік қосу. Оған бәріміз ұшырауымыз мүмкін, бірақ Аллаһ оны тәуекел етумен жояды»,– дегенін жеткізеді. Бұл хадистің тізбегі мен мәтіні сырт көзге дұрыс көрінгенімен, мәтінде олқылық бар. Имам әл-Бұхари: «Сүлеймен ибн Харбтың: «و مَا مِمَّا إِلَّا. وَ لَكِنَّ اللَّهَ يُذْهِبُهُ بِالتَّوَكُّلِ» «Оған бәріміз ұшырауымыз мүмкін, бірақ Аллаһ оны тәуекел етумен жояды» сөзі, менде Абдуллаһ ибн Масғудтың сөзі ретінде белгілі»,– деген. Сол секілді бұл сөздің хадис мәтінінен емес екендігін басқа риуаяттар қуаттайды.

Бұркеме олқылықтың «العِلَّة» орын алуы.

Олқылық тізбекте орын алғаны сияқты, мәтінде де болады. Бірақ тізбекте көбірек кездеседі.

Бұркеме олқылықты «العِلَّة» анықтау жолдары:

- а) Хадистің әртүрлі жету жолдарын жинақтап, тізбектерді салыстыру арқылы;
- ә) Тізбектегі хадис жеткізушілердің нақтылығын зерттеу арқылы.

Муалләл хадистерге қатысты әдебиеттер:

1. Ибн Мәдәнидің «Биләл» кітабы.
2. Ибн Әбу Хатимнің «Биләлу әл-хадис» кітабы.

3. Ахмад ибн Ханбалдың «*әл-Ъиләл уә мағрифәту әр-рижал*» атты еңбегі.
4. Имам әт-Термезидің «*әл-Ъиләлу әл-кәбир*» және «*әл-Ъиләл әс-сағир*» атты еңбектері.
5. Имам әд-Даракутнидің «*әл-Ъиләлу әл-уәридә фи әл-әхадиси ән-нәбәуия*» кітабы.

г) *Мудраж хадис* الْحَدِيثُ الْمُدْرَجُ

Тілдік мағынасы: «Енгізу», «жалғау» мағыналарын береді.

Терминдік мағынасы:

هُوَ الزِّيَادَةُ مِنَ الرَّاوي يُدْخِلُهَا فِي الْمَثْنِ أَوِ السَّنَدِ

Мудраж – рауи тарапынан хадис тізбегіне немесе мәтініне тізбек пен мәтіннен болмаған артық нәрсе енгізілген хадис.

Кейбір дереккөздерде:

مَا غَيْرِ سِيَاقِ إِسْنَادِهِ، أَوْ أُدْخِلَ فِي مَثْنِهِ مَا لَيْسَ مِنْهُ

Мудраж дегеніміз – тізбегі өзгертіліп, мәтініне онда болмаған сөз жалғанған хадис деп түсіндіріледі.

Түрлері: Мудраж – тізбекте немесе мәтінде орын алуы мүмкін.

Тізбектегі мудраж

Хадис жеткізуші хадистің тізбегін айтып келе жатып, қосымша бір сөзді айтса, оны тосыннан естіп қалған бір адам сол тізбектің мәтіні екен деп ойлап, риуаят етеді. Осыған мысал ретінде әл-Хақим мына бір оқиғаны келтіреді: «Бірде Сәбит ибн Мұса, Шәрик ибн Абдуллаһқа келеді. Шәрик сол уақытта: «Бізге әл-Әғмаш, Әбу Суфияннан, ол Жәбирден риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) былай деді...», – дейді де, жазып отырған адам үлгерсін деп кідіреді. Сол кезде ол, келген Сәбитті көреді де: «مَنْ كَثُرَتْ صَلَاتُهُ بِاللَّيْلِ حَسَنٌ وَجْهُهُ بِالنَّهَارِ» «Кім түнде көп намаз оқыса, күндіз жүзі жарқын болады», – дейді. Шәрик бұл сөзді Сәбиттің жүзі жарқын болып тұрғанын көріп айтады. Ал Сәбит болса, бұл сөзді манағы тізбектің мәтіні екен деп ойлап,

басқаларға кейіннен риуаят етеді. Ал бұл болса, Шәриктің өз сөздері еді.

Мәтіндегі мудраж

Хадистің мәтінінде хадистен болмаған қосымша сөздердің кездесуі.

Мәтіндегі мудраждың түрлері:

1. *Хадистің басында келген мудраж.*

Бұл рауидің өз сөзін хадиспен дәлелдеу мақсатында, сөзінен кейін бірден пайғамбар (с.а.с.) хадисін айтуы себепті орын алады. Оны естіген адам, мұның барлығы пайғамбар (с.а.с.) хадисі екен деп түсінеді.

Мысалы: Әбу Һурайрадан Хатиб әл-Бағдади келтірген хадисте:

قال رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَسْبِغُوا الْوُضُوءَ، وَئِلَّ لِلْأَعْقَابِ مِنَ النَّارِ»

Аллахтың елшісі (с.а.с.): «Дәретті толық алыңдар, от (азабынан) өкшелерге қасірет бар», – деген. Бұл хадистің басындағы «أَسْبِغُوا الْوُضُوءَ» «дәретті толық алыңдар» сөзі – Әбу Һурайраның (р.а.) айтқаны. Өйткені, имам әл-Бұхари бұл хадисті Адамнан, ол Шағбадан, ол Мұхаммед ибн Зиядтан, ол Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізіп: «أَسْبِغُوا الْوُضُوءَ، فَإِنَّ أَبَا الْقَاسِمِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «وَأَنَّ لِلْأَعْقَابِ مِنَ النَّارِ» (Дәретті толық алыңдар, Әбу әл-Қасым (с.а.с.): «От (азабынан) өкшелерге қасірет бар», – деді», – деген³²².

2. *Хадистің ортасында келген мудраж.*

Мысалы: Айша анамыз уахидің қалай басталғандығы туралы айтқан хабарында: «و..و كَانَ يَخْلُو بِغَارِ حِزَاءٍ، فَبَيَّحَتْهُ - وَ هُوَ التَّعَبُّدُ» «...» «Пайғамбар (с.а.с.) Хира үңгірінде үздіксіз бірнеше тун таханнус – яғни гибадат – ететін еді», – деген³²³. Мәтіндегі «яғни гибадат» деген сөзді әз-Зухри «таханнус» сөзін түсіндіру мақсатында қосқан³²⁴.

³²² Сахих әл-Бұхари, Дәрет кітабы, 165.

³²³ Сахих әл-Бұхари, Уахидің басталуы туралы кітап, 3.

³²⁴ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 54-б.

3. Хадистің соңында келген мудраж.

Мысалы, Әбу Һурайрадан жеткен марфуғ хадисте:

لِلْعَبْدِ الْمَمْلُوكِ أَجْرَانِ، وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ، لَوْ لَا الْجِهَادُ فِي سَبِيلِ
اللَّهِ، وَالْحَجَّ، وَبُرِّ أُمِّي، لَأَحْبَبْتُ أَنْ أَمُوتَ وَأَنَا مَمْلُوكٌ

«Бостандығы жоқ құлға екі сауап бар. Аллаһпен ант етемін, Аллаһ жолындағы жиһад, қажылық және анама қамқорлық жасау болмағанда, құл болып қайтыс болуды қалар едім», – деген³²⁵. Осы хадистегі:

وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ، لَوْ لَا الْجِهَادُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ، وَالْحَجَّ،
وَبُرِّ أُمِّي، لَأَحْبَبْتُ أَنْ أَمُوتَ وَأَنَا مَمْلُوكٌ

«Аллаһпен ант етемін, Аллаһ жолындағы жиһад, қажылық және анама қамқорлық жасау болмағанда, құл болып қайтыс болуды қалар едім», – деген сөз – пайғамбардың (с.а.с.) емес, Әбу Һурайраның (р.а.) сөзі. Яғни, Әбу Һурайра осы хадисті айтып болғаннан кейін, өзінің нені қалайтындығын айтқан. Хадисті риуаят етуші, соңғы Әбу Һурайраның сөзін хадистің жалғасы екен деп, хадиспен бірге жазып жіберген. Өйткені, пайғамбардың (с.а.с.) құлдықты аңсауы мүмкін емес және қамқорлық жасайтындай, анасы да ертеректе дүние салған еді.

Мудражға, яғни хадиске хадистен болмаған сөздердің енуіне түрткі болатын себептер:

- а) Шариғат үкімін баяндау;
- ә) Хадис аяқталмай тұрып хадистен шариғат үкімін алу;
- б) Хадистегі таңсық, түсініксіз сөздерді түсіндіру.

Хадиске сырттан енген сөздерді анықтау жолдары:

- а) Хадистің басқа жолмен келуі;
- ә) Зерттеуші ғалымдардың көз жеткізуі;
- б) Хадис жеткізушінің мойындауы;

³²⁵ Сахих әл-Бұхари, Құл азат ету кітабы, 2548.

- в) Пайғамбардың (с.а.с.) ондай сөздерді айтуы мүмкін болмауы.

Үкімі: Рауидің хадистің негізінен болмаған сөздерді хадиске енгізуі салдарынан хадис әлсіз болып табылады. Бұл, рауидің нақтылық сипатындағы кемшілігі үшін орын алады.

Хадис жеткізу барысында түсініксіз сөздерді түсіндіруге рұқсат етіледі, бірақ оны естуші адамдар хадистің мәтінімен араластырмауын қадағалау шарт. Егер байқаусызда, қателікпен бірлі-жарымды мудраж орын алса, хадис жеткізуші айыпталмайды. Егер жиі қайталанса, нақтылық сипатына мін тағылады.

Ал егер мудраж әдейі жүзеге асатын болса, ғалымдар бір ауыздан оның харам екендігін айтқан.

Мудраж хадиске байланысты кейбір әдебиеттер:

Әл-Хатиб әл-Бағдадидің «*әл-Фаслу лилуасли әл-мудражи фи ән-нақли*» кітабы.

Ибн Хажардың «*Тақрибу әл-мәнһажи битәртиби әл-мудраж*» кітабы.

ә) *Мақлуб хадис* الْحَدِيثُ الْمَقْلُوبُ

Тілдік мағынасы: Мақлуб сөзі – «қалб» (قَلْبٌ) түбірінен туындаған сөз. «Өзгерген», «ауысқан» дегенді білдіреді.

Терминдік мағынасы:

إِنْدَالٌ لُّفْظٍ بَآخَرَ، فِي سَنَدِ الْحَدِيثِ، أَوْ مَتْنِهِ، بِتَقْدِيمِ، أَوْ تَأْخِيرِ، وَ نَحْوِهِ

Мақлуб – тізбегіндегі немесе мәтініндегі сөздер өзгертіліп, не олардың орындары кейін яки бұрын келуі арқылы ауысқан хадис.

Түрлері:

1. *Тізбектегі ауысу.* Ол төмендегідей орын алуы мүмкін:

а) Тізбектегі рауидің есімі мен тегінің ауыстырылуы арқылы.

Мысалы, «Кағб ибн Муррадан» жеткен хадисті, рауидің: «Мурра ибн Кағыбтан»,– деп ауыстырып айтқаны секілді.

ә) Тізбектегі рауидің мүлдем басқа рауимен өзгертілуі.

Мысалы, Сәлимнен жеткен хадистің орнына «Нафигтен келген» деп айту.

Егер екеуінің бірі сенімді, екіншісі әлсіз болса, тізбектегі ауысудың ең жаманы болып саналады.

2. Мәтіндегі ауысу.

Әл-Бұхаридің сахихында, Әбу Һурайрадан (р.а.) қиямет күні Аллаһтың көлеңкесінен басқа сая болмаған кезде, жеті адамның Аллаһтың көлеңкесінде болатындығы жайлы келген хадисте: «...وَرَجُلٌ نَصَدَّقَ أَخْفَى حَتَّى لَا تَعْلَمَ شِمَالَهُ مَا تُنْفِقُ يَمِينَهُ» «...садақа беріп, оң қолымен бергенін сол қолы білмей қалатындай жасырған кісі...»,– деп келеді.³²⁶ Бірақ Муслимнің сахихында

келген риуаятта «...وَرَجُلٌ نَصَدَّقَ بِصَدَقَةٍ، فَأَخْفَاهَا، حَتَّى لَا تَعْلَمَ يَمِينَهُ مَا تُنْفِقُ شِمَالَهُ» «...садақа беріп, сол қолымен бергенді оң қолы білмей қалатындай жасырған кісі...»,– деп, рауилер тарапынан хадистегі сөздердің орындары ауыстырылған. Әл-Бұхариден жеткен риуаят дұрыс болып табылады. Өйткені, әдетте арабтардың салтында «беру», «ұсыну» оң қолмен жүзеге асады. Сонымен қатар, имам Ахмадтың Муснадында Әнәс ибн Мәликтен (р.а.) келген хасан хадисте, адам баласының сол қолы көрмейтіндей етіп, оң қолымен берген садақасының таудан да күшті болатындығы айтылады³²⁷.

Сол секілді Әбу Дәуіт, Имам Ахмад, ән-Нәсәидің Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткізген хадисте: «إِذَا سَجَدَ أَحَدُكُمْ فَلَا يَبْرُكْ كَمَا «Егер сендердің бірің сәждеге баратын болса, түйенің шөккені секілді жасамай, екі қолын екі тізесінен бұрын қойсын»³²⁸,– деп келеді. Бұл хадистің мәтіні

³²⁶ Сахих әл-Бұхари, Азан кітабы, 660.

³²⁷ Ибн Хажар, Фатху әл-Бәри, I, 507-б.

³²⁸ Әбу Дәуіт, әл-Фәуaid, I, 108, Имам Ахмад, әл-Муснад, II, 381, ән-Нәсәй, әс-Сунән әл-Кубра, I, 47.

тыйым мен бұйрықты қамтиды, яғни, хадистің бірінші жартысында түйеге ұқсаудан тыйса, екінші жартысында екі қолдың екі тізеден бұрын қойылуын бұйырады. Осылайша хадистің басы мен соңы бір-біріне қайшы келеді. Өйткені хадис түйе секілді шөгуден тыя отырып, түйенің шөккені секілді екі қолды бірінші жерге қоюды бұйырып отыр. Ибн әл-Қайым секілді ғалымдар хадис басының соңына қайшы келу себебі, хадистегі «екі қол» мен «екі тізе» сөздерінің орындары хадис жеткізушісі тарапынан ауыстырылғандығынан дейді. Яғни, хадис «*وَ لِيَضَعَ رُكْبَتَيْهِ قَبْلَ يَدَيْهِ*» «екі тізесін екі қолынан бұрын қойсын» деп келген болса керек. Бірақ кейбір ғалымдар хадис мәтінінде ауысудың жоқ екендігін алға тартады.

Ауыстырудың (فَلْتَب) үкімі:

- а) Егер ауысу (فَلْتَب) адамдардың назарын аудартып, хадиске жаңалық енгізу мақсатында болса, оған тыйым салынады.
- ә) Рауиді сынап, оның сенімділігін анықтау мақсатында хадистің тізбегін немесе мәтінін ауыстыру рұқсат етіледі. Бірақ хадистің дұрыс тізбегі мен мәтіні отырыс аяқталмай тұрып айқындалуы керек.
- б) Егер рауидің жаңылысуы себепті орын алса, кешіріледі. Ал жиі қайталанатын болса, рауидің нақтылық сипатына мін тағылады.

Мақлуб хадистің үкімі:

Мақлуб хадис – әлсіз, қабылданбайтын хадис болып табылады.

Мақлуб хадиске қатысты кейбір танымал әдебиеттер:

Әл-Хатиб әл-Бағдадидің «*Рафиғу әл-иртияби фи әл-мақлуби мин әл-әсмәи уә әл-әлқаб*» кітабы.

д) Мудтариб хадис الْحَدِيثُ الْمُضْطَرَّبُ

Тілдік мағынасы: Мудтариб сөзі – «اضْطَرَّابٌ» «идтираб» ма-дарынан туындаған сөз. «Қобалжу», «толқу», «бүліну» секілді мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

مَا رُوِيَ عَلَى أَوْجِهِ مُخْتَلَفَةً مُتَسَاوِيَةً فِي الْقُوَّةِ

Мудтариб – дәреже жағынан тең, бір-біріне қайшы жолдар-мен жеткен хадис.

Толыққанды айтар болсақ, мудтариб – бір немесе бірнеше рауи тарапынан бір-біріне қарама-қайшы бірнеше жолмен келген және дәрежелері тең болғандықтан, дұрысырағын таңдау не-месе мағыналарын біріктіру мүмкін болмаған хадис.

Хадистің мудтариб болуы үшін қажетті шарттар:

- а) Хадис риуаяттарының біркелкі болмауы;
- ә) Риуаяттар дәрежелерінің бірдей болуы;
- б) Қарама-қайшы риуаяттардың мағыналарын біріктіру мүмкін болмауы;
- в) Қарама-қайшы риуаяттардың бірін екіншісінен таңдаудың мүмкін болмауы;

Егер екі хадистің күштірегін таңдау немесе мағыналарын біріктіру, яғни ортақ мағына шығару мүмкін болса, хадис мудта-риб болып табылмайды. Таңдау мүмкін болса, дәреже жағынан күштірегімен амал қылынады. Ал мағыналарын біріктіру мүмкін болса, екі хадиске де жүгініледі.

Түрлері:

Хадистегі «اضْطَرَّابٌ» «идтираб» тізбекте және мәтінде де бо-лады. Бірақ тізбекте көбірек орын алады.

Тізбекте идтирабы бар хадис.

Мысалы:

حَدِيثُ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ،
أَرَأَيْكَ شَبْتًا، قَالَ: «شَيْئِي هُوَ وَ أَحْوَاتُهَا»

Хадисте Әбу Бәкір (р.а.) пайғамбарымызға (с.а.с.): «Иә, Аллаһтың елшісі, шашыңызға ақ түсіпті ғой?!» – деген кезде пайғамбар (с.а.с.): «Менің шашымды «*Худ*» (сүресі) және оның серіктері азартты», – деген³²⁹.

Имам әд-Даракутни: «Бұл – мудтариб хадис. Өйткені, ол Ибн Исхақтың риуаятымен ғана жеткен. Одан бір-біріне қайшы он шақты жолмен келген риуаяттар бар. Бір риуаятта мурсал болып келсе, екінші бір риуаятта тізбегі пайғамбарға жеткен хабар болып келеді, кейбіреулері Әбу Бәкірден жеткен, бірі Сағыдтан жеткен десе, басқалары Айшадан жеткен хадис екендігін айтқан. Сол секілді өзге жолдары да бар. Рауилердің барлығы сенімді, бірін-бірінен жоғары санау және мағыналарын біріктіру мүмкін емес», – деген³³⁰.

Мәтінде идтирабы бар хадис.

Мысалы:

Имам әт-Термези Шариктен, ол Әбу Хамзадан, ол әш-Шағбиден, ол Фатима бинт Қайыстан (р.а.):

سُئِلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنِ الزَّكَاةِ
فَقَالَ: إِنَّ فِي الْمَالِ لِحَقًّا سِوَى الزَّكَاةِ

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) зекет жайлы сұралды. Ол (с.а.с.): «Зекет берілмеген мал-мүліктің ақысы алынады», – деді³³¹.

Ибн Мәжә болса, бұл хадисті: «لَيْسَ فِي الْمَالِ حَقٌّ سِوَى الزَّكَاةِ» «Мал мүліктің зекеттен басқа ақысы жоқ», – деген мәтінмен жеткізген. Әл-Ирақи: «Бұл – мудтираб, жорамал қылынбайды», – деген³³².

³²⁹ Әт-Термези, Тәпсір кітабы, Уақиға сүресінің тәпсірі, IX, 184-б.

³³⁰ Әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 229-230-б.

³³¹ Әт-Термези, Зекет кітабы, 659.

³³² Ибн Мәжә, Зекет кітабы, 1789.

Үкімі: Мудтариб хадис – рауидің нақтылық сипатына мін тағылуы себепті әлсіз болып есептеледі.

Мудтариб хадистерге қатысты кейбір әдебиеттер:

Әл-Хафиз ибн Хажардың «*әл-Муқтарибу фи баяни әл-мудтариб*» кітабы.

e) Мусаххаф хадис *الْحَدِيثُ الْمُصَحَّفُ*

Тілдік мағынасы: Мусаххаф сөзі – «қате оқу» немесе «қате жазу» деген мағыналарды беретін «*تَصْحِيفٌ*» «тасхиф» масдарынан туындаған сөз.

Терминдік мағынасы:

تَغْيِيرُ الْكَلِمَةِ فِي الْحَدِيثِ إِلَى مَا رَوَاهَا الثَّقَاتُ، لَفْظًا أَوْ مَعْنَى

Хадистегі бір сөздің немесе оның мағынасының сенімді рауилердің жеткізгенінен өзгертілуі.

Ибн Хажардың анықтамасы:

تَغْيِيرُ حَرْفٍ أَوْ حُرُوفٍ بِتَغْيِيرِ النَّقْطِ مَعَ بَقَاءِ صُورَةِ الْحَطِّ

«Сөздің қалыбы сақталып, тек әріп нүктелері өзгерген хадис».

Яғни, бұл хадистің мәтіні мен тізбегінде кейбір рауилер тарапынан қателіктер жіберілген хадис.

Түрлері:

- *Тізбектегі тасхиф*

Мысалы: Шуғба жеткізген хадис тізбегіндегі – *«الْعَوَامُ بِنِ مُرَاجِمٍ»* «*әл-Аууам ибн Муражимді*», Ибн Мағин – *«الْعَوَامُ بِنِ مُرَاجِمٍ»* «*әл-Аууам ибн Музахим*» деп қателескен.

Сол секілді, *«عُثْبَةُ بِنِ الثُّدَرِ»* Ұтбату ибн ән-Нуддәрды, Ибн Жарир: *«عُثْبَةُ بِنِ الْبُدْرِ»* «*Ұтбәту ибн әл-Бәззәр*»,– деп жазып жіберген.

- *Мәтіндегі тасхиф*

Мысалы: Зейд ибн Сәбит риуаят еткен: *«احْتَجَرَ فِي الْمَسْجِدِ أَنَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ»* «*Пайғамбар (с.а.с.) мешітте оқшауланды*»,–

деген хадистегі «اِحْتَجَرَ فِي الْمَسْجِدِ» «Мешітте оқшауланды» сөзін, Ибн Лаһиға: «اِحْتَجَمَ فِي الْمَسْجِدِ» Пайғамбар (с.а.с.) «мешітте қан алдырды»,– деп шатастырған.

Сол секілді: «مَنْ صَامَ رَمَضَانَ وَاتَّبَعَهُ سِتًّا مِنْ سُؤَالٍ...» «Кімде-кім рамазан оразасын ұстап, шәууәл айында алты күн жалғастырса...»,– деген хадисті Әбу Бәкір әс-Сули: «مَنْ صَامَ رَمَضَانَ وَاتَّبَعَهُ سِتِّينًا مِنْ سُؤَالٍ...» «... «Кімде-кім рамазан оразасын ұстап, шәууәл айында бір нәрсе жалғастырса...»,– деп қателескен. Яғни, Әбу Бәкір әс-Сули хадистегі «سِتًّا» сөзін «سِتِّينًا» деп шатастырған.

Көбіне қателік сөздердің айқын жазылмауынан қате оқу немесе дұрыс естімеу себебінен орын алады.

Сол секілді, мәтіндегі сөздің мағынасындағы қателікті кездестіруге болады.

Мысалы:

قَوْلُ أَبِي مُوسَى الْعَنْزِيِّ: «نَحْنُ قَوْمٌ لَنَا شَرْفٌ، نَحْنُ مِنْ عَنَزَةَ، صَلَّى إِلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ»

Әбу Мұса әл-Анази: «Біз – абыройға ие қауымбыз, біз Аназаданбыз, бізге Аллаһ елшісі (с.а.с.) салауат айтты»,– деп, «аназа» сөзінің мағынасында қателеседі. Ол: «أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ» «Пайғамбар (с.а.с.) аназаға намаз оқыды»,– деген хадистен, пайғамбар олардың қауымына салауат айтқан екен деп түсінген. Әсілінде, хадистегі «аназа» сөзі – намаз оқушының алдына қойылған найзаны білдірген болатын.

Әл-Хафиз ибн Хажар тасхифты екіге бөліп қарастырады:

- а) Мусаххаф. Ол – сөздің қалыбы сақталып, тек әріп нүктелерінің өзгеруі.
- ә) Мухарраф. Ол – сөздің қалыбы сақталып, тек әріптің өзгеруі³³³.

³³³ Ибн Хажар әл-Аскалани, Нузһату ән-назар, 94-б.

Тасхиф рауидің сенімділігін жоя ма?

- а) Егер рауиде қателік өте сирек кездесетін болса, онда оның нақтылық сипатына мін тағылмайды. Өйткені, кез келген кісі қателікке бой алдыруы мүмкін.
- ә) Егер рауи қателікке жиі бой алдыратын болса, ол оның нақтылық сипатының кемшілігін көрсетеді.

Рауидің қателікке жиі бой алдыру себебі:

Рауидің қателікке жиі бой алдыруына көбіне, оның хадисті ұстаздың өз аузынан естімей, кітап пен жазылған парақтардан алуы себеп болады. Ғалымдар хадис алудың бұндай жолын мақұлдамаған.

Осы тақырыпқа қатысты танымал кейбір әдебиеттер:

1. Имам әд-Даракутнидің «*Әт-Тасхиф*» кітабы.
2. Әл-Хаттабидің «*Ислаху хатаи әл-мухаддисин*» кітабы.
3. Әбу Ахмад әл-Аскаридің «*Тасхифату әл-мухаддисин*» атты еңбегі.

ж) Шәз хадис الْحَدِيثُ الشَّاذُّ

Тілдік мағынасы: «Көпшіліктен даралану» мағынасында қолданылады.

Терминдік мағынасы: مَا رَوَاهُ الثَّقَةُ مُخَالِفاً لِمَنْ هُوَ أَوْلَى مِنْهُ. Сенімді рауидің өзінен сенімдірек рауиге қайшы жеткізген хадисі.

Анықтама түсінігі: Сенімді рауи дегеніміз – адалдығы мен нақтылығы толық немесе нақтылық сипаты әлсіздеу болған жеткізуші, яғни қабылданған рауи. Ал одан сенімдірек рауи болса, ол нақтылығы толыққанды немесе өзге де артықшылықтары бар рауи. Бұл – Ибн Хажардың берген анықтамасы болатын.

Қайшылықтың (шәз) орын алу жолдары:

Қайшылық мәтінде орын алғаны секілді, тізбекте де кездеседі.

а) Тізбектегі қайшылық (шәз)

Әт-Термези, ән-Нәсәи, Ибн Мәжә, Ибн Ұяйнадан, ол Амр ибн Динардан, ол Аусажадан, ол Ибн Аббастан: «Бір кісі

Аллаһ елшісінің дәуірінде дүние салып, артында мұрагері қалмағандықтан, пайғамбар оның мұрасын азат еткен құлына береді», – дегенін жеткізеді. Сонымен қатар, бұл хадисті Ибн Ұяйнадан Ибн Журейж және басқа да жеткізушілер риуаят етеді. Ал оларға Хаммад ибн Зейд Амр ибн Динардан, ол Аусажадан Ибн Аббасты айтпай, қайшы риуаят етеді.

Сондықтан Әбу Хатим: «Ибн Ұяйнаның хадисі махфуз (қабылданады)», – деп, ол Хаммад ибн Зейд сенімді болғанымен, бірнеше жеткізушілерден келген риуаятты артық санаған.

ә) Мәтіндегі қайшылық (шәз).

Әбу Дәуіт, әт-Термези, Абдулуахид ибн Зәйядтан, ол әл-Әғмаштан, ол Әбу Салихтан, ол Әбу Һурайрадан, ол пайғамбардан (с.а.с.): «إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ الْفَجْرَ فَالْبَيْضُ طَجَّ عَنْ يَمِينِهِ» «Егер сендерден бірің таң намазын оқыса, оң жағына жантайып жатсын», – дегенін жеткізеді³³⁴.

Әл-Бәйһақи: «Абдулуахидтің бұл риуаяты көпшілік жеткізушілерге қайшы, өйткені, көпшілік пайғамбардың (с.а.с.) сөзін жеткізбей, ісін риуаят еткен. Абдулуахид Әл-Әғмаштан жеткізуші сенімді рауилер арасында, осы риуаятымен дараланды», – дейді³³⁵.

Махфуз дегеніміз – сенімдірек жеткізушінің сенімді рауиге қайшы риуаят етуі.

Шәз және махфуз хадистердің үкімі:

Шәз хадис қабылданбайды, махфуз қабылданады.

³³⁴ Әбу Дәуіт, әс-Сунән, 2905.

³³⁵ Жәләлуддин әс-Суюти, Тәдрибу әр-рауи, 197-б.

V ТАРАУ. ТІЗБЕКТИҢ АЯҚТАЛУЫНА ҚАРАЙ ХАДИС ТҮРЛЕРІ.

Барлық хадистер тізбектің аяқталуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Яғни, хадис Аллаһ тағалаға немесе Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.), не сахабалар мен табиғиндерге тиесілі болуы мүмкін.

Қудси хадис الْحَدِيثُ الْقُدْسِيُّ – Тізбегі Аллаһ тағалаға телінген, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөзі.

Марфуғ хадис الْحَدِيثُ الْمَرْفُوعُ – Тізбегі Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) жеткен хадис.

Мауқуф хадис الْحَدِيثُ الْمَوْقُوفُ – Тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жетпей, сахабада тоқтаған хадис.

Мақтууғ хадис الْحَدِيثُ الْمَقْطُوعُ – Тізбегі табиғинде тоқтаған хадис.

1. Қудси хадис الْحَدِيثُ الْقُدْسِيُّ

Тілдік мағынасы: «Пәк», «қасиетті» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْقُدْسِيُّ هُوَ مَا نُقِلَ إِلَيْنَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، مَعَ إِسْنَادِهِ إِتَاهُ إِلَى رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ

Құдси хадис дегеніміз – тізбегі Аллаһ тағалаға телінген, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөзі.

Ол сөз: «Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.): «Аллаһ тағала айтады...», – дейді», – деп келуі мүмкін.

Құдси хадисте айтылатын жайтты пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһтың атынан жеткізеді, бірақ ол – Құран Кәрім аяты болып табылмайды.

Құран Кәрім аяты мен құдси хадистің айырмашылығы:

- а) Құран Кәрімнің сөзі де, мағынасы да Аллаһ тағаладан болса, құдси хадистің мағынасы – Аллаһ тағаладан, ал сөзі – Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) келеді.
- ә) Құран Кәрім оқу ғибадаттан саналып, оның әрбір әріпі үшін мұсылман адам сауап табады. Ал хадис арқылы біз, Құран Кәрім аяты секілді ғибадат амалын жүзеге асырмаймыз.
- б) Құран Кәрім мутауатир жолмен бекітілуі шарт. Ал құдси хадис мутауатир жолмен жетуі шарт емес.
- в) Құран Кәрім сөздері – мұғжиза. Құдси хадис олай емес. Сол секілді Құран Кәрім мен құдси хадистің пайғамбарға жету жолдарында да өзгешелік бар.³³⁶

Құдси хадистің риуаят етілу жолдары:

Құдси хадистің риуаят етілуінің екі жолы бар:

ا) قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيمَا يَرْوِيهِ عَنْ رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзінің Жаратушысынан жеткізіп, былай дейді:...».

Мысалы:

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيمَا يَرْوِي عَنْ رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ قَالَ، قَالَ: إِنَّ اللَّهَ كَتَبَ الْحَسَنَاتِ وَالسَّيِّئَاتِ ثُمَّ بَيَّنَ ذَلِكَ ...

«Шын мәнінде, Аллаһ жақсы және жаман (амалдарды) жазып,³³⁷ сосын оны түсіндірді...»³³⁸.

ә) قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ اللَّهُ تَعَالَى

«Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаһ тағала былай деді ...»,– дейді».

³³⁶ Әл-Қасыми, Қауағиду әт-тахдис, 66-б.

³³⁷ Мұнда Аллаһ тағаланың оларды періштелерге жазуды әмір еткендігі туралы айтылған. Сондай-ақ, мұндағы «жазды» деген сөзді – «жазмыш етті» деп те түсіну керек;

³³⁸ Сахих әл-Бұхари, (Жүректерді) жұмсарту, (Рикақ) 6491.

Мысалы:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: قَالَ اللَّهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى:
أَنَا أَعْتَى الشُّرَكَاءَ عَنِ الشُّرُكِ مِنْ عَمَلِ عَمَلًا أَشْرَكَ فِيهِ مَعِيَ تَرَكَتُهُ وَشُرُكُهُ

Әбу Һурайрадан (р.а.), Аллаһ елшісі (с.а.с.) былай деді: «Аллаһ тағала: «Мен серік қосушылардың серік қосқандарына мұқтаж емеспін, кімде-кім Маған серік келтіретін амал жасаса, оны және оның серік қосқан (нәрсесін) тастадым», – дейді»³³⁹.

Құдси хадистердің саны:

Басқа хадистерге қарағанда құдси хадистердің саны көп емес. Шамамен екі жүзге жуық хадис бар.

Құдси хадистерге қатысты танымал әдебиеттер:

Абдуррауф әл-Мунауидің «әл-Итхафату әс-сәнияту би әл-ахадису әл-қудсия» кітабы. Онда ол 272 құдси хадис жинақтаған. Али әл-Қаридің «әл-Әхадису әл-қудсия» кітабы.

2. Марфуғ хадис الْحَدِيثُ الْمَرْفُوعُ

Тілдік мағынасы: «Көтерілген», «жоғарлатылған» деген мағынада қолданылады.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْمَرْفُوعُ هُوَ مَا أُضِيفَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ خَاصَّةً مِنْ قَوْلٍ أَوْ فِعْلٍ أَوْ تَقْرِيرٍ أَوْ وَصْفٍ

Марфуғ хадис дегеніміз – тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен, оның (с.а.с.) әрбір сөзі, ісі, құптауы мен жеке сипаттарына қатысты хадистер.

Хадистің тізбегі пайғамбарға сахаба арқылы жетіп, тізбегі үзілмеген немесе тікелей табиғин арқылы жетіп, мұрсал болуы мүмкін. Сол секілді марфуғ хадис пайғамбарға телінгенімен,

³³⁹ Сахих Муслим, Зухд, 2985.

тізбегінің үзілуіне байланысты әлсіз болуы да ықтимал. Өйткені, хадистердің бұл түрлері олардың дәрежелеріне қарай бөлуге жатпайды.

Марфуғ хадистің түрлері:

- а) *Марфуғ қаули*, яғни тізбегі пайғамбарға (с.а.с) жеткен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзі.

Мысалы: Сахаба немесе басқа бір рауи: «قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَذَا...» «Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деді», – дейді.

- ә) *Марфуғ фиғли*, яғни тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ісі.

Мысалы: Сахаба: «رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَفْعَلُ كَذَا» «Мен пайғамбарымыздың (с.а.с.) осылай істегенін көрдім» немесе «فَعَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَذَا...» «Аллаһ елшісі (с.а.с.) былай істеді», – дейді.

- б) *Марфуғ тақрири*, яғни тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен пайғамбардың (с.а.с.) құптауы.

Мысалы: Сахаба: «فَعَلْنَا» بِحَضْرَةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «Мен (біз) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасында осылай істедім (істедік)» немесе: «فَعَلَ بِحَضْرَةِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَذَا» «Пайғамбар (с.а.с.) жанында былай істелінді», – деп, пайғамбардың (с.а.с.) құптағандығын білдіреді.

- в) *Марфуғ уасфи*, яғни тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен, Аллаһ елшісін (с.а.с.) сипаттаған хадис.

Мысалы: Сахаба немесе басқа бір рауи: «كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْسَنَ النَّاسِ خُلُقًا» «Аллаһ елшісі (с.а.с.) мінез-құлқы жағынан адамдардың ең кереметі болатын», – дейді.

3. Мауқуф хадис *الْحَدِيثُ الْمَوْقُوفُ*

Тілдік мағынасы: «Токтаған» деген мағынаны береді.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْمَوْقُوفُ هُوَ مَا أُضِيفَ إِلَى الصَّحَابِيِّ مِنْ قَوْلٍ، أَوْ فِعْلٍ، أَوْ تَقْرِيرٍ

Мауқуф хадис дегеніміз – сахабаға телінген, оның әрбір сөзі, ісі және құптауы.

Бұл хадистің тізбегі пайғамбарымызға (с.а.с.) жетпейді. Хадисте бір немесе бірнеше сахабаның сөзі, іс-әрекеті немесе құптауы қамтылады.

Ғалымдар мауқуф хадиске «әсәр» сөзін қолданған.

Мауқуф хадистің түрлері:

а) Мауқуф қаули, яғни сахабаның сөзі.

Мысалы: Али ибн Әбу Талиб (р.а.): «*حَدِّثُوا النَّاسَ بِمَا يَعْرِفُونَ*» «Адамдарға олардың білетін нәрсесін айтыңдар, Аллаһтың және Оның елшісінің жалғанға шығарылуын қалайсыңдар ма?» – деген³⁴⁰.

ә) Мауқуф фиғли, яғни сахабаның ісі.

Әл-Бұхари «*وَأَمَّ ابْنُ عَبَّاسٍ وَهُوَ مُنَيَّمٌ*» «Ибн Аббас тәйәммум алып, имамдыққа өткен еді»,– дейді³⁴¹.

б) Мауқуф тақрири, яғни сахабаның құптауы.

Мысалы: «*فَعَلْتُ كَذَا أَمَامَ أَحَدِ الصَّحَابَةِ وَ* «Бір сахабаның алдында былай істегенімде, ол маған тыйым салмаған болатын»,– деп айтуы.

Мауқуф хадистің үкімі:

Мауқуф хадис – сахих, хасан немесе әлсіз болуы мүмкін. Егер дұрыстығы анықталған жағдайда, Әбу Ханифа мәзһабының ғалымдары және Имам Мәликтің көзқарасы мен Ахмад ибн Ханбалдың бір риуаяты бойынша дәлел болады. Сол секілді имам әш-Шафиғидің де алғашқы көзқарасы осы пікірде болғандығы

³⁴⁰ Сахих әл-Бұхари, Білім кітабы, 1/225, 49 тарау.

³⁴¹ Сахих әл-Бұхари, Тәйәммум кітабы, 6/343, Муслим, 1/446.

айтылады. Яғни көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, маукуф хадис шариғат мәселелерінде дәлел бола алады.

Ал, кейінгі әш-Шафиғи ғалымдары, көпшілік әл-Әшғари мәзһабы, муғтазилер мен шииттердің ұстанымы бойынша, бұл хадистер дәлел болмайды³⁴².

4. Мақтуғ хадис *الْحَدِيثُ الْمَقْتُوعُ*

Тілдік мағынасы: «Кесілген», «үзілген» деген мағыналарды береді.

Терминдік мағынасы:

الْحَدِيثُ الْمَقْتُوعُ هُوَ: مَا أُضِيفَ إِلَى التَّابِعِي أَوْ مِنْ دُونَهُ مِنْ قَوْلٍ أَوْ فِعْلٍ

Мақтуғ хадис дегеніміз – табиғиннің немесе басқаларының айтқан сөзі немесе істеген ісі. Яғни табиғин мен әтбағу әт-табиғиндердің сөзі мен істері «мақтуғ хадис» деп танылған.

Имам әш-Шафиғи мен әт-Табарани мақтуғ хадиске, тізбегінде үзігі болған хадиске таңылған «мунқатиғ» терминін қолданған. Алайда имам әш-Шафиғидің бұл сөзі, хадис терминдері толық бекітілмеген уақытта айтылған болатын.

Мысалы:

- әл-Хасан әл-Басри намазда бидғатшыл адамның артына ұю туралы былай дейді: «صَلِّ وَاغْلِيهِ بِدَعْوَتِهِ» «Оқы, оның бидғаты өзіне», – деп айтқан³⁴³.
- Абдурраззақ ибн Хаммам, Мағмар ибн Рашидтің былай дегенін жеткізеді:

أَخْبَرَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقُ عَنْ مَعْمَرٍ قَالَ: سَأَلْتُ الرَّهْرِي

عَنِ الْأَكْلِ مُتَكِنًا فَقَالَ: لَا بَأْسَ بِهِ

«Мен әз-Зуһриден: «Жантайып жатып тамақтануға бола ма?» – деп сұрап едім, ол оған тыйым салынбағандығын айтты», – дегенін жеткізген.

³⁴² Уәһбәту әз-Зухайли, Усул әл-Фикһи әл-Ислами, 2/151-б.

³⁴³ Сахих әл-Бұхари, Азан кітабы, 2/188, 56 тарау.

Мақтуғ хадистің үкімі: Мақтуғ хадис шарифатта дәлел бола алмайды, тіпті оның дұрыстығы анықталған жағдайда да айғақ болуға жарамсыз. Ал, егер, басқа жолдармен қуатталып, тізбегі сахабаға немесе пайғамбарға (с.а.с.) жетсе, маукуф немесе марфуғ дәрежесіне жетіп, дәлел бола алады.

Имам Әбу Ханифа бір сөзінде:

«إِنَّ لَمْ أَجِدْ فِي كِتَابِ اللَّهِ وَلَا سُنَّةِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
أَخَذْتُ بِقَوْلِ أَصْحَابِهِ، أَخَذُ بِقَوْلِ مَنْ شِئْتُ، وَأَدْعُ مَنْ شِئْتُ مِنْهُمْ،
وَلَا أَخْرُجُ مِنْ قَوْلِهِمْ إِلَى قَوْلِ غَيْرِهِمْ، فَإِذَا مَا انْتَهَى الْأَمْرُ أَوْ جَاءَ
إِلَى إِبْرَاهِيمَ، وَالشَّعْبِيِّ، وَابْنِ سِيرِينَ، وَالْحَسَنِ، وَعَطَاءَ، وَسَعِيدِ بْنِ
الْمُسَيَّبِ، وَعَدَّ رَجُلًا، فَقَوْمٌ اجْتَهَدُوا فَأَجْتَهَدُ كَمَا اجْتَهَدُوا»

«Егер мен Аллаһтың кітабынан және Аллаһ елшісінің (с.а.с) сүннетінен таппасам, сахабалардың сөзін аламын, қалағанымның сөзін алып, қаламағанымның сөзін тастаймын және де олардың сөзінен басқа біреулердің сөзіне жүгінбеймін. Ал, егер: Ибраһимге, әш-Шағбиге, Ибн Сиринге, әл-Хасанға, Атаға, Сағид ибн Мусайябқа және басқаларға келсек, олар – ижтиһад жасаған қауым, олар ижтиһад жасағандай, мен де ижтиһад жасаймын»,– деген. Әбу Ханифаның бұл сөздері, оның сахабалардың сөзіне жүгінгендігін көрсетумен қатар, мақтуғ хадистердің дәлел бола алмайтындығын білдіреді.

ТЕРМИНДЕР ТҮСІНІГІ

Азиз: Сирек, күшті. Тізбектің әрбір сатысындағы хадис жеткізушілер саны екеуден кем болмаған хадис.

Ахад: Бір санының көпше түрі. Бір адамның жеткізген хабары. Мутауатир дәрежесіне жетпеген хабар.

Әсәр: Із, таңба, тарихи мұра. Сахабалар мен табиғиндердің айтқан сөздері.

Ғариб: Жалғыз, дара. Жалғыз хадис жеткізушінің риуаяты.

Дирая ілімі: Хадис тізбегі мен ондағы жеткізушілердің жағдайын, сенімділігін және хадис риуаятының шарттары, үкімдері мен түрлерін зерттейтін ілім.

Жарх: Сенімсіздік таныту.

Жәмиғ: Қамтушы. Түрлі тақырыптарды қамтыған хадис жинағы.

Жүз: Бөлім. Шағын хадис жинағы.

Идраж: Енгізу,

Идраж: Енгізу, жалғау.

Идтираб: Қобалжу, бүліну.

Иснад: Телу. Тізбек немесе риуаятта біреуге сүйену, хадисті кімнен естігенін яғни хадистің шынайылығын айқындау.

Қалб: Ауысу, өзгеру.

Кәләм ілімі: Ислам дінінің негіздерін ақыл мен қисынға жүгіне отырып түсіндіретін ілім.

Қудси: Пәк, қасиетті. Тізбегі Аллаһ тағалаға телінген Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөзі.

Мағаз: Соғыс жорықтары.

Мақбул: Қабылданған.

Мақлуб: Өзгерген, ауысқан. Тізбегіндегі немесе мәтініндегі сөздер өзгертіліп, орындары ауысқан хадис.

Мақтуғ: Кесілген, үзілген. Табиғиннің немесе басқаларының айтқан сөзі немесе істеген ісі.

Мансұх: Күші жойылған, көшірілген. Алғаш келіп үкімі жойылған мәтін.

Мардуд: Қабылданбаған.

Марфуғ: Көтерілген, жоғарлатылған. Тізбегі пайғамбарға (с.а.с.) жеткен, оның (с.а.с.) әрбір сөзі, ісі, құптауы мен жеке сипаттарына қатысты хадистер.

Махфуз: Сақталған. Сенімдірек жеткізушінің сенімді рауиге қайшы риуаят етуі.

Маудуғ: Қойылған. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) атынан ойдан шығарылған жалған хадис.

Маукуф: Тоқтаған. Сахабаға телінген оның әрбір сөзі, ісі және құптауы.

Мәтін: Хадис мәтіні.

Мәтін: Хадис мәтіні.

Мәтрук: Тәрк етілген, тасталған. Тізбегінде жалғандықпен айыпталған рауиі бар хадис.

Мәшһүр: Танымал, белгілі. Тізбектің әр сатысындағы рауилер саны үш немесе одан көп болып, бірақ мутауатир дәрежесіне жетпеген хадис.

Мудраж: Енгізілген, жалғанған. Рауи тарапынан хадис тізбегіне немесе мәтініне тізбек пен мәтіннен болмаған нәрсе енгізілген хадис.

Мудтариб: Қобалжу, бүліну. Дәреже жағынан тең бір-біріне қайшы жолдармен жеткен хадис.

Мутауатир: Бірінен соң бірі. Өзара жалған айтуға келісіп алулары мүмкін болмаған бір топ сенімді адамдардың өздері секілді сенімді адамдардан жеткізген хабар.

Муаллал: Ақаулы, кемшілігі бар. Зерттеу барысында хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме себебі анықталған, бірақ сырт көзге дұрыс көрінетін хадис.

Муалләк: Ілінген, байланған. Тізбектің басынан бір немесе бірнеше рауидің бірінен соң бірі түскен хадис.

Муғдал: Шешімі табылмаған, қиын келген. Тізбегінің басында, ортасында немесе аяғында бірінен соң бірі екі немесе одан көп рауи түсіп қалған хадис.

Мудәлләс: Айыбы жасырылған, шатастырылған. Сырт көзге дұрыс көрінгенімен тізбегінде айыбы жасырылған хадис.

Мунқатиғ: Үзілген. Тізбегі қай жерінен болмасын үзілген хадис.

- Мункар:** Қайтарылған, ұнамсыз. Әлсіз рауидің сенімді рауиге қайшы риуаяты.
- Мурсал:** Жіберілген. Тізбегінің соңында табиғиннен кейінгі рауиі түсіп қалған хадис.
- Мусаннаф:** Жүйеге келтірілген хадис жинағы.
- Мусанниф:** Хадистерді жүйеге келтірген адам.
- Мусаххаф:** Қате оқылған, қате жазылған. Хадистегі бір сөздің немесе оның мағынасының сенімді рауилердің жеткізгенінен өзгертілуі.
- Муснад:** Сахабаның немесе одан кейін келген рауидің есіміне сай жүйеге келтірілген хадис жинағы.
- Муснид:** Тізбегімен хадис жеткізуші, ол хадис ілімінен хабардар болу немесе болмауы да мүмкін.
- Мутакаллим:** Кәләм ілімімен айналысатын адам.
- Мухкам:** Анық, бекем. Өзі секілді басқа хадиске қарама-қайшы келмеген қандайда бір қабылданған хадис.
- Мухарраф:** Бұрмаланған, өзгертілген. Сөздің қалыбы сақталып тек әріптің өзгеруі.
- Мухталиф:** Әркелкі, әртүрлі. Мағынасы бір-біріне қарама-қайшы келетін, қабылданатын хадис.
- Мухадрам:** Исламға дейінгі кезеңде және Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) кезінде де өмір сүрген, бірақ ешқашан оны көрмеген, тек сахабаларды ғана көрген мұсылман.
- Мухаддис:** Хадис тізбегін және ондағы жеткізушілер мен хадис мәтінін зерттеген хадис ғалымы.
- Насих:** Күшін жоюушы, көшіруші. Кейін келіп, алдыңғы үкімді жойған мәтін.
- Рауи:** Хадис жеткізуші.
- Риуаят:** Хадис жеткізу.
- Риуая ілімі:** Аллаһ елшісінің (с.а.с) сөздерін, істері мен мақұлдауын және мінез-құлқын қамтитын хадис мәтінін зерттейтін ілім.
- Сәнәд:** Тізбек.
- Сахаба:** Дос, жолдас. Пайғамбармен (с.а.с.) сұхбаттасқан, яки оны көрген әрбір мұсылман адам.

Сахих: Дұрыс, сау. Адал, нақты рауилермен соңына дейін тізбегі жалғасқан, әрі қайшылығы мен хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме олқылығы жоқ хадис.

Сахих лиғайриһи: Өзгемен дұрыс болу. Өздігінен хасан болған хадистің басқа бір сондай немесе одан күштірек хадиспен қуатталуы.

Сахифа: Парақ. Алғашқы хадис жазбасы.

Сиәр: Өмірбаяндар.

Сунән: Фикһ мәселелеріне қатысты үкімі бар хадистерді қамтыған хадис жинағы.

Таассуб: Бірбеткейлік. Белгілі бір ұстанымды ғана дұрыс санап және оған бар ынтасымен беріліп, басқа ұстанымдарды теріске шығару.

Табиғин: Ізбасар. Мұсылман болып бір немесе бірнеше сахабаны кездестіріп, сұхбаттасқан және иманмен дүниеден өткен адам.

Тағдил: Сенімділік таныту.

Тадлис: Айыбын жасыру, ақ пен қараны шатастыру.

Тасниф: Ретке келтіру, талдау. Хадистердің жүйеге келтірілуі.

Тасхиф: Қателік. Хадистің мәтінінде немесе тізбегінде орын алған қателік.

Тәдуин: Тіркеу, жазу. Хадистердің жинақталуы.

Тәрғиб: Қызықтыру.

Тәрһиб: Ескерту, үрейлендіру.

Хадис: Жаңа, сөз. Аллаһ елшісінің (с.а.с) сөздері, істері, мақұлдаулары және мінез-құлқы мен сипаттары.

Хабар: Кейбір ғалымдар хадис мағынасымен бірдей десе, кейбірі пайғамбардан өзгелердің сөзін хабар деп атаған.

Хафиз: Мухаддистен сәл жоғарғы дәрежедегі хадис ғалымы. Мухаддис сөзінің баламасы ретінде де қолданылады.

Хаким: Барлық хадистерді меңгерген хадистанушы.

Хасан: Көркем, жақсы. Адал, нақтылығы әлсіздеу болған рауилерден соңына дейін тізбегі үзілмеген, қайшылығы мен жасырын олқылығы жоқ хадис.

Хасан лиғайриһи: Өзгемен жақсы болу. Бірнеше жолмен жеткен, бірақ әлсіздік рауидің жалған сөйлеуі мен пасықтығы себепті болмаған әлсіз хадис.

Шәз: Сирек, көпшіліктен даралану. Сенімді рауидің өзінен сенімдірек рауиге қайшы жеткізген хадисі.

Ъиллә: Себеп, ақау, олқылық. Хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме олқылық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алау Әділбаев, Саңлақ сахабалар. – Алматы: «Алтын қалам» баспасы, 2004. – 264 б.
2. Али Заде, Хроника мусульманских государств /I-VII вв. Хиджры/. – Москва: Издательский дом «Умма», 2004. – 445 б.
3. Ахмад ибн Ханбал, Муснад. – Бейрут, «Дәру Садир», 8 том.
4. Ахмад Әмин, Духа әл-Ислам. – Мысыр: «әл-Һәйәту әл-Мысырия әл-ааммә», 1997. – 3 том.
5. Әбу Ахмад әл-Хасан ибн Абдуллаһ ибн Сағид әл-Аскари, Тасхифату әл-мухаддисин. – Каир: «әл -Матбағу әл-арабия әл-хадисә», 1982 ж. – 2 том.
6. Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Йәзид әл-Қазуини, Сунән Ибн Мәжә. – Каир: «Дәру әт-турас», 2 том.
7. Әбу әл-Хасанат Мұхаммед Абдулхай әл-Лакнауи, Әл-Әжуиба әл-фадила. – Бейрут: «Мактаба әл-матбуғати әл-исламия», 2005. – 310 б.
8. Әбу әл-Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Кушайри, Сахих Муслим. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия», 1992. – 5 том.
9. Әбу әл-Хасан Али ибн Мұхаммед ибн Аррак, Тәнзиһу әш-Шариғати әл-марфуға. – Бейрут, «әл-Кутубу әл-илмия», 1981. – 2 том.
10. Әбу әл-Фадыл Аббас ибн Мансұр әс-Саксаки, әл-Бурхан фи мағрифати ақайыди әһли әл-әдиән. – әз-Зарқа: «Мәктәбәту әл-манар», 1996. – 119 б.
11. Әбу Дәуіт Сүлеймен ибн әл-Әшғас әс-Сижистани, әс-Сунән. – Каир: «Дәру әл-хадис», 4 том.
12. Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жарир әт-Табари, Тариху әл-умәм уә-мулук. – Каир: «Дәру әл-мағариф бимысыр». – 11 том.
13. Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса әт-Термези, Шәмәил ән-Нәби (с.а.с.). – Бейрут: «Дәру әл-ғарби әл-ислами», 2000. – 299 б.

14. Өз-Зәһәби, Тәзкирату әл-хуффаз, Хайдарабад, хижраның 1333 ж. – 3 том.
15. Өз-Зәһәби, Мизану әл-иғтидәл, – Каир: «Мәтбағу Иса әл-Бәби әл-Халәби», 1963.
16. Әл-Бағдади Әбу Мансұр Абдулкаһир ибн Таһир, әл-Фарку бәйнә әл-фирақ. – Каир: «Әл-Мактабату әт-тауфиқия». – 315.
17. Әл-Хатиб әл-Бағдади, әл-Кифая фи илми әр-риуая. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 2012. – 384 б.
18. Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тариху әл-Бағдад, – Мысыр, 1931 ж.
19. Әл-Хатиб әл-Бағдади, Тақиду әл-илм. – Бейрут: «Әл-Мактабу әл-асрия». 2007. – 166 б.
20. Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 1977. – 266 б.
21. Әл-Хафиз Әбу әл-Фида Исмайыл ибн Кәсир, әл-Бидәя уә ән-ниһәя. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия», 8 том.
22. Әл-Хафиз Жәләлуддин әс-Суюти, Тәдрибу әр-Рауи фи шархи тақриби ән-Науаи. – Каир: «Дәру әл-хадис» баспасы, 2004. – 3 том.
23. Әл-Хусейни Абдулмәжид, әл-Имам әл-Бұхари мухаддисан уә фақиһан. – Каир: «Мысыр әл-араби линнәшр уә әт-тәузиғ», 294 б.
24. Әл-Фихрист, Ибн ән-Нәдим. – Каир.
25. Әр-Рамаһурмузи, әл-Мухаддису әл-фасил бәйнә әр-рауи уә әл-уағи. – Бейрут: «Дәру әл-фикр», 1971. – 686 б.
26. Әс-Субки, Табақату әш-Шафиғия, «Дәру ихия әл-кутуби әл-арабия», 10 том.
27. Әш-Шахрастани Әбу әл-Фәтх Мұхаммед ибн Абдулкарим, әл-Миләл уә ән-нихал. – Каир: 1961
28. Әш-Шейх Мұхаммед әл-Худари, әд-Дәулә әл-Аббасия. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия», 1998. – 471 б.
29. Әш-Шейх Абдуссәләм, Сирату әл-имам әл-Бұхари. – Бомбай, Үндістан: «әд- Дәру әс-Сәләфия», 1987. – 480 б.
30. Док. Мәһмед Шимшек, Хадис усулы және хадис мәтіндері дәріс нотлары, 2000. – 55 б.

31. Док. Махмуд әт-Таххан, Тәйсир мусталаху әл-хадис. – әр-Рияд: «Мәктәбәту әл-мағарифи ли ән-нәшр уә әт-тәузиғ», 2004. – 10 бас – 296 б.
32. Жәләлуддин Абдуррахман әс-Суюти, әл-Ләлиу әл-маснуғ фи әл-әхадиси әл-маудуғ. – Бейрут: «Дару әл-мағрифа». – 2 том.
33. Ибн әл-Әсир, әл-Кәмилу фи әт-тарих. – Бейрут: «әл-Мәктәбәту әл-асрия», 2008. – 10 том.
34. Ибн әл-Жәузи, әл-Маудуғат, – Мәдина: 1966.
35. Ибн әл-Жәузи, Манақибу әл-имам Ахмад. – Александрия: «Дәру Ибн Халдун». – 456 б.
36. Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бәри бишарх сахих әл-Бұхари. – әр-Рияд: «Дәру әт-Тайба», 2006. – 17 том
37. Ибн Абдулбарр, Жамиғу баяни әл-илм. – Мысыр.
38. Ибн Сағыд, әт-Табақат әл-кубра, – Дамаск: «Дәру әл-фикр»
39. Ибн әс-Салах Әбу Амр Осман әш-Шахразуһри, Муқаддимату Ибн әс-Салах фи луму әл-хадис. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 2010. – 376 б.
40. Ибн Халликан, Уафаяту әл-ағйән уә әнбәу әбнәи әз-заман. – Бейрут: «Дәру садир», 1994.
41. Ибн Хажар әл-Асқалани, Нузнату ән-назар. – Каир: «Әл-Мактаба әл-исламия ли ихия әт-турас», 2005. – 158 б.
42. Ибн Хажар әл-Асқалани, әл-Исаба фи тамиизи әс-сахаба. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия»
43. Иззуддин ибн әл-Әсир, Усду әл-Ғаба фи мағрифати әс-сахаба. – Бейрут: «Дәру әл-Фикр», 1989.
44. Исмайыл ибн Мұхаммед иәл-Ажләуани, Кәшфу әл-хафә уә музилу әл-илбәс фимә иштәһәра мин әл-хадис алә әлсинәти ән-нас. – Каир: «Дәру әт-турас», 2 том.
45. Мәлик ибн Әнәс, әл-Муатта. – Бейрут: «Дәру ихия әл-улум», 1990
46. Мұхаммед Фуад Абдулбаақи, Әл-Лулу уә әл-маржан фимә иттафақа аләйһи әш-шейхан әл-Бұхари уә Муслим. – Каир: «Дәру әл-хадис», 2005. – 834 б.
47. Мұхаммед ибн Ахмад ибн Осман әз-Зәһәби, Сияр әғлами ән-нубәлә, Муассаса әр-рисәлә, 2001, 24 том.

48. Мұхаммед Ажжаж, әс-Сунна қабла әт-тадуин, «Мәктәбәту Уәһба», 1988.
49. Мұхаммед ибн Мұхаммед Әбу Шәһба, Дифағу ан әс-суннә. – Бейрут: «Дәру әл-жил», 1991. – 510 б.
50. Мұхаммед Жәмәлуддин әл-Қасыми, Қауағиду ат-тахдис. – Бейрут: «Дәру әл- кутуби әл-Илмия». – 416 б.
51. Мұстафа әс-Сibaғи, әс-Суннә уә мәкәнәтуһа фи әт-ташриғи әл-ислами. – Каир: «Дәру әл-Уррақ», 2000. – 523 б.
52. Мулла Кәтиб Чәләби Хажи Халифа, Кәшфу әз-зунун. – Мекке, «Дәру әл-фикр», 6 том.
53. Проф. Док. Талғат Кочжигит, Хадис тарихы. – Анкара: «Түркия дианет вакфы» йәйынлары, 2006. – 295 б.
54. Проф. Док. Сабри Хизметли, Ислам тарихы (алғашқы кезен). – Анкара: 2006. – 559 б.
55. Рауайа бинт Ахмад Абдулкарим аз-Заһар. Хуқуку әл-инсан фи әл-ислам. – Жиддаһ: «Дару әл-Мұхаммеди», 2003. – 360 б.
56. Сахих әл-Бұхари,/Ауд. Ү.Шойбек, Қ.Қыдырханұлы. – Алматы: «Кәусар- саяхат», 2007. – 927 б.
57. Сахих Муслим. Перевод с арабского: Попов С. – Казань, Академия познания, 2005. – 857 с.
58. Сахих Муслим бишархи ән-Науауи, – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия», 18 том.
59. С. Өзбекұлы, М. Исахан, Ислам және кәләмдық мәһабтар. – Алматы: «Тандем 2», 2009. – 204 б.
60. Субхи әс-Салих, Илму әл-хадис уә мусталахуһу. – Бейрут: «Дәру әл-илми лилмәләиин», 2002. – 448 б.
61. Субхи әс-Салих, Фи илми әл-кәләм, әл-Муғтазила. – Александрия: «Муәссаса әс-сәқафати әл-жамиғия», 1992. – 356 б.
62. Тәһзибу әт-тәһзиб, әл-Хафиз ибн Хажар әл-Асқалани. – Бейрут: «Дәру Ихия әт-турас», 1968. – 12 том.
63. Уаһбату әз-Зухайли, Усул әл-Фикһ әл-Ислами. – Дамаск: «Дәру әл-фикр», 2005. – 2 том.

ҚҰРМАНБАЕВ ҚАЙРАТ

ХАДИС ІЛІМІ
(тарихы және әдіснамасы)

Редакциялағандар: Самат Қалуов, Индира Әлімқұл

Корректоры: Дариға Мұратбек

Дизайнері: Бек Асанов